4. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығы.

ҒЫЛЫМИ-ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ӘЗІРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нұрғалиева З. Ж., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Қоршаған ортаны қорғауды басқару саласы
және инжиниринг кафедрасының доценті, б.ғ.к., Астана, Қазақстан

Дарибай А. О., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Қоршаған ортаны қорғауды басқару саласы
және инжиниринг кафедрасының доценті қызыметін атқарушы, PhD, Астана, Қазақстан

Аннотация. Мақалада ғылыми жаратылыстану бағытындағы болашақ мамандардың қасиби құзіреттілігін жетілдіру мәселелері қарастырылады. Білім беру бағытында басты назар аударатын сұрақтар қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы совершенствования компетенций будущих специалистов естественнонаучного направления. Рассматриваются вопросы, которые привлекают к себе основное внимание в образовательном направлении.

Abstract. The article discusses the issues of improving the competencies of future specialists in the natural science field. The issues that attract the main attention in the educational direction are considered.

Жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек деп, Қазақстанның алдыңғы қатарлы жоғары дамыған 30 мемлекеттің дамуына кіру үшін нақты мақсаттар жүктеген болатын [1].

Студенттерге қоғам талабына сай білім мен тәрбие беруде университет мамандарының инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Қазіргі уақытта еліміздегі болып жатқан реформалар, қоғамдағы ақпараттандыру үдерісі, түрлі инновациялар білім беру саласының дамуына елеулі әсер етеді.

Білім беруді дамытудың маңыздылардың бірі - жаратылыстану ғылымдары бойынша оқыту болып табылады. Қазіргі кездегі экологиялық проблемалардың көбеюі жағдайында қоршаған ортаға адамзаттың әсерін білу. «Жаратылыстану бағытына ғылыми дайындық адамның жалпы мәдениетінің ажырамас бөлігі және кәсіптік білім беру мазмұнының базалық компоненті болып табылады» [2].

Білім беру жүйесінің міндеті - ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту және кәсіби шыңдау бағытында білім беру үшін жағдайлар жасау.

Мамандық пәндері бойынша оқытудың мақсаты- студенттердің білім алу саласында және кәсіби біліктілік саласында жеке бағдарламалар таңдауы үшін қажетті жағдай туғызу, бұл оқу бітірушілердің еңбек нарығындағы бәсекелестігін қалыптастырып, олардың өз мамандығы бойынша тезірек қызметке орналасуын және кәсіби өрлеуін қамтамасыз етеді.

Көптеген статистикалық мәліметтердің қол жетімсіздігі. Жақсы жабдықталған зертханалдың аз немесе жоқ болуы.

Соңғы жылдары жаратылыстану ғылымдар факультетінің оқытушылық-профессорлық құрамы студенттердің сапалы білім алуын және мамандардың кәсіби әзірлігін жетілдіру бағытында келелі жұмыстар жүргізуде. Оқытушылар кәсіби шеберлігін арттыру бағытында алыс және жақын шет елдерде, Болашақ бағдарламасы бойынша біліктіліктерін жетілдіруде.

Жоғарғы оқу орындарында оқытушы - профессорлық құрамның кәсіби деңгейінің жоғарылығы сапалы мамандар дайындауда алар орны өте зор.

Оқытушы - профессорлық құрамның кәсіби деңгейінің жоғарылығы бұл тиісті әдістемелік, ақпараттық, техникалық және оқу процесінің материалдық қамтамасыз етілуі, жаңа білім беру технологияларын қолдануы болып табылады.

Бәсекеге қабілетті маман дайындаудағы осы мәселелерді қарастырып көрелік:

Білім берудің әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі яғни пәннің оқу-әдістемелік кешеннің дайын болуы, негізгі және қосымша әдебиеттермен толық қамтамасыз етілуі қазіргі кредиттік жүйенің негізгі талаптарының бірі.

Бұл мәселеге әліде болса немқұрайлы қарайтын оқытушылардың бар екені де рас. Бұл студенттің білім деңгейінің төмендеуіне әсер етеді.

Студенттердің кәсіби дайындығын арттырудағы ерекше бағыттардың бірі - білімді ақпараттандыру болып табылады.

Білімді ақпараттандыру – оқыту мен тәрбиелеу ісінің психологиялық -педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыру бағытында білім беру саласын қазіргі кездегі жаңа ақпараттық технологиялармен қамтамасыз ету процесі.

Электрондық оқулық, көмекші құралдар, компьютерлік тапсырмалар, компьютерлік-есептеуіш, мультимедия, лабораториялық жұмыстар, педагогикалық бағдарламалық шаралар бұларды оқытушылар өздері құрастырып жетілдіре отырып, оқу үрдісінде пайдалануда. Электрондық оқулық қазіргі білім беру саласындағы заман талабы.

Электронды оқулықтың артықшылығы мынада:

тез арада қайтарма байланыс болуын қамтамасыз етеді,

қажетті ақпараттық мәліметтерді жылдам тауып алуға мүмкіндік береді,

жан - жақты ақпараттық мәліметтерді алады,

әрбір жеке тұлғаның білімін, біліктілігін, іскерлігін тексеруге, бағалауға мүмкіндік береді.

Электронды оқулықтарды қолдану студенттердің жоғары белсенді дүниетанымын және өзіндік жұмыс аясын кеңейтіп, оқыту үрдісін саралауға, білім мазмұнын ізгілендіруге, өздерінің білім көлемін толықтырып, емтихан материалдарына толық дайындалуға және олардың танымдық ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі [5].

Қазіргі оқыту әдістемесінде ақпараттық технологиялар, модельдеу бағдарламалау мәселелері терең зерттелінуде.

Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі студенттің жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға нәтижесінде өздерінің кәсіби деңгейінің қалыптасуына жол ашады.

Қазіргі кезде Жаратылыстану факультетінде компьютерлік сыныптармен, интерактивті такталар, мультимедиялық құралдармен қамтамасыз етілген. Дегенменде әліде болса, техникалық құралдардың жетіспеушілігі қатты байқалады. Бізге қарағанда орта мектеп жақсы қамтамасыз етілген. Қазіргі жаратылыстану бағытындағы оқу жүйесінде практикалық және зертханалық сабақтардың сағат саны, дәріске қарағанда көбірек болу керек. Соған байланысты бұл сабақтардың сағат саны, дәріс есебінен көбейтілді.

Алайда, Жаратылыстану мамандықтары бойынша практикалық және зертханалық жұмыстардың техникалық және оқу процесінің материалдық қамтамасыз етілуі сын көтермейді. Студенттердің кәсіби дайындығын жетілдіру үшін теориялық алған білімдерін зертханада жасап дағдылану арқылы олардың кәсіби дайындығы қалыптасады. Техникалық құралдармен таныса отырып жұмыс істеуге үйренеді. Соған байланысты осы сабақ түріне оның қазіргі заманға сай жабдықталуына қатты көңіл бөліну қажет. Бұның барлығы қаржы мәселесіне келіп тірелетіні түсінікті. Мысалы, эколог маман табиғат компоненттері – су, ауа, топырақтың ластануын анықтап, зерттей білуі керек. Ол үшін оны анықтайтын құралдар мен реактивтер тағы басқа жабдықтар өте қажет.

Студенттердің кәсіби әзірлігін жетілдіруде педагогикалық, оқу, өндірістік практикалардың алар орны ерекше. Себебі студент жыл бойғы алған білімін осы практикада ұштастыра отырып, оны шыңдап , бекітеді. Сол себепті практиканы ұйымдастыру жұмысын үлкен жауапкершілікпен орындау қажет. Практиканың әрбір күні емес, тіпті әрбір сағаты маңызды болу керек. Студенттер практиканың құндылығын бағалай отырып, өз еріктерімен тапсырмаларды орындауға деген құлшынысы басым болған жағдайда, олардың іскерлік дағдылары қалыптасады. Бұл ең алдымен осы практиканы өткізетін оқытушының теориялық дайындығы мен практикалық шеберлігіне және студенттермен қарым-қатынас жасау кезіндегі педагогикалық әдіс-тәсілдерін орынды дұрыс қолдана білуіне байланысты. Белгілі бір мамандыққа дайындау барысында оқытушының кәсіптік деңгеймен қатар, педагогикалық деңгейінің жоғары болуы тіпті нашар деген студенттің өзінен тамаша маман шығаруға жағдай

жасайды. Ол маман ғана емес қоғамның дұрыс азаматы болып қалыптасуына себепкер болады. Білімді де, білгір өз ісінің шебері теориялық деңгейі жоғары, барлық алтын уақытын білім мен ғылымға жас маманды тәрбиелеуге арнап жүрген майталман мамандар баршылық. Дегенмен де, әттеген-ай дейтін кезеңдер де болып қалады. Жоғарғы оқу орындарына кездейсоқ кіріп кеткен, жас маманды тәрбиелемек түгіл, өз басын эзер алып жүргендерді де бірен - саран байқап қалуға болады. Қазіргі басекелестік заман ондай жағдайларға төзбейді. Факультет, кафедра меңгерушілері соңғы кездері мұндай мәселелерге баса назар аударуда.

Теориялық білімнің негізгі көзі - бұл оқулықтар мен оқу құралдары болып табылады. Мамандықты заман талабына сай оқу құралдарымен қамтамасыз ету қазіргі кезеңнің басты мәселелерінің бірі болған және бола да береді. Оның ішінде, әсіресе қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдары өте аз. Бұл қазақ тілінде оқитын студенттердің білім деңгейінің төмен болуына әкеп соғады. Мұны шешудің бірден - бір жолы тәжірибелі оқытушыларға жеңілдіктер жасай отырып, мысалы педагогикалық жүктемелерін азайтып т.б сол сияқты жағдайлар жасап оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға мүмкіндіктер жасалса деген ұсыныстар бар. Бұл да бүгінге дейін әлі шешімі табылмаған мәселе.

Студенттерге заман талабына сай сапалы білім беру үшін олардың өздік жұмыстарын ұйымдастыру (СӨЖ) терең білім алуына мүмкіндік береді. Өздік жұмысын ұйымдастырудың маңызды талаптарының бірі - студенттердің өздік жұмысының әдістемелік нұсқауларын жасау және оның электрондық нұсқасының болуы.

Студенттердің өздігінен ізденіп, жұмыс істеуіне баса назар аудару, бұл студенттердің танымдық әрекетін және белсенділігін арттырады. Сондықтанда оқытушының өздік жұмысын педагогикалық шеберлікпен ұйымдастыра білуі студенттердің сапалы білімен қарулануына көмектеседі. Студенттер әдістемелік және ғылыми оқулықтарды пайдалана білуге дағдыланады. Шығармашылық деңгейін дамытады. Өз ойын ауызша және жазбаша түрінде дұрыс рәсімдеуге машықтанады.

Сонымен елімізде басекеге қабілетті мамандар дайындау үшін беріліп жатқан теориялық білім, практикамен қамтамасыз етілуі қажет. Оқу орны өндіріспен тығыз байланыста бола отырып, студенттің өз кәсібі жайлы алғашқы дағды мен іскерліктері қалыптасып, өз кәсібін жақсы меңгеруіне жағдайлар жасау қазіргі кезеңнің басты талабы.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан, 2012.
2. Гапонцева М.Г., Гапонцев В.Т., Ткаченко Е.В., Федоров В. А. Курс «Естествознание» как интегрирующий фактор непрерывного образования // Образование и наука. — 2001. — N 3(9). - С. 3-17.
3. Білім беруді ақпараттандыру тұжырымдамасы.1988: б. 3-31.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
5. Нурғалиева З.Ж. Мамандардың кәсіби әзірлігін жетілдіру. repository.enu.kz/.../mamandardyn-kasibi-azirligin-zhetildir. 2013

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН ДАЛАЛЫҚ ПРАКТИКА ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Унгарбаев М.А, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ, Қазақстан
Дуйсакова А.Е., Б. Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицей, Астана қ., Қазақстан

Аннотация. Мақалада мектеп оқушыларымен табиғат кешендерін далалық зерттеуді ұйымдастыру әдістемесі қарастырылады. Қазіргі оқушылардың дағдыларын дамыту қажеттігі де егжей-тегжейлі сипатталады. Оқушылардың далалық зерттеу жұмыстары 3 кезеңнен тұрады: дайындық, далалық және камералды Дайындық кезеңінде мектеп оқушыларының пәндік географиялық білімдері шыңдалады дағдылары қалыптасады. Табиғаттың ерекше қырларын танып білу дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Аумақтық кешендер, әртүрлі тақырыптағы географиялық карталарды оқып, талдау, жүргізу табиғи объектілер мен процестерді бақылайды.

Кілт сөздер. Далалық практикалық жұмыс, табиғи аумақтық кешен, жергілікті жерді зерттеу.

Аннотация. В статье рассмотрена методика организации полевых исследований природных комплексов со школьниками. Также дается подробное обоснование необходимости формирования у современных обучающихся прикладных знаний. Полевое исследование с учащимися проводилось в 3 этапа: подготовительного, полевого и камерального. Во время подготовительного этапа у школьников укрепились предметные географические умения: особый акцент делался на формирование умений составлять характеристики природно-территориальных комплексов, читать и анализировать географические карты разных тематик, проводить наблюдения за природными объектами и процессами.

Ключевые слова: Полевое исследование учащихся, природно-территориальный комплекс, практическая работа на местности.

Annotation. The article discusses the methodology for organizing field research of natural complexes with schoolchildren. A detailed justification is also given for the need to develop applied knowledge in modern students. Field research with students was carried out in 3 stages: preparatory, field and office. During the preparatory stage, schoolchildren strengthened their subject-specific geographic skills: special emphasis was placed on developing the ability to compile characteristics of natural-territorial complexes, read and analyze geographic maps of various topics, and conduct observations of natural objects and processes.

Key words: Field research of students, natural-territorial complex, practical work on the ground.

Кіріспе.

География пәні бойынша мектеп оқушыларына далалық практикалық жұмыстарды ұйымдастыру келесі себептерге байланысты өзекті болып табылады:

1. Далалық жұмыстарды жүргізу оқушыларға қоршаған ортамен тікелей қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді, бұл оқу материалын тереңірек және есте қаларлықтай меңгеруге ықпал етеді және географияға қызығушылықты арттырады.

2. Далалық жұмыс барысында оқушылар бақылау, талдау, мәліметтерді жинау және өңдеу, оларды тәрбиелеу мен дамытудың маңызды элементі болып табылатын карта жасау дағдыларын меңгереді.

3. Далалық жұмыс тәжірибесі география, туризм, экология және басқа да байланысты салаларда әрі қарай оқуға және жұмыс істеуге мүдделі мектеп оқушылары үшін пайдалы болуы мүмкін.

Сонымен, мектепте географиядан далалық практикалық жұмыстарды ұйымдастыру білімді тереңдетуге ғана емес, сонымен қатар оқушылардың кең ауқымды іскерліктері мен дағдыларын дамытуға ықпал ететін оқу-тәрбие процесінің өзекті және маңызды бөлігі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – география пәні бойынша далалық практикалық жұмыстарды ұйымдастырудың оқушылардың оқу жетістіктеріне, қызығушылықтары мен ынталарына, сонымен қатар олардың бақылау, талдау және түсіндіру саласындағы дағдылары мен дағдыларына әсерін анықтау. географиялық деректер.

Материалдар мен әдістер. Далалық практикалық жұмыстардың құрал-жабдықтары: блокнот, қарындаштар (қарапайым және түсті), планшет, транспортір, сызғыш, компас, барометр, термометр, гигрометр, гербарий, рулетка.

Оқушылардың далалық практикалық жұмыстары 3 кезеңнен тұрады:

Дайындық кезеңі. Бұл кезеңде оқушылар практика өтетін орынды таңдайды. Таңдалған жер туралы ақпараттарды жинақтайды, талдайды, анализ жасалады. Далалық кезеңге дайындық.

Далалық кезең. Бұл кезеңде оқушылар таңдалған жердің жер бедерін, ол жердегі табиғат нысандарының қалыптасу жолдарын, аумағын, биіктігін, тереңдігін, климатын, топырақ жамылғысын, өсімдіктер мен жануарларын дүниесін, масштабтың көмегімен жергілікті жердің картасын жасайды.

Камералды кезең. Бұл кезеңде алынған мәліметтерге талдау жасалады, зерттелген аумақ бойынша мәліметтерді салыстырады. Интернеттегі мәліметтерді жаңартады.

Зерттеу аймағын таңдау. Далалық зерттеулерді жүргізу үшін жақын жер таңдалады. Таңдалған жер Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы, Қарғалы су қоймасы (1-сурет), Қасқыр сарқырамалары (2-сурет)

Бұл аумақтың таңдалу себебі Ақтөбе облысының көрікті жерлерінің бірі болып табылады. Ландшафты алуан түрлі болып келеді. Дәлірек айтсақ ҚР Мәдениет және спорт министрлік [2] сарапшыларының пікірінше, біздің облысымыздағы Қарғалы су қоймасы еліміздегі туризм үшін 50 үздік мекен қатарында лайықты орынға ие. Ақтөбе облысынан 50 үздік орындар тізіміне Қарғалы су қоймасы аймағы енді. Оның аумағы 35 шаршы километрден астам жерді құрайды. Ал Қасқыр сарқырамасы туристерді өзіне көп тартатын орындардың бірі. Сарқырама көктемнің орта кезінде суы толысып өзінің максималды деңгейіне жетеді. Мұнда жыл сайын 500 мыңнан астам адам демалады. [3] Жоғарыда аталған ақпараттарды ескере отырып және оқушылардың қызуғушылығының нәтижесінде таңдау осы екі нысанға түсті.

Далалық кезең сонымен қатар бірнеше тармақтарды қамтиды:

1. Далалық кезеңнің басында мұғалім тағы бір рет зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне тоқталады. Оқушылардың табиғи – аумақтық кешен туралы (ТАК) білімдерін естеріне түсіреді. [4]



1. Сурет Далалық практикалық зерттеу жұмыстарының жүретін орны. Қарғалы су қоймасы. Қасқыр сарқырамасы М 1: 250 000

ТАК сипаттау жоспары:

1) Рельеф (Биіктігі тұрғысынан көрсетеді қай бағытта рельеф төмендейді).
 2) Климат (ауа температурасын, бұлттылықты, жауын-шашынды, желді, атмосфералық қысымды көрсетеді).

3) Топырақтар (топырақ жамылғысын сыртқы түріне қарай сипаттайды: түсі, құрылысы, өсімдіктерінің болуы, ылғалдылық дәрежесі). Топырақ түрін анықтайды.

Далалық практикалық жұмыстарда негізінен бақылау арқылы жүреді. Өзен, көл, су қоймаларын орыс климатологы А.И. Воейков «климат өнімі» болып табылады деп атаған, олардың өмірі негізінен оның сипаттамаларымен анықталады. Сондықтан өзендер мен басқа да су айдындарын зерттеу кезінде әдетте кейбір метеорологиялық бақылаулар жүргізіледі. [5]

Метеорологиялық зерттеулерге қажетті құрал-жабдықтар:

Термометр (ауа температурасын өлшеуге арналған),

Барометр (атмосфералық қысымды өлшеу үшін),


Гигрометр (ауаның ылғалдылығын өлшеуге арналған),

Анемометр және флюгер (желдің жылдамдығы мен бағытын өлшеуге арналған). [6]


Топографиялық карталарды жасауда қажет шартты белгілер:



Өзен ағысының бағыты



Көл, батпақ, қамыстар



4. Сурет. Топографиялық картаға қажетті шартты белгілер

Шағын су қоймасының жоспарын жасау үшін визуалды көз өлшемі қолданылады. [7]

Қажетті құрал-жабдықтар:


компас,

рулетка,

сызғыш,

тірекке немесе штативке орнатылған планшет

План жасаудың ең оңай жолы - жағалық сызығымен су айдынын айналып өту. [8]



5. Сурет Көл көлемінің сипаттамасы.

AB - ұзындық (L)

VG - ені (B)

Қорытынды

Қорытындылай келе, география пәні бойынша мектеп оқушыларының далалық практикалық жұмысын ұйымдастыру бойынша негізгі қорытындыларды қорытындылауға болады:

Далалық тәжірибе материалды тереңірек түсінуге және есте сақтауға, оқушылардың ынтасын арттыруға және олардың дағдылары мен дағдыларын дамытуға ықпал ететін қосымша оқыту әдісі ретінде өзінің тиімділігін көрсетеді.

Далалық жұмыстарға қатысу мектеп оқушыларының теориялық білімдерін практикада қолдануға, бақылау, талдау және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ географиялық құбылыстар мен процестер туралы білімдерін тереңдетуге көмектеседі.

Сонымен, география пәні бойынша мектеп оқушыларының далалық практикалық жұмысын ұйымдастыру студенттердің жеке тұлға ретінде дамуына және қазіргі әлемде сәтті

бейімделуіне қажетті құзыреттіліктердің қалыптасуына ықпал ететін оқу-тәрбие процесінің маңызды элементі болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Идрисова Р.Р., Хизбуллина Р.З. Формирование умений проводить наблюдения в географической среде // материалы VI Всероссийской научно-практической конференции (г. Самара, 15 января 2015 г.). Самара, Изд-во СГСПУ, 2015. С. 87 – 89.

2. «АҚТӨБЕ» ГАЗЕТИ — ОБЛЫС БАСПАСЫ. Қарғалы су қоймасы Қазақстанның ең тартымды туристік орындарының топ-50 қатарына енді. 21 тамыз 2018 ж. <https://aqtobegazeti.kz/?p=68376>

3. «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі. Ақтөбедегі Қасқыр сарқырамасына туристердің қызығушылығы артты. 11 Мамыр 2019 ж https://kaz.inform.kz/news/aktobedegi-kaskyr-sarkyramasyna-turisterdin-kyzygushylygy-artty_a3525139/

4. Аношко В.С. Общая география: учеб. пособие для 11-го кл. общеобразоват. учреждений с рус. яз. обучения. Минск, Нар. асвета, 2009. 191 с.

5. Авакян А.Б., Салтанкин В.П. Акваториальное районирование и планирование водохранилищ // Вопросы антропогенных изменений водных ресурсов. - М.: Мысль. 1976.

6. Данилова Ю.А., Ляндзберг А.Р., Муравьев А.Г. Биоиндикация состояния пресного водоема (иллюстрированная методика). Учебно-методическое издание. - СПб, "Крисмас+", 1999.

7. Изучаем водоемы: как исследовать озера и пруды. - Вологда: ВГПИ, изд-во "Русь", 1994.

8. Новиков Ю.И. Методы исследования качества воды водоемов. - М.: "Медицина", 1990. - 395 с.

ОҚУ ІС-ТӘЖІРІБЕ БОЛАШАҚ ГЕОГРАФИЯ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ШАРТЫ РЕТІНДЕ

Мухитдинова Р.А., 8D01505-География БББ докторанті, І.Жансүгіров атындағы ЖУ
Талдықорған, Қазақстан

Баймырзаев К.М., ғылыми жетекшісі г.ғ.д., профессор, І.Жансүгіров атындағы ЖУ
Талдықорған, Қазақстан

Андатпа: Мақалада білімгерлердің геоэкологиялық дайындығы мазмұнының құрамдас бөлігі ретінде далалық іс-тәжірибенің мәні мен қызметін анықтау; әдістемелік тапсырмаларды әзірлеу және далалық іс-тәжірибе жағдайында география мұғалімдерінің геоэкологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың тиісті технологияларын анықтау қарастырылады. Оқу (далалық) іс-тәжірибесі білім беру үдірісінде болашақ география мұғалімдерін даярлау бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады

Аннотация: В статье рассматривается вопрос о том, что является сущностью и функцией полевой практики в геоэкологической подготовке студентов. Авторы также предлагают разработку методических заданий и определение соответствующих технологий для формирования геоэкологической компетенции учителей географии на полевых практиках. Учебная (полевая) практика является составной частью программы подготовки будущих учителей географии в образовательном процессе.

Abstract: The article considers the definition of the essence and functions of the field practice as a component of the content of geoeological training of students; development of methodical tasks and definition of appropriate technologies of formation of geoeological competence of geography teachers in the conditions of educational (field) practice. Educational (field) practice is an integral part of the training program for future teachers of geography in the educational process.

Географиялық білім қоршаған ортаға саналы көзқарасты қалыптастыруда шешуші рөл атқарады және қоғамның экологиялық мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Бұл жағдайда географиядағы геоэкологиялық тәсілді негізгі құбылыс ретінде қарастырған жөн.

Географиялық пәндерді зерттеу өзгермелі әлемге сәтті бейімделу және ғаламдық мәселелерді шешуге қатысу үшін қажетті бірқатар негізгі құзыреттердің дамуына ықпал етеді, мысалы, экожүйелерге теріс әсердің алдын алу шараларын болжау және қолдану, ресурстарды пайдаланудың инновациялық және экологиялық қауіпсіз тәсілдерін әзірлеу, әлеуметтік маңызды шешімдердің жақын және ұзақ мерзімді салдарын түсіну, гендерлік сананы қалыптастыру.

География университеттік білім беру құрылымындағы маңызды буын болып табылады. Ол қазіргі кезеңде жоғары білім беру жүйесін дамытудың әлемдік және қазақстандық үрдістерін көрсетеді. Негізгі тенденцияларға жатады: тез өзгереді ортада адамды өмірге

дайындау қажеттілігін анықтайтын әлеуметтік даму қарқынын жеделдету; постиндустриалды ақпараттық қоғамға көшу; мәдениетаралық өзара іс-қимыл ауқымының едәуір артуы. Жоғары географиялық білім беруді жаңғырту отандық және халықаралық тәжірибені, оның оң нәтижелерін және қоғамның болашақ қажеттіліктеріне бағдарлануын ескеруі тиіс [1].

Қазақстан университетінде маманның кәсіби қызметінің мазмұнын әзірлеу тәсілдері, сондай-ақ әртүрлі білім беру технологияларын пайдалану білім беру мақсаттары, қызмет түрлері, кәсіби міндеттері, іскерліктері, сапалары, компоненттері, білім беру процесінің функциялары сияқты санаттар арқылы қарастырылады. Университет түлегінің кәсіби қызметінің маңызды сипаттамаларын анықтауға қойылатын заманауи талаптар құзыреттілік тәсілге негізделген [2].

Жоғары географиялық білім берудің мақсаты географиялық білім мен практика саласында табысты жұмыс істей алатын, білім беруді жалғастыруға және әмбебап және кәсіби құзыреттерді игеру негізінде инновациялық қызметке қатысуға дайын әлеуметтік мобильді және жауапты түлектердің кәсіби қалыптасуы болып табылады. Бұл ретте құзыреттілік деп білім, тәжірибе, мотивация және құндылық бағдарлары негізінде проблемаларды шешу қабілетін айқындайтын тұлғаның интегралдық сапасын түсіну керек. Құзыреттілік тәсіл жалпы білім беру сапасын бағалау критерийлерін жасауға, сондай-ақ студенттің әртүрлі білім беру міндеттерін игерудегі жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді [3].

География мұғалімдерін ЖОО-да даярлау болашақ педагогтарға оқытудың заманауи әдістерін сәтті қолдануға және білім беру ортасында тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін құзыреттердің кең спектрін қалыптастыруға назар аударуы керек [4]. География мұғалімдерінің білімінде студенттердің оқу-зерттеу қызметіндегі теориялық және практикалық компоненттердің оңтайлы үйлесімін қамтамасыз ету өте маңызды теориялық білімді практикалық қолдану студенттерге өздерінің дағдылары мен дағдыларын нақты білім беру ортасында қалай қолдана алатындығын көрсетеді.

Сонымен, оқу іс-тәжірибесі жоғары географиялық педагогикалық білім беру жүйесіндегі білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәжірибелер география ғылымдары бойынша студенттердің теориялық білімдерін тереңірек игеруге және кеңейтуге, олардың даму динамикасы нақты табиғи компоненттердің үйлесу ерекшеліктерімен және антропогендік әсердің бағытымен анықталатын әртүрлі дәрежелі аумақтық кешендердің ерекшеліктерін түсінуге және қабылдауға ықпал етеді [5].

Білім беру оқу іс-тәжірибесін іске асыру бірнеше ғылыми-педагогикалық тәсілдерге негізделеді:

- құзыреттілік тәсіл - зерттелетін теориялық материалды студенттердің нақты өмірімен және мүдделерімен байланыстыра білу;

- белсенділік тәсілі - студенттердің білім беру үдерісіндегі іс-тәжірибелік іс-әрекетінің маңыздылығын атап көрсетеді, оларға нақты міндеттер арқылы кәсіби дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді;

- интегративті тәсіл - оқушылардың біртұтас дүниетанымын қалыптастыруға әсер ететін осы саладағы оқушылардың жүйелік білімін қалыптастыру үшін сабақтас пәндердің өзара байланысты материалын зерделеудегі міндеттер, мазмұн, формалар, әдістер, әдістер, құралдар жиынтығы;

- жүйелік тәсіл - географиялық объектілерді біртұтастыққа ие гетерогенді, бірақ өзара байланысты элементтерден тұратын жүйелер ретінде зерттеу.

Зерттеудің мақсаты – іс-тәжірибені жүзеге асыру география мұғалімдері ретінде жұмысқа дайындалып жатқан студенттердің геоэкологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға қалай ықпал ететінін анықтау.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 6B01509-География, 6B01510-География-Тарих бағыттары бойынша 1 және 2 курс бакалавр-студенттері оқытылатын пәндер бойынша тәжірибелік дағдыларды игеру, теориялық білімді, оның ішінде ғылыми-зерттеу қызметінің бастапқы дағдыларын бекіту мақсатында оқу іс-тәжірибесінен өтті. Оқу іс-тәжірибесі екінші және төртінші семестрде, студенттер "Жалпы жертану", "Жалпы геология",

"Дүниежүзінің жалпы физикалық географиясы", "Жалпы экономикалық география", "Ландшафттану", "Метеорология және климатология негіздері", "Жалпы гидрология", "Картография және топография негіздері" негізгі пәндерін оқуға кіріскен кезде өтті.

Оқу жоспарларын заманауи модернизациялау далалық тәжірибеге академиялық сағаттардың қысқаруына әкелді. Осыған байланысты қазір тек 1 курста физикалық және экономикалық география бойынша интеграцияланған кешенді практика жүргізілуде.

Географиялық пәндер бойынша оқу далалық тәжірибе студенттердің экологиялық дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, оларға өз білімдерін практикада қолдануға және қажетті кәсіби дағдыларды дамытуға бірегей мүмкіндік береді. Далалық тәжірибені жүргізу арқылы студенттер ұжымдық жұмыс, коммуникация және олардың командадағы қызметін ұйымдастыру дағдыларын дамытады. Олар сол жерде туындайтын мәселелерді шешуге, шешім қабылдауға және болашақ кәсіби қызмет үшін маңызды белгісіздік жағдайында әрекет етуге үйренеді.

Геоэкологиялық құзыреттілікті қалыптастырудағы оқу іс-тәжірибесінің рөлін анықтау үшін тәжірибе бойынша арнайы бағдарлама әзірленді.

Бастапқы кезеңде студенттерді оқу процесінде тәжірибе ауданының геоэкологиялық ерекшеліктерімен және мәселелерімен таныстыру жүргізіледі, бұл өңірдегі экологиялық жағдайды жақсарту бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Тәжірибе бағдарламасы геоэкологиялық мазмұн мәселелерінен құралды.

Далалық тәжірибе процесінде геоэкологиялық мәселелер, табиғи объектілермен өзара іс-қимылға байланысты студенттердің өзіндік жұмысы басым болып табылатын "Қазгидромет" РМК Жетісу облысы бойынша филиалының метеостанциясында стационарлық жағдайда жұмыс "Шарын" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Қаратал өзенінің аңғарына далалық экскурсиялар, табиғи объектілерді ұзақ уақыт зерделеу үшін далалық жағдайларда қысқа мерзімді стационарлар ұйымдастыру, "Қайнар АБК" ЖШҚ қорғасын-аккумулятор зауытының қала құраушы кәсіпорындарына өндірістік экскурсиялар жүргізіледі.

Оқу далалық тәжірибесінің тиімділігін арттыру үшін географиялық объектілерді және құбылыстардың табиғи және әлеуметтік-экономикалық процестерін, табиғи-аумақтық кешендерді, геоэкологиялық мазмұндағы антропогендік ландшафттарды қалыптастыру заңдылықтарын кешенді зерттеуге бағытталған арнайы оқу тапсырмалары жасалады.

Нәтижелер физикалық география бойынша кешенді практика болашақ география мұғалімінің геоэкологиялық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететіндігін көрсетті. Оқу далалық тәжірибе барысында студенттер далалық жағдайлардағы метеорологиялық бақылаулар деректерін талдау және зерттеу аумағын қашықтықтан зондтау, далалық ландшафттық зерттеулер әдістемесі және практикалық мақсаттар үшін анықталған табиғи-аумақтық кешендерді бағалау негізінде ауа сапасының мониторингі бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды үйренеді, ландшафттық профильдеу әдістемесін меңгереді, нәтижесінде табиғи және табиғи шекараларды анықтау бойынша көптеген құнды геоэкологиялық дағдыларға ие болады; аумақтық кешендер; жеке табиғи компоненттер арасындағы өзара байланысты талдау және табиғи-аумақтық кешендердің даму тенденцияларын және оларға адам қызметінің әсерін анықтау; шаруашылық мақсаттар үшін табиғи жағдайларды бағалау; табиғаттың тақырыптық карталарын және агроэкологиялық мазмұндағы карталарды жасау; бағалау карталарын жасау үйренеді.

Геоэкологиялық бағыттың міндеттері бар кешенді шаруашылық тәжірибесі табиғи жағдайлар мен ресурстарды экономикалық бағалау, олардың халықтың шаруашылық қызметіне әсерін анықтау және табиғи жағдайлар мен ресурстарды неғұрлым ұтымды пайдалану, яғни табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мүмкіндіктерін бағалау дағдыларын қалыптастырады.

География бойынша оқу іс-тәжірибесі әртүрлі эксперименттер мен тәжірибелерге қарағанда үлкен артықшылықтарға ие. Олар студенттердің алған теориялық білімдерін кеңейтеді және тереңдетеді, оларды табиғи кешендерді зерттеуде практикалық қолданумен таныстырады, табиғатты қорғау мәселелерін шешуде географияның маңыздылығын көрсетеді.

Табиғи объектілерді ұжымдық зерттеу барысында мінез-құлықтың геоэкологиялық мәдениеті қалыптасады, табиғатты қорғау қызметіне қажеттілік тәрбиеленеді.

Осылайша, оқу іс-тәжірибесі барысында геоэкологиялық құзыреттілікті қалыптастыруда өзара байланысты екі кезеңді ажыратуға болады: геоэкологиялық жағдайды теориялық талдау және практикалық жоспардың аналитикалық дағдыларын қалыптастыру кезеңі.

Бірінші кезеңнің мазмұны студенттердің қоғам мен табиғи ортаның өзара әрекеттесуінің мәні мен белгілі бір заңдылықтарын білдіретін геоэкологиялық терминдерді, ұғымдарды игеруінен тұрады.

Екінші кезең геоэкологиялық терминдерді, ұғымдарды табиғи ортадағы практикалық іс - әрекеттерде-экскурсияларда, оқу (далалық) тәжірибелерде, табиғатпен қарым-қатынаста зерттеу міндеттерінде қолданумен байланысты.

Студент игерген ғылыми-теориялық ережелер геоэкологиялық құбылыстарды талдаудың жаңа, терең кезеңіне және кейіннен геоэкологиялық дағдыларды игеруге негіз болуы керек. Теориялық игеру және геоэкологиялық құзыреттілікті қалыптастыруға алғашқы практикалық жуықтау дидактикалық материалды тиісті дайындықпен және оны оқушылармен базалық және бейіндік цикл пәндері бойынша сабақтарда оқумен тиімді жүруі мүмкін.

Сонымен, географиялық пәндер бойынша оқу іс-тәжірибесі болашақ география мұғалімдерінің геоэкологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың ең тиімді шарты болып табылады:

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Субетто Д.А., Погодина В.Л. Формирование профессиональных компетенций студентов на комплексной (ландшафтной) полевой практике // География и смежные науки. LX Герценовские чтения: материалы межвузовской конференции. СПб., 2007. – 20 с.

2. Болонский процесс: поиск общности европейских систем высшего образования (проект TUNING) / под науч. ред. В. И. Байденко. М., 2006. –536 с. URL: <http://www.umo.msu.ru/docs/18.pdf>.

3. Байденко В.В. Компетентностный подход к проектированию государственных образовательных стандартов высшего профессионального образования (методологические и методические вопросы): метод. пособие. М., 2005. - 114 с. URL: https://fgosvo.ru/uploadfiles/Library/Baidenko/Compet_podhod_2005.pdf

4. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностноориентированной парадигмы образования // Народное образование. - 2013. - № 2. - С.58

5. Белкина И.Н., Погодина В.Л. Динамика ландшафтов Среднего Полужья и ее изучение на учебном стационаре // коллективная монография по материалам IV Международного семинара «Геология и эволюционная география». СПб., 2004. – С. 69-73.

ИННОВАЦИОНАЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ГЕОГРАФИИ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Жармаганбетова Н.С., оқытушы, магистр, М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан
Иденген Н.С., Жайшылық А.А., Бисенғалиева Н.Т., М.Өтемісов атындағы БҚУ 6В01512
«География-Тарих» БББ-ның 3-курс студенттері

Андатпа: Қазіргі кезде мектептегі білім беру жүйесі үлкен өзгерістерге ұшырауда, бұл оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын іздеуге әкеледі. Оқытудың бұрынғы әдістері ескіреді, артта қалады, олар аз жұмыс істейді, қазіргі мұғалім оқыту мен оқуда жаңа шығармашылық тәсілдерді табуы керек. Бұл жұмыстың мақсаты - оқытудың заманауи модельдерін және оларды географияны оқу процесінде қолдану мүмкіндігін зерттеу. Проблемалық сұрақ немесе тапсырманы шешу студенттерді жаңа білім алуға жетелейді.

Аннотация: В настоящее время система школьного образования претерпевает большие изменения, что приводит к поиску новых педагогических технологий обучения. Устаревшие методы обучения устаревают, отстают, они мало работают, современный учитель должен найти новые творческие подходы в обучении и обучении. Целью данной работы является изучение современных моделей обучения и возможности их применения в учебном процессе географии. Решение проблемного вопроса или задачи приводит студентов к получению новых знаний.

Abstract: Currently, the school education system is undergoing major changes, which leads to the search for new pedagogical learning technologies. Outdated teaching methods are becoming outdated, lagging behind, they do not work enough, a modern teacher must find new creative approaches to teaching and learning. The purpose of this work is to

study modern learning models and the possibility of their application in the educational process of geography. Solving a problematic issue or task leads students to gain new knowledge.

XXI ғасыр – жаңашылдықтың заманы. Әсіресе, білім беру саласында бүгінгі заман талабына сай ұстаз болу үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, озық технологияларын, инновациялық педагогикалық технологияларды игеру маңызды.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – география сабағында жаңа инновациялық технологияларды енгізу болып табылады. География пәні – өзіндік ерекшелігі бар әрбір оқушыны қызықтыра білетін, тылсым ғажайып сырға толы тән. География пәнінің тағы бір ерекшелігі – оқушылар өздігінен ізденіп білім дағдысын толықтыруға, қосымша мәліметтер жинақтауға, сөзжұмбақтар құрастыруға, рефераттар даярлауға, интернет жүйесін қолдануға, слайдтар жасауға үйренеді.

География пәнінде табиғат жағдайындағы құбылыстар мен заңдылықтарды, түрлі процестерді өз көздерімен көріп таныса алады. Сонымен бірге электронды оқулықты пайдалану арқылы оқушының шығармашылығын дамытып, іскерлікке, өздігінен білім алуға баулимыз.

Заманауи ақпараттық құралдармен және инновациялық әдістермен жұмыс істеу білім алушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Ақпараттық технология ұғымын ғылыми айналымға енгізген ғалымдардың бірі В.М.Глушков «ақпараттық технология-ақпарат өңдеумен байланысты ұғым» — деп дәлелдеген.

Ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың төмендегі мүмкіндіктерін ашады:

Коммуникациялық қабілеттерін дамыту;

Ақпарат көздерімен жұмыс жасау;

Шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Оқу үдерісіне белсене қатысу;

Оқу мотивациясын арттыру;

Ақпараттық қоғам жетістіктеріне жақындау.

Белсенді оқу қызметі оқудың уәжінен, мақсаты мен шартынан және нәтижесінен құрылады. «Инсерт», «Миға шабуыл», «Топтық пікірталас», «Блум сұрақтары», «Кластер», «Синквейн», «Рөлдік ойын», «Шатастырылған логикалық баулар» т.б. белсенді әдістер пәнге деген қызығушылықты оятады. Инсерт әдісі аналитикалық ойды дамытады, материалды толық меңгеруге мүмкіндік туғызады. Бұл әдісті гуманитариялық бағыттағы сабақтарда қолдануға болады. Оқылған мәліметті түртіп алу жүйесі бойынша таным түсінігін қалыптастырады. Жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу арқылы мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды. География сабағында кластер құрастыру кең тараған әдістердің бірі болып табылады. Жаңа тақырыпқа болжам жасайды, не білетінін есіне түсіреді, жазады, салыстырады. Кластерлермен жұмыс жасағанда білім алушылардың еркін ойлануына мүмкіндік беріледі. Кластерді сабақтың барлық кезеңдерінде пайдалануға болады. Ол материалды жүйелеуге көмектеседі. Ақпараттың жағымды және жағымсыз жағын анықтау мақсатында педагогикалық тәжірибиеде «SWOT – талдау» әдісі жиі қолданылады[3].

Инновациялық технологиялардың бірі-SMART. Ақылды технология, ақылды оқыту, ақылды техника -деп атаса да болады. SMART- технологияның негізі Америка, Англия, Корея сияқты дамыған мемлекеттерде пайда болды. Ол ағылшын тіліне аударғанда «ақылды» деген ұғымды білдіреді. SMART технология – бұл барлық ақпаратты жинақтауға, қолайлы жұмыс мерзімдерін белгілеуге, ресурстардың жеткіліктілігін анықтауға мүмкіндік беретін заманауи тәсіл. Оның көмегімен көптеген проблемалардың алдын алып, өмір сүру деңгейін біршама жақсартуға болады. Ақпараттар легі артқан сайын кез келген қызмет түріне де сұраныс артады. Сұраныстарды қанағаттандыру үшін әрдайым стартап бағдарламалар қажет. Ал ол өз кезегінде смарт технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Smart оқыту ортасын қалыптастыруда назар аударатын бірқатар ұғымдар бар. Ең алдымен, Smart learning – ақылды оқыту, кибер білім алу – онлайн тәртібінде білім алу түрі, контент – ақпараттық ресурсты немесе веб-сайтты кез келген маңызды мазмұнмен толықтыру.

E-learning – бұл оқу үрдісін ұйымдастырудағы халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту. Оқытудың аталмыш жүйесі білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Ақпараттық технологиялардың арқасында сабақ беру әдісі жаңаланып, білім беру үрдісіне қатысушылардың міндеті өзгереді. Электронды оқыту жүйесі педагог пен білім алушыға жаңа бағытты үйретеді. E-learning білім беру жүйесінің мазмұны – сандық технологияларды, құрылғылар мен бағдарламаларды пайдаланудың әр түрлі тәсілдерін қолдана отырып, студенттердің танымдық құзыретін қалыптастыруды көздейді.

Plickers – статистикалық жұмыс жасау үрдісін жеңілдетіп, білім алушылардың жауабын лезде бағалап беретін қосымша. Бағдарлама өте қарапайым технологиямен жасалған. Қолдану барысында қиындық туғызбайды. Негізгі құрылымдары: мобильді қосымша, QR-код. Бұл – студенттермен кері байланыс жасауда онлайн тестілеу жүйесі бағдарламасының бір түрі. Plickers-тің тиімділігі сонда – ол оқу үрдісін өзгертпейді. Тек студенттерді қызықтыратын бағалаудың өзгеше тәсілі ретінде ғана қолданылады. Бұл қосымшаны қолдану үшін компьютерлік сынып немесе басқа да техника қажет емес, тек қана мұғалімнің ұялы телефоны қажет. Сонымен қатар, студенттердің өзіне де қызықты, себебі сабақта бір жағынан білімді тексеру жүргізілсе, екінші жағынан жақсы көрсеткішке жету үшін өзара бәсекелестік пайда болады.

Бұл технологияның ерекшелігі – мұнда QR-кодтардың қолданылуы. Біз кез келген жарнамалардағы QR-кодтарды қосымша ақпарат алу үшін арнайы бір сайтқа сілтеме жасайтынын білеміз. Алайда бұл QR-кодтардың жалғыз қолданысы ғана емес. Бұны Plickers қосымшасының бір элементі ретінде де көре аламыз. Сабақ барысында оқытушының ұялы телефоны білім алушылардың карточкаларындағы QR-кодтарды оқу үшін пайдаланылады. Олар сабақ үстінде телефонды пайдалану маңызды емес, әр студентте жеке карточка болады, яғни оқытушы алдын-ала QR-коды бар қағаздарды таратып береді.

Wordwall - технологиясы арқылы мұғалімдер жаңа сабақты құрастырады. Білім беру процесінің негізгі міндеттерінің бірін шешуге көмектесетін оқу ресурсы ретінде оқушылардың ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Осы ресурстың көмегімен әр баланың мүмкіндіктерін ескере отырып, интерактивті немесе баспа жаттығуларын құру арқылы оқытуды саралау мен дараландыруды ұйымдастыруға болады. Әртүрлі тапсырмаларды құрастыру арқылы мұғалім өзінің сабағын қызықты өткізеді. Викториналық сұрақтар, тест тапсырмалары, сәйкестендіру жаттығулары, ментальды карта, интеллект карта құрастыру т.б. тапсырмалар жасау арқылы білім алушының ізденуін, оқуға деген мотивациясын жетілдіреді[4].

XXI ғасырдағы білім беру стратегиясын жүзеге асыру негізінде, «Ғұмыр бойы оқып үйрену» қағидасын ұстана отырып, цифрлық білімнің заман талабы екендігін ескеріп, ақпараттандыру ғасырынан қалыс қалмай, өз білім, білік, дағдымызды қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман болуға барынша жағдай жасауымыз керек.

Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология.

Қытай даналығына сүйенсек: «Ауызша айтылғанды ұмытамын. Көрсетсең, мүмкін есімде сақтармын. Қатысушы болсам, мен түсінемін» делінген. Осы сөздерден инновациялық оқытудың мәні өз көрінісін табады.

Жаңа инновациялық әдістерді пайдаланудың әдістері неде?

1) Қазіргі уақыт жаңалық пен инновация уақыты. Күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз. Бұған оқыту үрдісі де сәйкес болу керек.

2) Жаңалықты пайдалану оқушының ойлау қабілетін жаңалыққа икемдеп, алдын ала болжам жасауға үйретеді.

3) Инновациялық әдістер бұл белсенді оқыту әдістері. Ақпаратты белсенді түрде сіңірген оқушы жадында өздері айтқанның 80% сақталса, өздері істегеннің 90% қалады.

Енді оқытудың интерактивті әдістеріне тоқталатын болсақ, солардың бірі – тренинг.

Тренинг – жеке адам не топтың ақпаратты сол кезеңде не болашақта қажеттілігіне жарату мүмкіндігі. Тренинг саналы жұмыс түріне баулиды: қатысушылар пікір алмасады, өз көзқарасын қалыптастыру, жеткізуге, сұрақты дұрыс жүйелеуге, өз білімін практикада қолдануға дағдыланады. Нағыз іске, шеберлікке баулу сәттерін тудырады.

«Таңқалдыра таныстыру»

Қатысушылар бір-бірін ұмытпастай есте сақтауына көмектесетін және оның қызықты мәліметтерді ортаға салу мүмкіндігін ашатын жаттығу. Әрбір қатысушы өз есімін айта отырып, соған қоса өзін ерекше таныстыруы қажет (таңқалдыратын мәлімет айту, тосын сырымен бөлісу, тартымды қимыл жасау, т.т.). Қалған қатысушылар оған осы бағытта көтеріңкі көңіл күй ожағайларымен көтермелей қолдау көрсетулері қажет. Жаттығу бірлесіп орындауға өте көңілді. Бұл жаттығуды белгілі тақырыпқа орайластырып, бірнеше сағат отырып шаршай бастаған сәтте ұйымдастырса да сергіту сәтінің қызметін атқарады[2].

«Миға шабуыл» – бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек.

«Миға шабуыл» хабарландыруды анықтау керек болғанда және/немесе қатысушылардың белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады.

1. Қатысушыларға талқылау үшін белгілі бір тақырып немесе сұрақ беру.

2. Осы мәселе бойынша өзінің ойын айтуға ұсыныс жасау.

3. Айтылғандардың барлығын жазу (олардың бәрін қарсылықсыз қабылдау керек).

4. Барлық идеялар мен талқылаулар айтылып біткеннен кейін, берілген тапсырма қандай болғанын қайталау керек, және қатысушылардың сөзінен сіз не жазып алдыңыз соның барлығын тізіп шығу керек.

«Ми шабуылы» қажеттілігіне қарай тиімді әдіс болып табылады:

— даулы мәселелерді талқылау

— талқылауға қатысуға сенімді емес қатысушыларды ынталандыру;

— қысқа мерзім ішінде идеяны көптеп жинау.

Кез келген инновациялық технологияларды жүйелі, тиімді пайдалана білу мұғалімнің шеберлігіне және еңбегіне байланысты. Ұстаздың берген білімі мен тәрбиесін шәкірттерінен көре аламыз. Жалпы инновациялық технологияның түрлері өте көп. Біз қысқаша тоқталып өттік. Кез келген инновациялық технологияларды жүйелі, тиімді пайдалана білу мұғалімнің шеберлігіне және еңбегіне байланысты. Осы ақпаратқа сүйене отырып, географияны оқытудың әртүрлі әдістерінің дамуына география ғылымының әдістері, сондай-ақ географияны оқыту әдістемесі мен тәсілдердің практикасы жетістіктерге тікелей әсер етеді деген қорытынды жасауға болады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Әбуов.А.Е. Мектептің оқу үрдісінде инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың педагогикалық шарттары. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты/Еуразия гуманитарлық институты. - Астана, 2005. - 29б.

2. Суранчиева З.Т. «Жаңа технологиялардың түрлері және оны қолданудың сатылары» Қазақ мемлекеттік қыздар педпгогикалық университетінің Хабаршысы -2010 – 4(6). – 30-34.

3. Аймағамбетов А.А. Отандық ғылымда жаңа серпіліс болады.

<https://egemen.kz/article/233068-askhat-aymaghambetov>

4. Привалова Г.Ф. Активные и интерактивные методы обучения как фактор совершенствования учебно-познавательного процесса / Г.Ф. Привалова // Современные проблемы науки и образования. - 2014. -3(4). -71-76.

5. «Қазақстан мектебі» ғылыми — әдістемелік журналы -2010–3(6). 4(6). –25-27.

РОЛЬ ГЕОГРАФИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Сабырбаева Б.Т., докторант 1 курса, Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена
Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан
Егорина А.В., д.г.н., профессор, Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена
Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан

Аңдатпа: Мақалада жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде географиялық мәдениеттің мәні ашылады. Географиялық мәдениеттің рөлінің моделі, табиғат пен қоғам арасындағы қатынастарды үйлестіру тәсілдері және оны қазіргі әлемде жас ұрпақ үшін қалыптастыру қажеттілігі берілген. Мақалада білім алушылардың географиялық дүниетанымы мен мәдениетінің қалыптасуының негізгі көрсеткіштері көрсетілген.

Аннотация: В статье раскрывается сущность географической культуры как составной части общей культуры личности. Дана модель роли географической культуры, способы гармонизации отношений между природой и обществом и необходимость ее формирования для молодого поколения в современном мире. В статье выделены основные показатели сформированности географического мировоззрения и культуры обучающихся.

Abstract: The article reveals the essence of geographical culture as an integral part of the general culture of the individual. A model of the role of geographical culture is given, ways to harmonize relations between nature and society and the need for its formation for the younger generation in the modern world. The article highlights the main indicators of the formation of the geographical worldview and culture of students.

Современный мир динамично изменяется и соразмерно усложняется, что диктует необходимость формирования и развития географической культуры, которая позволит изучать природные и природно-общественные системы через призму духовных и культурных связей [1].

Вопрос о географической культуре и образованности молодого поколения, и, как следствие, и всего общества, остаётся чрезвычайно важным, так как нужно воспитывать у обучающихся не только бережное отношение к природе, но и достойное поведение в обществе, а также чувство гордости за свое государство.

Основы географической культуры личности начинают закладываться уже в процессе школьного географического образования. Изучение географии направлено на развитие и формирование у школьников географической культуры и мировоззрения.

Одним из первых взаимную связь культуры и образования описал С. И. Гессен. Поставив вопрос о целях образования, он ответил на него так: «Цели образования есть цели культуры». По С. И. Гессену, задача всякого образования – приобщение человека к культурным ценностям науки, искусства, нравственности, права, хозяйства, превращение природного человека в культурного» [2].

Культура, как определяет её энциклопедический словарь – это «исторически определённый уровень развития общества, творческих сил и способностей человека, выраженный в типах и формах организации жизни и деятельности людей, в их взаимоотношениях, а также в создаваемых ими материальных и духовных ценностях» [3].

В философском словаре под редакцией И.Т. Фролова культура рассматривается как прогрессивная творческая деятельность человечества во всех сферах бытия и сознания, направленная на преобразование действительности, на превращение богатства человеческой истории во внутреннее богатство личности...» [4].

Культура – это высшее проявление человеческой образованности и профессиональной компетентности. В более узком смысле понятие «культура» - это сфера духовной жизни людей.

Географические знания и географическая культура являются составной частью общей культуры человека.

Географическая культура – это «социальное и индивидуальное качество личности, отражающее ценностное и личностное отношение к живой природе, здоровому образу жизни и окружающей среде и проявляющееся в процессе участия в духовно-практической деятельности по их познанию, освоению, преобразованию и сохранению» [5].

Географическая культура личности - система жизненных ценностей, опирающихся на знания о природе Земли, причинах ее разнообразия, о населении и его хозяйственной деятельности, регулирующая поведение школьника в процессе взаимоотношений «человек - природа - общество - культура».

Географическая культура – это педагогический феномен, представляющий собой совокупность объективных и субъективных характеристик, из которых выступает системнообразующее ценностное отношение к окружающей среде. Географическая культура есть способ преобразования географической среды и себя как творца географических ценностей [6].

Под географической культурой можно понимать систему географического мышления и понимания, включающую разные элементы географического знания (условия, методы, ресурсы, язык, категории, информацию и т.д.) [1], которые позволяют обеспечить гармоничное взаимодействие общества (или индивида – человека) в географической среде, состоящей из диалектической триады (природная среда – человек – производственно-хозяйственная деятельность).

Географическая культура и географическое мышление – это критерии, которые позволяют грамотно ориентироваться в природе и обществе и в значительной мере определяют личностный потенциал человека.

Сегодня практически все сферы деятельности общества, так или иначе, связаны с этими критериями, и наиболее оптимальное решение многих проблем невозможно при отсутствии географической культуры. Особенно важно учитывать принципы географической культуры при принятии стратегических и ответственных решений.

В концепциях географического образования школьников большое внимание формированию географической культуры уделяли Н.Н. Баранский, В.П. Максаковский, И.В. Барина, И.И. Душина и др.

По мнению доктора географических наук В. П. Максаковского, географическая культура включает четыре основных компонента:

- 1) географическую картину мира;
- 2) географическое мышление;
- 3) методы географии;
- 4) язык географии.

Рассматривая понятие «географическая культура», В.П. Максаковский вычленяет в нем следующие знания и умения:

- географические знания;
- политехнические знания о науке, технике, производстве и управлении;
- экологические знания и умения;
- географическое мышление;
- специфический «язык» географии, ее понятийно-терминологический аппарат [7].

И.В. Душина называет такие составные части географической культуры: научное восприятие окружающего мира, владение языком географической науки, развитое географическое мышление, связанное с умением определять причинно-следственные связи, развитые пространственные представления, умение «переложить» географическое знание на карту, умение пользоваться картой, геоэкологическая образованность, экологическое сознание, умение использовать географические знания на практике и повседневной жизни [8].

Профессор Ю.Г. Симонов [9] предлагал дополнить критерии географической культуры, выделенные В.П. Максаковским следующими: а) уровень знаний об окружающем мире; б) место применения географических знаний; в) соотношение использованных и неиспользованных знаний. Эти дополнения удачно вписываются в систему географической картины, которая является синергетическим результатом взаимодействия разнообразных критериев и признаков.

Важное положение о сути географической культуры сформулировал академик РАН, директор Института географии РАН В.М. Котляков. Он высказал мысль о том, что

географическая культура интернациональна, по существу, это часть культуры того или иного народа или нации. Она включает культуру взаимодействия с природой, культуру межнациональных отношений, этнокультуру, региональную культуру труда и тесно связана с характером местной природы, с историко-географической обстановкой, с многовековыми традициями народа [10].

Содержание школьного географического образования служит фундаментом развития общей географической культуры человека, т.е. комплекса знаний, идей, ценностных представлений, практической деятельности. Без овладения ими невозможно взаимодействие людей, хозяйственной деятельности и окружающей природы. Культурным человеком можно считать того, кто имеет интегрированные знания об общих географических закономерностях Земли, особенностях развития мирового хозяйства и всемирных экономических отношений, динамике современной политической карте мира, важнейших процессах, связанных с динамикой численности населения, его размещении, данных о природно-ресурсном потенциале территории, глобальных проблемах человечества.

Изучая свой регион, учителя приобщают учащихся к национальным традициям культуры, истории и искусства территории, на которой проживают они и их родители.

Географическая культура имеет существенное влияние как на образовательные, научно-исследовательские и повседневные сферы жизнедеятельности человека [1]. Географическое мировоззрение необходимо при становлении высококвалифицированного географа, эколога, природопользователя, политолога, обществоведа, историка, искусствоведа и культуролога.

Соединяя в себе сложную совокупность ценностных отношений к окружающей человека среде, географическая культура служит одним из важнейших средств социальной ориентации личности в системе «природа-общество».

В качестве показателей сформированности географической культуры обучающихся можно выделить:

- отношение к окружающей географической среде, стремление к улучшению её составляющих как основы существования общества;
- знание географической картины мира, особенностей её изменения и становления;
- творческое использование картографических умений, умение выделять географические параметры в окружающей географической среде;
- способность разрешать нестандартные географические проблемы;
- умение прогнозировать особенности развития географической среды [7].

Географическая культура многогранна, содержательна, основана на научном мировоззрении, раскрывающем сущность диалектики природы, на логическом мышлении, позволяющем проникнуть в суть рассматриваемых проблем, раскрыть причинно-следственные связи. Географическая культура связана с национальной культурой, которая обогащает её духовно, способствуя воспитанию школьников в поликультурном пространстве, она направлена на развитие гармонично развитой личности – культурного человека [11].

Ученик через познание географии должен научиться понимать людей другой культуры, понимать свое место и роль в жизни окружающей его природы, уметь видеть геополитические интересы различных наций, осознавать влияние обыденной жизни на развитие других народов, других территорий и регионов.

Географические знания специфичны, они служат способом рассмотрения мира, позволяют видеть, понимать и оценивать сложную систему взаимосвязей между людьми, территорией и окружающей природной средой.

Географически грамотный человек понимает взаимосвязь и взаимоотношения между территорией и ее природой, между людьми, природой и хозяйственной деятельностью людей на данной территории. Усиление культурологического направления в содержании школьной географии направлено на развитие личности, на такие качества, как географическое мышление, усвоение географической картины мира, овладение методами познания, языком географической науки. Только человек, обладающий географической культурой, способна понимать величие и красоту природы как источник духовной силы и нравственности.

Таким образом, понятие «географическая культура» является основой построения содержания современной школьной географии. Оно призвано обеспечить формирование духовного мира каждого школьника, приобщить его к ценностям мировой цивилизации, направить усилия на развитие целостной личности: человека – жителя планеты Земля, человека-гражданина, человека-работника (творца), человека-исследователя, человека высокой нравственности и культуры [11].

В настоящее время и географическая культура, и специальные знания, и практические рекомендации географии важны в природопользовании, в территориальной организации производительных сил общества, в обеспечении пространственного развития. Именно они нужны для снижения риска последствий конфликтов и чрезвычайных ситуаций: экологических, социальных, этнических, политических, военных [12].

Список использованных источников

1. Михайловский О.С. Формирование географической культуры в условиях гимназического образования: дис... канд. пед. наук. СПб. 2007. – 214 с.
2. Гессен С. И. Основы педагогики. Введение в прикладную философию / Отв. ред. и сост. П. В. Алексеев. - М.:Школа-Пресс, 1995. – 448 с.
3. Большой энциклопедический словарь / под ред. А.М. Прохорова. – 2-е изд. – М.: БРЭ; СПб: Норинт, 2002. – 1434 с.
4. Философский словарь / под ред. И.Т. Фролова. – 5-е изд. – М.: Политиздат, 1987. – 590 с.
5. Уколова Е.В., Гененко И.А. Формирование географического мышления при культурологическом подходе // Успехи современного естествознания. 2011. № 7. С. 31–32.
6. Зуева Е.К. Географическая культура // Проблемы современного педагогического образования. 2016. №52-2. С.95-101.
7. Максаковский В.П. Географическая культура: учеб пособие для студентов вузов. М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1998. 416 с.
8. Методика обучения географии: учебник и практикум для академического бакалавриата / Е. А. Таможняя, М. С. Смирнова, И. В. Душина ; под общ. ред. Е. А. Таможней. — М. : Издательство Юрайт, 2016. — 321 с. — Серия: Бакалавр. Академический курс.
9. Симонов Ю.Г. Географическая культура сегодня и завтра. Размышления о системе среднего географического образования в нашей стране // Газета Первое сентября, № 2, 2008.
10. Котляков В.М. Избранные сочинения. Кн. 3: География в меняющемся мире. М., 2001.
11. Корбиева Л.А., Бекетова С.И. Географическая культура –культурный человек // Векслинские чтения. География, географическое образование и туризм: материалы I Всероссийской научно-практической конференции с международным участием. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2017. – С.147-152.
12. Егорина А.В. - Свообразие сущности понятий: «географическое мышление» и «географическая культура» // Педагогика, №2(1), Алматы, 2012. – С.9-17.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Абулгазиев А.У., аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан,
Берік И.Б., география пәні мұғалімі, «Qazbilim Aqtau» ұлттық лицейі, Ақтау қ., Қазақстан,
Калдыбаева Ж.Б., аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Андатпа: Мақалада география пәнін қашықтықтан оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі қарастырылған. Географияны қашықтықтан оқытуда ArcGis, EarthViewer, Learn the map, Settera, OpenSeaMap және т.б. секілді жаңашыл бағдарламаларды сабақ барысына енгізе отырып, ондағы түрлі тапсырмаларды орындау, географиялық карталар жасау, құрастыру, өңдеу, елдердің физикалық-географиялық орнына ғана тоқталмай, бір елде кездесетін географиялық объектілерді жан-жақты қамти отырып сабақты түсіндіру, әрі аталған бағдарламалар жүйесіне сәйкестендіріп жаңашыл педагог ретінде сан-қырлы әдіс-тәсілдерді пайдалану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді.

Аннотация: В статье рассматривается эффективность использования информационно-коммуникационных технологий в дистанционном обучении географии. Внедрение в дистанционное обучение географии такие инновационные программы, как ArcGIS, EarthViewer, Learn the map, Settera, OpenSeaMap и др. а также использование их в ходе урока как составление различных заданий, обработка географических карт, объяснение урока с всесторонним охватом географических объектов, встречающихся в одной стране, не ограничиваясь только физико-географическим положением стран дает многогранность методов и приемов в обучении. Использование данных программ позволит стимулировать интерес учащихся к занятиям.

Abstract: The article considers the effectiveness of using information and communication technologies in distance learning of geography. The introduction of such innovative programmes as ArcGIS, EarthViewer, Learn the map, Settera, OpenSeaMap, etc. into geography distance learning, as well as their use in the course of the lesson as compiling various tasks, processing geographical maps, explaining the lesson with a comprehensive coverage of geographical objects found in one country, not limited only to the physical and geographical position of countries gives versatility of methods and techniques in teaching. The use of these programmes will stimulate students' interest in the lessons.

Мектеп географиясын қашықтықтан оқытуда қолданылуға болатын замануи бағдарламалардың түрлерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) білім беруде кең көлемде қолдану қажет және бұл мұғалімдердің де, балалардың да дамуына ықпал етеді. Алайда, екінші жағынан технологияның әртүрлі қауіптері де бар және шектеулерге ие болуы мүмкін екенін де естен шығармауымыз керек. Осы қарама-қайшылықтарға қарамастан, қазір интернеттегі құралдарды қолданатын жас балалардың саны сенсорлық технологиялар мен интернеттің қол жетімділігінің арқасында тез өсуде. Қазіргі білім берудегі АКТ балалардың шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамытуда үлкен маңызға ие. Сондықтан ХХІ ғасырда оқушылар арасында қауіпсіз және сау онлайн ортаны қамтамасыз ету жөнінде ойлану қажеттігі туындайды. Педагогтардың технологияларды пайдалану тиімділігі – жалпы қашықтықтан білім беру тиімділігінің басты мәселесі.

Технологияны қолдануда мұғалімдердің көзқарасы мен дағдылары балалардың оқуы мен мотивациясына да әсер етеді. Пандемия кезінде қашықтықтан оқытуға тура келді және мұғалімдер оған дайын болмай шыққаны барлығымызға мәлім. Әлі де болса кейбір мұғалімдеріміз тиімді бағдарламаларды қолдануда қиыншылықтарға тап болуда. Технологияны қолдану оңай емес екені белгілі, оған жетілдірілген білік пен дағдылар қажет. Мақаланы жазу себебіміз дүниежүзінде орнайтын эпидемиялық ахуал мен ара-тұра табиғаттың келеңсіз жағдайларына байланысты осы күндердің өзінде қашықтықтан білім беруімізге тура келеді. Болашақта қашықтықтан білім беретін қосымша білім беру орталықтары ашылуы мүмкін. Кейбір маман тапшы мектептерде жоғары санаттағы мұғалімдердің сабағынан білім алу осындай кемшіліктердің болдырмауына себепші болары анық. Яғни, онлайн білім беретін мектептер ашылуы да мүмкін. Негізінен оқытушылардың міндеті – идеялар синтезін іздеуді, білім алмасуды және ынтымақтастықты ынталандыратын қашықтықтан оқыту ортасын қалай құру керектігін анықтау. География үшін қашықтықтан білім беру дегеніміз – әлемнің әртүрлі бөліктеріндегі табиғи және әлеуметтік-экономикалық орта туралы нақты ақпарат алмасудың әлдеқайда кең мүмкіндіктерін білім алушыларға жеткізу. Компьютер арқылы іске асатын әдістер әсіресе, табиғи ортаны басқаратын физикалық процестерді түсіндіру кезінде оқыту әдістерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Жаһандану кезінде білім беру саласына ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу өте тиімді [1].

Білім беру барысында әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, негізінен Flippity, ArcGis, EarthViewer, Learn the map, Settera, StudyGe, «Панорама» ГАЖ, OpenSeaMap және т.б. секілді платформаларды сынап көруге, олардың қашықтықтан білім беру жүйесіндегі тиімділігін анықтау қажет. Сондай-ақ аталған технологиялардың құрылымы, олармен қалай жұмыс жасау керектігі, олардан алынатын географиялық танымның қаншалықты нақты болатындығымен танысу. Бұл технологиялар мектеп географиясын қашықтықтан оқыту барысында қолдануға негізделген. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бір легі болып табылатын жаңашыл бағдарламаларды сабақ барысына енгізе отырып ондағы түрлі тапсырмаларды орындауда қолдану, географиялық карталар жасау, құрастыру, өңдеу, елдердің физикалық-географиялық орнына ғана тоқталмай, бір елде кездесетін географиялық объектілерді жан-жақты қамти отырып сабақты түсіндіру, әрі аталған бағдарламалар жүйесіне сәйкестендіріп жаңашыл педагог ретінде сан-қырлы әдіс-тәсілдерді пайдалану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді [2,3].

География сабағын оқытуда оқушыға ең бірінші картамен жұмыс жасай білуіне үлкен мән берілуі керек. Өйткені, оқушының пәнге деген қызығушылығын, географиялық

ұғымдарды терең меңгеруіне жол ашу үшін басынан бастап географиялық білім беруде картамен жұмыс жасауына баса назар аударуды қажет етеді [4]. Ал қашықтықтан оқыту барысында картамен жұмыс көп жағдайда жүргізілмей жатады. Сондықтан да қазіргі таңда мектеп географиясында құрамына карталық дерек базаларын жиыстырған, оқушыларға картографиялық сауаттылықты дамытуға мүмкіндік беретін, оқулықтағы мәтінді терең меңгеруге көмектесетін қандай ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, оның ішінде заманауи бағдарламалардың тиімді болатындығын анықтау өте маңызды болып отыр. Жоғарыда атап көрсетілген бағдарламалардың барлығын тиімділігіне байланысты тақырыпқа сай қолдануға болады. Мысалы, материктер мен мұхиттар бөлімін оқыту кезеңінде жер шарын қамтитын картографиялық, аумақтық бағдарламаларды қолдану тиімді. Ондай бағдарламалар ретінде ArcGis, OpenSeaMap, EarthViewer, Google Earth-ды ұтымды деп таныдық.

Мектеп географиясында қашықтықтан оқытуда қолдануда тиімді деп таныған жоғарыда аталған бағдарламалардың құрылымы мен ерекшеліктерін қарастырамыз.

Қазіргі таңда оқушыларға ойын технологиясы арқылы білім берудің тиімділігін отандық әдіскерлермен бірге шетелдік ғалымдарда құптап отыр. Төмендегі бағдарлама осыға арналған десек болады. Қашықтықтан білім беруде қолданылатын келесі бағдарлама түрі – Seterra. Settera – географияға арналған қызықты ойын. 1997 жылы әзірленген және 40 тілге аударылған, алайда қазақ тілі ол тілдердің құрамында жоқ. Бірақ онсыз да бағдарламаның интерфейсі қарапайым және түсінікті. Settera бағдарламасы мектеп географиясын оқытуда оқушыларды қызықтырарлық жаңашыл технология болып табылады. Seterra – бұл 100-ден астам дидактикалық ойындар мен интерактивті жаттығулар, елдер мен олардың астаналарын, құрлықтар мен мұхиттарды, мемлекеттік ту немесе жалау мен барлық континенттердің қалаларын білуге үйретеді. Төменде Settera бағдарламасымен орындалған жұмыстардың легі көрсетілген. Оқушыларды номенклатура үйретуге тиімді.

Бұл ойын дүниежүзі елдерінің географиялық орнын саяси картадан табу мақсатында ойнатылады. Жауап беру үшін дұрыс деп тапқан аймақты басу керек. Егер елді таба алса онда сол елдің жер көлемі өзгелерден ерекшеленіп, өзгереді, ал жауап дұрыс болмаса ел аумағы қызыл түспен боялады (сурет 1. А).

«Гидросфера» тарауын өту барысында қолдануға да өте тиімді. Себебі, жекелеген материктерді шайып жатқан мұхит атаулары, ол материктердегі өзендер мен көлдердің, шығанақтардың, теңіздердің атаулары беріледі, оқушылар олардың географиялық орнын анықтайды. Егер дұрыс емес жауап берсе табу керек болған географиялық объекті атауы қызыл жазумен көрсетіледі (сурет 1. В).




Сурет 1. А «Seterra» бағдарламасы: елдердің географиялық орнын табу

мақсатында ойнатылатын ойын [5]

В. «Seterra» бағдарламасы: географиялық объектілерді табу

9-сынып географиясындағы Қазақстанның экономикалық бөлімін оқыту кезіндегі таптырмас ойын түрі. Оқушылар әкімшілік облыстардың шекараларын орналасу аймақтарымен сәйкестендіреді. Егер дұрыс емес болған жағдайда облыс ауданы сары түспен көрсетіледі (сурет 2. А). Мемлекеттерді туларына байланысты табу. Бұл ойын барысында оқушылар берілген ту суреттерінің қай елге тиесілі екендігін анықтайды. Бұл ойын түрі жағары сынып оқушыларына өте қызықты болары сөзсіз (сурет 2. В).





Сурет 2. А «Seterra» бағдарламасы: Қазақстанның экономикалық аумақтарын немесе әкімшілік аудандарын табу

В. «Seterra» бағдарламасы: елдерді туларына қарап анықтау

LearningApps - бұл түрлі пәндер бойынша интерактивті оқу-әдістемелік құралдар жасауға мүмкіндік беретін, оқу материалдарын қалай меңгергенін және білім деңгейін тексеру үшін тиімді сервистердің бірі болып табылады. LearningApps.org сервисінің тиімді тұстары көп. Олар:


- толықтай тегін;
 - компьютер экранында көрсетілетін әртүрлі интерактивті тапсырмаларды жасауды;
 - тапсырманың дұрыстығын жылдам тексереді;
 - мәтіндік ақпаратпен ғана емес сонымен қатар графикалық, аудио, видео ақпараттармен де жұмыс жасайды;
 - ұсынған тапсырмаларды орындау барысында оқушылар өздерінің теориялық білімдерін бірнеше рет тексере алады;
 - оқушылардың оқуын өз бетінше дамытады және қамтамасыз етеді;
 - оқушы мен мұғалім арасында кері байланыс бере алатын негізгі құрал болып табылады.
- Дегенмен, сервис тек 23 тілде аударылған. Оның ішінде қазақ тіліне аударылмаған. Бірақ тапсырмаларды құрастыру барысында қазақ тіліндегі мәтіндерді енгізуге болады [6].



Сурет 3. LearningApps бағдарламасымен орындалған жұмыстар

LearningApps көмегімен 21-ден астам тапсырмалар түрлерін құрастыруға болады. Оларға: сәйкестендіру, жіктеу, сұрыптау, топтастыру, сөздерді табу, викторина, бос орындарды толтыру, мәтінді енгізу, кроссворд, тест, картамен жұмыс және т.б тапсырмалар жатады. Сонымен қатар, «Миллион кімге бұйырады?», «Көкпар», «Шындық немесе жалған» тағы да басқа ойындарды ұйымдастыруға болады. Жоғарыда аталған тапсырмаларды мектеп географиясын қашықтықтан оқыту барысында оқу бағдарламасының барлық дерлік тақырыбын оқытуда пайдалану өте қолайлы.

Алғашқы орындалған жұмыста картада белгісіз бір географиялық объекті аумағында арнайы сары белгішелер тұр (сурет 4). Бағыттауышты осы белгіше апарып басқан кезде бөлек терезе ашылып бірнеше объектілердің атауы беріледі. Солардың арасынан дұрысы белгіленеді (сурет 4).



Сурет 4. LearningApps бағдарламасымен орындалған жұмыстар

О	П	С	Ш	Х	Д	У	Л	Ь	У	Е	Н	Я	И	А	Й	Ъ	Б	З	
Д	Ь	Э	У	В	Б	Е	Б	Ж	Ж	О	С	Ю	И	И	Ь	С	Ф	Ь	М
Ь	Е	А	А	А	О	В	А	Е	Р	Т	І	С	Ы	Р	Д	А	Р	И	Я
З	Ц	Ъ	Н	Ф	Г	У	Л	М	Я	Е	Л	А	Л	А	К	Ө	Л	Ч	Ь
А	А	П	К	Ұ	Щ	І	Қ	Т	Т	О	Р	Ғ	А	Й	У	Ъ	П	О	З
Ц	Б	Й	Т	К	Р	П	А	В	Ж	А	Й	Ы	Қ	Ж	П	Н	Ж	М	Ю
С	К	Е	С	О	Ф	А	Ш	Ы	Р	Ғ	Ы	З	Е	Щ	Й	Ж	У	Ю	Ъ
О	Щ	Ч	Е	А	Б	Щ	Р	У	Н	Ж	Е	Р	Л	Ё	У	Д	Ю	Ж	М
П	Г	Г	Т	Щ	Н	Ы	Я	Н	Х	Ы	О	В	Г	Ю	Ц	Р	Ь	Э	Ж
Х	Ь	Е	Е	О	Е	И	Л	Б	У	Д	Б	Х	Х	Д	Щ	Й	Ь	П	Е

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____
10. _____
11. _____
12. _____

Сурет 5. LearningApps бағдарламасы: «Филворд» әдісі

LearningApps бағдарламасы арқылы орындауға болатын келесі жұмыс бұл «Филворд» әдісі. Оқушылар берілген ұяшықтағы әріптердің арасынан жасырылған географияға қатысты сөздердің тауып, жаза алады (18-сурет). Сондай-ақ арнайы тақырыптарға байланысты сөздерді де жасыруға болады. Мысалы: Қазақстанның ішкі сулары, климаттық белдеулер т.б.

Аталған және зерттелген жаңашыл бағдарламалар мен технологиялар қашықтықтан білім кезінде оқушыларға тақырыпты терең әрі жеңіл түсуіне мүмкіндік жасайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар - болашақтың білімі болса, қашықтықтан оқыту - болашақтың мектебі. Білім беру үдерісіне жаңартылған бағдарламаларды кірістіру, оқушылардың география пәніне қызығушылықтарын арттырып, білімдерін көру, білу, түсіну дағдыларын ұштастыра отырып есте сақтауына әсер етеді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Токпанов Е.А., Абулгазиев А.У., Сергеева А.М., Әбдіманапов Б.Ш. Географияны оқыту әдістемесі: оқулық - 1.2 бөлім. - Алматы: Эверо баспасы, 2022 ж. - 244 б.
2. Ақашева Ә. С., Дүйсебаева К. Ж., Нүсіпова Г. Н.. География мен экологияны оқыту әдістемесі: оқу әдістемелік құрал. - Қарағанды: Ақ Нұр баспасы, 2012. – 166 б.
3. Токпанов Е.А., Сергеева А.М., Шумақова Г.Ж. Географиялық білім беру жүйесіндегі жаңа инновациялық технологиялар. - Алматы: Эверо баспасы, 2019. – 220 б.
4. Токпанов Е.А., Мазбаев О.Б., Уалиев Т.О., Асубаев Б.Қ. Географияны оқыту әдістемесі: оқулық. – Алматы: Эверо баспасы, 2015. – 412 б.
5. Seterra бағдарламасы - <https://www.seterra.com/>
6. LearningApps бағдарламасы - <https://learningapps.org/>

ӨЛКЕТАНУ АРҚЫЛЫ ЖАС ҰРПАҚ БОЙЫНДА ОТАНСҮЙГІШТІК ҚАСИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жаркенова Б.Р., докторант, Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі, ғалым хатшы,
Көкшетау қ., Қазақстан

Аңдатпа: соңғы уақыттағы әлемде және елде болып жатқан саяси өзгерістер өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу мәселесін өзектендірді. Отансүйгіштікке тәрбиелеуде ең басты құрал ретінде өлкетануға ерекше көңіл бөлінеді, мақалада «отансүйгіштік» «патриотизм» ұғымдары талданды. Мектеп пен ғылым және мәдениет мекемелері арасындағы ынтымақтастың негізгі бағыттары анықталды. Жас ұрпаққа отансүйгіштікті өлкетану және экскурсиялық-өлкетану жұмыстары арқылы әр түрлі формада ұсына отырып жеткізу керектігі атап өтілді.

Аннотация: последние политические изменения, происходящие в мире и в стране, сделали актуальной проблему патриотического воспитания подрастающего поколения. Особое внимание уделяется краеведению как основному средству воспитания патриотизма, в статье проанализированы понятия «патриотизм» и «патриотическое воспитание». Определены основные направления сотрудничества между школой и научными и культурными учреждениями, было отмечено, что патриотизм необходимо донести до подрастающего поколения через краеведческую и экскурсионно-краеведческую работу, представляя их в различных формах.

Abstract: recent political changes taking place in the world and in the country have made the problem of patriotic education of the younger generation urgent. Special attention is paid to local history as the main means of education of patriotism, the article analyzes the concepts of "patriotism" and "patriotic education". The main directions of cooperation between the school and scientific and cultural institutions were identified, it was noted that patriotism must be conveyed to the younger generation through local history and excursion work, presenting them in various forms.


Бүгінгі күнде әлемде және елде болып жатқан саяси жағдайлар, өсіп келе жатқан ұрпақтың бойынан отансүйгіштік деген қасиетті әліде дамыту керектігін көрсетіп отыр. Жас ұрпақты тәрбиелеп отырған барлық білім ошақтары тек өз деңгейінде ғана емес, сонымен қатар басқа серіктес ұйымдармен мәмлеге келе отырып, әр-түрлі іс-шаралар арқылы отансүйгіштік және азаматтық патриоттыққа тәрбиелеу басты назарға алынып отыр. Осы бағытта қазіргі таңда тарихи-мәдени жобалар мен бағдарламалар іске асырулыда. Құрылған білім беру бағдарламалары және жобалар өлкетану пәнін мектептік бағдарламаға енгізе отырып, жас өскіншектермен өңірлерде туристік-экскурсиялық жұмыстарды түрлі форматтарда іске асырып отыр, осы орайда еліміздегі педагогтардың, көрнекті қоғам қайраткерлерінің оқу-әдістемелік құралдары мен форумдарда айтылып жүрген баяндамалары тәжірибеде өлкетану пәнін оқыта отырып жас ұрпақтың санасына «патриотизм» «отансүйгіштік» сезімін қалыптастыруға болатыны дәлелдеп отыр.

Ғылыми әдебиеттерді талдауда және зерделеуде, осы күнге дейін білім беру жүйесінде келесі ғалымдардың жұмыстарында «отансүйгіштікке» және «патриоттық тәрбиеге» бағытталғанын көрсетіп отыр, О.Б. Мазбаев, А.К. Жусупов [1], С.И. Беленцова [2], Т.С.Буторина [3], Н.Г.Егошина[4], Г.Я.Гревцева [5], Н.П. Овчиникова [3], Г.Н.Филонова [6],

И.Г.Милованова [7], В.В. Серебренникова [8]. Жұмыстарды талдау кезінде әр ғалымның осы мәселені әр түрлі бағыттарында қарастырылғанын көруге болады. Өскекең ұрпақтың бойына «патриоттық» «отансүйгіштік» сезімге мектеп қабырғасында баулыған дұрыс, бұған себеп жас өспірімдер осы уақытта жан-жақты тануға, білуге деген қызығушылықтары жоғары болып келеді, яғни өлкені тану жан-жақты көру деген қызығушылы артады.

Қазіргі таңда «патриотизм» атты ұғымға неше түрлі анықтама беріліп отыр, соның бірі В.В.Серебренникованың пікірінше «патриотизм» немесе «отансүйгіштік» дегеніміз мемлекеттік ғимараттың іргетасы және оның идеологиялық өміршендігінің тірегін білдіре отырып әлеуметтік - мемлекеттік институттың құраушы бөлігі деп түсіндіреді сонымен қатар «патриотизм» ол тек отанға деген махаббат қана емес, сонымен қатар оның дамуындағы кедергі келтіретін барлық нәрсені жек көру дейді [8]. Айтылған әртүрлі пікірлерді ескере отырып Н.Г.Егошинаның «патриотизмге» берген анықтамасын негізге ала отырып «интегратив ретінде жеке тұлғаның азаматтық, құқықтық, адамгершілік және ұлттық этникалық сипаттамаларынан бөлінбейтін элемент» деп түсіндіреміз [4]. М.В. Егошина «патриотизмді» адамның туып өскен жеріне деген құрметі, махаббаты сол жердегі этностың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне, өткен тарихына, әлеуметтік-мәдени құндылықтарына деген құрметі деп түсіндіреді.

Белгілі ғалым педагог К.Д.Ушинский оқушылармен жұмыс жасаудағы үш бағытты анықтап көрсетті, сол үш бағыт төмендегі сызбада ұсынылып отыр:



Сурет 1. Оқушылармен жұмыс жасаудағы бағыт

Осы бағытта жұмыс жасау арқылы оқытушы әр түрлі әдс-тәсілдерді қолдана отырып алдына қойған мақсат пен міндетіне жету арқылы «патриотизм» және «отансүйгіштік» қасиеттерін әр оқушының бойында қалыптастыра алады. Бұл қасиеттерді көбінесе тек «тарих» пәнінен ғана дамытып қалыптастыруға болады деген, қате пікірден аулақ болған дұрыс. Қазіргі таңда өзекті болып отырған креативті индустрияны дамытуда этностардың мәдениеті, әдет-ғұрпы, өмір сүру салтын білу онымен етене жақын танысу қоғамға қызық болып отыр. Әр түрлі әдет ғұрыптарды зерттей отырып екі немесе одан да көп халықтың өмір сүру салтындағы ұқсастықтарды көруге болады, әсіресе тың игеру жылдарында келген халықтың жалпы қазақ халқымен ұқсас әдет ғұрпы және асхана өнімдерін көруге болады, мысалы: дүнген халқында қазақ халқындағыдай «шашу рәсімі» және «балаға ат қою» бар, қазақ қырғыз егіз ел дегендей бұл ұлт өкілдеріменде өте ұқсастық көп соның бірі: «айтыс», «ұлттық спорттық ойындар» (күрес- «курёш», «алыш»; көкпар-«улаш тартыш», «кёк бору»), татар халқында: «бесікке салу», «бел құда», «бесік құда».

В.С.Селиванованың пікірі бойынша сыныптан тыс уақытта арнайы ұйымдастырылған жұмыстарды іске асыра отырып, тәрбиеленушілердің бойында жеке қасиеттерді қалыптастыруға болады деген тұжырымдама жасап отыр[5]. Білім беру ошақтарының басты міндеттерінің бірі: тәрбиеленушілердің бойында «патриоттық» және «отансүйгіштік» қасиеттерін қалыптастыру. «Патриот» болып адам туылмайды, ол өсе келе бойында қалыптасатын қасиет, осы қасиетті тұрғылықты жерін таныстыра отырып өлкетану жұмысын іске асырып баулуға үлкен мүмкіндік бар. Бұл қасиеттерді бір сабақта ғана қалыптастыру мүмкін емес, яғни тұрақты түрде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып әр пәнде өз өлкесін тану, зерттеу мақсатында жұмыс жүргізілсе нәтиже міндетті түрде болары анық.

Барлық айтылған анықтамаларды қорытындылай отырып, оқытушы үш бағыт бойынша мақсатқа жету жолында жұмыс жасай алады, бірінші бағытта оқушының өз өлкесінің тарихымен таныса отырып оны жүрекпен сезіну, көзбен көру және қолмен ұстау, екінші бағытта өткен тарихпен таныса отырып болған жайттарды өз деңгейінде жеткізе алатын қоғам қайраткерлерімен кездестіру, үшінші бағытта оқушының қоғамда болып жатқан жайттарды шешуге деген қызығушылығын арттырып шешім қабылдауда еркіндік бере отырып тәрбиелеу. «Патриотизм» және «отансүйгіштікке» баулу тек білім беру ошақтарына ғана міндеттелмеу керек, сонымен қатар осы іс-әрекетті іске асырытын қоғамдағы әлеуметтік серіктестерді табу. Мемлекеттік деңгейде жасөспірімдерді тәрбиелеуге деген назар әрқашанда өз деңгейінде іске асырылып келеді. Бұл жерде ең алдымен облыстық және қалалық музейлермен, архивтермен, өлкетанушы кеңестерімен тығыз жұмыс жасау.

«Мәңгілік ел» идеясының басты басымдылықтарының бірі жас ұрпақты «патриотизмге», «отансүйгіштікке» баули отырып өз елінің тарихымен сабақтастыр, осы орайда музей жанынан ашылған «жас өлкетанушылар» үйірмелері жұмыс жасап келеді. Үйірме аясында өлкені тану мақсатында жүйелі түрде жоспарланған іс-шаралар маусымдылыққа байланысты ұйымдастырылады, оқушылардың демалыс кезеңдерінде жаз айларында археологиялық қазбаларға қатысса, көктем айларында әдет-ғұрып тану мақсатында арнайы мастер класстарға қатысады, күз айларында қоршаған ортаны және экологияны сақтау мақсатында көшет отырғызу, сенбіліктерге қатысу сынды жұмыстарға тартылады. Бұл жерде байқағанымыздай бос уақыттарын ұйымдастыру және тірлікке баулудың іске асқанын көруімізге болады. Осындай жұмыстарды іске асыру үшін зерттеулер көрсетіп отырғандай бүгінгі оқытушы, тәлімгер инновациялық құралдармен қаруланған, ақпараттық-технологияны меңгерген және өз пәнін басқа пәндермен байланыстыра отырып инновациялық деңгейде өткізе алуы керек. Инновациялық өлкетануды іске асыруда жоғарыда аталған барлық серіктестерді ортақ жұмысқа тарта отырып қол жеткізуге болады. Осылайша, инновациялық өлкетануға тиісті назар аудара отырып, өлкетану арқылы патриотизмді қалыптастыру отанға деген құрмет, махаббат және мақтаныш сезімін қалыптастыра аламыз.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Мазбаев О.Б., Жусупов А.К. Туристско-краеведческая работа с детьми и юношеством: анализ проблем // Соқпақ = Тропинка. - 2005 - № 1 - 64 с.
2. Циулина М.В. Патриотическое воспитание школьников: возможности социообразовательной среды // На родное образование. – 2013. – № 1. 252-259.с.
3. Буторина Т.С., Овчинникова Н.П. Воспитание патриотизма средствами образования. – СПб.: КАРО, 2004. – 224 с.
4. Егошина Н.Г. Патриотическое воспитание подростков средствами краеведения на уроках английского языка: автореф. дис. канд. пед. наук. – Йошкар-Ола, 2007. – 22 с.
5. Гревцева Г.Я. Гражданское воспитание учащихся: учебно-методическое пособие. – Челябинск: ИИУМЦ «Образование», 2003. – 115 с.
6. Филонов Г.Н. Общественная программа воспитания: предпосылки и технологии разработки // Педагогика. – 2001. – № 9. 3-10 с.
7. Моисеева Л.В., Милованова И.Г., Удилова И.Я. Организационно-деятельные военно-патриотические игры – преобразующая образовательная форма воспитания современной молодежи // Современная высшая школа: инновационный аспект. – 2017. – Т. 9. – № 2. 64-70 с.
8. Серебрянников, В.В. О патриотизме как объекте науки // Духовный потенциал Великой Победы и современный патриотизм: материалы заседания Философского клуба. – М.: Книга и бизнес, 2003. 73-82 с.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Тулегенов Е.А. PhD, қауым.проф.м.а, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан
Тоқсабаева М.Е., 8D01506-География білім беру бағдарламасының 2 курс докторанты, Қазақ
ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Андатпа. Мақалада демография ғылымының зерттеу нысаны, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруде демографияның маңызы, демографиялық үдерістерді жүйелі жүргізу мен реттеуде, демографиялық мәселелерді шешудегі мемлекеттің рөлі қарастырылған. Сонымен қатар, демография ғылымының негізін салушы және Отандық демография ғылымының қалыптасып, дамуына үлес қосқан ғалымдар, демография мәселесіне мән беріп, қоғам дамуындағы оның зерделеудің қажеттілігі сипатталған.

Аннотация. В статье рассматривается объект исследования демографической науки, значение демографии в повышении социально-экономического положения населения, роль государства в систематическом ведении и регулировании демографических процессов, решении демографических проблем. А также, были описаны основоположники демографической науки и ученые, внесшие вклад в становление и развитие отечественной демографической науки, придавая значение проблеме демографии и необходимости ее изучения в развитии общества.

Abstract. The article examines the object of demographic science research, the importance of demography in improving the socio-economic situation of the population, the role of the state in the systematic management and regulation of demographic processes, solving demographic problems. Also, the founders of demographic science and scientists who contributed to the formation and development of domestic demographic science were described, attaching importance to the problem of demography and the need to study it in the development of society.

Адам - мемлекеттің басты байлығы. Әр халықтың демографиясы көп қырлы. Демографиялық үрдістер жергілікті тұрғындардың тұрмысын жақсартып, қоғам дамуына, әр түрлі әлеуметтік мәселелердің шешілуіне негіз болады. Дамыған елдердің бір бөлігі - демографиялық дағдарыс, ал екінші бөлігі - табиғи өсімді арттыру бойынша мемлекеттік бағдарламаларды іске асырып жатыр. Дамыған елдің көбінде туу көрсеткішінің төмендеуі және халықтың ерте қартаюы мәселесі тұр. Демографтардың айтуынша, туудың жалпы коэффициенті әр әйелге 2,2 тең болуы елдегі тұрақтылықты сақтайды, коэффициент 2,1-ден төмен болғанда, ел халқының саны азая бастайды. Бұл ХХІ ғасырдағы өзекті мәселелердің біріне айналып отырған демография мәселесіне мән беруге, қоғам дамуындағы оны зерделеудің қажеттілігін көрсетеді.

Алғаш рет Лондондағы тіркелген адам өлімдерінің бірнеше жылдық жазбалары негізінде халық арасындағы өлудің көрсеткішін жасап, заңдылықтарын анықтаған демография ғылымының негізін салушы - ағылшын ғалымы Дж. Граунт еді [1].

Демография қоғамдағы халықтың сапалық құрылымын, қозғалысын, оның әлеуметтік-экономикалық өмірімен байланысын сипаттайды. Демография арқылы қоғам өзінің өткен тарихын, қазіргісін, болашағын болжайды.

Демография халық саны мен сапасы өзгерісінің заңдары мен заңдылықтарын, демографиялық үрдістердің өзара байланыстарын, халықтың әлеуметтік-экономикалық құбылыстарға тәуелділігін қамтамасыз етеді. Белгілі бір қоғамдық ортадағы халық өзгерісін сол қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын айқындайды. Әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың халықтың ұдайы өсуіне ықпалын ғана емес, халық өсімінің қоғам дамуына тигізетін әсерін де қарастырады. Демографиялық үрдістер негізінде халықтың ұдайы өзгерісін анықтау барысында мемлекет тарапынан жүргізілетін демографиялық саясат негіздері тұжырымдалады. Халықтың қоғам дамуымен өзара ықпалдасуы демография үшін маңызды болып табылады.

Тұтас алғанда, демография - халықты тану, халықтың өсіп-өнуі, туу мен өлім, көші-қон мәселесі, жастық-жыныстық ерекшеліктер, еңбек ресурстары, әлеуметтік мәселелерді қоғамдық-тарихи тұрғыдан зерделейтін ғылым саласы.

Еңбек нарығына демографиялық өсім оң жағынан да теріс жағынан да әсер етеді. Демография бұл - халық. Халықтың саны бұл нарықтың дамуын көрсетеді. Себебі, тауарлар мен қызметтердің тұтынушысы да, өндірушісі де - тұрғылықты халық болып саналады. Тұтыну нарығына қойылатын талапты да қоятын сол халық [2].

Мемлекет өз азаматтарын әлеуметтік қорғауға мүдделі. Адамзаттың қоғам өмірінің барлық саласындағы алатын орны маңызды. Демографиялық үдерістердің өзгеруімен, мемлекеттің де экономикалық, саяси, әлеуметтік жақтары өзгереді. Қазақ халқы үшін демография мәселесіне түрлі тарихи кезеңдердегі қиындықтар, рухани-мәдени құндылықтар сан ғасырлар бойы ықпал етіп отырған. Тарих бедерлерінде талай тарихи-демографиялық

сынаққа ұшыраған қазақ қоғамында халықтық демография ұлттық сананың мәйегі мен басты дәнекері болып келген. Отандық демография ғылымының қалыптасып, дамуына үлес қосқан А.И.Левшин, П.Г. Галузо, Е.Е. Бекмаханов, Б.С. Сүлейменов, Н.В. Алексеенко, И.Д. Никифорова, В.В. Козина, М.Х.Асылбеков, М.Тәтімов, М.Қозыбаев, Н.Бекмаханова және басқа да зерттеуші ғалымдарды айтуға болады.

Тәуелсіздік алған жылдары экономикалық дағдарыстың тұғырында тұрған еліміз үшін, демографиялық үдерістерді жүйелі жүргізу мен реттеуді, халық санының өсуі мәселерін мемлекеттік билік органдары өз назарына алды. Демографиялық үдерістерді реттейтін бірқатар нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Халықтың туылым мен өлім көрсеткіштерінің өзгеруіне бақылау жасау, еңбек ресурстарын анықтау, көші-қон мәселелерін шешу, демографиялық саясат негізінде қабылданған демографиялық стратегияларды жүзеге асыру жұмыстары мемлекеттік басқару жүйелеріне жүктелді. Қуатты мемлекеттің даму даңғылын даралайтын ең негізгі фактор - демографиялық өсім болып саналады.

Әлемде Қазақстан жер көлемі бойынша 9-орын алса, халық саны жағынан 62 орында, халық тығыздығы бойынша 184-орында тұр. Қазақстан жер аумағы үлкен (2724,9 мың км²) болғанымен халық сирек қоныстанған елге жатады. Оның аумағының сәйкес түрде 1 км²-не 6,2 адамнан келеді. Қазақстанда халық біркелкі қоныстанбаған. Жері-кең, халқы - аз. Ал бұл көрсеткіштер ұлт қауіпсіздігіне үлкен қауіп төндіреді. Демографиялық мәселе әлеуметтік мәселемен (халықтың өмір сүру ұзақтығы, денсаулықты сақтау, жұмыспен қамтылуы, тұрмыс деңгейі, білім беру) тығыз байланысты, сол себептен де мемлекет ең алдымен әлеуметтік мәселелерді шешу қажет. Қазақстанда халықтың денсаулығын сақтау, өндіріс, шаруашылық орындарының жұмысын жандандыру, халықты жұмыспен қамтамасыз ету, халықтың материалдық-тұрмыстық жағдайын ұдайы жақсарту секілді кезек күттірмейтін әлеуметтік-экономикалық көкейкесті мәселелерді тез әрі тиімді шешу бүгінгі күннің басты талабы болып табылады. Халықты әлеуметтік қорғауда әртүрлі мекемелердің қызметін жақсарту, еңбек өндірісін нығайту арқылы халықты жұмыспен қамту, халықтың әлауқатын көтеру секілді жұмыстар атқарылуда [3].

Ел болашағы-демографияның өсіміне тікелей байланысты. Халықтың демографиялық даму көрсеткішін білмей, елдің ұлттық құрамының қалай өзгергені анықталмайды. Саны өскен жұрттың сапасы да артады,- дегеніндей, еліміздегі халық санының өсуі, әлеуметтік-демографиялық мәселердің шешілуі және оның не үшін маңызы бар екенін өзіміздің өскелең ұрпақ түсіне білуі керек. Сол себептен, демографиялық үрдістерді жүйелеп, зерделеп, білім алушыларға түсіндіру өте маңызды. Осы орайда, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Жаратылыстану институты, География кафедрасында 6В01510-География, 6В01511-География-Тарих, 6В01512-География-Биология білім беру бағдарламаларының 3-4 курс білім алушыларына өтілетін география ғылымының бір саласы экономикалық географияның құрамындағы «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» пәнінің маңызы орасан зор. Пән - қоғамның әлеуметтік жағдайын теориялық тұрғыдан түсінуге, сипаттауға және жүйелеуге, тәжірибелік тұрғыдан деректер жинауға мүмкіндік береді. Қазақстанның халқы туралы толық терең және біртұтас түсінік беруге бағытталады.

«Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» пәнінің мазмұны аясында білімалушылар «ұлт», «халық», «демография», «этнография», «табиғи өсім», «депортация», «халық миграциясы», «эмиграция», «диаспора», «халық санағы» ұғымдарының мазмұнын тереңірек ашады. Білім алушылар практикалық тапсырмаларды орындауда кескін картамен жұмыс жасайды, кестелерді толтырады, тірек сызбалар арқылы түсіндіреді. Статистикалық, картографиялық, графикалық ақпарат көздерін пайдаланады.

«Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» пәнінің практикалық сабағында төмендегідей тапсырмаларды орындау негізінде білімалушылардың пәндік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- Қазақстан халқының ұлттық құрамын, жас-жыныстық құрамын, экономикалық аудандарындағы халық саны мен тығыздығын және сирек қоныстанғандығын, халықтың ұлттық құрамының өзгеруіне миграцияның әсерін анықтайды;

- Қазақстан халық санының табиғи өсуі, көшіп келгендер мен кеткендер саны, қала және ауыл халқы санындағы өзгерістерді анықтап, бағаналы, шеңберлі диаграммалар құрастырады.

- Еңбек ресурстарын жіктейді. Халық саны өзгерісіне әсер ететін факторларды анықтайды; Халықтың санына байланысты қалаларды жіктеп, кескін картаға түсіреді;

- Әр жылдардағы тарихи жағдайларға байланысты демографиялық деректерді салыстырады; демографиялық дағдарыстың себептерін талдайды, демографиялық мәселелердің шешу жолдарын ұсынады [4].

Қазақстанның әр азаматы қазақ халқының санын, жас-жыныстық құрамын білуі міндетті. Бұл - еліміз үшін баға жетпес құндылық екендігін айқындайды. Сондықтан соңғы жылдары демографияға, әлеуметтік-демографиялық мәселерді шешуге деген үлкен назар аударылуда. Адами капитал әрқашан елдің тұрақты дамуы үшін шешуші рөл атқарады. Тұрақты дамуды, әлеуметтік тұрақтылықты және экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін демографиялық әлеуетімізді көтеруіміз керек.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану. Алматы: Қарасай -2009
2. Рахметова Р. Эконометрика. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан, 2018. – 230 б.
3. Қазақстан аймақтарының демографиялық дамуы. Монография. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 215 б.
4. Н.Н.Карменова, Е.А.Тулегенов, М.Е. Токсабаева «Қазақстан экономикалық және әлеуметтік географиясын (практикалық сабақтарға арналған) Оқу құралы. Алматы: ЖШС «Лантар books».2022.

9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ КЕЙС ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Демеуов А. Б., Жаратылыстану ғылымдарының магистрі, оқытушы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Альдекенова А. Т., ²Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясының география пәні мұғалімі
Астана, Қазақстан

Андатпа: Қазіргі уақытта Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр, педагогикалық теория мен практикада оқу процесін ұйымдастыру мен жүзеге асыруда елеулі өзгерістер орын алуда. Кейс әдісін қолдану - қазіргі білім беру талабына сай оқушының сабаққа деген қызығушылығын туғызатын жеке педагогиканың жаңа инновациялық жүйесі болғандықтан, кейс әдісін қолданып, тақырыбқа сәйкес тәжірибелік сабақ жүргізіледі.

Аннотация. В настоящее время в Казахстане разрабатывается новая образовательная система, направленная на выход в мировое образовательное пространство, происходят существенные изменения в организации и реализации образовательного процесса в педагогической теории и практике. Поскольку использование кейс-метода является новой инновационной системой индивидуальной педагогики, вызывающей интерес обучающегося к уроку в соответствии с современными образовательными требованиями, практические занятия проводятся по теме с использованием кейс-метода.

Abstract: Currently, a new educational system is being developed in Kazakhstan, aimed at entering the global educational space; significant changes are taking place in the organization and implementation of the educational process in pedagogical theory and practice. Since the use of the case method is a new innovative system of individual pedagogy that arouses the student's interest in the lesson in accordance with modern educational requirements, practical classes are conducted on the topic using the case method.

Білім алушылардың ғылыми-жаратылыстану функционалдық арттыру үшін мұғалім сабақта заманауи әдістер мен шынайы өмірге негізделген, оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған тапсырмалар түрлерін қолдана білуі тиіс. Кейс стади технологиясы география сабағын түрлендіріп өткізуге мүмкіндік беретін әдістердің бірі. Нақты жағдаятты талдай отырып, оқушы келесі дағдылар мен біліктілігін дамыта алады:

берілген ақпараттан мәселелні анықтау, оған анализ жасау және шешімін шығара алу;

ақпаратпен жұмыс істей алу;
 ақпарат пен дәйектерге анализ және синтез жасау;
 ұсыныстар мен қорытынды жасау;
 қабылданған балама шешімдерге баға беру;
 өзгені түсініп тыңдай алу, топта жұмыс істеу қабілетін дамыту;
 өзінің көзқарасын, ұстанымын таныта білу, қорғай алу [1].

География сабақтарында кейс стади әдісін қолдану мұғалімге басты жүк артады, мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, білімі алушыларды кейсті шешу алгоритмін үйретуі қажет. Білім беруде кейс технологиясын қолданудың келесі ұстанымын негізге алған жөн:

оқушылардың кейс материалдарымен жеке жұмысы (мәселені анықтау, кілтті дәйектерді құрастыру, шешім шығару немесе келесі қадамдарға ұсыныс беру);

шағын топтарда жұмыс жасау, мұнда оқушылар ортақ келісімге келе отырып, негізгі мәселені анықтап шешім шығарады;

нәтижені шығарып, ұсыну.

Әрбір кейс жеке немесе топта саралданып отырып шешіледі. Мұғалім немесе жетекші кейстің шешу алгоритмі мен шешім шығару әдістемесіне сілтеме жасайды [36].

Білім беруде мақсатына қарай кейстің негізгі екі түрі қолданылады: оқыту және зерттеу.

Оқыту кейсі нақты өмірде орын алған жағдаятты сипаттауға негізделген. Оқушы география сабақтарында ақпаратпен толық қамтамасыз етілген, мақсатқа жетуге бағытталған дәйектермен жұмыс жасайды. Кейс шынайы өмірді, нақты орын алған мәселені, дәйектерге негізделген болуы керек. Мұндай кейстер оқушылар мен мұғалімдер арасында аса сұранысқа ие болады. Егер ақпаратқа шындыққа жанаспаса, онда кейс өзекті болып табылмайды.

Зерттеу кейсі белгілі бір теориялық тұғырға негізделген үдерісті зерттеу мақсатымен құрылады. Мұндай кейс жаңа гипотезаны ұсыну үшін немесе ғылымда бар гипотезаға баламалы ұсыныстар жасау үшін құрастырылады.


Білім беруде оқыту кейстерін қолдану өзекті болып табылады. Оқушылар бар ақпаратпен белгілі бір мәселелерге талдау жасап, шешімін шығарып, ұсыныстар жасай алады. 1-кестеде екі кейс түріне салыстырмалы түсінік беріледі: оқыту және зерттеу кейсі. Оқыту және зерттеу кейстерінің салыстырмалы сипаттамасы (кесте 1).

Кейс түрлерінің салыстыру параметрлері Кесте 1

Салыстыру параметрлері	Кейс түрлері	
	Оқыту кейсі	Зерттеу кейсі
1	2	4
Мақсат	Оқыту: дағдыларды қалыптастыру	Зерттеу: үдерістерді зерттеу, заңдылықтарды анықтау, зерттеу барысында қабылданатын немесе қабылданбайтын гипотеза құру,
Теория	Бірден ұсынылады	Зерттеу барысында нақтыланады
Ақпарат көздері	Бастапқы немесе қосымша	Негізінен бастапқы болады
Қосымша ақпарат	Қосымшалар негізінде болады	Зерттеу барысында жинақталады
Шешім қабылдау кезеңі	Алдын ала беріледі және белгілі уақытта аяқталады	Берілмейді
Жағдаят сипаттамасы	Кейс мазмұнында беріледі	Зерттеу барысында жинақталып, талдау жасалынады.
Кейс авторының пікірі	Ескерілмейді	Зерттеу нәтижесі ретінде ескеріледі
Бөлімдері	Құрастырылады.	Құрастырылмайды

	1) кейс аннотациясы 2) оқыту мақсаты 3) педагогикалық әдістері мен тәсілдері 4) кейс анализі сұрақтары 5) кейс жауаптары 6) оқу жоспары 7) эпилог (нәтижесі және т.б.)	
1.Қолданылу саласы	Білім беру үдерісінде	Кең ауқымды қамтиды
<i>Ескерту – [1] дереккөзінен алынды</i>		

Әрі қарай білім беру үдерісінде қолданылатын кейс түрлеріне тоқталайық. Оқыту кейстерінің бірнеше түрлері бар. Көптеген кейс түрлерін мақсаттарына қарай топтастыруға болады. Топтастырылған кейс түрлерін 1-суреттен көруге болады.



Сурет 1. Оқыту кейс түрлері

Төмендегі кестеде оқыту кейстер түрлерінің салыстырмалы сипаттамасы берілген (кесте 2) [2].

Кейс түрлерінің салыстырмалы сипаттамасы Кесте 2

Кейс сипаттамалары	Шағын кейстер	Орташа кейстер (европалық)	Толық форматты
<u>Беттерінің саны</u>	1-3	8-12	20 және одан да көп
<u>Суреттер мен кестелер саны</u>	1-2	3-5	6-10 және одан да көп
<u>Интервью саны</u>	0-1	1-2	көп
Әдебиеттерге шолу. Геопорталдың мәнін түсінудің кілті "портал" ұғымында жатыр, ол "таратылған желіде тақырыптық іздеуді жүзеге асырудың бастапқы нүктесі" және "пайдаланушыларға орнатылған ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ порталдың мақсатына сәйкес келетін Веб-қызметтерді жүзеге асыратын веб-қосымшаларды қоса алғанда, кейбір серверлерге тікелей қол жеткізуге мүмкіндік беретін сервер" ретінде анықталады [1]. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында бірінші кезекте әлемдік деңгейде білім беру бағдарламасында геопорталдарды қолдану нәтижелерін зерделеуден басталды. 1993-94 жылдары картографиялық веб-қосымшалардың бірінші буыны АҚШ-та қалыптасты. Олардың ішінде алғашқылардың бірі болып Xerox PARC Map Viewer веб-қызметі болды, ол пайдаланушыларға интерактивті түрде серверге сұраныстар жіберуге және растрлық gif форматында карта үзінділерін алуға мүмкіндік берді. Алғашқы электронды атластар мен атласты ақпараттық веб-жүйелер пайда болуы олар карта композицияларының параметрлерін басқаруға, кеңістіктік корреляцияларды құруға, географиялық деректерге сұраныстарға, сонымен қатар білім беру мазмұнында қолдануға және т. б. мақсатта сұранысқа ие болды. Шамамен 2005 жылдан бастап картографиялық веб-жүйелердің қазіргі кезеңі басталады. Осы уақытта Google Maps және Google Earth, Microsoft, Yahoo, Yandex, OpenStreetMap және т.б. картографиялық қызметтер пайда болады. Жоғары ажыратымдылықтағы ғарыштық суреттер, навигациялық қызметтер, жолдағы кептелістер туралы мәліметтер және т. б. көпшілікке қолжетімді бола бастады. Картографиялық веб-жүйелер мен қызметтердің жаңа буыны технологияларымен үйлесуі, ноутбуктар мен ультрабуктардың, смартфондары мен планшеттерінің мобильді құрылғыларының жаңа класының пайда болуы осы саладағы эзірлемелердің, тұтынушылардың оларға деген қызығушылығының айтарлықтай өсуіне әкелді, және білім беру бағдарламасына еніп, білім алушы бойындағы ақпараттық құзіреттілікті қалыптастыруға үлкен мүмкіндік берді [2]. Мектептегі географиялық білім берудегі геопорталдарды пайдалану 2005-2012 жылдар аралығында Шығыс Еуропада, Азияда, Африкада және Латын Америкасында мектеп оқулығындағы ГАЖ білімінің таралуымен байланысты [3]. Түркия мемлекеті Үндістан және Қытай Азия елдері арасында ГАЖ білімінде жетекші орын алады. Түркияда ГАЖ білімі АҚШ, Канада, Ұлыбритания және т. б. қарағанда әлдеқайда кеш пайда болғанымен, бүгін геоақпараттық технологиялар білім берудің барлық деңгейлерінде белсенді түрде енгізілуде. Сонымен қатар, Тайваньда ГАЖ білім беру бағдарламасы 2006-2009 жылдар аралығында 12 жылдық білім беруге көшкеннен кейін басым бағыттардың бірі ретінде атап өтілді [4].

Елімізде мектеп бағдарламасында географиялық ақпараттық жүйені пайдалану жаңартылған оқу бағдарламасының 2019 жылдан бастап жүйелі түрде оқытыла бастады. Оқу процесінде ГАЖ технологиялары ұсынатын барлық мүмкіндіктерге қарамастан, зерттеу

барысында анықталған бірқатар проблемалар бар. Біріншіден, мұғалімдердің дайындық деңгейі төмен. Екіншіден, география сабақтарында ГАЖ қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар жеткіліксіз әзірленген. Үшіншіден, білім алушылардың ақпараттық жүйелердің осы түрін пайдалану мүмкіндіктері туралы хабардар болмауының салдары ретінде. Соңғысы, мектептерді техникалық жабдықтаудың жеткіліксіздігі. Алайда, бүгінде республикамыздағы әр өңірдегі мектептер компьютерлік жасақтамалармен толықтай қамтамасыз етілуде, бұл ашық, қолжетімді геопорталдармен жұмыс жасап үйренуге деген мүмкіндік. Бірақ геоақпараттық технологиялар-бұл АКТ құзыреттілігі жоғары мұғалімдер үшін әлі де жаңа технология. Нәтижесінде ол мектептерде толық емес көлемде жүзеге асырылады [5]. Мектеп оқушыларының геоақпараттық технологиялармен жұмыс жасау дағдыларын дамытуда ең алдымен мамандандырылған оқытушы сарапшылар мен оқу әдістемелік құралдары маңызды рөл атқарады. Мектептерде ГАЖ дағдылары мен тәжірибесін дамыту үшін стратегиялардың кең ауқымы қолданылды. Оларға мұғалімдерге арналған қайта даярлау немесе біліктілігін арттыру немесе университет пен мектеп арасындағы ынтымақтастық кіреді. Елімізде жас географ ғалымдар: Лайсханов Ш., Алиаскаров Д., Усенов Н. облыстар мен ауылдық мектептерде «Жаңартылған мазмұндағы мектеп географиясын оқытудағы геоақпараттық технологиялардың қолданбалы негіздері» тақырыбында шеберлік сыныптар өткізуде. Шеберлік сыныптар барысында жас ғалымдар географиялық білім беруде қолдануға болатын геоақпараттық технологиялар мен ресурстарды, картографиялық сервистер мен геопорталдарды және жерді қашықтан зерделеу материалдарын қолданудың әдіс-тәсілдерін көрсетіп, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарына арнап әзірлеген «Географиялық білім берудегі геоақпараттық технологиялар мен ресурстар» атты авторлық оқу құралын таныстыруда [6].

Нәтижелер және талқылау. Мектеп оқушылары география сабақтарында шешілетін әртүрлі дәстүрлі және жаңа географиялық мәселелерді шешуде ГАЖ технологияларын қолдану арқылы оқу процесінің тиімділігін арттырады. Географиялық ақпаратпен жұмыс істеу құралдары бар геопорталдарды пайдалана білу білім алушылардың сандық, векторлық және растрлық карталарды құру және өңдеу, әртүрлі ақпарат көздеріне қол жеткізуді, оларды индекстеуді және өзінің метадеректер қорын жинақтауды қамтамасыз етуді, өлшеулерді орындауға және қашықтық пен аудандарды есептеуге, 3D модельдер құру, қашықтықтан зондтау деректерін өңдеу білімі, сонымен қатар мәліметтер қорымен жұмыс істеу құралдары және әртүрлі картограммалар мен карта диаграммаларын құру арқылы статистикалық мәліметтерді кеңістіктік талдау дағдыларын қалыптастырады. Әр түрлі мазмұндағы карталарды бір аумаққа салыстыру және біріктірілген талдау, мысалы, климат пен рельеф, климат пен өсімдік жамылғысы және т.б. арасындағы қатынастарды анықтау мақсатында дәстүрлі карталарды пайдалану кезінде мұндай тапсырмаларды орындау қиын, өйткені олар кейде әртүрлі масштабтағы бірнеше карталарды қабаттастыру операцияларына негізделген. ГАЖ технологиясы бұл мәселені тез шешеді және оқушыға интеллектуалды еңбек дағдыларын дамытатын осындай жан-жақты талдау жасауға көмектеседі [7]. Еліміздегі қазіргі білім беру бағдарламасындағы география оқуығының мазмұны бойынша пайдалануға қолайлы, ашық деректер қорына негізделген, көп функционалды, қолжетімді порталдар тізімі зерттеу деңгейлірі бойынша 1-кестеде көрсетілді.

Кесте 1

Зерттеу бөлімдері	Зерттеу деңгейлері	Геопорталдар тізімі
Географиялық зерттеу әдістері	Ғаламдық мониторинг	Жерді қашықтықтан зондтау деректерін іздеу және тапсырыс беру: https://data.nasa.gov , https://discover.digitalglobe.com , https://kosmosnimki.ru , https://bestmaps.ru/
	Аймақтық мониторинг	Климаттық көрсеткіштердің өзгеру динамикасын бақылау:

		https://climateknowledgeportal.worldbank.org/country/kazakhstan Жалпы мониторинг: https://courtmonitoring.org/ru/monitoring-v-mire/
	Жергілікті мониторинг	Атмосфералық көрсеткіштерін уақыт аралығында өзгеруі: https://www.airkaz.org/ , https://www.kazhydromet.kz/ru , https://www.gharysh.kz/
Табиғатты пайдалану және геоэкология	Әлем елдері бойынша	Табиғи қорғалатын аумақтар: https://www.protectedplanet.net/ Ауаның ластануы: https://aqicn.org/here/ , https://www.pollution.org , https://aqicn.org/forecast/ Ластану деңгейлері: https://www.waqi.info Жел бағыттары: https://www.windy.com/ru Орманды бақылау: https://www.globalforestwatch.org/map , https://www.earthenginepartners.appspot.com/science-2013-global-forest Экологиялық деректер: https://data.humdata.org/ ,
	Қазақстан Республикасы бойынша	Жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі: https://www.kazhydromet.kz/ , http://www.aisgzk.kz/aisgzk/ru/content/maps Ауаның сапасы: http://ecodata.kz:3838/app_dem_visual Экологиялық мониторинг: https://ecokarta.kz Күн ресурстарының атласы http://atlassolar.kz/ Метеорологиялық болжамдар: https://www.kazhydromet.kz/
Физикалық география	Әлем және Қазақстан Республикасы бойынша	3 өлшемді жер бедері: https://earth3dmap.com/ , https://maps-for-free.com/ , https://www.maptiler.com/maps/3d/ . Физикалық-географиялық карта: https://earthdata.nasa.gov , https://www.arcgis.com/apps/mapviewer/index.html?layers=c4ec722a1cd34cf0a23904aadf8923a0 , https://www.nationsonline.org/oneworld/map/physical_world_map.htm , https://earth.google.com/web/ . Геологиялық деректер: https://www.usgs.gov/ , https://media.hhmi.org/biointeractive/earthviewer_web/earthviewer.html Топографиялық мәлімет: https://maps.vlasenko.net , https://ngmdb.usgs.gov/topoview/viewer/#4/40.00/-100.00 . Минералдық ресурстар: https://mrdata.usgs.gov/general/map-global.html , https://www.europe-geology.eu/scientific-themes/mineral-resources/mineral-resources-map/ . Гидрографиялық деректер: http://www.fao.org/aquastat/en , https://equatorstudios.com/watershe-map-generator/ .

		<p>Климаттық деректер: https://earth.nullschool.net/ , https://map.worldweatheronline.com/,https://www.ventusky.com/.</p> <p>Табиғат зоналар: https://media.hhmi.org/biointeractive/biomeviewer_web/index.html</p>
Экономикалық-әлеуметтік саяси география	Әлем елдері бойынша	<p>Әкімшілік бөлініс: http://www.worldmap.org/, https://discover.maxar.com/, http://www.etomesto.ru/ , https://www.google.com/maps/@48.184071,66.902258,5z?entry=ttu,https://google-earth-pro.softonic.ru/.</p> <p>Экономикалық статистика:https://ru.knoema.com/atlas , http://www.200stran.ru/maps_group3_item18.html.</p> <p>Демографиялық статистика: https://www.ined.fr/en/everything_about_population/graphs-maps/world-maps-interactive/, https://luminocity3d.org/WorldPopDen/#3/42.10/43.42, https://worldpopulationhistory.org/map/1/mercator/1/0/25/# .</p> <p>Транспорттық деректер: https://www.flightradar24.com, https://www.marinetraffic.com</p>
	Қазақстан Республикасы бойынша	<p>Әкімшілік бөліністер: https://ggk.kz/, http://www.aisgzk.kz/aisgzk/ru/content/maps , https://geoportal.nkgf.kz/, https://map.e-batys.kz/.</p> <p>Демографиялық мәліметтер: https://findhow.org/2649-onlayn-schetchik-chislennosti-naseleniya-kazahstana.html, https://countrymeters.info/ru/Kazakhstan,</p> <p>Статистикалық мәліметтер: https://stat.gov.kz/, https://jerkarta.gharysh.kz/ru/statistics, https://www.instagram.com/kartahana?igsh=cWM3aDBiOG9waGtx</p> <p>Туристік мәліметтер: https://www.tourister.ru/world/asia/kazakhstan/map , https://www.tourisonline.kz/maps, https://tourismkaz.kz/ .</p> <p>Транспорттық деректер: https://kazlogistics.kz/ru/map, https://ru.qaj.kz/maps/ .</p>
Адамзаттың ғаламдық мәселелері	Бейбітшілікті сақтау мәселелері	<p>Бейбітшілікті сақтау: https://peacekeeping.un.org/ru/where-we-operate,</p> <p>Әлемдік кейкелжіңдер картасы: https://www.google.com/maps/d/viewer?mid=1yIB4FMbXfmNACVBWqt5QG_MNyKk&hl=ru&ll=23.885837629948476%2C64.87277068438162&z=2, https://www.cfr.org/.</p>
	Экологиялық мәселелер	<p>Жер сілкінісі: https://earthquaketrack.ru/, https://quakes.globalincidentmap.com/.</p> <p>Климат өзгеруі және мұздықтардың еруі: https://www.climate.gov/maps-data/all, https://nsidc.org/ice-sheets-today, https://www.windy.com/ru.</p> <p>Су тасқыны: https://flood.firetree.net/, https://www.floodmap.net/.</p>

		Қозғалмалы аймақтар: https://www.protectedplanet.net/ , https://mpatlas.org/ . Ғарыш әлемі бойынша: https://spacegid.com/inter/ , https://www.geocam.ru/in/space/ .
	Демография лық мәселелер	Халық тығыздығы: https://luminocity3d.org/WorldPopDen/#3/42.10/43.42 , https://worldpopulationhistory.org/map/1/mercator/1/0/25/# . Әлемдік ашаршылық аймақтар: https://hungermap.wfp.org/ , https://www.fao.org/interactive/hunger-map-2023-embed-dark/en/ . COVID-19 таралған аймақтар: https://coronavirus-monitor.info/ , https://www.currenttime.tv/a/covid-19-interactive-map/30484955.html?map=confirmed .

С.В.Тришинаның зерттеулері бойынша ақпараттық құзіреттіліктің құндылық-мотивациялық компоненті – компьютерлік технологиялар арқылы білім алуға қызығушылығын арттыру. Геопорталдарды қолдана алу құзіреттілігі білім алушының когнитивті, әлеуметтік білігінің мүмкіндік әлеуеті, сәйкесінше бірқатар талаптардың, тапсырмалардың, мәселелердің және мақсатын түсіну мен шешімін анықтауда пәнді меңгеру негізі [8].

Қорытынды. Бұл зерттеудің мақсаты - білім беру процесінде геоақпараттық технологияларды, оның ішінде геопорталдарды қолдану арқылы білім алушылардың ақпараттық құзіреттіліктерін қалыптастыру болды. Геопорталдарды қолданудың шетелдік және отандық тәжірибесін талдай отырып, геоақпараттық технологиялар арқылы оқытудың заманауи құралдарының бірі болып табылады және бірқатар функцияларды (тәрбиелеу, дамыту, визуалды, ұйымдастырушылық, ақпараттық және үгіт-насихат) орындайтыны анықталды. Білім беру үдерісінде ГАЖ-технологияларды пайдалану білім алушының оқу объектісіне деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді, дербес шығармашылық қызметке ынталандырады, шешілетін міндеттер деңгейін үнемі күрделендіруге, география сабақтарында геоақпараттық жүйелерді пайдалану қажетті білімді, іскерлікті және практикалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыруға, ГАЖ пайдалану пәнаралық байланыстарды қолдана отырып, әртүрлі мектеп пәндерін оқу кезінде мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Білім беру процесінде геоақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндігі мұғалімге оқушылардың "ақпараттық құзіреттілігін" арттыра отырып, мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндігі қарастырылды. Әдістемелік нұсқаулық ретінде еліміздегі мектептік білім беру жүйесіндегі география оқулығы мазмұны бойынша бөлімдерге қолжетімді, тегін геопорталдар тізімі көрсетілді. География пәнінен заманауи геоақпараттық технологияларды қолданудың перспективасына талдау жасалынды. Осылайша, бүгінгі таңда елімізде білім беруді одан әрі дамытудың басым бағыты білім беру процесінің барлық деңгейлерінде геоақпараттық технологиялар саласында білім алу болып табылады деген қорытынды жасауға болады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Воройский Ф.С. Информатика. Энциклопедический систематизированный словарь-справочник (Введение в современные информационные и телекоммуникационные технологии в терминах и фактах). М., 2007: <http://slovari.yandex.ru/dict/informatica>.

2. Якубайлик О.Э., Института вычислительного моделирования СО РАН <https://gis.krasn.ru/blog/review>
Геопортал ИВМ СО РАН, Красноярск

3. Даценко Л.В., Остроух В.В. 2011 Программа курса по выбору «Основы геоинформационных систем и технологий» География та основа экономика в школе 2.- 14-9 с.

4. I Kholoshyn, T Nazarenko, O Bondarenko. The application of geographic information systems in schools around the world: a retrospective analysis. /Journal of Physics Conference Series/ 15-17 October 2020, Kryvyi Rih, Ukraine. <https://iopscience.iop.org/article/10.1088/1742-6596/1840/1/012017>

5. Хасаншина Н. З. Геоинформационные технологии как средство интеграции знаний по информатике и географии / Н. З. Хасаншина // Информационные технологии обучения–2002 /Секция II / Подсекция 3 (информационные технологии обучения)

6. Лайсханов Ш.У., Каймулдинова К.Д., Алиасқаров Д.Т., Усенов Н.Е., Исаков Е.Д. Географиялық білім берудегі геоақпараттық технологиялар мен ресурстар: электрондық оқу құралы / <https://giseducation.kz/>

7. В. Г. Капустин ГИС-технологии как инновационное средство развития географического образования в России. Проблемы методики высшего педагогического образования.–2009.– С.73

8. Аманжолов А.И. Қарағанды университетінің хабаршысы. Биология.Медицина.География сериясы 2017.-№2.- 132-137 б.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Нургазина А. С., 8D01505–География мамандығының докторанты, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан.

Андатпа. Мақалада білім беруде ақпараттық технологияның бір түрі ЖИ қолдану туралы ақпарат жүйеленген білім беру: білім берудегі жасанды интеллект функциялары тізілген, қолдану жолдары мен мақсаты қамтылған, жүзеге асырудың ең перспективалы бағыттары көрсетілген; артықшылықтар мен ықтимал тәуекелдер қарастырылған.

Аннотация. В статье систематизирована информация об использовании ИИ, одного из видов информационных технологий в образовании: перечислены функции искусственного интеллекта в образовании, освещены пути и цели применения, указаны наиболее перспективные направления реализации; рассмотрены преимущества и возможные риски.

Annotation. The article systematizes information about the use of AI, one of the types of information technologies in education: the functions of artificial intelligence in education are listed, the ways and purposes of application are highlighted, the most promising areas of implementation are indicated; advantages and possible risks are considered.

Білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану тақырыбы бүгінгі таңда өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Сонымен қатар бұл тақырып түрлі диссертациялық зерттеулердің, ғылыми мақалалар мен конференцияларда кеңінен талқыланатын, танымал саласы. Әрине бұл кездейсоқ емес. Атап өтілгендей, білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану, оқу үдерісін ұйымдастыру жолдарын өзгертуге, ақпаратты тез қабылдауға, білім алушыны ақпараттық-білім беру ортасына толығымен баулуға, білім сапасын айтарлықтай арттыруға, түрлі процестерді ынталандыруға мүмкіндік береді [1]. Қазіргі таңда, ақпараттық технологиялардың күннен-күнге қарқынды дамып, жетіліп келе жатқан түрі-жасанды интеллект технологиясы. Соңғы уақытта ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптардың артуынан туындаған жасанды интеллектке қызығушылықтың күрт өсуі айтарлықтай байқалады.

Жасанды интеллект (ЖИ) дегеніміз-компьютерлік құралдар арқылы жеке ақыл-ой іс-әрекеттерін орындау. ЖИ-қазір бұрын тек адамдар ғана шеше алатын шығармашылық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жасанды интеллект (AI) технологиялары болашақ білім беруді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Жасанды интеллекттің адам қызметінің білім саласына енуіне байланысты оны мұқият зерделей отырып, ЖИ-тің даму мүмкіндіктері мен перспективалық бағыттарын, оны қолдану шекаралары мен одан келетін ықтимал қауіптерді қарастыруды талап етеді.

Жасанды интеллект тарихы жеке ғылыми бағыт ретінде ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болды (бұл көбінесе, кибернетиканың дамуына тәуелді болатын). «Жасанды интеллект» (AI) терминін 1956 жылы американдық ғалым Джон Мак Карти енгізді. ЖИ жарты ғасырдан астам тарихы болса да, дәл қазір адамзатта оған деген қызығушылықтың күннен-күнге артып келе жатқанын байқаймызға болады. Бұл өз кезегінде қажетті техникалық құралдардың шарықтап дамуы мен, интернеттің таралуы мен, сонымен қатар осы бағыттағы түрлі озық жұмыстармен түсіндіріледі [2; 5].

Мақаланың мақсаты-білім беруде жасанды интеллектті пайдалану туралы ақпаратты жүйелеу (білім берудегі жасанды интеллекттің мақсаты мен функцияларын сипаттау, енгізудің перспективалық бағыттарын, алынған пайдаларды және ықтимал тәуекелдерді енгізу).

Білім беруде жасанды интеллект технологияларын қолданудың қазіргі кезеңінде зерттеушілердің алдында тұрған ең маңызды мәселе-мұғалім іс-әрекетінде нені автоматтандыруға және жасанды интеллектке көшіруге болатынын және не үшін адам күш-жігерін қажет ететінін анықтау.

Білім берудегі жасанды интеллекттің негізгі мақсаты-компьютерлік бағдарламаларды қолдану арқылы алынған нәтижелерді талдау үшін білімді формалды түрде ұсыну және жүргізілген зерттеулер негізінде сәйкес оқыту үлгісін алу [3].

Қазіргі уақытта білім берудегі жасанды интеллект технологиялары келесі *функцияларды* орындайды [12]:

– виртуалды шындық технологияларын білім беруде пайдалана отырып, оқу материалына ену;

– білім беруде оқыту жүйелерін интеллектуалдандыра білу;

– білім беруде топтық жұмыстарды ұйымдастыра алу;

– оқу процесі кезінде бейімдеу;

– білім беруде орындалған тапсырмаларды тексере алу;

– білім беруде жеке білім беру траекториясын құру және оларға қолдау көрсету алу;

– білім алушылардың жетістіктерін болжай алу;

– білім беру процесінде емтихандарды өткізу;

– білім беру процесінде кері байланысты ұйымдастыру.

Зерттеушілер атап өткендей, жасанды интеллектті оқыту процесіне енгізу мұғалім үшін де, оқушы үшін де тиімді әрі ыңғайлы, тиімді оқу процесін ұйымдастыруға және қажетті коммуникацияларды құруға көмектеседі, оқытудың ең оңтайлы стратегиясын таңдауға мүмкіндік туады. [2; 7]

Жасанды интеллект технологияларын білім беруде қолданудың *перспективалы* бағыттарына бірінші кезекте жатады [2; 3; 4; 9; 16]:

– оқушылардың білім деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін автоматты бағалау жүйесі;

оқудың жеке жоспарларын құру, оқу нәтижелері туралы ақпаратты талдау, ұсыныстар жасау;

– білім беру мазмұнын таңдауды білдіретін дербестендірілген және бейімделген оқыту, оқу қарқыны және білім беру тәсілі оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес, танымдық және оқудағы ілгерілеуді бақылау және қол жеткізілген нәтижелерге байланысты оның траекториясын өзгерту;

– студентке өтілген материалды тиімді бекітуге мүмкіндік беретін аралық интервалды оқыту.

Технология оқу материалын ұмыту ықтималдығы қашан пайда болатынын анықтауға мүмкіндік береді және оны қайталауды ұсынады; [12]

-*смарт кампус* (чат кампусы, смарт кампус) – жылдам және кез келген уақытта мүмкіндік беретін жоба оқуға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруге 24 сағат (сабақ кестесі, аудитория нөмірі, оқытушымен байланыс және т.б.);

-*білім беру бағдарламасы менеджерлерінің жұмысын автоматтандыруға мүмкіндік беретін чат-боттар* (пошта жіберу, қызықты тақырыптар бойынша жаңа ақпарат, еске салғыштарды жіберу және т.б.). Чатботты кез келген веб- сайтқа, мессенджерге немесе қолданбаға орнатуға болады;

-*прокторинг*-қашықтан жүргізілетін тестілеу кезінде студенттің нұсқауларын бақылау механизмі, биометриялық жеке басын растауды жүзеге асыруға, мінез-құлықты талдауға және тестілеу кезіндегі бұзушылықтарды есепке алуды жүргізуге қабілетті.

-*виртуалды және кеңейтілген шындықты пайдалану*- ұғымдар мен тақырыптар туралы шынайы түсінік алуға мүмкіндік береді.

-бұлтты технологиялар-жоғары білім беруде әлеуметтік желілер мен бұлтты технологияларды қолдану. Facebook және Twitter сияқты әлеуметтік желілерді студенттер мен оқытушылар арасында ақпарат алмасу және байланыс орнату үшін пайдалануға болады. Google Docs және Dropbox сияқты бұлтты технологияларды бірлесіп жұмыс істеу және құжаттарды бөлісу үшін пайдалануға болады.

Жоғарыда аталған жасанды интеллект технологиялары қазірдің өзінде тәжірибеде қолданылуда. Мысалы, Knewton бағдарламасы әрбір студенттің оқу ерекшеліктерін ескереді және оған жеке оқыту жоспарын жасайды, Coursera, EdX және Udacity онлайн платформаларында жасанды интеллект тесттер мен эсселерді бағалайды (<https://www.udemy.com/>)[4], чат-боттар ауқымды ашық онлайн курстар, ресейлік нарықта танымал Proctoredu платформасы проекторлық функцияларды автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект технологиялары өзінің барлық тартымдылығына қарамастан әлеуетті тәуекелдерді қамтиды, мысалы, пайдаланудың жоғары құны және мұғалімдермен бәсекелестік тудыру. Жасанды интеллект жүйелері тек білім беру мақсаттарына жету үшін пайдаланылуы керек және кемсітушілік, тыңшылық және басқа да заңсыз мақсаттарда қолданылмауы керек. Білім беру саласындағы ілгерілеуді ақпаратты пайдаланусыз елестету мүмкін емес жасанды интеллектке негізделген технологиялар және оның білім берудегі рөлі үнемі күннен-күнге артып келеді. Жасанды интеллект технологияларын пайдалану жаңа мүмкіндіктер бере отырып, білім беру саласында елеулі өзгерістерге әкелуі мүмкін және оны қолдануды тоқтату немесе шектеу мүмкін емес. [11; 16].

Дегенмен, болашақта жасанды интеллект білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігіне айналады, ал білім берудегі оқу процесінің барлық кезеңдерін жасанды интеллекттің қатысуынсыз елестету мүмкін емес деп күту керек.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Аксюхин А.А. Информационные технологии в образовании и науке / А.А. Аксюхин, А.А. Вицен, Ж.В. Мекшенева // Современные наукоемкие технологии. – 2009. – № 11. – С. 50-52
2. Асамбаева Ж. Жасанды интеллект негіздері: Оқулық. Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір» 2011 ж. – 136 б.
3. Амиров Р.А. Перспективы внедрения технологий искусственного интеллекта в сфере высшего образования / Р.А. Амиров, У.М. Билалова. // Управленческое консультирование. – 2020. – № 3 (135). – С. 80-88.
4. Батаев А.В. Технологии искусственного интеллекта в высших учебных заведениях: модель адаптивного обучения / А.В. Батаев, К.И. Батаева // Планирование и обеспечение подготовки кадров для промышленно-экономического комплекса региона. – 2019. – Т. 1. – С. 30-34.
5. Белоконь М.В. Перспективные направления внедрения искусственного интеллекта в образовании / М.В. Белоконь // Информационные технологии в образовании. Материалы X Всероссийской научно-практической конференции. – 2018. – С. 37-41.
6. Борисова Е.В. Современный тренд образовательной среды - искусственный интеллект и цифровая педагогика / Е.В. Борисова. // Традиции и новации в профессиональной подготовке и деятельности педагога. Сборник научных трудов Всероссийской научно-практической конференции. – 2018. – С. 84-87.
7. Горин А.К. Искусственный интеллект в сфере образования / А.К. Горин // Конвергентные технологии XXI: вариативность, комбинаторика, коммуникация. Материалы IV Международной междисциплинарной научной конференции. Крымский федеральный университет им. В.И. Вернадского, Институт иностранной филологии. – 2020. – С. 149-152.
8. Измайлова М.А. Возможности и угрозы искусственного интеллекта в образовании / М.А. Измайлова // Психология обучения. – 2020. – № 3. – С. 84-94.
9. Карпухин С.В. Актуальные проблемы использования искусственного интеллекта в образовании / С.В. Карпухин // Вестник Национальной академии туризма. – 2019. – № 2 (50). – С. 40-41.
10. Карпухин С.В. Использование искусственного интеллекта в образовании: перспективы и проблемы / С.В. Карпухин, В.В. Лобажевич // Философия и культура информационного общества. Тезисы докладов Седьмой международной научно-практической конференции. – 2019. – С. 206-209.
11. Маркарян А.О. Интеллектуальные системы в сфере образования: история и перспективы / А.О. Маркарян, И.Ф. Хараберюш. // Studia Humanitatis. – 2018. – № 4. – С. 9-21.
12. Михайлова И.С. Перспективы использования искусственного интеллекта в сфере образования / И.С. Михайлова, В.В. Шевцов // Современные научные исследования и разработки. 2018. – № 6 (23). – С. 475-476.
12. Никонова Е.З. Элементы искусственного интеллекта в образовании / Е.З. Никонова, Е.А. Криволапова // International Journal of Advanced Studies. – 2018. – Т. 8. № 2-2. – С. 13-18.

14. Павлюк Е.С. Анализ зарубежного опыта влияния искусственного интеллекта на образовательный процесс в высшем учебном заведении / Е.С. Павлюк. // Современное педагогическое образование. – 2020. – № 1. – С. 65-72.

15. Пичужкина Д.Ю. Искусственный интеллект: возможности в системе образования / Д.Ю. Пичужкина, Е.С. Смекалова, И.И. Сулима // Наука и образование: новое время. – 2019. – № 1 (30). – С. 619-623.

16. Пройдаков Э.М. Современное состояние искусственного интеллекта / Э.М. Пройдаков // Научно-педагогические исследования. – 2018. – № 2018. – С. 129-153.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕ КЕЙС ТЕХНОЛОГИЯ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қапар О.С., Магистрант, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан

Андатпа: Бұл мақалада орта білім беруде география пәнін оқытудың заманауи мәселелері мен оқытудың жаңа әдістері қарастырылады. Жаңа педагогикалық құралдардың бірі кейс технология әдісінің мазмұны мен ерекшеліктерін түсіндіре отыра, географияны оқытуда оқушылардың жан жақты қабілеттері мен дағдыларын ашу, өз пікірлерін білдіру мен дәлелдеуде рөлін анық көрсетеді.

Аннотация: В данной статье рассматриваются современные вопросы преподавания географии в средней школе и новые методы обучения. Один из новых педагогических инструментов, разъясняя содержание и особенности метода кейс-технологии, наглядно показывает роль учащихся при обучении географии в развитии комплексных умений и навыков, в выражении и обосновании своего мнения.

Abstract: This article discusses modern issues of teaching geography in secondary school and new teaching methods. One of the new pedagogical tools, explaining the content and features of the case technology method, clearly shows the role of students when teaching geography in the development of complex skills, in expressing and justifying their opinions.

Кейс технология әдісі – қазіргі таңдағы заман талабына сай оқытудың жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерінің жиі қолданыстағы түрі. Бұл технология негізінде сабақ түсіндіруде бір кейсті талдау, нақты ситуацияны сипаттап жеткізу басты назарға алынады. Қандай да бір практикалық жағдайды зерттей отырып, мұғалім оқушылармен бірге мәселені анықтайды. Табылған мәселені басшылыққа ала отырып, кейс әдіс-тәсілдері негізінде оның шешімін табуға ізденеді. Бұл кейс технологиясының негізгі ерекшеліктері негізінде мұғалім оқушылардың қызығушылығын оята отырып, ұжымдасып жұмыс істеуге және ақпаратпен жұмыс істеуге үйретеді. Олардың бойындағы іскерлік, шешім шығара алу қабілеттерінің ашылуына ықпал етеді. Педагогикалық технология дегеннің өзі – "түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым емес, қайта бала мен мұғалімнің үнемі түрленіп отыратын өзара қарым-қатынасының өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылым. Педагогикалық технологияның мәні – шығармашылық қабілеттің дамуы үшін қажетті жағдай туғызу" [1; 11]. Осы Б. Т. Лихачев пікіріне сай кейс технология әдісі де оқушының шығармашылықпен айналысу дағдыларын қалыптастырып, қабілетін дамытуына арнайы қолданылады. Сонымен кейс технология дегеніміз – ойдан шын және шығарылған жағдайларға негізделген қысқа мерзімді оқытуға арналған интерактивті технология.

Жалпы бұл кейс технология әдісін қандай пәндерде қолдануға болады? Бұл сұраққа осы әдіс идеясының негізінде жауап берілсе, "бұл әдіс қойылған сұрақтардың бірнеше жауабы бар болуы мүмкін болатын пәндерден білім алуға арналған". Сондықтан бұл жаңа технологияны оқытушылар кез келген пәнді оқытуда қолдана алмайды. Оған себеп, нақтылықты талап ететін, белгілі бір теорияға ғана негізделген пәндерде бірнеше жауап табу – қиындау мәселе. Алғашқы уақытта бизнес мектебінде ғана қолданылған кейс технология әдісінің қазір де қолданылу аясы тарылмай, мәдениеттану, құқық т.б. салаларында кеңінен қолданылуда. Ал енді бүгінгі мақаламыздың тақырыбына сай география пәніндегі осы әдістің қолданылуына назар аударып өтелік. Кейс технологияны педагогикалық оқытуда қарастыру үшін алдымен оның тәсілдеріне, материалдары және де әдістің 5 кезеңнен тұратын ерекшеліктеріне назар аударған жөн. Осы кезеңдерін қарастыра отырып, география пәніндегі бір тақырыпқа үлгі сабақ мысал келтірсек.

1-кезеңде оқытушы оқушыларға сабақтың мақсатына сай тақырыпты береді. Тақырып ретінде озон қабатын ала отырып, оның жағдаят негізінде анықтамасымен, қосымша ақпараттармен таныстырылады. Сабақты слайд түрінде көрсету де ұтымды көрнекілік болады.

2-кезеңде мәселеге ғаламдық жылыну, Антарктида және Солтүстік мұзды мұхиттың мұздарының еруі қарастырылады. Ал әсер етуші факторға ғарышкерлердің ғарышқа ұшуынан озон қабатының тесілуі, Күннен келетін сәуленің көп көлемде жер бетіне түсуі екені айқындалады. Осы мәселені жан-жақты түсіндіріп береді.

3-кезеңде топқа бөлінген оқушылар жұмыс дәптерін пайдалана отырып, сонда жеке пікірлерін қорытып жазып алады. Өзара топта ұстанымдарын бөліседі, бірге талқылайды. Өз тараптарынан ой-тұжырымдарын ұсыну арқылы басқа топтармен пікірталас ұйымдастырылады. Бір топ ғарышты, ғаламшарларды зерттеудің маңыздылығын сөз етсе, екінші топ ғаламдық жылыну мәселесінің әлемдегі табиғи апаттарға апарып соғар зиянын талдап береді.

4-кезеңде шешім шығарардан бұрын жоғарыда айтылған түрлі, кейде қарама-қайшылықты ойларға талдау жасау. Топ ішінде бірігіп, ортақ шешім шығаруға тырысады. Өртүрлі көзқарас негізінен олар бір-бірімен пікір алмасып, мәселеген екінші жақ тараппен қарауға үйренеді.

5-кезеңде өз шешімдерін басқа топтармен бөлісе отырып, оны дәлелдеп шығуы және басқа топтың шешіміне дұрыс көзқарас қалыптастырады. Сонымен, кейс әдісіне сай негізгі белгіге сәйкес шешімнің біреу емес, бірнешеу екені анықталады. Стандартты ойлаудағыдай пікірталас барысында туындаған барлық көзқарас бір шешімге жинақталмай, түрлі шешімдер пайда болады [2].

Осы мысалға келтірілген сабақ үлгісінде кейс технологияның мынадай әдістері қолданылды: іс-хабарды талдау әдісі, дискуссия әдісі және жағдайды талдау әдісі. Бұл әдістерден бөлек рольдік ойындар әдісін, инцидент әдісін және ойындық жоба әдісін де басқа тақырыптарды түсіндіруде ұтымды пайдалануға болады. Оқушылар сабақ барысында өз пікірлерін дәлелдеу үшін түрлі сызбаларды, картаны және де нақты фактілерді қолданады. Кейс ретінде берілген ақпарат бойынша қосымша материалдар да қарастыра отырып, сараптама жасайды, ғалымдардың тұжырымдарын да негізге алып ұсына алады. Мұның барлығын анықтауда кейс технология әдісімен оқытуға арналған өзіндік материалдарға сүйенеді. Оған:

- әдістемелік нұсқаулар;
- анықтама;
- жұмыс дәптері;
- бақылау материалдары;
- оқу, бейне, аудио материалдар жатады [3].

География сабағында кейс технологиясы әдісін қолдану оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді, өйткені олар өмірде аналитикалық және проблемалық қабілеттерін қажет ететін жағдайларға тап болады. Бұл олардың сыни ойлауын, шешім қабылдау қабілетін және күрделі географиялық мәселелерді талдауды дамытуға көмектеседі.

География сабағында кейс технологиясы әдісін қолдану да теория мен практиканың байланысын қамтамасыз етеді. Оқушыларға нақты мәселелерді шешу үшін нақты өмірлік жағдайларды зерттеп, алған білімдері мен дағдыларын қолдана алады. Бұл оларға оқу материалын жақсы түсінуге және оны іс жүзінде меңгеруге көмектеседі.

География сабақтарында кейс технологияларын қолдана отырып, әртүрлі географиялық есептер мен құбылыстарды қарастыруға болады. Мысалы, оқушылар климаттың өзгеруінің нақты аймақтарға әсерін, табиғи ресурстарды пайдалануға байланысты мәселелерді, топырақтың деградациясы және биоәртүрліліктің жоғалуы сияқты жаһандық мәселелерді зерттей алады және экономика мен географияның байланысын зерттей алады.

География сабақтарында кейс технологиясы әдісін қолданудың бір мысалы ретінде географиялық ақпараттық жүйелерді (ГАЗ) қолдану арқылы жағдайды зерттеуге болады. Оқушылар қала құрылысы мәселелерін қарастыру, аймақтық дамудың оңтайлы жолдарын

анықтау немесе ландшафттардың өзгеруіне әртүрлі факторлардың әсерін қарастыру үшін деректер мен карталарды талдай алады.

Қорытындылай келгенде, география пәнінде кейс технология тәсілдерін қолданудың ерекшелігіне оқушылардың сабақ барысында берілген мәселені өз көзқарасымен жеткізуде дұрыс дәлелдер келтіруге үйренуін атауға болады. Себебі, ол өз пікірін қорғауда тақырыпқа сай анықтамаларды және нақты фактілерлі тауып үйренумен қатар, кескін-карталарын ұтымды пайдалануға тырысады. Бұл мәліметтерді іздену арқылы материалды жүйелеуге, ойын жинақтап жеткізуге және креативті идеялар айтуға ұмтылады. Оқушылардың бойында нақты ойлау және логикасы дами отырып, аналитикалық дағды қалыптасады. География пәнінде қарастырылатын тақырыптардың практикалық тапсырмалары күнделікті өмірде кездеседі. Сондықтан өзі туып-өскен өлкенің табиғатымен танысу, ауа райы өзгерісін бақылау арқылы түрлі эксперименттер жүргізуге де мүмкіндігі болады. Осының негізінде тәжірибелік және шығармашылық дағдының да дамитынына назар салу керек. Ал әлеуметтік және коммуникативті дағдылар топпен жұмыс барысында көрінсе, өзіндік талдауды жеке жұмыста меңгереді. Нәтижесінде, бұл дағдылар география пәнінің материалдары мен кейс технология әдісі негізінде қалыптасатынына да көз жеткізуге болады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану: оқу құралы. – Алматы, 2013.
3. Ә. С. Ақашева К. Ж. Дүйсебаева. Географияны оқыту әдістемесі. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы «Қазақ университеті» 2013
4. Токпанов Е.А., Сергеева А.М., Шумакова Г.Ж., Абдуллина А.Ф., Нұрғазина А.С. Географиялық білім беру жүйесіндегі жаңа инновациялық технологиялар. – Алматы: ССК, 2019. – 272 б.
- 5.Токпанов Е.А., Абулғазиев А.У., Сергеева А.М., Әбдіманапов Б.Ш. Географияны оқыту әдістемесі. Оқулық. 1-бөлім. – Алматы: Эверо, 2022. – 244 б.
- 6.Токпанов Е.А., Абулғазиев А.У., Сергеева А.М., Әбдіманапов Б.Ш. Географияны оқыту әдістемесі. Оқулық. 2-бөлім. – Алматы: Эверо, 2022. – 184 б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ОЙЫН ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ДАМУ

Жұмажанова А.Б., Боранкулова Д.М., Бейкитова А.Н.
атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Андатпа. Мақалада география сабағында оқушылардың геоэкологиялық сауаттылығын ойын әдісі арқылы дамыту қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматривается развитие геоэкологической грамотности учащихся на уроках географии с помощью игрового метода.

Abstract. The article discusses the development of geoecological literacy of students in geography lessons using the game method.

Ойын арқылы оқыту – оқытудың ең көне және тиімді әдістерінің бірі. Педагогикалық құбылыс ретінде ойын іс әрекеті ежелгі дәуірден бастау алады. Салыстыру және жарыс әдістерін қолдана отырып, тәрбие мен оқыту практикасы ежелгі Афинадан (б.з. д. VI–IV ғасырлар), балалар мен жасөспірімдер өзін-өзі растау мен тануға тәрбиелеу үшін әртүрлі спорт түрлерінде, биде, музыкада және ауызша пікірталас жарыстарынан белгілі. X ғасырда оқыту әдістері ретінде жарыстар оқушылар арасында, әсіресе риторикада танымал болды. Батыс Еуропада Қайта өрлеу және Реформация дәуірінде Томмасо Кампанелла мен Франсуа Рабле «мәжбүрлеусіз балалар ойнау арқылы барлық ғылымдармен танысатын» ойынға негізделген оқыту принциптерін насихаттады. Ян Амос Коменский (1592-1670) барлық «мектеп

шеберханаларын» ойын алаңдарына айналдыруды ұсынды. Оның пікірінше, кез-келген мектеп балалық шақтың, жасөспірімнің, жастықтың жасына сәйкес ойындар мен жарыстарда бәрі жүзеге асырылатын әмбебап ойын бола алады. Джон Локк оқытудың ойын түрлерін қолдануды мақсат етті. Жан-Жак Руссо педагогикалық іс шараларға қоғамдық пайдалы еңбек, бірлескен ойындар мен мерекелер енуі керек деп есептеді. Философия тұрғысынан адам өміріндегі ойын әрекетінің ерекшелігі бар. XX ғасырда философ И. Хейзинга адам іс-әрекетінің барлық түрлері ойыннан туындайтынын мәлімдеді: қолөнер, кәсіпкерлік, ғылым, философия, өнер, әдебиет, құқықтану [1]. Ол ойынды адамзат мәдениетінің маңызды көзі және ең жоғары көрінісі ретінде қарастырды. В.В. Давыдов білім беру «қысқаша, қысқартылған түрде білімнің қалыптасуы мен дамуының нақты тарихи процесін жаңғыртатындай етіп құрылуы керек», – деп атап өтті. Философтар Ж.Ж. Руссо, И. Кант «ойын» жеке тұлғаны тәрбиелеуде маңызды әлеуметтендіруші рөл атқарады. Ф. Шиллер адамның эстетикалық тәрбиесінде ойынның рөлі ерекше, ол театр мен ойын үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу үшін қажет деп санайды. Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн және Д.Б. Элкониң пікірінше «ойын – балалардың даралығын әлеуметтендіру және білдіру құралы» ретінде түсініледі. Және оның көмегімен барлық дерлік педагогикалық мәселелерді шешуге болатындығын көрсетті. Іскерлік ойындардың кең таралуы қазіргі білім беруде кеңінен қолданылатын «белсенді оқыту әдістерінің» қалыптасуына айтарлықтай әсер етті.

Географияны оқытудың қазіргі тәжірибесінде ойын әдістері үлкен танымалдылыққа ие болды. Әдістемелік әдебиеттерде көптеген ойын сюжеттері сипатталған [2]. Ойын әдістері нақты қойылған оқу мақсатын көздейді. Геоэкологиялық сауаттылық пен экологиялық жауапты мінез-құлықты қалыптастыру міндеттеріне қатысты мотивация мен көзқарасты қалыптастыру, нақты экологиялық мәселелерді қабылдау және шешу тәжірибесін модельдеу үшін ойындардың ерекше әлеуетін атап өткен жөн. Экологиялық ойындардың ішінде келесі түрлер жиі қолданылады: ойындар-әңгімелер, жергілікті ойындар, үстел ойындары, рөлдік ойындар, ойындар-жарыстар (жарыстар). Ойындарды қолдануда оқушылардың жасын ескеру маңызды. Жасөспірімдер үшін неғұрлым күрделі үстел ойындары, рөлдік ойындар және әсіресе квесттер қолайлы [3].

Ойын интерактивті оқыту әдісі ретінде келесі мәселелерді шешуге ықпал етеді: оқуға деген ынтаны қалыптастыру; оқушылардың дайындық деңгейін бағалау; материалды меңгеру дәрежесін бағалау және оны пассивті күйден – білімнен белсенді күйге – қабілетке аудару; оқушыларға оқу-ойын іс әрекетінің өзіндік тәжірибесін алу, оқыту ойындарын жобалау және ұйымдастыру қабілетін пысықтау; оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуін жандандыру; жеке кәсіби ойлауды, талдау және болжау қабілетін дамыту [4].

Географияны оқытуда геоэкологиялық сауаттылықтың маңыздылығы өте зор, олар: адам мен қоршаған орта арасындағы байланысты түсіну; қоршаған ортамен өзара әрекеттесу арқылы оларға тигізетін салдарлары мен жағымсыз әсерлерін азайтуды бағалай алуы; оқушыларға экологиялық мәселелерді шешуге қажетті білім мен дағдыны бере алуы; табиғи ресурстарды сақтау мен қоршаған ортаны қорғаудың болашақ ұрпақ үшін маңыздылығын түсінуі; оқушыларды экологиялық ақпаратты талдауға, дәлелдерді бағалауға және өздерінің негізделген пікірлерін қалыптастыруға ынталандыру арқылы сыни ойлауды дамыту.

Геоэкологиялық сауаттылықты қалыптастыру үшін қолдануға болатын ойын әдістерінің көптеген түрлері бар, соның ішінде: *Рөлдік ойындар*: оқушылар өнеркәсіпшілер, экологтар және жергілікті тұрғындар сияқты экологиялық мәселелерде әртүрлі мүдделі тараптардың рөлдерін алады; *Іскерлік ойындар*: оқушылар экологиялық мәселелердің шешімдерін әзірлеу және жүзеге асыру үшін топтарда жұмыс істейді; *Имитациялық ойындар*: оқушылар нақты экологиялық жүйелерге еліктеу және олардың мінез-құлқын зерттеу үшін модельдерді пайдаланады; *Үстел ойындары*: оқушылар экологиялық ұғымдарды үйретуге арналған үстел ойындарын ойнайды; *Компьютерлік ойындар*: оқушылар экологиялық мәселелерді зерттеудің интерактивті және қызықты әдісін ұсынатын компьютерлік ойындарды пайдаланады.

Оқушылардың геоэкологиялық сауаттылығын дамыту үшін қолдануға болатын көптеген ойындар бар, олар: «Климаттық өзгерістер» ойыны оқушыларға климаттық өзгерістердің

себептері мен салдарын зерттеуге мүмкіндік береді. Ойыншылар елді басқарып, парниктік газдар шығарындыларына әсер ететін шешімдер қабылдауы керек. Бұл шешімдердің климат пен қоршаған ортаға қалай әсер ететінін байқай алады. «Қоршаған ортаның ластануы» ойыны оқушыларға қоршаған ортаның ластануының әртүрлі түрлерін және олардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға әсерін зерттеуге мүмкіндік береді. Ойыншылар қаланы басқарып, ластану деңгейіне әсер ететін шешімдер қабылдауы керек. Бұл шешімдердің халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға қалай әсер ететінін байқай алады. «Экологиялық монополия»: оқушылар әртүрлі экологиялық мәселелер мен салдарлар туралы үйрететін «монополияның» өзгертілген нұсқасын ойнайды. «Экологиялық тренажер»: оқушылар қоршаған ортадағы әртүрлі өзгерістердің өсімдіктер мен жануарлар популяциясына қалай әсер ететінін зерттеу үшін компьютерлік тренажерді пайдаланады. «Табиғатты қорғау» ойыны оқушыларға табиғатты қорғаудың әртүрлі шараларын және олардың тиімділігін зерттеуге мүмкіндік береді. Ойыншылар қорықты басқарып, жануарлар мен өсімдіктердің санына әсер ететін шешімдер қабылдауы керек. Содан кейін олар бұл шешімдердің қорықтың күйіне және қоршаған ортаға қалай әсер ететінін байқай алады. «Экологиялық із» ойыны оқушыларға қоршаған ортаға әсерін бағалауға мүмкіндік береді. Ойыншылар тұтынатын ресурстардың санын және олар шығаратын қалдықтардың мөлшерін есептеуі керек. Оқушылар экологиялық іздерін басқа адамдардың экологиялық ізімен салыстырып, оны қалай азайтуға болатынын талқылай алады. География сабағында оқушыларға «экологиялық із» бойынша тапсырмаларды орындатуға болады.

Тапсырма 1. Экологиялық іздің құрамбөліктерін атап көрсету.



Тапсырма 2. Сауалнаманың сұрақтарына жауап бере отырып, өзіңнің жеке экологиялық ізінді өлше.

Сауалнама: Менің «экологиялық ізім» қаншалықты ауқымды?

Тапсырманы орындау шарты. Өзіңнің экологиялық ізінді есептеу үшін өзіңнің өмір салтыңа сәйкес таңдау жасап, әрбір теңдеуден кейін көрсетілген ұпайларды қосу немесе азайту арқылы бағалау қажет.

Оқушыларға берілетін сұрақтар

Негізгі көздері	Сұрақтар	Ұпайлары
Тұрғын үй	Сенің тұрғын үйіңнің аумағы шағын	+7
	Үлкен, кең пәтер	+12
	Екі отбасына арналған коттедж	+23
Энергияны пайдалану	Үйіңді жылыту үшін табиғи газ немесе көмір қолданылу	+45
	Үйде сен жылы киініп, түнде екі көрпе жамылу	-5
	Үйіңнің жылыту жүйесін ауа райына байланысты өз бетіңше реттей алу	-10
	Бөлмеден шығарда әрдайым жарықты өшіріп жүру	-10
	Мектепке немесе басқа жерге барғанда қоғамдық көлікпен жүру	+3

Көлік	Қарапайым жеңіл автокөлікпен жүру	+40
	Үлкен және қуатты автомобильмен бару	+75
	Мектепке немесе басқа жерге барғанда жаяу жүру немесе велосипедпен жету	+3
	Демалуға ұшақпен ұшу	+85
Тамақтану	Қыздыруды қажет ететін өңделген өнімдерді, жартылай фабрикаттарды, жаңа мұздатылған дайын тағамдарды, сондай-ақ консервілерді ұнату, сонымен бірге қайда өндірілгеніне мән бермеу	+14
	Көбінесе дайын өнімдерді сатып алу, бірақ олар үйге жақын жерде дайындалғанын қалау	+5
	Аптасына 2-3 рет ет жеу	+50
	Вегетариандық тамақты қалау	+30
	Жергілікті өндірістің жаңа піскен өнімдерін (нан, жеміс-жидектер, көкөністер, балық, ет) азық-түлік дүкенінен немесе базардан сатып алу, олардан түскі ас дайындау	+2
Суды және қағазды пайдалану	Ванны аптасына бір-екі рет қабылдау	+2
	Ванның орнына күнделікті душ қабылдау	+4
	Белгілі бір уақыт шамасында үй жанындағы жерді суару немесе автомобильді су шлангісімен жуу	+4
	Егер кітап оқығың келсе, оны әрдайым сатып алу	+2
	Газетті оқып болған соң лақтырып тастау	+10
Тұрмыстық қалдықтар	Көптеген қалдықтар мен қоқыстарды шығару	+100
	Соңғы айда бір рет бөтелке өткізу	-15
	Қоқысты тастай отырып, макулатураны қабылдау пунктіне тапсыру үшін кейінге қалдыру	-17
	Көбінесе оралып қапталған емес өлшенетін тауарларды алу, дүкеннен алынып босаған ыдысты, қораптарды, пакеттерді және бөтелкелерді тұрмыста қайта қолдануға тырысу	-15

Тапсырма 3. Қорытынды жаса. Экологиялық ізінді қалай азайтуға болатынын белгіле. Ғаламшардың ауқымында адамның қоршаған ортаға жүктемесін азайту жолдарын ұсыну.

Ойын әдістерін қолдануда: *мотивацияны арттыру* (ойындар оқушылардың мотивациясын арттыра отырып, оқуды жағымды және қызықты ете алады); *сыни ойлауды дамыту* (ойындар оқушылардан ақпаратты талдауды, шешім қабылдауды және проблемаларды шешуді, олардың сыни ойлауын дамытуды талап етеді); ынтымақтастықты жақсарту (ойындар көбінесе оқушылардан топтық жұмысты талап етеді, бұл ынтымақтастық пен топтық жұмысты ынталандырады); *практикалық қолдану* (ойындар оқушыларға өз білімдері мен дағдыларын нақты жағдайларда қолдануға практикалық мүмкіндіктер береді).

Ойын әдісі-оқушылардың геоэкологиялық сауаттылығын дамытудың тиімді әдісі. Ойындар оқушыларға қоршаған ортаның жағдайына әсер ететін табиғи және антропогендік факторларды қызықты түрде зерттеуге, сондай-ақ оны қорғау шараларын әзірлеуге және қолдануға мүмкіндік береді. Ойын әдістері орта мектеп оқушыларының геоэкологиялық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді құралы бола алады. Олар оқуды қызықты ете алады, сыни ойлауды дамытады, ынтымақтастықты жақсартады және білім мен дағдыларды қолдануға практикалық мүмкіндіктер береді. Оқу жоспарына ойын әдістерін енгізу арқылы тәрбиешілер оқушыларға 21 ғасырда экологиялық мәселелерді шешуге қажетті түсініктер мен дағдыларды дамытуға көмектесе алады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Дубровская Елена Сергеевна, Рожнева Елена Михайловна Специфика игрового метода обучения взрослых в историческом дискурсе становления игровой деятельности как педагогического явления // Интерэкспо Гео-Сибирь. 2018. №6.
2. Данилова И. В. Развитие игровых технологий в обучении школьной географии // Ярославский педагогический вестник. 2003. №2.
3. Иванов Иван Юрьевич, Павлов Андрей Викторович Когда ответственность - значит грамотность: о модели развития экологической грамотности школьников // Исследователь/Researcher. 2021. №1-2 (33-34).
4. Багатырова М.Н. Возможности игровых методов в обучении студентов // МНКО. 2016. №1 (56).
5. Каймулдинова К., Абдиманапов Б., Абилмажинова С., География // Мектеп баспасы, Алматы. 2019. - 290 б.

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН (ГЕЙМИФИКАЦИЯ) ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Ағымбайқызы А., магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Ғылыми жетекшісі: PhD, аға оқытушы Алиаскаров Д. Т.

Андатпа: Цифрлық қоғам – адамдардың өмір жағдайына, олардың біліміне және жұмысына, сонымен қатар мемлекет, бизнес және қоғам арақатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы шешуші әсер ететін, қоғам өмірінің барлық салаларында білім мен ақпараттық доминантты рөлімен ерекшеленетін өркениет дамуының заманауи кезеңі. Соңғы жылдары мектеп бағдарламасына көңілді ойындарды кіріктіру оқушыларға күрделі ұғымдарды меңгеруге көмектесетін тиімді және интерактивті әдіске айналды. Пәндердің кең ауқымы арасында география оқу ойындарында қолдануымен ерекшеленеді. Ойындар бастауыш мектептен бастап жоғары білім беруге дейін географияны оқыту құралы ретінде қолданылып келеді. Ойындарды пайдалану оқушыларға білім алуға, мазмұнды түсінуге және мотивациялық нәтижелерге бағытталған. Бұл мақалада Географияны оқытудағы ойындарға қысқаша шолу берілген. Ойын элементі – бұл белгілі бір шеңберде оқыту болып табылады. Геймификация мақсаттарға жетуге және білімді арттыруға көмектеседі.

Түйінді сөздер: геймификация, ойын технологиясы, білім беруді ұйымдастыру.

Аннотация: Цифровое общество-современный этап развития цивилизации, характеризующийся доминирующей ролью знаний и информации во всех сферах жизни общества, оказывающий решающее влияние на условия жизни людей, их образование и работу, а также на соотношение государства, бизнеса и общества посредством информационно-коммуникационных технологий. В последние годы интеграция веселых игр в школьную программу стала эффективным и интерактивным способом помочь учащимся освоить сложные концепции. Среди широкого круга предметов география выделяется своим использованием в учебных играх. Игры используются как средство обучения географии, от начальной школы до высшего образования. Использование игр направлено на обучение учащихся, понимание содержания и мотивационные результаты. В этой статье представлен краткий обзор игр в преподавании географии. Элемент игры-это обучение в определенных рамках. Геймификация помогает в достижении целей и повышении знаний.

6. Каймулдинова К., Абдиманапов Б., Абилмажинова С. География учебник для 11 класса, Издательство Мектеп, 2019.288с.
7. Капустина М. В. Интерактивная доска как современное средство обучения на уроках географии //География и геоэкология на службе науки и инновационного образования. – 2014. – С. 158-162.
8. Аникеева О.С., Лебедева И.В., Плетухина А.А. Проблемы и перспективы использования геоинформационных технологий в образовательном процессе. Проблемы современного педагогического образования. 2018. № 60-3. С. 18-22.
9. Атлас мира, — М.: ПКО «Картография» Издательство Оникс, 2010.320 с.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУ ӘДІСТЕРІ

Изекенова Л.Е., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Ұлттық бірыңғай тестілеу жайлы ақпараттар, қай уақыттан бастап енгізілгені және қандай өзгерістер болғаны туралы және де География пәнінен қалай дайындық жүргізілу керектігі жөнінде айтылады. Ұлттық Тестілеу Орталығы бекіткен География пәнінің спецификасы мен дайындық жоспары яғни

айтқан кезде қандай бөлімдерден қанша сұрақ келетіні айтылады. Мысал ретінде тест сұрақты мен қатар өткен жылдары география пәнінің статистикасы көрсетіледі.

Аннотация. В статье будет рассказана информация о едином национальном тестировании, о том, с какого времени оно было введено и какие изменения произошли, а также о том, как нужно подготовиться по географии. Спецификация предмета географии и план подготовки, утвержденный Национальным Центром тестирования, то есть, когда вы говорите, сколько вопросов вы получите из каких разделов. В качестве примера приведена статистика предмета географии за прошедшие годы вместе с тестовым вопросом.

Annotation. The article will provide information about the unified national testing, from what time it was introduced and what changes have occurred, as well as how to prepare for geography. The specification of the geography subject and the training plan approved by the National Testing Center, that is, when you say how many questions you will receive from which sections. As an example, the statistics of the geography subject over the past years are given along with a test question.

ҰБТ – үлкен өмірге бастайтын баспалдақтың алғашқы сатысы. Кез келген он бір жылдық білімді тәмамдаушы талапкер «ҰБТ» атты маңызды сынақтан өтеді. Бірі міндетті пәндерден озық болса, енді біреулер бейінді пәндерде алға шығады. ҰБТ тапсыру жоғарғы оқу орнына грант жеңіп алуға ниетті кез келген түлекке міндетті болып табылады. Оқушы өз кезегінде алған білімін қорыта отырып, жүзден жүйрік атануға күш салады [1].


Алғаш рет 1884 жылы АҚШ-да тест материалды қамтылған тест кітаптары шығарылды. Оның негізгі мазмұны математика, тарих, навигация, грамматика пәндерінен жинақталды және бес көрсеткіш жауаптардан тұрды. Тестілеу жүйесінің қалыптасуына ағылшын ғалымы Фрэнсис Гальтон үлкен үлес қосты. 1901 жылы АҚШ-да Тестілеу жүйесі мемлекеттік деңгейде қолдау тапты. 1901 жылы 17 шілдеде колледжге түсу үшін тестілеу жүйесі құрылды. 1926 жылы орта мектепке арналған тестілеу жүйесі құрылды. Ал 1933 жылы Кеңес елінде алғаш рет тест тапсырылды. Кейін 1992 жылы Қазақстанда тестілеу жүйесі енгізілді. 1995 жылдан бастап студенттерге «рубевка» тесті кеңінен қолданылды. Ал 1999 жылы кешенді тестілеу енгізілді. Бұл білім гранттарын әділ бөлуге жол ашты. 2004 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеу енгізілді. ҰБТ мектеп түлектерін қорытынды аттестаттауы мен жоғарғы білім ұйымдарына қабылдау емтихандарын біріктірді [2].

Тестілеу бес пән бойынша жүргізіледі: үш міндетті және екі бейіндік пән. Тест тапсырмаларының саны 120, оның ішінде Қазақстан тарихы бойынша - 20, математикалық сауаттылық бойынша – 15, оқу сауаттылығы бойынша - 15 және екі бейіндік пән бойынша - 35 тапсырма [3].


Тестке дайындық барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер мен тапсырмалардың шегі жоқ. Әр мұғалім қиялына байланысты әртүрлі тәсілдерді, көрнекіліктерді қолдануына болады. Бір тақырыпты бірнеше тапсырмалар беру арқылы қайталап, оқушылар тесттің жауабын жаңылмай таба алатындай есінде қалдыруға болатынын өз тәжірибемде өткіздім.

Мұндай тапсырмаларды ұйымдастыру үшін мұғалім өзі тест тапсырмаларын жатқа білуі тиіс және білгенін оқушыларға бере білуі керек. Міне, осылайша түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сабақтарды түрлендіре өткізу оқушылардың география пәнінен алған білімдерін кеңейтіп, бекіте түседі. Әрі оқушының ҰБТ кезінде жоғары жетістікке жетуіне әсері мол деп ойлаймын [4].

Әр жыл сайын ҰБТ аяқталғаннан кейін Ұлттық тестілеу орталығы әр таңдау пәнінен оқушылар қанша балл алғаны жөнінде статистика шығарады. Төменде бізге математика және география, биология және география пәндерінің мәліметтері 1, 2 – суреттерде берілген [5]. Негізі жыл сайынғы статистикадан І түсінетініміз басқа пәндермен салыстырғанда, биология және география пәндерінің жинаған балдары төмен болады. [6]



Сурет 1 Биология-География пәні бойынша статистика



Сурет 2. Математика – География пәні бойынша статистика.

Сұрақтар базасы жыл сайын кемінде 30%-ға жаңартылады. 2021 жылы бейіндік пәндер бойынша тестке контекстке негізделген тест тапсырмалары енгізілді.

Тапсырмаларды дұрыс орындағаны үшін бағалау: ұсынылған төрт жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдағанда – 1 балл, ұсынылған көптеген жауаптардың ішінен бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды таңдағанда – 2 балл, контекстке негізделген тест тапсырмалары – 1 балл.

Бейіндік пәндер ұсынылған төрт жауаптың ішінен бір дұрыс жауап таңдалатын 20 сұрақтан, ұсынылған көптеген жауаптардың ішінен бірнеше дұрыс жауаптар таңдалатын 10 тапсырмадан және контекстке негізделген 5 сұрақтан тұрады. Барлығы 120 сұрақ.

Бейіндік пәндер бойынша тапсырмалардағы бірнеше дұрыс жауаптар есебінен ең жоғары балл - 140. Шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсетін тұлғалар үшін ең жоғары балл саны - 125 балл.

ҰБТ-ға қатысу үшін өтініштерді қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының www.testcenter.kz сайтында онлайн режимде жүзеге асырылады. ҰБТ-ға қатысқаны үшін төлем 4230 теңгені құрайды

Бұл ретте ағымдағы жылдың мамыр-шілде айларында өткізілетін ҰБТ мектеп түлектері үшін тегін өткізіледі.

Тестілеу қорытындысы бойынша компьютер экранында түсушінің тестілеу нәтижелерін талдау картасы, оның жауап нұсқасы, сондай-ақ әрбір тапсырма бойынша жинаған баллы және блоктар бойынша жинаған баллдарының жиыны және ҰБТ-ның жалпы баллы көрсетіледі.

Апелляция нәтижелері 30 (отыз) жұмыс күні ішінде беріледі.

2014 жылдан кейін тек, 2017 жылы өзгерістер енгізілді. Мысалы, таңдау пәндері бойынша балл саны 25-тен 40-қа өсіп, сұрақ саны 30-ға жетті. Бұл оқушының өзі таңдап отырған бағытқа көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік берді. Себебі, міндетті пәннен шектік балл 20-дан 7 еді.

Осы өзгерістен кейін, 2021 жылы кішкене өзгерді. Таңдау пәніне көп мән беріліп, сұрақ санын 35-ке, ал ұпай санын 45-ке өсірді. Бірақ, жалпы балл 140 болып қала берді. Себебі, "Қазақстан тарихы" мен "Математикалық сауаттылық" пәндерінен 5 сұрақ пен балл саны алынды.

ҰБТ-ға қатысты соңғы жаңалықтар, ол - таңдау пәндері. Бейіндік пәндердің сұрақ санын 40-қа, ал балл санын 50-ге өсіріп отыр. Бұлай жасалу себебі, ол - тапсырушы түлек дайындығын жеңілдету және жастардың еліміздің тарихын ұмыттырмау. Мақсатты іске асыру үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен 20 балл мен сұраққа өсіріп, ал "Оқу сауаттылығы" мен "Математикалық сауаттылық" пәндерінен сұрақ санын 10-ға дейін, балл санын да 10-ға кемітті [7].

География пәні бойынша Ұлттық Тестілеу Орталығы бекіткен 2024 жылға арналған тест жоспарында [8] былай көрсетілген.

Кесте 1. География пәні бойынша ҰТО бекіткен 2024 жылға арналған тест жоспары

№	Бөлім	Тапсырма саны
01	Географиялық зерттеу әдістері.	3
02	Картография	3
03	Физикалық география. Табиғатты пайдалану және геоэкология.	12
04	Әлеуметтік география.	7
05	Экономикалық география. Геоэкономика	10
06	Елтану және саяси география негіздері. Геосаясат.	5
07	Адамзаттың ғаламдық проблемалары.	40

Қорытындылай келе, ҰБТ алғашқы кездегідей емес көптеген өзгеріске ұшыраған. Бұл өзгерістер оң әсерін беруде, оқушылардың өздерінің шынайы білімін көрсетіп, грант жеңіп алу мүмкіндігіне ие болады. Дайындықты жеңілдету үшін баспалары атауымен кітаптар тізімі мен қандай тараулардан қанша сұрақ келетіні берілген. Бұл оқушыларға өте үлкен көмек. Географиядан жоғары балл алу үшін нақт ыжоспар мен жүйелу дайындық қажет.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- <https://daryn.online/article/471>
- Bilim-all ақпараттық агенттігі. ҰБТ шығу тарихы мақаласы <https://bilim-all.kz/article/18419-UBT-nyn-shygu-tarihy>
- Egov мемлекеттік қызметтер мен онлайн ақпарат порталы https://egov.kz/cms/kk/articles/about_ent
- https://ziatker.kz/docx/geografiya_paninen_ubt_ga_daiyndaydagy_adis_tasilder_53518.html
- Ұлттық тестілеу орталығы сайтынан <https://testcenter.kz/postupayushchim-v-vuz/ent/>
- Ұлттық тестілеу орталығы сайтынан <https://testcenter.kz/postupayushchim-v-vuz/ent/>
- Daryn online ҰБТ-ның 2024 жылғы өзгерістері <https://daryn.online/article/2560>
- <https://testcenter.kz/postupayushchim-v-vuz/ent/dlya-podgotovki-k-ent-i-ent-tipo/>

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЛКЕТАНУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Айткожина С.К., докторант, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

Женсикбаева Н.Ж., доктор PhD, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

Андатпа. Мақалада жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі болашақ география пәні мұғалімдерінің оқу-әдістемелік үрдісін әртүрлі формада ұйымдастыру арқылы өлкетану құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Білім алушылардың өлкетану дайындығындағы құзыреттіліктерді біріктіретін географиялық-өлкетану және жеке-әдістемелік құзыреттіліктердің ерекшеліктеріне талдау жұмыстары жүргізілді. Студенттердің бойында өлкетану құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі бойынша отандық және шетелдік ғалымдар зерттеулеріне шолу жасалынып, ЖОО-да өлкетану дайындығы жүйесінің негізгі кезеңдері ұсынылды.

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы формирования краеведческих компетенций путем организации учебно-методического процесса в различных формах будущих учителей географии в системе высшего педагогического образования. Проведен анализ особенностей географическо-краеведческой и индивидуально-методической компетенций, объединяющих компетенции обучающихся в краеведческой подготовке. Проведен обзор исследований отечественных и зарубежных ученых по проблеме формирования у студентов краеведческих компетенций, представлены основные этапы системы краеведческой подготовки в вузе.

Annotation. The article considers the issues of the formation of local history competencies by organizing the educational and methodological process in various forms of future geography teachers in the system of higher pedagogical education. The analysis of the features of geographical and local history and individual methodological competencies combining the competencies of students in local history training is carried out. A review of the research of domestic and foreign scientists on the problem of the formation of students' local history competencies is conducted, the main stages of the system of local history training at the university are presented.

Жоғары педагогикалық білім берудің негізгі мақсаттарының бірі – кәсіби қызметінде құзыреттілігі жоғары, белсенді, шығармашыл жас мамандарды қалыптастыру болып табылады. Педагогикалық жоғары оқу орнының түлегі өзінің шығармашылық даралығымен және заманауи көзқарасымен мектептің білім беру кеңістігінің инновациялық дамуын белсендіреді. Университеттің білім беру процесінде берілген идеалға қол жеткізуді қамтамасыз ететін маңызды шарттардың бірі - студенттердің мақсатты, жүйелі түрде өлкетанушылық зерттеу қызметін ұйымдастыру.

Оқу мен тәрбиеде өлкетану материалын қолдану қажеттілігі туралы Я.А.Коменский, Ж-Ж.Руссо, А. Дистервег жазды, бұл идеяны К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, С.Т. Шацкий, сонымен қатар А.С.Барков, В.Н.Буданов, В.К.Кондаков, Н.И.Новиков, Д.Д.Семенов және басқалар дамытты. Қазіргі уақытта өлкетану құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне қызығушылық едәуір артты, бұған жаңа бағыттың - экологиялық және өлкетану білімінің әртүрлі аспектілерін ашатын бірқатар диссертациялық зерттеулер дәлел бола алады, бұл О.Ю.Бабайцева, Н.В.Гусакова, П.В.Станкевич, О.Н.Шитикова, С.А.Шемшурина және т.б. зерттеу жұмыстары мысал бола алады [1,2].

А.И.Алейниктің пікірінше, өлкетану құзыреттілігі - баланы туған өлкесін жан-жақты зерттеуге, өлкетану материалын, табиғаттану, әлеуметтік, этномәдени мазмұнды игеруге және оған эмоционалды-құндылық қатынасын білдіруге баулу [3]. Зерттеушілер өлкетану құзыреттілігі - бұл білім алушының өз іс-әрекетінде меңгерген және қолданатын және эмоционалды құндылықты бағалауда көрінетін өлкетану мазмұнының білімі мен дағдылары екендігімен келіседі. Осы орайда оқу жоспарымен бекітілген іс-тәжірибелердің маңыздылығы жоғары.

Жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі өлкетану мазмұны географ-студенттердің оқу процесін әртүрлі формада ұйымдастыру арқылы жер бетінің аймақтық-жергілікті учаскелерін жан-жақты танып, теориялық білімдерін іс-тәжірибелер барысында шындай білуге бағытталған.

Болашақ география мұғалімдерінің өлкетану дайындығындағы құзыреттіліктерді географиялық-өлкетану және жеке-әдістемелік құзыреттіліктер біріктіреді. Болашақ география мұғалімінің географиялық-өлкетану құзыреттілігі оның бірнеше ғылымдар – геология, топография, физикалық география, әлеуметтік-экономикалық география, экология, этнография, діндер географиясы, картография сынды оқу пәнінде (немесе оқу пәндерінде) жинақталған аймақтық-жергілікті сипаттағы білім мен дағдыларын болжайды. Өлкетану дайындығы барысында болашақ география мұғалімінің жеке-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру ЖОО-дағы арнайы әдістемелік қамтамасыз ету құрылымында жүргізілуі тиіс және кәсіптік даярлықтың бүкіл жүйесі контекстінде қаралады және мынадай кіші жүйелерден тұрады: психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, өлкетану.

Әрбір аталған құзыреттілікте жергілікті-өлкелік және әдістемелік-өлкетану білімдері бар. Тәжірибе мен дағдылар пәндік даярлық пәндері бойынша зертханалық-практикалық сабақтарда, студенттердің өзіндік жұмысында, 1-2 курстардағы оқу (далалық) іс-тәжірибелерінде, 3-4 курстардағы физикалық және экономикалық география бойынша кешенді өндірістік, педагогикалық іс-тәжірибелерінде, өлкетану мазмұнындағы материалдарды қамтитын бітіру біліктілік жұмысын жазу барысында, әр түрлі күрделілік деңгейіндегі тапсырмаларды орындау барысында жинақталады [4].

Нәтижесінде арнайы және әдістемелік дағдылар қалыптасады. Құзыреттіліктің негізгі компоненттері ретінде жоғарыда аталған білім мен дағдыларды игеру болашақ география мұғалімдерінің өлкетану қызметіне оң көзқарасты дамытудың қажетті алғышарты болып табылады.

Географиялық өлкетану саласындағы географ-студенттердің құзыреттілігін қалыптастыру педагогикалық ЖОО-да барлық оқу жылдарын қамтитын ұзақ процесс болып табылады. Жалпы, болашақ география мұғалімдерінің өлкетану дайындығының бүкіл жүйесін шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады.

Өлкетану дайындығының бірінші кезеңі ЖОО-да оқытудың бірінші және екінші курстарына сәйкес келеді. Бұл аймақтық-жергілікті білімді жинақтаудың және арнайы дағдыларды қалыптастырудың бастапқы кезеңі. Географиялық-өлкетану құзыреттілігінің элементтерін қалыптастыру негізгі дайындық пәндерін (геология, топография негіздерімен картография, жалпы жер зерттеу), оқу (далалық) іс-тәжірибесін, студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін зерттеу барысында жүзеге асырылады.

Өлкетану дайындығының екінші кезеңі ЖОО-да оқудың үшінші және төртінші курстарына сәйкес келеді. Бұл аймақтық-жергілікті және әдістемелік-өлкетану білімдерін жинақтаудағы, арнайы дағдыларды қалыптастырудағы негізгі кезең. Олардың қалыптасуы келесі пәндерді (материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы, Топырақтану негіздері бар топырақ географиясы, Биогеография, маңызды салалардың экономикасы мен технологиясының негіздері, Қазақстанның физикалық географиясы, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы, географияны оқытудың теориясы мен әдістемесі), аймақтық компонент пәндері (Шығыс Қазақстан географиясы, Шығыс қазақстанның өлкетану географиясы және т.б.) элективті пәндерді меңгеру барысында жүзеге асырылады. Туған өлкенің ландшафтық сферасының компоненттері зерттелетін аумақтық, антропогендік кешендер, демография, этногеография, туған өлкенің экономикасы, өз жерінің экономикасы мәселелері қаралатын әлеуметтік-экономикалық сипаттамаларды зерделеу бойынша пәндер), өлкетану бағытын таңдау бойынша пәндер, өзіндік зерттеу жұмыстарын, ғылыми жобалар жазу арқылы студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі. Осы кезеңде өлкетану ақпаратын жинақтаудағы басым буын ұлттық-өңірлік құрамдас бөліктің пәндері және өлкетану бағытын таңдау пәндері, туған өлкені далалық зерттеу болып табылады.

Оқу, өндірістік, педагогикалық-психологиялық іс-тәжірибелерін жүргізу географ мұғалімдерді даярлаудың маңызды бөлігі. Болашақ мұғалімді дайындауда оқу, далалық іс-тәжірибенің маңызды міндеті болашақ география мұғалімдерін орта мектепте табиғатты зерттеудің қарапайым және қол жетімді әдістеріне үйрету болып табылады [5].

Далалық іс-тәжірибе - жаратылыстану бағытындағы жоғары білім беру жүйесіндегі оқу процесінің міндетті буыны. Географиядағы далалық тәжірибелер материалды теориялық зерттеу барысында алынған студенттердің білімін кеңейтуге және тереңдетуге бағытталған. Олар студенттердің дүниетанымы мен эстетикалық тәрбиесін қалыптастыруға ықпал етеді, табиғи құбылыстар мен олардың өзара байланысы туралы көрнекі түсінік береді, фактілерді тіркеуге және талдауға, көргендерін жалпылауға және қорытынды жасауға үйретеді. Далалық тәжірибелерге адам мен табиғаттың өзара әрекеттесу мәселелеріне ерекше назар аударылады.

География мұғалімдерін даярлауда далалық тәжірибелердің маңызы зор. Бұл тек практикалық дағдыларды игеру ғана емес, сонымен қатар саяхаттау, табиғи және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы әртүрлі географиялық нысандармен кездесу. География бойынша далалық іс-тәжірибе барысындағы жұмыстың негізгі нысандары - оқу экскурсиялары, жергілікті жерді топографиялық түсіру, табиғат компоненттері мен табиғи-аумақтық кешендерді сипаттау, өлшеулер мен кейінгі есептеулер жүргізу, жиналған материалды өңдеу және өз бетінше бақылау [6].

Қазіргі кезде табиғатты ұтымды пайдалану және табиғатты қорғау мәселелері бірінші кезектегі маңызға ие болды, сол себепті далалық іс-тәжірибенің де ролі әсіресе артып келеді. Мұнда тәжірибенің экологиялық аспектісі ерекше көзге түседі. Тәжірибенің міндеттерінің бірі - табиғатты тиімді пайдалану шараларын бағалау және ұсыну қабілетіне үйрету, атап айтқанда, экономикалық-географиялық іс-тәжірибе мақсаттарының бірі -табиғи жағдайларды экономикалық бағалау дағдыларын қалыптастыру, олардың халықтың экономикалық қызметіне әсерін анықтау және табиғи жағдайлар мен ресурстарды ұтымды пайдалану мүмкіндіктерін бағалау.

Төмендегі ұсынылған іс-тәжірибе міндеттері білім алушыларда кәсіби құзыреттіліктердің, соның ішінде өлкетану құзыреттілігінің қалыптасуына негіз болады:

- Далалық зерттеулер әдістемесін игеру және далалық бақылаулардың нәтижелерін өңдеу дағдыларын алу (далалық күнделіктермен, топографиялық карталармен, бланктермен, және т. б. жұмыс істеу);

- далалық материалды камералдық өңдеу және оны графикалық бейнелеу дағдыларын меңгеру (далалық жазбаларды жалпылау, далалық бақылау нәтижелерінің жиынтығы, жүйеленген тізімін жасау, алынған деректерді компьютерлік өңдеу, көзмөлшерлік түсірілім жасау) және есеп жасау;

- табиғи құбылыстарды бағалауға кешенді көзқарас қалыптастыру, яғни. табиғи компоненттердің өзара байланысының күрделі жүйесін және табиғат пен адам қызметінің өзара байланысының одан да күрделі жүйесін бекіту, бақылау және талдау мүмкіндігі; географиялық ойлауды дамыту;

- оқу іс-тәжірибесінен өту аумағында табиғат жағдайлары мен антропогендік әсерді көрсететін әдеби, картографиялық, электрондық материалдарды жинау және талдау;

- экологиялық мәдениетті, қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілік сезімін және оны қорғау мен көбейту бойынша нақты іс-әрекетке ұмтылысты дамыту.

Ұсынылған міндеттер төмендегідей оқу нәтижелеріне қол жеткізеді:

- білім берудің жаңартылған мазмұнының мақсаттарына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне сәйкес оқытудың, тәрбиелеудің инновациялық, ақпараттық технологияларын қолдану;

- кадастр, картография және ГАЗ технологияларын қолдана отырып, табиғи-аумақтық кешендерді бағалау бойынша алған білімдерін және ғылыми зерттеу әдістерін интеграциялау;

- оқу экспериментін, бақылауларды, модельдеуді және физика-географиялық процестер мен құбылыстарды талдау бойынша географиялық зерттеулердің кешенді әдістерін қолдану.

Осылайша, географ-студенттерді өлкетану бағытында даярлау олардың педагогикалық ЖОО - да оқуының төрт жылында жүзеге асырылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Шемшурина С. А. Формирование краеведческой компетенции подростков в дополнительном образовании: автореф. дис. канд. пед. наук: 13.00.01 / Шемшурина Светлана Анатольевна. – Шадринск, 2011. – 7 с.
2. Питерцева, Ю. В. Изучение уровней краеведческой компетенции детей старшего дошкольного возраста / Ю. В. Питерцева, Е. Н. Удина. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — № 15 (119). — С. 497-500.
3. Алейник А. И. Развитие познавательного интереса младших школьников в образовательном процессе на основе краеведческого материала [Электронный ресурс] / А. И. Алейник // Белгородский институт развития образования.
4. Государственный образовательный стандарт высшего профессионального образования по специальности «География».
5. Янцер О. В. Формирование исследовательских умений у студентов при проведении ландшафтнофенологических полевых практик // Педагогическое образование в России. 2009. №3. С.86
6. Атеева Ю. А., Орлова А. Г. Роль полевых практик в формировании студенческого коллектива [Текст] // Психология в России и за рубежом: материалы междунар. науч. конф. СПб.: Реноме, 2011. С. 35-37

«ЕРЕКШЕ» БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА БЕЙІМДЕЛГЕН ОҚЫТУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ

Меңдешова А.Е., Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің 1 курс магистранты, Алматы қ., Қазақстан

Андатпа. ХХІ ғасырдағы білім берудегі озық әрі соңғы жылдарда өзектілігі арта түскен әдіснамалардың бірі – Инклюзивті білім беру әдістері болып табылады. Білім алуудағы «ерекше» балаларды әлеуметтендіру үшін инклюзивті білім беру әдістерінің ішіндегі «мэйнстринг» әдісі- әмбебап әдіс іспетті. Себебі, білімнің негізгі бөлігіне айналған іргелі білім дағдылары: танымдық дағдылар мен коммуникативті дағдылар білім алушының өне бойында қалыптасуға септігін тигізеді.

Тірек сөздер: инклюзивті білім беру, бала құқығы, мэйнстринг, танымдық мүмкіндіктер, құқық.

Аннотация. Методы инклюзивного образования являются одной из передовых и все более актуальных методологий в образовании ХХІ века. Метод «мейнстринга» является как бы универсальным методом среди методов инклюзивного образования для социализации «особых» детей в образовании. Причина в том, что фундаментальные умения и навыки, ставшие основной частью образования: когнитивные навыки и коммуникативные навыки, способствуют формированию личности обучающегося.

Ключевые слова: инклюзивное образование, права детей, познавательные возможности, право.

Abstract. Inclusive education methods are one of the advanced and increasingly relevant methodologies in education of the 21st century. The “mainstreaming” method is, as it were, a universal method among the methods of inclusive education for the socialization of “special” children in education. The reason is that the fundamental skills that have become the main part of education: cognitive skills and communication skills contribute to the formation of the learner's personality.

Key words: inclusive education, children's rights, cognitive capabilities, law.

ХХІ ғасырдағы білім беру саласы сан алуан реформаларға толы , әрі олардың ішіндегі озық білім технологиялары тек уақыт пен білім алушылардың жоғарғы нәтижелерімен сұрыпталып жатыр. Осы орайда , инклюзивті білім беру әдістері «ерекше» қабілетті балаларға білім берудегі бастамашыл әдістердің негізі болып отыр.

Өмірдің тауқыметімен туа біткен немесе кейіннен қалыптасқан баланың бойындағы «ерекшелік» баланың танымдық қабілеттерін дамытуға ешбір тосқауыл болмауы тиіс. Себебі баланың бойындағы «ерекшелік» оның табысты, білімді, өнерлі, жасампаз «тұлға» болып қалыптасуына тосқауыл емес.Алдымен, бұл тақырыптың мәнін ашу үшін, заңнамалық құжаттарға тоқталу қажет.

Инклюзивті білім беру бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық құжаттарын қарайтын болсақ:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Қамқорлығында мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Біз ерекше қажеттіліктері бар білім алу үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз» деп мәлімдеген еді. [1]

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңына шолу жасасақ:

15-бап. Баланың білім алуға құқығы: Арнаулы педагогикалық тәрбиені қажет ететін кемтар балаларға мемлекеттік бюджеттен белгіленген стандарттар деңгейінде олардың білім алуына кепілдік беретін қосымша қаражат береді. [2]

Яғни, бала «ерекшелігіне» қарамастан кәметтік жасқа толғанға дейін толық құқық қабілеттілігіне ие индивид. Демек, халықаралық «Бала құқықтары туралы конвенция» заңнамасының ратификациялау туралы заңнаманың 3 бабының 2 тармағында көрсетілдей: «Қатысушы мемлекеттер заң бойынша бала үшін жауапкершілікті мойнына алған оның ата-анасының, қамқоршыларының немесе басқа да адамдардың құқықтары мен міндеттерін назарға ала отырып, баланың игілігі үшін қажетті қорғау мен қамқорлықты қамтамасыз етуге міндеттенеді және осы мақсатпен барлық тиісті заң шығару және әкімшілік шараларын қабылдайды.».

Елімізде мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заң бойынша:

9 – бап: Білім беру саласындағы уәкілетті органдардың құзіреті

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың білім алуын қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттік тапсырыс пен грант бойынша оқып жүрген мүгедекті бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стипендиялар тағайындау мен төлеудің тәртібін әзірлейді. Бұл Заңнамалар Тұрақты Дамудың 4-ші мақсатын жүзеге асыру іс-шараларын қамтиды. [3]

Инклюзивті білім беру біртұтас оқыту ортасында жүзеге асырылады; яғни инклюзивті ортада әртүрлі орта мен қабілеттегі балалар бірге білім алатын білім беру ортасы қалыптасады. Оған оқу кабинеттері, кітапханалар, спорт залы, шығармашылық бөлмелері, асханалар, ойын алаңдары кіреді. [4]

Инклюзивті білім берудегі жүзеге асырылуда аса мән беретін тұс - кәсіби, білікті басшылық пен педагог қызметкерлерінің дұрыс таңдалуы болып есептелінеді. Алаш ардақтыларының бірі М.Жұмабаевтың «Білімдінің сөзі – ем, мейірімі көп, өзі – кең» деген тұжырымын, инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын педагогқа қойылар талап деп түсіну керек.

Юнисеф ақпараты бойынша Қазақстанда балалардың 3% жуығы мүгедектігі және арнайы қажеттіліктері бар балалар ретінде тіркелген. Бұл 150 000-ға балаға жуық көрсеткіш. Елімізде “Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау туралы заң” аясында білім берумен қамтамасыз ету көрсеткіші артып келе жатқанымен, мектеп жасындағы мүмкіндігі шектеулі 10 000 астам бала үйлерінде білім алады, аталған жағдай балалардың әлеуметтену мүмкіндіктерін шектейді. Ал ауылды аймақтарда мүгедектігі бар балалардың білім алуға қолжетімділігі өте аз. [5]

«Мэйнстриминг» әдісі арқылы «ерекше» білім алушылар негізгі пәндерді бірнешеуін жалпы сыныппен, кейін тапсырмаларды сабақтан тыс уақытта жеке бөлмелерінде медициналық нұсқамаларына сәйкес жеке маршрут бойынша орындайды. Бұл әдіс бойынша оқушының білім алуының жеке бағдарламасы жазылады. Өйткені, «ерекше» балалардың әртүрлі білім алуудағы қажеттіліктері мен жекелей дамытатын дағдылар топтасы бар. [6]

Үнемі оқшау ортаны қалыптастыру оқушының танымдық дағдыларының қалыптасу үдерісіне кедергі жасайды, себебі бала білімді өзінің қатарластарымен бірлескен кезде ғана жемісті болатыны сөзсіз.

Мемлекет бастамасымен іске асырылып жатқан, «Жайлы мектеп» бағдарламасы өз кезегінде, қазақстандық әрбір білім алушыға тең құқықты білім алу ортасын қалыптастырады деген сенімдемін.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауынан үзінді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000152>

2.«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

3. « Қазақстан Республикасында мүгедекті бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы » Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224 – VII ҚРЗ Кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000039>
4. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы / М.П. Оспанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 24 бет.
5. Қазақстан балалары: жағдайға шолу <https://www.unicef.org/kazakhstan/kk>
6. Курманжанова К.К., Кенжакимова Г.А. Проблемы социальной интеграции детей с ограниченными возможностями в контексте развития инклюзивного образования. // Вестник КазНУ., Серия психологии и социологии., №2 (57). 2016.

ТЕХНОЛОГИЯ ПРОВЕДЕНИЯ ЗАНЯТИЙ ПО ПРЕДМЕТУ «ФИНАНСОВЫЙ АНАЛИЗ»

Утемуратова М. П., старший преподаватель кафедры «Финансы и бизнес-анализ»
Ташкентский государственный экономический университет, г. Ташкент, Узбекистан

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы технологии проведения занятия по предмету «Финансовый анализ» по данным финансовой отчетности Республики Узбекистан. Автором предпринимается попытка обобщения современных вопросов организации проведения занятий по «Финансовому анализу» по данным финансовой отчетности в соответствии с национальными стандартами Республики Узбекистан. Проблемы изучены в разрезе современных изменений, произошедших в результате принятия основных нормативных и законодательных актов в области бухгалтерского учета и финансовой отчетности. Сделан вывод о том, что для эффективной организации проведения занятий необходимо соблюдать следующие принципы: непрерывность процесса, объективность информации, обеспечение информацией.

Ключевые слова: процесс проведения занятий; методические указания по ведению занятия по предмету «Финансовый анализ»; пользователи финансовой информации; сопоставимая информация; формы финансовых отчетов.

В условиях дальнейшего углубления реформ и модернизации экономики управление предприятием требует организации эффективного наблюдения за хозяйственной деятельностью хозяйствующего субъекта. Развитие международных экономических отношений расширяет возможности выхода на мировой рынок. В настоящее время, после приобретения статуса независимости Республики Узбекистан, в международных экономических отношениях произошли существенные изменения.

Эффективное использование международных стандартов бухгалтерского учета и опыта развитых зарубежных стран влияют на организацию бухгалтерского учета, в том числе финансового учета и управления предприятием.

Реформы в сфере бухгалтерского учета и финансовой отчетности в Республике Узбекистан проводятся с первых дней независимости с целью повышения информативности, привлечения инвесторов и выработке доверия к отчетности субъектов экономики. В частности, в 1996 году был принят Закон Республики Узбекистан о бухгалтерском учете. На основе Закона, начиная с 1998 года, Министерством финансов Республики были разработаны и утверждены Национальные стандарты бухгалтерского учета (НСБУ). Национальные стандарты разработаны в соответствии с Международными стандартами финансовой отчетности.

Внедрение МСФО обусловлено необходимостью создания единой системы бухгалтерского учета и стандартных форм финансовой отчетности, которые должны быть одинаково сопоставимыми для всех компаний. Особую актуальность приобретает применение МСФО для составления финансовой отчетности компаниями, так как принятие правильно обоснованных решений в отношении крупных финансовых операций может быть сделано только на основании надежной однозначно идентифицируемой финансовой информации, которая обеспечивается применением всех норм учета, рекомендованных МСФО.

Решение этих вопросов неразрывно связано с эффективной подготовкой для сферы экономики специалистов, умеющих интегрировать полученные в вузе знания, умения и опыт в рациональную модель человеческих отношений и общественного устройства. Такая подготовка должна быть способна обеспечить им продвижение по служебной лестнице.

Специалисты должны обладать навыками, быстро ориентироваться в изменяющемся рыночном пространстве, принимать самостоятельные решения в условиях риска и неопределенности, уметь находить неординарные решения, быть коммуникабельными и социально-адаптированными. Именно поэтому особо значимым в экономическом образовании становится разработка и реализация новых образовательных концепций и технологий.

Процесс практического ведения бухгалтерского учета, как и любой другой хозяйственный процесс, является объектом наблюдения и управления экономического субъекта [1].

Многие развитые страны успешно пользовались собственными «НСБУ» и не ограничивались одним лишь переходом на МСФО. Причина кроется в том, что лидерство в бухгалтерском деле, финансах и прочих смежных отраслях за последние 70 лет принадлежит англосаксонским странам, разработавшим МСФО. Однако и страны Европы, и Азии выработали и внедрили свои весьма успешные новые принципы и методы бухгалтерского учета, на которые стоит обратить внимание.

К примеру, во Франции в 2003 году было образован государственный орган *Autorité des Marchés Financiers* (AMF) вместо Комиссии по биржевым операциям. AMF продолжил регулировать фондовый рынок, но также начал участвовать и в разработке и внедрении стандартов бухгалтерского учета на уровне Европейского союза [6]. Это логично, так как на фондовом рынке представлено очень много компаний и инвесторов из-за рубежа. Все они нуждаются в единой и понятной системе финансовой отчетности для принятия инвестиционных решений. Это особенно актуально для Узбекистана в проводимой политике по улучшению инвестиционного климата.

Для эффективного функционирования процесса бухгалтерского учета в системе управления организации необходимо соблюдать основные принципы бухгалтерского учета.

Правильность и достоверность данных бухгалтерского учета и отчетности подтверждаются обязательным подтверждением информации соответствующими документами, а также проведением инвентаризации активов и обязательств. Объекты, порядок и сроки проведения инвентаризации определяются соответствующим стандартом бухгалтерского учета об организации и проведении инвентаризации.

Своевременность предусматривает предоставление отчетности аппарату управления и внешним пользователям «тотчас, вовремя». Отставание во времени получаемой информации от совершаемых хозяйственных операций не позволяет своевременно оказывать влияние на процесс управления и делает ее, по существу, ненужной [2, 5].

Преподавание дисциплины «Финансовый анализ» строится исходя из требуемой базовой подготовки экономистов. Конечная цель изучения дисциплины – формирование у будущих специалистов твердых знаний и практических навыков по организации проведения финансового анализа.

Технологизация обучения – новое направление педагогической науки, исследующее и обеспечивающее теоретическими и прикладными разработками достаточно широкий круг специалистов. Его научный потенциал накапливается в многочисленных работах отечественных ученых. В педагогической практике наблюдается стремительное внедрение новых способов и средств обучения. Но становится очевидным, что на смену отдельным формам и методам активного обучения должны прийти целостные образовательные технологии.

Образовательная технология по учебному предмету «Финансовый анализ» для студентов должна разрабатываться исходя из:

- правил технологизации обучения в экономическом вузе,
- цели, структуры, содержания и объема учебной информации по дисциплине,
- концептуальных подходов к выбору способов и средств обучения, коммуникации, информации и управления, в совокупности гарантирующих в заданных условиях и в установленном учебным планом время достичь цели обучения.

Необходимо соблюдать основные требования к структуре и содержанию образовательной технологии по учебному предмету.

Результативность финансового анализа во многом зависит от организации и совершенства его информативной базы.

Для полного и достоверного финансового анализа необходима информация, содержащаяся в формах финансовой отчетности в соответствии с Законом Республики Узбекистан [1].

Финансовая отчетность представляет собой систематизированную информацию о финансовом положении субъекта бухгалтерского учета на отчетную дату, финансовом результате его деятельности и движении денежных средств за отчетный период.

Годовая финансовая отчетность включает в себя:

бухгалтерский баланс;

отчет о финансовых результатах;

отчет о денежных потоках;

отчет о собственном капитале;

примечания, расчеты и пояснения. [1]

Бухгалтерский баланс - это способ обобщения, с одной стороны активов, то есть состава и размещения хозяйственных средств, а с другой стороны - источников их образования в стоимостном выражении. Кроме того, бухгалтерский баланс - это способ определения важнейших показателей, отражающих результат хозяйственной деятельности предприятия, его финансового положения и расчетных взаимоотношений с партнерами.

Бухгалтерский баланс отражает состояние имущества, собственного капитала и обязательств предприятия на определенную дату. Из всех форм бухгалтерской отчетности бухгалтерский баланс содержит наибольшую информацию о деятельности предприятия, необходимую для оценки его финансового положения, характеристики состояния материальных запасов, расчетов, наличия денежных средств, инвестиций.

Баланс позволяет оценить эффективность размещения капитала предприятия, его достаточность для текущей и предстоящей хозяйственной деятельности, оценить размер и структуру заемных источников, а также эффективность их привлечения. Данные баланса необходимы собственникам для контроля над вложенным капиталом, руководству организации при анализе и планировании, банкам и другим кредиторам – для оценки финансовой устойчивости.

Бухгалтерский баланс играет важную роль в оценке финансового состояния предприятия, так как по данным баланса важно понять, что представляет собой предприятие на данный момент и в результате чего сложилось такое финансовое положение.

Анализ актива и пассива баланса является частью анализа имущественного положения при рассмотрении финансово-хозяйственного состояния предприятия. При анализе актива и пассива бухгалтерского баланса прослеживается структура и динамика состояния активов предприятия, источников их формирования в анализируемом периоде.

Для проведения такого анализа необходимо раскрыть сущность бухгалтерского баланса, его использование в качестве источника информации для оценки финансового состояния предприятия.

Бухгалтерский баланс является богатым источником информации, на базе которого раскрывается финансово-хозяйственная деятельность хозяйствующего субъекта.

В бухгалтерском балансе должны быть раскрыты общие суммы долгосрочных и текущих активов, собственного капитала, долгосрочных и текущих обязательств

Содержательную и очень необходимую информацию о прибылях и убытках можно получить в отчете о финансовых результатах.

Прибыль и убыток характеризуют финансовый результат деятельности предприятия и могут быть определены только в системе бухгалтерского учета. С точки зрения бухгалтерского учета прибыль отражает финансовый результат от хозяйственной деятельности, полученный предприятием за отчетный период (в случае превышения доходов

над расходами). Прибыль относится к числу важнейших показателей оценки работы предприятий и определения эффективности деятельности.

Показатели финансовых результатов характеризуют абсолютную эффективность хозяйствования предприятия. Рост прибыли создает базу для самостоятельного финансирования, расширения производства, решения проблем социальных и трудовых конфликтов. За счет прибыли выполняется также часть обязательств предприятия перед бюджетом, банками и другими предприятиями и организациями.

Основные задачи анализа:

1. оценка динамики показателей прибыли;
2. оценка обоснованности образования и распределения ее фактической величины;
3. изучение состава и структуры балансовой прибыли;
4. выявление и измерение действий различных факторов на прибыль;
5. оценка возможных резервов дальнейшего роста прибыли на основе оптимизации объемов производства и издержек.

Деловая активность предприятия в финансовом аспекте проявляется, прежде всего, в скорости оборота средств.

Результаты такого анализа необходимы не только руководителю предприятия, но и следующим лицам, которые принимают непосредственное участие в хозяйственной деятельности предприятия:

- 1) инвесторам, которым необходимо принять решение о формировании портфеля ценных бумаг предприятия;
- 2) кредиторам, которые должны выдать при необходимости кредиты предприятию и быть уверенными, что их кредиты вернут вместе с процентами раньше, чем предприятие обанкротится;
- 3) аудиторам, которым необходимо подтвердить правильность информации в финансовой отчетности или дать соответствующие рекомендации по ведению бухгалтерского учета;
- 4) руководителям маркетинговых и рекламных отделов, которые на основе этой информации создают стратегию продвижения товара на рынки.

Необходимость исследования поставленной проблемы обусловлена рядом обстоятельств:

Во-первых, необходимость изучения характера действия экономических законов, установление закономерностей и тенденций экономических явлений и процессов в конкретных условиях предприятия;

Во-вторых, без выявления имевших место недостатков и ошибок нельзя разработать научно обоснованный план, выбрать оптимальный вариант управленческого решения;

В-третьих, объективная оценка и диагностика деятельности предприятия способствует росту производства, повышению его эффективности.

Таким образом, рассмотренные принципы и требования проведения занятия по финансовому анализу формируют у студентов необходимые навыки умения анализировать финансовую отчетность, а также сделать соответствующие выводы о показателях финансовой устойчивости и платежеспособности хозяйствующих субъектов.

Список использованных источников

1. Закон Республики Узбекистан «О бухгалтерском учете». г. Ташкент, 13 апреля 2016 г., № ЗРУ-404
2. Согникова Л. В. Бухгалтерский учет и отчетность. (Бакалавриат, Специалитет). Учебное пособие. - М.: КноРус, 2021.
3. Теория и организация бухгалтерского учета. Учебник / Алавердова Т. П. - М.: Издательский дом Университета «Синергия», 2020. - 196 с.
4. Теплая Н.В. Теоретические основы бухгалтерского учета. Учебное пособие для СПО. - М.: Директмедиа Паблишинг, 2020. - 444 с.
5. Цыденова Э. Ч. Бухгалтерский и налоговый учет: Уч. / Э.Ч. Цыденова, Л.К. Аюшиева. - М.: Инфра-М, 2018. - 128 с.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАБИҒАТ РЕСУРСТАРЫ МЕН ШАРУАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДА Қ.И. СӘТБАЕВТЫҢ МҰРАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ӘДІСТЕРІ

П.М. Қорабаева, география пәні мұғалімі, «Ынтымақ ауылындағы №30 орта мектеп» КММ
Талдықорған қ., Қазақстан

К.Ноғайбаева, 7М01506-География білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты, І.
Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының, геология ғылымдарының металлогения ғылымдары ғылыми-зерттеу институтының негізін қалаған академик Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми мұраларын мектеп географиясының «Географиялық зерттеу әдістері», «Физикалық география», «Экономикалық география» бөлімдерінде оқытуда пайдалану арқылы білім алушылардың арнайы пәндік және әмбебап пәнаралық құзіреттіліктерін қалыптастыру әдістері қарастырылған. Тақырыптың мазмұнын ашу үшін білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясының үлгілік оқу бағдарламасының оқу мақсаттарына сәйкес Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми мұраларын пайдалану негізінде білім алушылардың өз беттерімен іздену, зерттеу дағдыларын, функционалдық сауаттылықтарын дамытудың тиімді әдістеріне талдау жасалған.

Түйінді сөздер: геология, ғылым, зерттеу әдістері, минералдық ресурстар, флотация, металлургия, кен байыту, коллаборативті оқыту, құзыреттілік.

Кіріспе. Биыл Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының негізін салған, іргелі ғылыми-зерттеу институттарының ашылуына ұйтқы болған геология минералогия ғылымының дамуына орасан зор үлес қосқан, елімізде металлогения ғылыми мектебін қалыптастырған академик Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толады.

Геология-минералогия ғылымдарының докторы академик Қаныш Имантайұлы Сарыарқада, Қаратау мен Алтайда мыстың, мырыштың, темі мен марганецтің, қымбат бағалы және сирек кездесетін металдардың ірі кен орындарын ашумен қатар, елімізде қара және түсті металлургияның, тау-кен және химияның өнеркәсібінің, отын-энергетика кешендерінің дамуына зор үлес қосты.

ҚазКСР ғылым академиясының тұңғыш президенті ҚазКСР ҒА Геология ғылымдары институтының алғашқы директоры қызыметтерін атқарған ғұлама ғалым елімізде геология-минералогия және металлогения ғылыми мектептерінің негізін қалады.

Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми мұралары Г.О. Батырбековтің [1], О.А. Артюхованың [2] И.Т.Лозовский мен Г.А. Сипайловтың [3] Е.А. Каменев Г.Жайлыбай, М. Тнымовтың [4] академик А.Х. Марғұланның [5] басқда географ, геолог ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты ашылған.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының, геология ғылымдарының негізін салушы, еліміздегі металлогения мектебін қалыптастырушы Қаныш Имантайұлының ғалымның ғылыми мұраларын білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясын оқыту барысында ұтымды пайдалану негізінде білім алушылардың білімін, іскерлік-дағдыларын, функционалдық сауаттылықтарын дамытып, зерттеу құзіреттіліктерін қалыптастыру білім берудің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады

Материалдар мен зерттеу әдістері .

2022-2024 жылдар аралығында академик Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми мұраларын білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясының «Географиялық зерттеу әдістері», «Физикалық география», «Экономикалық география» бөлімдерінің оқу мақсаттарына сәйкес Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми мұраларын пайдалану негізінде білім алушылардың білім, білік дағдыларын қалыптастырып, функционалдық сауаттылықтарын дамытуды көздейтін эксперименттік-тәжірибелік зерттеулер жүргізілді.

Жүргізілген зерттеулерді жүзеге асыру үшін сипаттау, талдау, жинақтау, коллаборативті оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар

Қазіргі кезеңдегі мектеп географиясын оқытудағы өзекті мәселелердің бірі білім мазмұнының жаңартылуына сәйкес 8-9 сынымтарда «Физикалық география», «Экономикалық география бөлімдерін оқыту барысында оқу мақсаттарына сәйкес Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми мұраларын насихаттау негізінде еліміздің экономикасын өркендетуге үлес қосатын болашақ геолог, тау-кен инженері, маркшейдер, металлург, геодезист, картограф сияқты мамандарды дайындауға негіз болатын білім алушылардың геологиялық және картография сауаттылықтарын дамыту болып табылады (1-кесте). [7]

1-кесте. Мектеп географиясының үлгілік оқу бағдарламасының негізгі бөлімдерін оқытуда кәсіби бағдар беруге мүмкіндік беретін бөлінген сағат сандары

Бөлімдер мен бөлім тармақтары	Бөлінген сағат саны		
	7 сынып	8 сынып	9 сынып
Географиялық зерттеу әдістері	5	5	5
Картография және географиялық деректер қоры	4	4	4
Литосфера бөлім тармағы	6	6	6
Экономикалық география	9	15	15
Барлығы	26	30	30

Оған білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясының үлгілік оқу бағдарламасында 7-9 сыныптарда «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және географиялық деректер қоры», «Экономикалық география» бөлімдері мен «Литосфера» бөлім тармағын оқытуға сағат санының жеткілікті дәрежеде бөлінуі, сонымен қатар сыныптан сыныпқа көшкен сайын отылатын тақырыптардың біртіндеп күрделенуі қолайлы әсер етеді. [7]

8-сыныптарда «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімін оқыту барысында білім алушылардың білім, білік дағдыларын, функционалдық сауаттылықтарын дамытып, арнайы пәндік және әмбебап пәнаралық күзiреттiлiктерiн қалыптастыру үшiн 8.1.1.2 оқу мақсатына сәйкес Қ.И. Сәтбаевтың 1926-1964 жылдар аралығында жүргізген геологиялық зерттеулерінің елімізде тау-кен, қара және түсті металлургия, химия өнеркәсіптерін дамытудағы алатын орынын анықтауды көздейтін өзекті және шығармашылық тапсырмаар беру қажет. [7]

Коллаборативті оқыту технологиясының талаптарына сай білім алушылардың Қ.И. Сәтбаевтың зерттеулерінің ғылыми-танымдық, шаруашылықтық маңызын шағын топта талқылау үшін білім алушыларға өзекті немесе шығармашылық сипаттағы төменде көрсетілген мән-мәтіндік тапсырмаларды беруге болады:

-Қаныш Имантайұлының 1930-1942 жылдар аралығында Орталық Қазақстанда геологиялық барлау нәтижесінде ашылған «Үлкен Жезқазған» мыс кен орындарының еліміз экономикасындағы шаруашылықтық маңызын анықтады.

-1941 жылы екі ай геологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде ашылған Атасу темір-марганец кен орындарының Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО-да сапалы болат қортпаларын өндірудегі алатын орнын ашып көрсетіндер.

-Қ.И. Сәтбаевтың «Жезқазған ауданының ежелгі тарихи ескерткіштері» мақаласының мәліметтерінің елімізде қола дәуірінен бастап мыс, қола балқыту ісінің дамуының дәлелдеуінің маңызын ашты. [6]

Жоғарыда айтылған өзекті және шығармашылық деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар үлгілік оқу бағдарламасының 8.1.1.2 және 8.1.1.3 оқу мақсаттарына сәйкес далалық, картографиялық, теориялық географиялық зерттеу әдістерінің, сонымен қатар, геологиялық зерттеулердің шаруашылықтық маңызын білім алушылардың өз беттерімен ашыумен қатар, танымдық белсенділіктері мен қызығушылықтары артады. [7]

Кейбір нәрселер сыртқы жағынан өте сенімді болып көрінуі мүмкін, бірақ іс жүзінде олай емес. Олар баяу және әдемі істен шықпайды, олар бұзылады, морт сынады. VANI әлемі контекстінде мысалы, Ғасырлық тарихы бар ірі өндірістік корпорациялар бір мезетте ыдырауы

мүмкін. Білім беру процесінде біз аудиторияда сабақ өткізу жалғыз нұсқа болмай қалғанын айта аламыз.

Мазасыздық пен алаңдаушылық - ХХІ ғасырдағы созылмалы түрге айналған ең көп таралған "аурулардың" бірінің белгілері. Бұл жағдайда кез-келген таңдау жасау үшін адам қиналады. Демек, маңызды шешімдер қабылдауды тежейтін пассивтілікке алып келеді. Ақпаратқа тәуелділік мазасыздық деңгейін жоғарылатады. Жаңалықтар легін үнемі жаңартып отырып, адам бейсаналы түрде жаңа оқиғаларды, нашар өзгерістерді күтеді және одан да көп алаңдайды. Бұл тәуелділіктен арылуға тырысудың орнына, адамдар не болып жатқанынан хабарсыз болудан қорқады. Жарқын мысал – күні бойы нақты уақыт режимінде әлеуметтік желілердегі оқиғалардан хабардар болу қажеттілігі.

Себеп пен салдар арасындағы диспропорция. Қабылданған немесе қабылданбаған әрекеттердің нәтижелері сайып келгенде теңгерімсіз болып шығады. Кішкентай шешімдер үлкен салдарларға, ал көп жұмсалған күш – жігер шамалы нәтижелерге әкелуі мүмкін. Мысалы, кішкентай вирус әлем халқының көп бөлігін үйлеріне жасыруға мәжбүр етті.

Шексіздіктің арғы жағында "ақпараттың шамадан тыс жүктелуі" мәселесі тұр. Қосымша ақпарат енді жақсы түсінудің кепілі емес. Иә, адамдарға қойылған сұрақтарға жауап табу оңайырақ болды, бірақ көбірек деректер біздің әлемді түсіну қабілетімізді тежейді. Қиыр шегіне жетпеу - біз белсенді қолдана бастаған жасанды интеллект жүйелеріне тән. Жүйелер неғұрлым күрделі болған сайын, олардың қалай шешім қабылдайтынын түсіну қиынырақ болады.

Әлемге баға берілгеннен кейін, оның шешімі де ұсынылған. Морт сынғыштықты – тұрақтылықпен жеңуге болады. Болашаққа деген алаңдаушылықты – дәл қазір болып жатқан ситуацияға зейін аударумен, Күтілген нәтиженің болмауын – икемділік, бейімделу арқылы жеңу. Ал, түсініксіздік ашықтық пен интуитивті түсіну қажеттілігін күшейтеді.

Әлемнің сипаты беріліп, қоғамдағы түйткілдердің беті ашылған соң, мәселелердің шешімі ретінде – тұрақты даму бағытында білім беруді ұстанамыз. БҰҰ әлемнің тұрақты дамуы үшін 17 мақсатты айқындап берді [5]. Олар барлық саланы қамтиды: қоршаған ортадағы тұрақтылық, әлеуметтік тұрақтылық, экономикалық тұрақты даму және саяси тұрақты даму.

ТДМ - 4.7-ге сәйкес, 2030 жылға дейін барлық оқушылардың тұрақты даму үшін қажетті білім мен машықтарға ие болуын, атап айтқанда, тұрақты даму және тұрақты өмір салты, адам құқықтары, гендерлік теңдік, әлем мәдениеті мен зорлық көрсетпеу, әлемнің азаматтығын насихаттау және мәдени алуан-түрлілік құндылығы мен тұрақты дамудағы мәдениеттің үлесін мойындау мәселелері бойынша білім беру арқылы қамтамасыз ету міндеті қойылған.

ТДМБ - Бұл жаһандық азаматтық рухында білім беру, бейбітшілік пен адам құқықтары мүддесі үшін білім беру, жаһандық білім беру, жаһандық оқыту, экологиялық білім беру, Тұрақты даму мүддесі үшін білім беру және ТДМ-мен байланысты басқа да бағыттар бойынша білім беру тәсілдеріне қатысты қолданылатын жалғыз жалпы термин [6].

Бұл жаңа әлемде білім беру жүйесі жас ұрпақты тұрақты өзгерістер жағдайында өмір сүруге дайындауға міндетті. Көріп отырғандарыңыздай, бүгінгі таңда білім тек интеллектуалды ғана емес, сонымен қатар эмоционалды, Әлеуметтік және стратегиялық ресурстарды дамытуды қажет етеді [7]. Дәл осы жерде, ТД бағытында ББ, оны іске асырудағы инструменттер өте өзекті.

Олар тек білімді жеткізуге ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың бойында тұрақтылық, икемділік, уақытқа деген ұқыптылық (тайм-менеджмент), ашықтық және ойлаудағы интуитивтілік сияқты қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді. Ол жеке көзқарасты қолдайды, білім алушыларға өздерінің күшті жақтарын білуге және дамытуға, мақсат қоюды және оларға жетуді үйренуге және үнемі өзгеріп отыратын әлемге бейімделуге көмектеседі. Білім беру саласындағы мамандар ретінде біздің бүгінгі міндетіміз тек білімді жеткізу ғана емес, сонымен қатар Білім алушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, икемді және бейімделгіш болуға, өзін –өзі оқытуға және өзін-өзі дамытуға үйрету екенін түсінуіміз керек.

Болашақтың мүддесі үшін оқуда мұғалімдердің де маңызды құзыреттіліктері де айқындалған [8]. Олар: а) «білуді үйрену» қоғам алдында тұрған жергілікті және жаһандық қиындықтарды және мұғалімдер мен оқушылардың әлеуетті рөлдерін түсінуді білдіреді (мұғалім түсінеді...);

б) «іске асырып үйрену» тұрақты дамуға арналған білім беруге байланысты практикалық дағдылар мен белсенділік құзыреттілігін дамытуды білдіреді (мұғалім... істей алады);

в) «бірге өмір сүруді үйрену» - серіктестіктің дамуына және өзара тәуелділік, плюрализм, өзара түсіністік және татулық құбылыстарын оң қабылдауға ықпал ететін тренинг (мұғалім басқа адамдармен ... жұмыс істейтіндей жұмыс істейді);

г) «болуға үйрену» жеке қасиеттердің дамуын білдіреді және өз бетінше әрекет ету қабілетін дамыту, сонымен қатар тұрақты даму туралы өз пайымдаулары бар және соған байланысты жеке жауапкершілікті көтеру (мұғалім – бұл...).

Сонымен қатар, мұғалім біртұтас көзқарасты ұстану: интеграциялық ойлау; инклюзивтілік; күрделі мәселелерді шешу. Сонымен қатар, өзгерістерді болжау: өткен тәжірибеден сабақ алу; қазіргі өмірге қатысуға ынталандыру; альтернативті фьючерстерді зерттеу қажеттілігі бар. Мұғалім өзгерістерді енгізуді өз айналасынан, яғни, оқыту мен оқуда трансформациялық тәсілдерді қолдануда және жалпы білім беру жүйесін өзгерту процесінде бастау керек.

ТДМБ мақсаттары білімнің, дағдылардың, қарым-қатынастардың, құндылықтардың және ойлау үлгілерінің кең ауқымын қамтиды, соның негізінде адамдар өздерінің дүниетанымы мен күнделікті мінез-құлқын қалыптастырады және соның арқасында олар планетаға зиян келтірместен бүкіл адамзаттың өмір сапасына жағымды әсер ететін шешімдер қабылдауға қатысады.

Сондықтан, ТДМБ білім алушылардың да игеруі қажет құзыреттіліктерді алға тартады [9].

Өз бетінше білім алу

Жергілікті, ұлттық, жаһандық деңгейде мәселе шешіміне ықпал ете алу

Сыни ойлау

Байланысқа тұсу, келісе алу

Жүйелермен жұмыс істей алу. Себеп-салдарлықты түсіну

Тәуекелдерді талдау, баға беру

Құндылықтарды анализдеу

Тұрақты даму процесіне қатысу және дайын болу

Өзгерістерге ашықтық

Инклюзия

Ынтымақтастық және жауапкершілік

Мақалада білім беру саласындағы мамандарға Тұрақты болашақ үшін білім берудің маңыздылығы, себептері, түсініктері, құзыреттіліктері жік-жігімен талданып, аталды. ТДБ тұрақты даму туралы біліммен шектелмейді. Оны іске асыруу әдістемесі - білім берудің негізінде құндылықтар мен принциптерді енгізіп, ұстану есебінен ТД мақсатында толығымен білім беруді қамтамасыз ете алады.

Бұл өзекті мәселе Абай атындағы ҚазҰПУ-нде АР14871476 "География мұғалімдерін даярлау мен қайта даярлаудағы тұрақты даму мақсаттарын іске асыру" гранттық жобасы аясында зерттелуде және ары қарай да жалғасын табады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Our common future: Report of the World Commission on Environment and Development, note UN, New York, 1987, 374 p. (online) <http://digitallibrary.un.org/record/139811> (қаралған күні 10 қаңтар 2023 ж)

2. Образование для сложного общества. URL: <https://drive.google.com/file/d/0B9ZvF6mQ5FMbSTFKVmhodU5rNTNiTXpUZ2QwZktiR0pzSmJR/view> (қаралған күні 15 қаңтар 2023 ж)

3. Н. Е. Рязанова, Д. В. Моргун, М. В. Аргунова, Формирование глобальных компетенций для vusa-мира: зачем, чем и как учить? Наука и Школа / Science and School № 2*2021, стр. 86-96

4. BANI как новый способ осмыслить меняющуюся реальность. URL: <https://blog.bitobe.ru/article/kakoy-mir-prishel-na-smenu-vuca/>
5. Повестка дня на XXI век (онлайн). https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/agenda21.pdf (қаралған күні 15 қаңтар 2023 ж)
6. Декларация тысячелетия Организации Объединенных Наций (онлайн). https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/summitdecl.shtml (қаралған күні 3 наурыз 2023 ж)
7. Globalization and education for sustainable development: sustaining the future: International Conference, Nagoya, Japan, 2005. - 176 p., illus. (online) <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000149295?posInSet=1&queryId=N-EXPLORE-89594a0e-9729-4341-a8cb-9e6726314253> (қаралған күні 24 қаңтар 2023 ж)
8. Расширение возможностей преподавателей в интересах устойчивого будущего. ЕЭК ООН, Женева, 2013 (онлайн). <https://unesce.org/DAM/env/esd/ESD> (қаралған күні 5 мамыр 2023 ж)
9. Учиться в интересах будущего: компетенции в области образования в интересах устойчивого развития. ЕЭК ООН, Женева, 2011(онлайн).

ГЕОМЕТРИЯНЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Қали Ж. А.

Абай атындағы ҚазҰПУ математика, физика және информатика факультетінің магистранты,
Алматы қ., Қазақстан

Андатпа. Мақалада негізгі орта білім беру деңгейінде «Геометрия» пәнінің мазмұны, оны оқытудан күтетін нәтижелер туралы баяндалған. Оның ішінде мектептің геометрия курсына оқытылатын төртбұрыш (параллелограм, ромб, тіктөртбұрыш, квадрат, трапеция) және оның ауданы ұғымдары, түрлері, қасиеттеріне шолу жасалған. Білім алушылардың геометрия есептерін шығаруға танымдық қызығушылығын ояту мақсатында мысалдар және олардың шешімі келтірілген.

Кілт сөздер: геометрия, төртбұрыштар, тіктөртбұрыш, аудан, танымдық қызығушылық.

Математикалық білім беру мен ғылымды дамытуда геометрияның алатын орны ерекше.

Геометрия – геометриялық пішіндерді және олардың сандық сипаттамаларын зерттеумен айналысатын ғылым. Мектептегі геометрия курсы планиметрия мен стереометрияға бөлінетіні белгілі. Планиметрияда жазықтықтағы фигуралардың қасиеттері мен сандық арақатынасы зерделенеді. Мұндай фигуралардың мысалдары кесінділер, шеңберлер, үшбұрыштар, төртбұрыштар, тікбұрыштар, көпбұрыштар болып табылады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында негізгі орта беру деңгейінде математикалық білім беру «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндері арқылы жүзеге асырылатыны және онда пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер жазылған.

Атап айтқанда, негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы геометрия курсына қатысты келесі күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі тиіс: көпбұрыштар жіктемесін; жазық фигуралардың негізгі түрлерінің қасиеттерін және белгілерін біледі; математиканың академиялық тілін; аксиома мен теорема сияқты математикалық категориялардың мағынасын; жазықтықтағы геометриялық салулар мен өлшемдердің қағидаттарын түсінеді; практикалық есептерді шешуде математикалық білімін; математикалық есептерді шешу алгоритмдерін; геометриялық есептерді шешуде жазық фигуралардың қасиеттерін қолданады; геометриялық фигуралардың өзара орналасуын; математикалық модельдер құрастыру үшін мәтіндік есептердің шарттарын талдайды; математикалық есептерді шешудің алгоритмдерін; аксиомалар мен теоремалар арқылы дәлелді пікірлерді; геометриялық түрлендірулерді қолдана отырып құрастыру есептерін шешу тәсілдерін жинақтайды; есептің шартына қатысты есептеулер нәтижесін бағалайды [1].

Білім стандартында көрсетілген күтілетін нәтижелерге сәйкес әр пәннің оқу бағдарламасында базалық мазмұны анықталады. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі геометрия курсына төртбұрыш ұғымы мен оның ауданына қатысты оқу бағдарламасында


келесі мазмұн қарастырылған: параллелограмм, тіктөртбұрыш, ромб, шаршы, трапеция және олардың қасиеттері, белгілері және аудандары [2].

Геометрияда төртбұрыштарға арналған есептердің алатын орны өте зор. Есептерді белгілі бір жүйемен шығару теорияны саналы меңгеруге оның практикалық мағынасын аңғарып, іс жүзіне қолдана білуге ұмтылдырады. Есептерді шешудің жалпы білік-дағдылары әдетте көптеген есептерді жүйелі шешіп жаттығу арқылы қалыптасады. Төртбұрышқа байланысты есептерді шығаруда бұрынғы шығарылған есептермен берілген есептің арасындағы ұқсастықты, жалпылықты ажырата білуі керек.

Кейбір жағдайда, оқушылар төртбұрыштарға арналған есептерді шығару процесінде оның шығару жолы мен тәсіліне, әрбір шығарылуының кезеңінің негізделуіне назар аудармай, тек қана белгісіз элементті есептеп табумен айналысып, есептерді шығаруда қиналады. Сондықтан оқушылар кез келген математикалық есептерді шешудің жалпы әдіс-тәсілдерін үйрену өте маңызды.

Орта мектептегі геометрия курсы оқытудағы есептердің рөлі, бір жағынан, білім алушылардың белгілі бір есептер жүйесін шешу әдістемесін меңгеруімен, екінші жағынан, оқыту мақсатына толық жету білім алушылардың есептер жүйесін шешудің көмегімен мүмкін болатындығымен анықталады. Математиканы оқытуда есептерді шешу оқытудың мақсаты ретінде де, құралы ретінде де әрекет етеді. Білім алушылардың проблеманы шешудегі белсенділігі мәселені шешу процесі арқылы оның ойлауына қалай әсер ететініне байланысты. Математиканы оқытудағы кез келген есеп белгілі бір мақсатпен (ұғымдарды қалыптастыру, түсініктерді жүйелеу, дәлелдеуге үйрету және т.б.) орындалады. Әрбір мақсатқа жету белгілі бір әрекеттерді меңгеруді талап етеді [4].

Кез келген ұғымды оқып-үйрену осы ұғымның анықтамасынан, жіктелуінен, оған қатысты есептер шығару барысында қажетті формулалар және т.б. басталады. Сондықтан алдымен төртбұрыштардың классификациясын келтірейік (1-сурет).



1-сурет

Төртбұрыштың ауданын табуға берілген есептерді шығару барысында келесі қасиеттер ескеріледі: фигураның ауданы теріс емес сан; тең шамалас фигуралардың аудандары өзара тең; егер фигура бірнеше бөлектен тұратын болса, онда фигураның ауданы осы бөлектердің аудандарының қосындысына тең; қабырғасы бірлік кесіндіге тең квадраттың ауданы бірге тең; бірлік кесінді өзгерсе фигураның ауданы да өзгереді.

Төртбұрыштарға берілген есептерді шығару барысында келесі әдістерді қолдану болады: тірек есептерін қолдану; біртіндеп есептеу әдісі; алгебралық әдіс; геометриялық әдіс; тригонометриялық әдіс; комбинациялық әдіс және т.б.


Білім алушылардың геометрия курсына деген қызығушылығын арттыру мақсатында бір есепке қатысты шартын толықтыра отырып бірнеше есептеулер жүргізуге болады. Сонда білім алушылар есепті оңайдан күрделіге дейін есепті толық шығарып, зерттеп шығады. Сондай

есептердің бірі геометриялық есептерді алгебралық әдіспен шығарылатын есептер. Осыған мысал қарастырайық.

1-мысал. $ABCD$ тіктөртбұрышының үш төбесінің координаталары берілген: $A(2; 1)$, $B(2; 5)$, $C(7;1)$.

1) D төбесін координатасын табыңдар.

Шешуі: Тіктөртбұрыштың төртінші төбесінің координатасын табу үшін геометриялық әдісті қолдануға болады. Ол үшін Geogebra бағдарламасын қолданып, суретін саламыз. Енді тіктөртбұрыштың қарама-қарсы қабырғаларының ұзындықтарының теңдігін және симметриялық екенін пайдаланамыз. Сонда D нүктесінің координатасы $(7; 5)$ болады.



2-сурет

Жауабы: $D(7; 5)$.

2) $ABCD$ тіктөртбұрышының қабырғаларының ұзындықтарын табыңдар.

Шешуі:

$$|AB| = \sqrt{(x_2 - x_1)^2 + (y_2 - y_1)^2} = \sqrt{(2 - 2)^2 + (5 - 1)^2} = 4$$

$$|AC| = \sqrt{(x_m - x_n)^2 + (y_m - y_n)^2} = \sqrt{(7 - 2)^2 + (1 - 1)^2} = 5$$

Жауабы: $AB = CD = 4$ см, $AC = BD = 5$ см.

3) $ABCD$ тіктөртбұрышының периметрін табыңдар.

Шешуі: $P = (AB + AC) \cdot 2 = (4 + 5) \cdot 2 = 18$.

Жауабы: $P = 18$ см.

4) $ABCD$ тіктөртбұрышының ауданын табыңдар.

Шешуі: $S = AB \cdot AC = 4 \cdot 5 = 20$.

Жауабы: $S = 20$ см.

Бұл мысал төртбұрышқа байланысты ең қарапайым мысал. Осындай көптеген төртбұрышқа байланысты есептерді күрделендіре отырып білім алушының қызығушылығы мен ойлау қабілетін арттыруға болады. Бір ғана есептен бірнеше есепті шығаруға болатынын байқадық.

2-мысал. Жөндеу жұмыстарын жасау үшін қыштактай сатып алынды. 3-суретте көрсетілгендей қыштактайда шеңбер және шаршы тәріздес әшекейлер салынған. Қыштактайдың өлшемдері 3 см және 15 см.

1) Қыштактайдың боялған бөлігінің ауданын табыңдар.

2) Қыштактайдың ауданы боялған бөлігінің ауданынан қаншаға пайызға артық?



3-сурет

2-мысалды орындай отырып, білім алушылар бірнеше фигураның ауданын табу формулаларын және пайыз ұғымын қолданады. Осылайша бір тапсырмада оқушылардың төртбұрыштың ауданын табуға байланысты білімдерін ғана емес математика курсы бойынша білімдерін пысықтауына мүмкіндік береді.

Математикалық есептерді шығаруды оқытудың дұрыс ұйымдастырылған әдістемесі оқушылардың логикалық ойлауын, танымдық қызығушылығын дамытуға, сондай-ақ математиканың практикалық қолдану білігі мен дағдыларын қалыптастыруға үлкен септігін тигізеді.

1. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістері: дидактикалық және әдістемелік негіздер. - Алматы: Мектеп, 2014. - 224 б.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.

3. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 22 қарашада № 30654 болып тіркелді.

4. Абылқасымова, А. Е., Исакова, Л. Т. Задачи как средство контроля и оценки знаний учащихся. – Алматы, 2005. – 99 с.

МЕТОДЫ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Жапарханова. К.Б., учитель Ефремовской СОШ, Павлодарский район, Казахстан

Аннотация: Мақалада білім беру мәселелері қаралды, олар оқыту мен оқыту жүйесінің үздік дәстүрлерін, оқытудың ең тиімді әдістері мен тәсілдерін, инновациялық технологияларын еркін, білімді, мәдени тұлғаны дамыту ретінде, өзгеріп отыратын қоғамның сұраныстарына сәйкес өзін-өзі іске асыру қажеттілігін қарастырды.

Түйін сөздер: тиімді әдіс, білім, инновация, мәдени тұлға, дамыту.

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы образования, которые должны сочетать в себе лучшие традиции системы преподавания и обучения, самые эффективные методы и приемы, инновационные технологии обучения, направленные на развитие свободной, образованной, культурной личности, способной реализовать себя в соответствии с запросами изменяющегося общества.

Ключевые слова: эффективный метод, образование, инновация, культурная личность, развитие

Abstract: The article addresses education issues that should combine the best traditions of the teaching and learning system, the most effective methods and techniques, innovative learning technologies aimed at development of a free, educated, cultured personality capable of realize itself in accordance with the needs of a changing society.

Keywords: effective method, education, innovation, cultural personality, development.

Социальная модернизация требует подхода, направленного на позитивные изменения в жизни всего казахстанского общества, каждой семьи и каждого человека, создает условия для того, чтобы казахстанцы могли улучшать качество своей жизни. Потребности и интересы личности требуют развития системы образования на базе сочетания традиционных и инновационных подходов. Одним из таких направлений является эстетическое воспитание, осуществляемое в школе через предметы «Русский язык», «Литература». Эти предметы должны сочетать в себе лучшие традиции системы

образования, инновационные технологии обучения, направленные на развитие свободной, образованной, культурной личности, способной реализовать себя в соответствии с запросами изменяющегося общества.

На нравственное становление личности ребенка также оказывают влияние средства массовой информации, во многом определяющие нормы и правила

поведения в обществе. Но в наибольшей мере нравственное становление личности происходит в школе в процессе взаимодействия со сверстниками и учителями. всех учащихся в классе, так и каждого в отдельности. Учитель

должен создавать условия для каждого обучающегося, учитывая его индивидуальные особенности, чтобы раскрыть лучшие черты и качества ребенка. Интеллектуальная атмосфера обучения, которая позволяет ученику мыслить, анализировать жизнь и себя в ней выступает главным фактором критического мышления. И в это время, безусловно формируется гуманистическое отношение друг к другу, через ежедневную деятельность: на уроке, на перемене, во время игр.

Именно в это время формируются положительные или отрицательные нравственные качества. Учителю важно научить детей анализировать свои поступки через призму восприятия произведений, поступки героев.

Духовно-нравственное воспитание и развитие личности на уроках развития речи способствуют наиболее открытому раскрытию возможностей обучающегося.

Основным условием духовно-нравственного развития личности является погружение человека в свой внутренний мир, осознание себя как человека, пробуждение нравственных чувств, эмоций, самоанализ внутренних состояний, формирование системы ценностей. Какими же методами необходимо пользоваться в повседневной работе учителю? Выделяя наиболее активные методы, приходишь к убеждению, что влиять на обучающегося через различные методы, можно улучшить качество жизни подрастающего поколения. Ниже приведены методы, используемые во время уроков. Это классические методы, предложенные педагогами прошлого столетия и современности, которые должны находить свое применение в учебно-воспитательном процессе.

Метод убеждения, придуманный математиком и философом Блезом Паскалем, означает: не указывать оппоненту на его ошибку, а прежде всего, помочь ему увидеть проблему с другой стороны и сделать заключение самостоятельно.

Метод веры в свои силы заключается в поддержании взаимосвязи между инстинктами и действиями (З.Фрейд).

Метод прямого действия (П.Я. Гальперин) представляет гипотезу формирования умственных действий.

Метод создания интереса (Ю.Б. Алиев) – прекрасный стимул к учению вообще и к приобщению к какому-то делу по интересу.

Метод доверия (А.Б.Купрейченко) затрагивает аспекты нравственности в психологии. Воспитание природой – И.Г.Песталоцци разработал теорию элементарного природосообразного воспитания и обучения.

Воспитание музыкой – данный метод ввел швейцарский педагог и композитор, профессор Женевской консерватории Эмиль Жак Далькроз.

Хочу поделиться опытом применения данных методов в разных классах. Учитывая возрастные особенности учащихся, в разных классах применяю разные методы, уместные в данной ситуации.

4 класс

Осознание эмоциональной сферы, приобретение личного опыта восприятия действительности

Сочинения-миниатюры : «Как звучит радость?», «Как пахнет день рождения?», «Какого цвета осенний (зимний, весенний, день)?»

Творческие задания: «Рассказ от лица другого», «Что рассказал раненый голубь?», «Что рассказал о себе твой щенок?» ,

Предполагаемый результат

Развитие душевной чуткости, эмпатии. Преодоление «отчуждения» знания. Переоценка собственного поведения и отношения к окружающим

Ученица 4 класса , Айзере выбрала тему «Что рассказал о себе твой щенок?» . Она пишет: «Я давно мечтала о щенке. И мечта сбылась! Родители привезли щенка, он был маленький, кругленький. Сначала пожалела, что его привезли и оторвали от мамы. Начала шептать ему на ушко, что со мной ему будет хорошо. И мне показалось, что он кивнул в ответ!»

Айзере показала способность сопереживания, душевного подъема, учится бережному отношению к животным.

А Нурсултан описал день рождения. Сначала удивился данной теме, а потом воскликнул: «Как пахнет день рождения?» Он пишет: «День рождения пахнет очень вкусно! Да, я чувствую запах доброты и праздника! Когда все рядом: родители, друзья!»

Учащиеся приобретают умение выражать своё эмоциональное состояние, особенно данную работу любят писать дети, которые неохотно вступают в диалог.

5 класс

Написать рассказ о самом себе с элементами самоанализа

«Когда я был маленьким», «Случай, ставший уроком», «Моё открытие», Сочинения-перевоплощения «Я — последний осенний листок»

Предполагаемый результат

Выполнение данных этюдных работ способствует самопознанию подростков. Даёт возможность ребёнку поразмышлять о своём месте в мироздании, развивать общее мироощущение

Из работы ученицы Айзады Акбота «Случай, ставший уроком». Вспоминает, что когда была в начальных классах обидела девочку с соседнего класса. «Девочка была тихоней, ни с кем не водилась, вечно сидела в классе. Не бегала, не разговаривала, а была печальная. Я шумная, вбежала к ним в класс и закричала «Чего ты вечно сидишь! Ты нас не признаешь? А ну, побежала!». С силой толкнула её. Она упала, и сильно ударилась головой об угол стола. Пошла кровь, я испугалась, и убежала. На другой день, она не пришла в школу, я спросила учительницу, оказалось, девочка попала в больницу. Это был страшный урок для меня», - написала Айзада. Этот прием эффективен при формировании навыков высокого порядка : анализировать ситуацию и извлечь из нее урок.

6 класс

Написание сочинений рассуждений «Моё Я такое разное», «Я — умный», «Я как друг», «Из чего складывается дружба?», «Что порождает вражду?», «Случай, ставший уроком»

Предполагаемый результат

Концентрация внимания ребёнка на различных сторонах осмысления собственного Я. Осознание нравственных категорий, их значение для человека. Ориентация на позитивные духовно-нравственные ценности, взаимопонимания, доброту, дружбу
Групповая работа и работа в паре
Раздел «Жизнь и творчество», тема «Искусство слова»:
Групповая работа Почему книга для нас – учитель?
Почему книгу называют другом?



Ролевая игра

Учащиеся составят диалог по названиям групп и разыграют по ролям. Для составления диалога используют материалы из интернета, свой опыт. Отвечая на вопросы, приводят примеры из своей практики, обосновывают свой ответ.


Парная работа: Представьте, что вы –журналист, нужно взять интервью у Курмангазы. Составьте диалог, используя приём РАФТ. Узнайте у композитора о его чувствах при создании музыки№



Тематические уроки

Тема: Традиции празднования Нового года.6 класс

Задание Чем различаются и чем схожи Наурыз и Новый год? Заполните диаграмму, впишите в пересекающееся пространство общие черты



Использование информационно- коммуникативных технологий

Данный прием эффективен при объяснении нового материала , например в 6 классе по теме «Зима в нашем краю» показала видеоролик о зиме, при актуализаций знаний и учащиеся быстро спрогнозировали тему урока.

Преподаватель, используя Интернет, может актуализировать материал учебников;

найти дополнительную информацию;

разместить учебную информацию;

разработать интерактивные задания;

применить различные формы контроля и организовать обратную связь.

Создание буктрейлеров.

Цель буктрейлера – рассказать о книге. Но этот рассказ должен содержать интригу, чтобы заинтересовать читателя



Метод проектных исследований

Данный метод позволяет получать практический опыт, навыки коммуникации, работы в команде. Метод помогает развить активное самостоятельное мышление учащихся, погружаться в атмосферу, требующую думать, рассуждать, грамотно излагать свои мысли. Например, при изучении басен И.А.Крылова предлагается реализовать краткосрочный проект – инсценировку. Класс делится на 3 группы, выбирают басни, персонажи, вариант демонстрации.

Раздел «Выдающиеся личности в искусстве Казахстана», 6 класс

Задание: Напишите на листочках имена выдающихся личностей Казахстана, объясните кратко, почему вы считаете этих людей выдающимися. Приклейте листочки на дерево



Дерево выдающихся личностей.

Рекомендуется данный способ по развитию креативности, которое принесет ему удовольствие. Учатся создавать текст - описание, повествование, данная работа способствует творческому подходу, развитию критического мышления.

Таким образом, целевой установкой в нравственном воспитании школьников, является формирование устойчивых нравственных ориентиров. И такую возможность для этих целей играет предмет «Русский язык и литература». На уроках дети приобщаются к мудрости языка, традициям, культуре, нравственным ценностям. Естественно, что главную роль в воспитании духовно- нравственной личности в школе играет учитель. Авторитет учителя, как профессиональный, так и нравственный, уровень педагогического мастерства являются самыми важными факторами в воспитании подрастающего поколения.

Список использованных источников

- 1.Богданова О.С., Черенкова С.В. Нравственное воспитание старшекласников. - М.,2008
- 2.Булатбаева К.Н.Функционально-коммуникативная технология обучения русскому языку в казахской школе. Павлодар: НИЦ ПГУ, 2005
- 3.Рымбаева К.С. К проблеме использования информационных технологий в подготовке студентов педагогического колледжа, - Астана// https://tou.edu.kz/arm/upload/umk_pdf/46783.pdf.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕНГЕРУДЕГІ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН (МҰҒАЛІМДЕРМЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ)

Төлеубаева М.С., К.Макпалеев атындағы №4 ЖОБМ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Павлодар қ., Қазақстан

Андатпа. Дарынды оқушылармен жұмыс жасау мәселесі қазіргі қоғам үшін өзекті болып отыр. Бүгінде мектепке жоғары талаптар қойылып жатыр.

Мақалада дарынды және талантты, ерекше қабілеттілігі бар балалармен жұмысты тиімді ұйымдастыру жолдарын көрсетіп, дарындылықты сыныптарда дамыту. Түйінді идеялар: дарынды және талантты

оқушылардың шынайы қабілеттілігін көрсетуде көрінетін кедергілерді анықтау, мұғалімдер шығармашылық тобын құрып, Lesson Study әдісі бойынша мектепте дарынды балалармен жұмыстарды арттыру.

Түйінді сөздер: дарын, дарындылық, шығармашылық қабілет, Lesson Study әдісі, тәжірибе.

Алдыңғы мақаламызда дарынды балаларды дамытудағы нәтижелермен бөлістім. Осы мәселе бойынша мына мақала мұғалімдермен ұжымдық жұмыстарды атқарып, мектептегі дарынды балалардың санын көбейту жолдарын қарастыру болып саналады. Дарынды балаларды дамытуда үлкен мазмұнды жұмыстар атқарылуы тиіс. Сол жұмыс мазмұнымен, әдіс-тәсілдермен, сабақтағы жетістіктермен мектептегі мұғалімдермен бөлісу қажеттігі туындайды. Бүгінгі күні командалық жұмыс мектептің білім беру сапасын көтеруге үлкен себебін тигізеді. Нәтижелі сабақ жүргізілсе де, оны әрі қарай жетілдіру, түрлендіру жұмыстары тоқтамайтын процесс болу керек. Әсіресе әр мектеп дарындылықты дамыту жолында көп жұмыс атқаруы тиіс.

Қазіргі таңда мұғалімнің негізгі мақсаты – өз кәсіби деңгейін үнемі дамытып отыру (нәтижелі еңбек етсе де, педагогикалық жолда әрқашан ізденіс жұмыстары қажетті деңгейде болуы тиіс). Ал бұл жұмыстың ең тиімді әрі қолжетімді екі түрі бар: 1) сабақтарды бірлесе жоспарлау; 2) өзара сабақтарға қатысып, оларды жақсарту мақсатында талдау мен талқылау. Осы екі әрекетті де қамтитын бірден бір құрал - сабақты зерттеу (немесе Lesson Study) әдісі. Сабақты зерттеу әдісі (Lesson Study) мұғалімдердің кәсіби біліктілігін тұрақты түрде дамытудың тиімді жолы. Олар топ құрып жұмыс істейді. Жас мұғалімдерге тәлімгер болу және олардан бүгінгі күннің әдістерін үйрену, еңбек өтілі жеткілікті мұғалімдермен ой бөлісу, тиімді әдіс-тәсілдермен алмасу мақсатымен осы мақала авторы дарындылықты дамытуда сабақты зерттеу мәселесін көтеріп, өз тәжірибесіндегі нәтижелерге жету жолдарды жариялауды жөн көрді.

Сабақты дарындылықты дамыту жағынан зерттеу (Lesson Study) бойынша төмендегі қағидаларды негізгі ұстанымдар ретінде алдық:

- сабақ беру барысында оқушылардың тілге деген дарындылығын дамытуды (теориялық, әдістемелік немесе қарым-қатынас саласындағы проблеманы) шешу мақсатында сабақты бірлесе жоспарлау (осы бойынша менімен бірге басқа мектеп мұғалімдері де жоспарлау жұмыстарына қатысты);

- сабаққа қатысу барысында оқушылардың үйрену әрекеттерін бақылау, олардың жетістіктері мен қиындықтарын айқындау;

- оқушылармен сабақтан кейін сұхбаттасу арқылы олардың қызығушылығын анықтау, оларды сабақ барысында ескеру, жүзеге асыру;

- сабақтан кейінгі талқылауда оқушыларды бақылау мен сұхбаттасу нәтижелерін қолданып, сабаққа жағымды өзгерістер енгізу, сабақ жоспарын жақсарту;

- оқушыларға тиімді жеке немесе жұптық тапсырмалар әзірлеу.

Біздің мектепте Сабақты зерттеу (Lesson Study) топтары құрылды.

Алдымен жалпы әдістемелік тақырыптарға коучингтер өткізілді. Олар «Диалогтік оқыту- белсенділікті арттыру жолы», «Сабақты зерттеу не үшін керек» тақырыптар бойынша өтті.

Коучингтерде үш кезеңдік құрылым болды:

I. Коучинг бірлесе жоспарлаудан басталады. Бірлесіп жоспарладық, мақсат қойып, күтілетін нәтижені айқындадық және тәсіл, тапсырма, ресурстарды таңдадық.

II. Рефлексиялық диалог – коучингтің негізгі әдісі болып табылады. Коуч үйретпейді, ол тек сұрақтар қойып, рефлексиялық диалогты ұйымдастыруға арналған. III. Коучинг нәтижесінде тізбектелген LS сабақтарында дереу қолдануға болатын нақты шешім қабылданды. Біз топ құрып, сабақтарды зерттеуді мақсат қойдық.

Таңдаған тақырыбымыз: «Диалогтік оқытуда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру арқылы дарындылыққа жеткізу». Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарладық. Топта зерттеуге өз еркімен 4 қазақ тілі мұғалімі қатысты.

I. Сабақтарға дейін

Зерттеуге дайындық жұмысы ұйымдастырылды. Жоспар жасалды.

Бұл зерттеуден не күтіледі?

Мұғалімдер :

-өз жұмысын үнемі зерттеп отырады, сыни көзбен қарайды,әр сабақта оқушылардың белсенділігін арттыруды көздейді;

- әріптестерімен пікір алмасу, өзін-өзі басқару, реттеу мен дамытудың ұтымды құралы ретінде ұстаздарға бірлесе жоспарлау, тәжірибеде туындаған проблемаларды шешу, сабақ жоспарларын жақсарту үшін сабақтарды бірлесе талдау мен талқылау секілді тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану дағдыларын үздіксіз дамыту мүмкіндігін береді;

- зерттеуге қатысқан мұғалімдер белсенді болады;

-өз сабақтарын талдауға, оқушыларды зерттеуге,олардың пікірлерін ескеруге, диалогқа түсе алуға дағдыландырады;

-сабақта оқушыларға үнемі психологиялық ахуал орнатады.

Оқушылар:

- сабақта белсенді болады;

- қызығушылықтары жоғары деңгейде;

- бір-біріне көмектесуге үйренеді;

-топта,жұпта жұмыс істеуге дағдыланады;

-өздерін еркін сезінеді;

- көшбасшы ретінде өздерін сынап көреді;

-бір-бірін , өздерін бағалауды үйренеді;

- сабақтың тақырыбын әрі қарай тереңдетуге, ақпарат жинақтау негізінде дарындылыққа ұмтылады.

II Жұмыс барысы:

1) LS тобын құрдық.

2) Lesson Study-дің мақсатын және күтілетін нәтижелерді айқындадық.

Топтың зерттеу жұмысының мақсаты-қазақ тілі сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін диалогтік оқыту арқылы арттыру, соның негізінде оқушылардың дарындылық қасиеттерін дамытуға жол ашу.

3) Таңдалған проблема ауқымында коучинг өткізіп, мәселенің теориялық мазмұнын ашу, мүмкін шешімдерін таңдадық.

4) Сабақтарды бірлесе жоспарладық.

5) Бақыланатын оқушылар мен шағын топтарды, бақылау барысы мен интервьюде қолданылатын құралдарды таңдадық.

6) Оқушылардан сабаққа дейін сұхбат алдық.

7) Оқушылардан алған сұхбат негізінде сабақ жоспарына өзгертулер енгіздік

II. Сабақтар кезінде.

8) Lesson Study сабағында

а) А,В,С топтағы оқушыларды бақыладық.

А оқушы - сыныптағы ең үздік, белсенді оқушы;

В оқушы: білімі орташа оқушы;

С оқушы білімі төмен оқушы.

Тәжірибеде дарындылықтың мазмұнын айқындадық. Дарынды емес бала болмайды. Бірақ әр баланың өз психологиялық ерекшеліктері болады. Сонымен қатар, *дарындылықты* қазақ тілі сабақтарында дамытуда біз өзіміз үшін төмендегідей міндеттер қойып алдық.

А тобындағы үлгерімі биік оқушы: монолог және диалог түрінде емін-еркін сөйлеу қабілеті болу керек; логикалық жағынан оның мәтіні тақырыпшалардың жақсы байланысын көрсетуі қажет; тіл қолдану жағынан көркемдеуіш құралдарды емін-еркін қолдануы керек; қазақ халқының мақал-мәтелдерін тиісті орнында қолдану білігі болу қажет; шешендікке апаратын шеберлік әдістерді меңгеру қажет; қазақ халқының топ алдында сөйлеу үшін қажетті ой мен тілдік сипаттарлы білуі қажет; стилистикалық өңдеу жұмыстарын атқара алады;шығармашылық қабілеті болуы қажет.

В тобындағы білімі орташа оқушы: монолог және диалог түрінде сөйлесе алады және басқа адамдардың сөзінің тереңдегі ойын түсінеді, көркем әдебиет үзінділерін мәнерлеп оқиды, оқулықтардағы ғылыми мәтіндерлі түсінеді, синонимдік және антонимдік қатынастарды жақсы қолданады, сөйлемдерді түрлендіре алады, шығарма жаза алады.

С оқушы білімі төмен оқушы: монолог және диалог түрінде бір қалыпты (түрлендірусіз) сөйлесе алады, берілген мәтіндерден қажетті ойды таба алады, қысқа көркем әдебиет үзінділерін мәнерлеп оқиды, орфографиялық және орфоэпиялық сауаттылығы қалыптасқан (сингармонизм заңын жақсы түсінген, сол бойынша сауатты дыбыстау абілеті бар), « мақала тақырып бойынша келтіре алады, басқа оқулықтардан ғылыми мәтіндерді түсінеді, кейбір жерлерін сөздік арқылы түсінеді.

Осы қағидаларды толық ұстанып, мұғалімдерді сабақтарыма шақырып отырдым.

III. Сабақтардан кейін.

9) Оқушылардан сабақтан кейін сұхбат алдық.

10) Сабақты талқыладық, сабақ жоспарына өзгерістер енгіздік, сабақ жоспарының жақсартылған нұсқасын дайындадық.

Оқушылар білім беру үдерісінің белсенді қатысушылары болу үшін оларды сабақты жоспарлау ісіне қатыстырдық. Ол үшін LS тобының мүшелері тандап алған шәкірттермен сабаққа дейін сабақтың қалай өтетіндігі туралы сұхбат алдық. Оқушыларға олардың пікірі сабаққа өзгерістер енгізу үшін қажет екендігі және де олардың құпия болатындығы туралы айтылды

Оқушылардың айтқандары, олардың ұсыныстары мен сұраныстары сабақты жоспарлағанда міндетті түрде ескерілді.

Қандай нәтиже шықты:

Оқушылардың бойындағы өзгерістер:

А тобындағы оқушылар - жауапкершілік ала білді, өз білімін басқалармен бөлісу, өз маңыздылығын, көшбасшылық қасиеттерін дамытты, ұйымдастыру қабілеттерін қолдана білді.

В тобындағы оқушылар – басқалармен қарым-қатынаста белсенді болды, басқалардан қалмады, өз үлесін қосуға тырысты, көшбасшылық қасиеттерін дамытты, ұйымдастыру қабілеттерін қолдана білді.

С тобындағы оқушылар - басқалармен қарым-қатынаста белсенді болды, өзге оқушылардан қалмауға тырысты, ұжымдық жұмысқа өз үлесін қосуға талпынды, жетекшілік қабілеті оянды

Қазақ тілі сабағында орыс тілді оқушыларым өзімнің барлық қазақша сөйлегенімді түсінеді, тез қабылдайды, белсенділік көрсете алады. Осы сабақтарымның оң нәтижесі барлық әріптестерім атап өтті. Сонымен қатар, үш топтағы оқушыларыма берілетін тапсырмалардың жүйелілігін байқады. Мұғалімдер *А тобындағы оқушылардың* суырып салма ойлары атап өтті, қажетті жерде зиялы адамдардың ойларын оқушылар келтіре білетіні көрінді. Бұл дарындылықты дамытудағы жүйелі түрде жұмыс жүргізілетінінің дәлелі ретінде келтірілді. *В тобындағы оқушылар* мәтінді толықтыру жұмыстарын жақсы атқаратынын байқады. Мақал-мәтелдермен жақсы жұмыс істейтіндері атап өтілді. Жазу сауаттылығы, мәтіндегі логикалық байланыстарды байқай алатыны көрінді. *С тобындағы оқушылар* мәтіндерді жинақтау, байланыстыру, сөйлемдерді түрлендіру жұмыстарын атқару біліктігі байқалып отырды. Сабақ барысында оқушылардың топтарға бөлінуі жасырын болды. Олардың бөлінуі парталарындағы тапсырмалардың түсті қағазда берілгенінен байқалып отырды.

Қандай нәтижелер:

- мұғалімдер өз кәсіби дәрежесін жетілдіруге деген қызығушылығын арттырды;
- 8 сынып оқушыларының оқу үдерісіне қызығушылық және танымдық белсенділіктері артты;
- диалогтік оқыту қазақша сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпалын тигізді
- төменгі және жоғары дәрежелі сұрақтар құрастыру біліктері қалыптасты
- топпен, жұппен, жеке жұмыс істеуге дағдыланды

Сонан соң, жас мұғалімдердің сабақтарына қатысып, олардың жұмысындағы туындаған мәселелер анықталды:

- оқушылардың тілдік кедергілер-сөздік қордың аздығы;
- қазақ тілінде сабақ өткізілді, орыс тілінде де түсіндіру керек болды (орта деңгейлі сынып оқушыларының білім-білік, дағдыларына байланысты)

Келешекте не жоспарланып отыр? Жас мұғалімдердің жұмыс барысында әдіс-тәсілдерді қолдануды жетілдіру және кәсіби біліктілік деңгейін көтеру; оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру және тәжірибеде диалогтік оқыту әдістердің қолдану аясын кеңейту; түрлі сыныптарда осындай LS зерттеу жүргізу арқылы фокус топтың жұмысын кеңейту қажеттілігі туындады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Төлеубаева М.С. Мемлекеттік тілді меңгерудегі дарынды балаларды дамыту тәжірибесінен// Заманауи ливодидактика және үшгілді білім беруді дамыту. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы/ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – Нұр-Сұлтан, 2022. - Б.377-391

2. Mambetalina A.S., Amangossov A.A. and Mukhambetkalieva K.S. (2023). Diagnosis of giftedness of schoolchildren in Kazakhstan by the method of "Assessment of giftedness by an expert". Social sciences 12:567.// <https://orcid.org/0000-0003-4158-8368>

3. Сатанов А.Б. К вопросу разработки Программы качественного исследования по выявлению уровня одаренности школьников в Республике Казахстан»//

ПЕРЕВЕРНУТЫЙ УРОК КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

Т. С. Хасенова, учитель математики, филиал НАО Республиканская физико-математическая школа, г. Астана, Казахстан

Андатпа. Бұл мақалада аралас оқытудың бір түрі болып табылатын «Төңкерілген сабақ» оқу үдерісінің моделі көрсетіледі, бұл оқу үдерісінде жаңа материалды меңгеру үйде өтеді, ал мектепте сабақ барысында оқушылар белсенді іс-тәжірибемен айналысады және олар оқу үдерісіне рефлексия жасайды. Бұл процесте мұғалімге оқу процесінің технологиялық және әдістемелік бөлігін пысықтау қажет.

Түйінді сөздер: білім беру, төңкерілген сабақ, мұғалімнің төңкерілген әрекеті, оқытудың белсенді түрлері.

Аннотация. В данной статье отражена модель образовательного процесса "Перевернутый урок", которая является разновидностью смешанного обучения. "Перевернутый урок" - это образовательный процесс, в которому изучение нового материала происходит дома, на уроках в школе ученики погружаются в активную практику, осмысливают свое обучение. В данном процессе большая нагрузка ложится на учителя, ему необходимо проработать технологическую и методологическую часть учебного процесса.

Ключевые слова: образование, перевернутый урок, перевернутая деятельность учителя, активные формы обучения.

Предпосылки для перевернутого обучения

Как вы думаете, зачем учителю преворачивать обучение? Что нас на это толкает? Любопытство? Эксперимент? Исследование? Или все же мотивирующий фактор - это наличие проблем в обучении, заинтересованность обеих сторон в этом процессе.

Перевороту обучения способствовали следующие факторы – это роль педагога в учебном процессе, новые Информационные средства обучения и также технологии, неэффективная зубрежка материала.

Перевернутые уроки – это реализация психологических основ освоения нового материала. Учитель организывает урок так, что весь фокус внимания обучающихся направляется на учебный материал. Учащиеся активно воспринимают инструкцию по своей деятельности, тем самым не отвлекаются и сосредоточиваются на получаемой информации, имеют перед собой текст или видеофрагмент, аудиотекст и т.д.

Второй психологический аспект – это представление учителем или выведение вместе с учащимися когнитивной структуры изучаемого материала (учащиеся должны видеть семантические связи между компонентами изучаемого материала). Далее идет усиление

мотивации – когда распределяются роли. Учитель обеспечивает внутреннюю мотивацию учащихся через индивидуальные, парные и групповые задания. Такая организация отводит учителя в мнимо пассивную деятельность. «Бразды» активного правления берут на себя учащиеся. При этом учащиеся сами подводятся к тому, что используют изученную информацию на практике. Для этого они выполняют какие-то мини-исследования, сравнивают результаты между собой, подводят итоги, резюмируют. Реальные ситуации применения изученного – это способ, который должен носить чаще всего индивидуальный характер для обеспечения освоения материала каждому учащемуся в классе.

Обратим внимание на качества и умения XXI века, необходимые человеку в жизни, в работе, учебе:

- творческий подход и новаторство;
- критическое мышление и способность решать проблемы;
- коммуникабельность и сотрудничество;
- информационная грамотность;
- грамотность в ИКТ;
- гибкость и способность к адаптации;
- инициативность и самостоятельность;
- продуктивность и вовлеченность;
- лидерство и ответственность.

В условиях информатизации образования организация и проведение «перевернутых» уроков дает возможность рассматривать процесс обучения как активное вовлечение учащихся в конструирование своих собственных знаний и умений, самостоятельное выстраивание целеполагания в самообразовательной деятельности. Тем самым учащиеся осознают ответственность за свое обучение. А учитель моделирует образовательное пространство, тем самым поддерживая процесс учения учащихся и делая обучение гибким, мобильным, адаптивным и персонализированным.

Суть метода «Перевернутого урока»

Перевернутый урок, перевернутый учитель – это занятия и учитель «наоборот». На время урока- активность на себя берет ученик- он заменяет учителя. Учитель подготавливает материал домашней работы, таким образом, чтобы ученики смогли дома самостоятельно изучить новую тему и прийти в школу уже с заготовленными вопросами по новой теме. Классная работа. - уже будет состоять из ключевых заданий новой темы. По мнению учителей, переворачивающих уроки, такой подход является намного эффективней традиционного.

Освоение нового материала во многом зависит от заинтересованности учеников в обучении. Изучать все новое – дома, за своим рабочим столом, без вмешательства одноклассников, запуская анализ мысли и учебной деятельности. – все это эффективно происходит в процессе «перевернутого урока». Например, по алгебре - ученики могут посмотреть на образовательных сайтах вывод многих формул тригонометрии, тем самым сэкономив время учебного занятия, в школе уже нарастает вопрос о закреплении данного аппарата действий. Не тратится время на наведение дисциплины и организационные вопросы.

- Не нужно ничего долго на доске (если что-то нужно показать детям в написанном виде - пишется/набирается/печатается заранее.

Это может быть не только видеозапись объяснения учителем. Видеорепортажи "с места событий", отрывки из телепередач, интервью, слайд- шоу, интерактивный материал - выбор учителя разнообразен.

Преимущества метода «Перевернутый урок»:

- индивидуальный подход;
- вовлеченность детей;
- навыки для взрослой жизни;
- обучение вне класса;
- заинтересованные учащиеся работают друг с другом, а образовательный процесс образуется учетом потребностей учащихся ;

- увеличивается время на индивидуальное обучение;
- общение учащегося и учителя выходит на новый качественный и количественный уровень;

- хорошо успевающие ребята могут углублять свои знания, а отстающие получают гораздо больше возможностей наверстать упущенное;

- родители гораздо глубже вовлечены в образовательный процесс;

- учащиеся получают в качестве домашнего задания учебное видео или адрес электронного образовательного ресурса для изучения нового материала к следующему уроку. Это можно сделать в любое удобное время, в удобном месте, просмотреть несколько раз сложные теоретические блоки;

- учитель один раз готовит собственный учебный видеоролик или имеет электронные ресурсы авторитетных коллег;

- учитель на уроке качественно организует учебную деятельность учащихся по проработке изученного материала.

Особенности подготовки учителя к перевёрнутому уроку.

В процессе планирования конкретного урока выполняется следующая подготовительная работа:

- 1) методический анализ темы и оценка программных требований, информационных ресурсов, их соответствия содержанию обучения и возрастным особенностям учащихся, а также содержательной и технологической готовности учащихся для самостоятельного изучения учебного материала

- 2) качественный отбор тех ресурсов, которые будут рекомендованы учащимся для самостоятельного изучения.

- 3) Планирование будущего занятия: постановка цели, определение содержания на каждом этапе урока, критериев для итогового оценивания образовательных результатов педагогом и самими учащимися.

- 4) Продумывание домашнего задания учащимся, которое, просмотрев ролик, они должны выполнить. Домашнее задание может включать:

- сформулировать вопросы, которые возникли в процессе самостоятельной работы с материалами темы;

- найти ответ на ключевой вопрос;

- придумать и изобразить таблицу, схему, логико-смысловую модель, которые отражают основное содержание темы.

- 5) Разработка критериев для оценки выполненных домашних заданий.

Практика использования

- Как я «переворачиваю» свои уроки? Создала для своих учеников Classroom по предмету. Перед очередной новой главой предмета составляю лекцию, где подробно даны основные определения, правила, теоремы, разобраны примеры, даны видео инструкции объяснения нового материала, ссылки на образовательные ресурсы, на тестовые программы и тд. Каждый учебный ролик обязательно сопровождается заданием:

- ответить на вопросы;

- составить памятку;

- рассказать о том, чего нет в учебнике.

Задания по теме дети получают за неделю до урока, чтобы у них была возможность подготовиться. На уроке идет проверка и отработка учебного материала. Например, тема урока «Решение систем уравнений». Учащимся был предложен видеоролик по теме, а также краткий справочный материал сайта «ЯКласс». Ознакомившись с материалом, необходимо было выполнить тест на сайте «Видеоуроки».

В начале урока предлагаю ученикам опросить друг друга по пройденной теме, затем используя технологию «перевернутый учитель» - запускаем повтор материала, изученного дома самостоятельно, ученики проговаривают ключевые моменты темы, прорешивают примеры, разбирают моменты, которые вызвали затруднения при домашнем обучении.

Следующий этап урока. – это работа в группах, здесь можно использовать различные активные методы обучения, ученики – должны проявить активность в решении задач, также надо учитывать момент самооценки и оценки группы, то есть от продвижения каждого ученика зависит результативность обучения.

И конечно же кульминацией этого образовательного процесса – будет индивидуальная работа каждого ученика, для проверки правильности решения они могут обмениваться работами, также в обучении могут быть задействованы – ребята- консультанты, которые показывают достаточно хороший темп в обучении и могут служить помощниками для учителя, ведь в обучении математики – также необходимо видеть ошибки в решениях.

Заключение

<p>Туристік қызметті мемлекеттік реттеу</p>	<p>Қазақстан Республикасында туризм саласын мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын орган білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Туризм және спорт комитеті болып табылады. Маңғыстау облыстық туризм басқармасы арқылы жүзеге асырылады</p>
<p>Туризмнің қазіргі жай-күйі</p>	<p>Бүгінгі таңда Маңғыстау облысында туризмді мүмкіндіктерге сәйкес толық дамыту қолға алынуда</p>

Маңғыстау облысының климаттық, аумақтық, мәдени-тарихи және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін зерттеу облыстың туризмді дамытуға мүмкіндік беретін және оның негізінде Қазақстан өңірлерінен де, Ресей Федерациясынан да, басқа елдерден де туристердің тұрақты ағынын қамтамасыз ететін айтарлықтай туристік-рекреациялық әлеуеті бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Маңғыстау облысының аумағында табиғи және мәдени-тарихи ресурстарды пайдалану түрі бойынша ерекшеленетін туризмнің мынадай бағыттары дамуы мүмкін.

1. Танымдық туризм. Бұл туристердің аумақтың табиғи және мәдени-тарихи нысандарын аралауынан көрінеді. Танымдық туризмнің әлеуеті қызықты табиғи аумақтар, флора мен фаунаның өкілдері, типтік және ерекше ландшафттар, материалдық мәдениет пен өткен тарих ескерткіштері болуы мүмкін.

2. Ғылыми туризм. Маңғыстау облысында дамуы үшін табиғи және әлеуметтік-мәдени алғышарттары бар археологиялық, биологиялық, палеонтологиялық, этнографиялық туризм түрлерін біріктіреді.

3. Спорттық туризм. Облыста тау туризмін (таулы аймақтарда), альпинизмді, спорттық бағдарлауды, велотуризмді, парапланиризмді, парашют спортын, желкенді спортты, ат


спортын, экзотикалық және сирек кездесетін жануарларды фото және бейнетүсіруді және т.б. дамыту үшін мүмкіндіктер бар.

4. Су туризмі. Яхталармен экскурсиялар, катамаран, су шаңғысы, шомылу және құмды жағажайларда демалу кіреді.

5. Экстремалды туризм. Белгілі бір физикалық белсенділікпен, өмірге қауіп төндірумен және физикалық денсаулықты қатайтумен байланысты экологиялық туризм түрі. Өңірде адамның өмір сүруі үшін қол жетпейтін және жарамдылығы аз аудандарға жорықтар, теңізге терең сүңгулер және т.б. ұсынылуы мүмкін.

6. Емдік туризм бальнеологиялық, курорттық емдеумен, сондай-ақ климаттық емдеумен ұсынылған.

7. Діни туризм қасиетті жерлерге қажылық болып табылады. Маңғыстау облысының аумағында туризмнің дамуына ықпал ететін факторлар мен жағдайларға жүргізілген талдау нәтижесінде туризмнің қандай да бір түрлерін дамыту мүмкін болатын туристік-рекреациялық аудандар анықталды (1-сурет).



1-сурет. Маңғыстау облысының туристік-рекреациялық аудандары

Барлық ұсынылатын туристік-рекреациялық аудандар әр ауданның мамандануын айқындайтын ерекше белгілері (жер бедері, геологиялық құрылымы, климаттық ерекшеліктері, су объектілері, жолдар мен шаруашылық құрылыстары) бар геоморфологиялық аудандарға орайластырылған.

Бөлінген туристік-рекреациялық аудандарда туристердің жекелеген топтарын (спорттық, ғылыми, танымдық, экстремалды және т.б.) қабылдау үшін әртүрлі бағыттағы туристік орталықтар мен объектілер ұйымдастырылуы мүмкін.

I. Солтүстік Маңғыстау туристік-рекреациялық ауданы Маңғыстау тауларының солтүстігі мен солтүстік-шығысында орналасқан. Бұл ойдымдар, ойпаттар, құмдар ауданы. Мұнда Каспий маңы ойпаты, Өлі Қолтық ойпаты, Сам және Қызылқұм құмдары, тақыр кездеседі. Осы ауданда этуризмді дамыту үшін қолда бар жағдайлар:

- табиғи ландшафттардың алуан түрлілігі;
- Бозашы қорықшасының болуы;
- археологияның және халық сәулет ескерткіштерінің (қорымдар мен мешіттердің) бірегей ескерткіштерінің болуы.

Солтүстік Маңғыстау туристік-рекреациялық ауданында туризмнің мынадай түрлері дамуы мүмкін:

- ғылыми (археологиялық, биологиялық, палеонтологиялық);
- экстремалды (жорықтар);
- діни (қажылық);
- танымдық (экскурсиялар).

Спорттық (велотуризм, дайвинг) және су (шомылу) туризмі де мүмкін, бірақ Ақтау қаласынан едәуір қашық болуына байланысты туризмнің бұл түрлерін дамытуға көлік қолжетімділігі кедергі болады.

II. Орталық немесе Таулы Маңғыстау туристік-рекреациялық ауданы облыстың орталық бөлігінде орналасқан, онда солтүстік батыстан оңтүстік-шығысқа қарай аласа Маңғыстау таулары созылып жатыр, ең биік нүктесі Бесшоқы тауы (556 м). Маңғыстау таулары Қаратау мен Ақтау жоталарынан тұрады. Қаратау мен Ақтау жоталары қатты тілімделген. Бұл жерде жартастары мен жарлар кездеседі, бұлақ суы мен бай өсімдіктері бар көркем шатқалдар (Самал, Сарысу, Гусарылар) жиі кездеседі. Алқаптарда сарайлар мен киіз үйлер түрінде таңғажайып пішінді тау шыңдары көтеріледі. Олардың ішінде аты аңызға айналған Шерқала тауы бар.

Осы ауданда туризмді дамыту үшін қолда бар жағдайлар:

- жақсы көлік (автокөлік) Ақтау қаласынан туризм объектілерінің көпшілігінің қолжетімділігі;

- тау туризмін, альпинизмді және т.б. дамыту үшін жер бедерінің алуан түрлілігі;
- танымдық және ғылыми туризм үшін бірегей табиғи кешеннің болуы;
- Бозашы қорықшасының болуы;
- археологияның және халық сәулет ескерткіштерінің бірегей ескерткіштерінің болуы (қорымдар, жерасты және жерүсті мешіттері, ежелгі қалалардың қирандылары);
- минералды бұлақтардың көп мөлшері.

Орталық Маңғыстау туристік-рекреациялық ауданында туризмнің мынадай түрлері дамуы мүмкін:

- танымдық (экскурсиялар);
- ғылыми (археологиялық, биологиялық, этнографиялық, палеонтологиялық);
- спорттық (тау туризмі, альпинизм, спорттық бағдарлау, парапланеризм, велотуризм, ат туризмі, фото- және видео түсіру, дайвинг);
- су (шомылу);
- экстремалды (жорықтар);
- емдік (бальнеологиялық);
- діни (қажылық).

III. Шығыс Маңғыстау туристік-рекреациялық ауданы орталық Маңғыстаудың шығысына қарай орналасқан және Үстірт платосын қамтиды, мұнда биіктігі 300 метрге дейін тік құламалы жартастар - шың тәрізді биіктіктер орналасқан. Осы ауданда туризмді дамыту үшін қолда бар жағдайлар:

- тау туризмін, экстремалды туризмді дамыту үшін жер бедерінің алуан түрлері;
- аудан аумағында Үстірт биосфералық қорығының болуы;
- ғылыми туризмнің танымдық және көптеген түрлеріне арналған бірегей табиғи кешеннің болуы;
- археология мен халық сәулет ескерткіштерінің бірегей ескерткіштерінің болуы (қорымдар, жерасты және жерүсті мешіттері, ежелгі қалалардың қирандылары);
- минералды бұлақтардың көп мөлшері;
- Үстірт платосы аумағында қажылық жасауға арналған ежелгі мешіттердің болуы.

Осы ауданның аумағында туризмнің келесі түрлерін дамытуға болады:

- танымдық (экскурсиялар);
- ғылыми (археологиялық, биологиялық, этнографиялық, палеонтологиялық);
- спорттық (тау туризмі, велотуризм, ат туризмі, фото- және бейнетүсірілім);

- экстремалды (жорықтар);
- діни (қажылық).

IV. Оңтүстік Маңғыстау туристік-рекреациялық ауданы Маңғыстау тауларының оңтүстігінен Түркіменстанмен шекараға дейін созылады. Оңтүстік Маңғыстаудың жер бедері теңіз деңгейінен төмен орналасқан әртүрлі көлемдегі көптеген ағынсыз ойпаттары бар Маңғышлақ кең үстіртімен ұсынылған (Қарақия ойпаты -132 м).

Осы ауданда туризмді дамыту үшін қолда бар жағдайлар:

- Ақтау қаласынан ыңғайлы көлік (автокөлік және су көлігі) қолжетімділігі;
- танымдық, ғылыми, спорттық және су туризмі үшін бірегей су айдыны - Каспий теңізінің болуы;
- ауданда облыс орталығы - Ақтау қаласы орналасқан;
- аудан аумағы шегінде Қарақия-Қаракөл қорығының болуы;
- бірегей археология ескерткіштерінің және халықтық сәулет ескерткіштерінің болуы (қорымдар, жерасты және жерүсті мешіттер);
- санаторийлердің, және демалыс үйлері базаларының болуы;
- минералды су көздерінің болуы.

Оңтүстік Маңғыстау туристік-рекреациялық ауданында туризмнің мынадай түрлерін дамыту үшін алғышарттар бар:

- танымдық (экскурсиялар);
- ғылыми (археологиялық, биологиялық, этнографиялық, палеонтологиялық);
- спорттық (спорттық бағдарлау, велотуризм, ат туризмі, парапланиризм парашют спорты, желкенді спорт, дайвинг, фото- және бейнетүсірілім);
- су (яхтада экскурсия, су шаңғысы, шомылу);
- емдеу туризмі (бальнеологиялық, санаториялық емдеу);
- экстремалды (серуендеу, терең суға бату)

Сонымен бөлімді қорытындылай келе келесі тұжырымды жасауға болады.

1. Байырғы халықтың экзотикалық мәдениеті мен тұрмысымен үйлесе отырып, қол тимеген табиғи ландшафттарға, жануарлар мен өсімдіктердің сирек түрлеріне туризмнің ерекше қажеттіліктері және турлар географиясын ұдайы кеңейтуге деген ұмтылыс Маңғыстау облысында туризмнің осы бағытының дамуын сенімді болжауға мүмкіндік береді.

2. Еуразия материгінің орталығында, барлық мұхиттардан бірдей дерлік қашықтықта, флористикалық аймақтардың түйісу нүктесінде, жануарлардың миграциясы мен құстардың қоныс аударуында орналасқан табиғи ландшафттардың бірегейлігі мен жақсы сақталуы.

3. Маңғыстау облысының барлық аудандарының рекреациялық сипаттамасы соншалықты ерекше және алуан түрлі, сондықтан туризмнің көптеген түрлерін перспективалық дамыту үшін оның барлық ерекшеліктерін пайдаланудың көптеген нұсқаларына мүмкіндік жасайды.

Оларға: танымдық, ғылыми, су, емдік, экстремалды, спорттық және діни туризм жатады.

4. Маңғыстау облысындағы туризмнің қазіргі жай-күйі карама-қайшылықпен сипатталады.

Бір жағынан, аймақтың экономикалық қызметінің жаңа саласы ретінде - туризм саласында ұйымдастыруға үлкен және күрделі әлеуметтік-экономикалық тапсырыс нақты белгіленді.

Екінші жағынан, бұл бағытты дамыту бүкіл рекреациялық және туристік саланың дамудың бастапқы кезеңінде болуына байланысты айтарлықтай қиындықтарға тап болады.

5. Маңғыстау облысының аумағында бірегей ландшафттардың және ауқымды ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың болуы табиғи процестердің табиғи барысын өзгертуге әкеп соғатын шаруашылық қызметтің барлық түрлерін, оның ішінде рекреациялық қызметті де жояды немесе барынша шектейді, бірақ туризмді дамытудың негізі бола алады.

6. Әлемдік практикада "орнықты даму" терминінің пайда болуымен туризмді табиғи және мәдени-тарихи ресурстарды пайдаланудың экологиялық қауіпсіз тәсілі ретінде туризмнің тұрақты дамуының нысаны деп атауға болады.

7. Облыста өркениетті туристік саланы дамыту үшін туризмді қаржылық кіріс көзіне айналдыру екі негізгі факторға байланысты.

Біріншіден, қарапайым сервистің болмауы (материалдық-техникалық және ақпараттық қамтамасыз етудің әлсіздігі), екіншіден, "жабайы" туристерді өркениетті бақылау үшін нормативтік-құқықтық базаның қанағаттанарлықсыз жағдайы және осы бақылаудың әлсіз тиімділігі.

8. Маңғыстау облысының табиғи, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық жағдайларын ескеретін оның аумағын туристік-рекреациялық аудандастыру туризмнің алуан түрлі түрлерін дамыту үшін әртүрлі жағдайлары бар туристік-рекреациялық аудандарды анықтауға мүмкіндік берді

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. UNWTO-tourism-highlights.<http://mkt.unwto.org/publication-2014-edition>

2. 2020 жылға дейінгі туризмді дамыту тұжырымдамасы, Астана, 2013

3. Балабанов И.Т., Балабанов А.Т. Экономика туризма: Учебное пособие.-М.:Финансы и статистика, 2000

4. Темный Ю.В. Введение в экономику туризма.-М.:Советский спорт, 2018

5. Решетников Е.Г. Сфера услуг: планирование, проблемы, перспективы.-М.: Саратовский университет, 2020

WAYS TO SOLVE ENVIRONMENTAL PROBLEMS OF THE CASPIAN SEA

Jussupova D.B., Doctor of Biological Sciences, professor
Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty

Андатпа. Мақалада Каспий теңізінің мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластануының экологиялық проблемалары және олардың су айдынының биоәртүрлілігіне әсері, сондай-ақ Каспийдің мұнаймен ластануын жою үшін биотехнологияны пайдалану қарастырылған.

Түйінді сөздер: биотехнология мұнай, микроорганизмдер-деструкторлар.

Аннотация. В статье рассмотрены экологические проблемы загрязнения Каспийского моря нефтью и нефтепродуктами и их влияние на биоразнообразие водоема, а также использование биотехнологии для ликвидации нефтезагрязнений Каспия. В статье рассматриваются экологические проблемы загрязнения Каспийского моря нефтью и нефтепродуктами и их влияние на биоразнообразие водоема, а также использование биотехнологий для устранения нефтяного загрязнения Каспия

Ключевые слова: биотехнология, нефть, микроорганизмы-деструкторы.

Abstract. The article discusses the environmental problems of pollution of the Caspian Sea with oil and oil products and their impact on the biodiversity of the reservoir, as well as the use of biotechnology to eliminate oil pollution in the Caspian.

The article deals with the environmental problems of pollution of the Caspian Sea with oil and oil products and their impact on the biodiversity of the reservoir, as well as the use of biotechnology to eliminate oil pollution in the Caspian.

Keywords: biotechnology, oil and oil products

The Caspian Sea is an amazing creation of nature. While severe frosts and snow blizzards are raging on the north bank, magnolias and apricot trees bloom on the south coast. The Caspian Sea has immeasurable beauty, diversity of ecosystems and rich reserves of natural resources that have not yet been fully studied and not used rationally.

The Caspian Sea is of climate-forming importance and unique in that it conveyed relict flora and fauna, including the world's largest herd of sturgeon (90% of the world reserve). More than 500 species of plants and 850 species of animals live in the Caspian Sea. The Caspian region is rich in biological resources and serves as the world's largest spawning grounds of sturgeon. Biological diversity of the Caspian Sea is relatively small, but distinguishes with high endemism, with over 130 fish species accounting here and rare lotus fields. There are also more than 100 species of bird wetland habitats that serve as nesting and migration grounds. The Caspian Sea is also home to the only marine mammal that lives in the Sea - the endemic Caspian Sea. The Caspian Sea is the main migration route and habitat of waterfowl and coastal birds [1].

Today, many Caspian species are threatened by over-exploitation, habitat destruction, pollution and climate change. It reflects negatively on human well-being, social and economic sectors, and environmental service.

Currently, a number of complex interrelated environmental problems have emerged in the Kazakhstani part of the Caspian Sea. As a result of man-made activities, the threat of degradation and even complete destruction of the Caspian biosystem increases. Thus, since 1990, 4.5 tons of harmful biogens, 28 tons of floating bodies, 27 tons of sulfate, 3.15 tons of chlorides have been released from the territories of the Caspian states into the Caspian Sea. Kazakhstan's share in water pollution of the Caspian Sea is 21% of the total pollution [2].

The main sources of pollution of the Caspian Sea are:

Remulsion of pollutants with river runoff. Places of intake of pollutants with river runoff are 90% concentrated in the North Caspian Sea. The main pollution of the Caspian Sea by river runoff from Kazakhstan comes from the Ural River. Heavy metal ions enter the sea, the concentration of which exceeds the maximum permissible concentration (MPC) by 4 - 12 times.

Discharge of untreated municipal, industrial and agricultural water from the coast.

200 large cities and more than 220 sources of industrial emissions are concentrated on the coasts of the Caspian Sea. Approximately 39 km³ of wastewater is discharged annually, of which 8 km³ contain more than 1,000 chemical compounds, including toxic ones.

Various chemical fertilizers used in agriculture (up to 80% of phosphorus of anthropogenic origin) are annually received from the territory of the Republic of Kazakhstan. Among them, pesticides such as hexachlorocyclohexane and other persistent organic pollutants are dangerous to marine bioresources.

Operation of oil and gas wells. Offshore oil fields are significant sources of Caspian pollution by coastal countries. Experience in the development of oil and gas fields shows that even under the regulatory regime of oil production, each drilling rig is a source of many contaminants, which include solid, liquid and gaseous components. On average, one well enters the aquatic environment:

oil 30 - 120 tons;

drilling rigs of 200 - 300 tons;

drilling sludge 150 - 400 tons.

Navigation and transportation of oil by water. Water transport is a source of pollution in the marine area of the Caspian Sea, as during its operation there is a leakage of fuel and discharge of washing water containing oil, petroleum products and synthetic surfactants (SAV) into the sea.

High noise from ships negatively affects the existence of marine animals, some species of fish are stunned, migration routes change.

Secondary pollutions. A new parameter of environmental safety in the Caspian region is the problem of secondary pollution. This is a threat not only to biological diversity, but also to the entire ecosystem of the Caspian Sea. A large number of species of avifauna were threatened to exist, as well as endemic - the Caspian seal [3]. Oil pollution is not only a priority national environmental problem in Kazakhstan, but also the largest international problem in the entire Caspian region. The consequences of Caspian water pollution lead to huge economic and environmental losses.

Taking into account the above, it should be noted that the problems of pollution of the Caspian Sea with oil and petroleum products due to the expansion of oil production, as well as the development of oil and gas resources in the Northern Caspian Sea are growing. They should be addressed in such a way as to eliminate re-pollution, and the selected technologies are environmentally friendly, cost-effective and efficient.

Today, biotechnological methods of environmental purification from oil and petroleum products based on the use of highly active microorganisms - destructors are widely used in world practice [4]. Biologics created on their basis make it possible to clean soil and aquatic ecosystems of hydrocarbon pollution.

The modern microbiological method of reclamation, based on the use of highly effective strains of oil-oxidizing microorganisms isolated from contaminated natural objects, is widely used in the world practice of reclamation measures. Bioremediation, i.e. purification of oil-contaminated soil and

water using hydrocarbon-oxidizing microorganisms, biogenic additives for their additional nutrition, is one of the most widely used biotechnological methods of eliminating hydrocarbon pollution [5].

The development of bioremediation technologies involves the use of living organisms, most often microorganisms, capable of degrading various xenobiotics, including hydrocarbon oil, as an active beginning. In this regard, the creation and use of biological products based on them is a priority in the field of environmental biotechnology for the treatment of natural and artificial ecosystems contaminated with oil and petroleum products.

Analysis of the literature allows us to note that among the wide variety of microorganisms capable of oxidizing various hydrocarbons, the bacteria of the genus *Pseudomonas* are the most active. Representatives of this genus are so widespread in nature that they can be called ubiquitous. This is due to their ability to absorb a wide variety of natural compounds and therefore grow in different environmental conditions.

The creation of the necessary selective capabilities allowed us to separate active strains of bacteria classified on the basis of the study of their identification features to the genus *Pseudomonas* from the oil-contaminated sea water of the Caspian Sea and chemical wastewater. All strains had the ability to grow on oil and petroleum products as the only source of carbon and energy [6].

A study of the biodegradation processes of oil and petroleum products showed that all released hydrocarbon-oxidizing bacteria grew well and used the studied hydrocarbons as a source of carbon and energy, the degree of destruction of oil and petroleum products in which was 87% and 72.5% for oil, 90% and 86% of diesel fuel, 86% and 85% of toluene. These crops were recommended for inclusion in biologics for bioremediation of soils and water bodies contaminated with oil and petroleum products.

Thus, the development of industrial production associated with an increase in the anthropogenic load on the aquatic ecosystems of the republic requires the development of an effective mechanism for state control over the state of water resources. The use of biotechnological methods shows broad prospects for the use of destructor microorganisms to cleanse the Caspian Sea of oil pollution and preserve its unique biodiversity.

Literature

1. Отчет о человеческом развитии. Программа развития ООН Республики Казахстан, 2006.
2. Вторая международная научно-практическая конференция «Эколого-экономические проблемы освоения Каспийского шельфа (сентябрь 2007 г.) // Нефть и газ, 2007. №6. - С. 97-99.
3. Баркелиев Т. Главные экологические проблемы Каспийского моря. // Экспертиза - 2002.
4. Xu N., Bao M., Sun P., Li Y. Study on bioadsorption and biodegradation of petroleum hydrocarbons by a microbial consortium // *Bioresour Technol.* – 2013. V. 149. – P.22-30
5. Джусупова Д.Б. Экологическая эффективность «зеленой» биотехнологии для очистки окружающей среды от углеводородного загрязнения. - Тезисы докладов 1 международного научно-экологического форума «Охрана ОС и рациональное использование природных ресурсов». – Нур-Султан, 2020, 9 декабря, - С.24-28.
6. Жубанова А.А., Джусупова Д.Б., Баубекова А.С. Бактерии рода *Pseudomonas* как перспективные объекты для биоремедиации нефтезагрязненных экосистем.- Сборник межд.научно-практ. конференции «Аспекты и инновации биотехнологии окружающей среды и биоэнергетики». – Алматы, 2021, 4-5 июня. – С.140-143.

АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІН ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ

Карипжанов Н.А., докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Емин Атасой, д.ғ.н, профессор, Бурса Улудаг Университет

Андатпа. Абай облысы аймағындағы рекреациялық табиғатты пайдаланудың негізгі мәселелері қарастырылды. Зерттелетін аймаққа геоэкологиялық баға берілді. Аймақтың рекреациялық ландшафттың бұзылуына әкелетін негізгі факторлар қарастырылды. Өңірдің орнықты дамуы үшін басым міндеттердің бірі қоғамның және қоршаған ортаны қорғаудың қажеттіліктерін қамтамасыз ететін табиғатты ұтымды пайдалану жүйесін құру болып табылады. Нәтижесінде аумақтың рекреациялық жүйе қалыптасып дамиды. Аумақтың рекреациялық жүйелердің қалыптасу жағдайлары өздерінің мүмкіндіктері мен сипатына қарай ажыратылады.

Аннотация. Рассмотрены основные вопросы рекреационного природопользования на территории Абайской области. Была дана геоэкологическая оценка исследуемой области. Рассмотрены основные факторы, приводящие к нарушению рекреационного ландшафта региона. Одной из приоритетных задач для устойчивого развития региона является создание системы рационального природопользования, обеспечивающей потребности общества и охраны окружающей среды. В результате формируется и развивается территориальная рекреационная система. Условия формирования территориальных рекреационных систем различаются по своим возможностям и характеру.

Abstract. The main issues of recreational nature management in the territory of the Abai region are considered. A geoeological assessment of the studied area was given. The main factors leading to disruption of the recreational landscape of the region are considered. One of the priorities for the sustainable development of the region is the creation of a system of rational environmental management that meets the needs of society and environmental protection. As a result, a territorial recreational system is being formed and developed. The conditions for the formation of territorial recreational systems vary in their capabilities and nature.

Абай облысы ауданында туризмнің барлық түрлері мен формаларын дамытуға толық мүмкіндік бар. Туристер демалуына тамаша жерлер көп. Абай облысының сарқылмас табиғи емдік байлығы, химиялық құрамы, әр алуан минералды бұлақ көздері, әр түрлі климаты мен әсерлі көрікті жерлері жергілікті курорт- санаторий жүйесін дамытуға өте қолайлы болып келеді. Облыс табиғатының сұлулығы, әсемдігімен, алуан түрлілігімен, қайталанбас көріністерімен туристерді мол қызықтырып, емдік сауықтыру, демалуына зор мүмкіндік тудырады. Жалпы туризм саласының өркендеп өрлеуі тікелей табиғат жағдайларының қолайлығына байланысты болып табылады.

Қазақстандағы туризм мен рекреация саласы экономикалық және әлеуметтік құбылыс ретінде соңғы уақытта ауқымы айтарлықтай кеңейген қызмет түрі болып табылады. Абай облысы ауданында туристік саланы дамытуда табиғи бағыттағы рекреациялық әрекеттердің негізгі түрлері курорттық, сауықтырғыш, спорттық және экскурсиялық-туристік т.б болып ажыратылады. Сонымен бірге көлдердегі жағажайлық демалысты одан әрі дамыту күтілуде. Жағажайлық демалысты дамытуда туристік қызығушылықты тудыратын негізгі орындардың бірі Алакөл көлі болып табылады. Алакөл көлі алабы екі әкімшілік аудан Абай облысы және Алматы облыстарының Үржар және Алакөл аудандарының аумағында орналасқан және рекреациялық әрекеттің түрлі бағыттарын дамытуға қолайлы аудандардың бірі болып табылады [1].

Қазіргі таңда Алакөл көлі алабының рекреациялық ресурстары негізінен емдік-сауықтыру мақсатында пайдаланылады. Ақши, Көктума, Қабанбай, Көктал елді мекендерінің жанында орналасқан аумақтық рекреациялық жүйелерін демалыс мақсатында пайдаланылуында антропогендік әрекетке ұшырауда, сондықтан осы аумақтық рекреациялық жүйелерді геоэкологиялық тұрғыдан бағалау өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Рекреацияның аумақтық ұйымдасуын жоспарлау сонымен бірге АРЖ дамуы жеткіліксіз деңгейде жүзеге асырылуда. Рекреациялық аумақтардың көп жыл бойы қажетті деңгейде басқарусыз дамуы топырақтың тығыздалуы, өсімдік жамылғысының бұзылуы, су және жағажай ластануы т.б. қоршаған ортаның айтарлықтай өзгерістеріне ұшырауға әкелді [1].

Алакөл көлі жағасындағы өсімдік жамылғысының рекреациялық әрекет нәтижесінде өзгеріске ұшырауын 1972- жылы Н.С.Казанская 5-топқа бөліп қарастырды. Рекреациялық әрекет нәтижесінде Алакөл көлі жағалауының ластануын 1-ші және 5-ші топтағы зерттеу жұмысының нәтижелеріне негізделіп жүргізілді.

Алакөл көлі жағасында адам санының көптігінен және басқарусыз калуынан өсімдіктер жамылғысы деграляцияға ұшыраған (1-сурет)

Жағалаудан алыс аумақтағы табиғи кешенде адамның іс-әрекеті байқалмайды, өсімдік жамылғысы табиғи қалпын сақтап қалған (7-сурет) [2].



7-сурет. Өсімдік жамылғысы деградацияға ұшыраған.

50



8-сурет. Өсімдік жамылғысы өзгеріске ұшырамаған.

Аумақтық рекреациялық жүйелерді тұрақты дамыту, Алакөл көлі алабындағы өсімдік жамылғысы рекреациялық әрекет нәтижесінде өзгеріске ұшырауын алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда Алакөл көлі алабындағы рекреациялық аумақтардың табиғи қалпын сақтап қалу немесе қалпына келтіру жұмыстары 2015 жылдан бастап қолға алынып, биылғы жылы қарқынды түрде жүзеге асты. Алакөл көлі еліміздегі жоғары деңгейде дамыған демалыс орнына айналып, заман талабына сай халыққа қызмет көрсету мақсатында мемлекет тарапынан қаржы бөлініп, көптеген жұмыстар атқарылды. Алакөл бағытындағы жол жөндеу жұмыстары жүргізіліп, автокөлік қатынасы жақсарды сонымен қатар автобөкетке жарықтандыру жүйелері тартылып, автобустарға заманауи нақыштағы автотұрақ орындарын жасау жұмыстары қызу жүргізілді. Бүгінде 4,4 шақырымға ұзындығы 5 метрлік шойыннан жасалған жарық шамдар орналастырылып, 600 метр жаяу жүргінші жолы жобадағы жоспар бойынша орындалып, 80 бейнебақылау жүйесі орнатылды. Заманауи талапқа сай төселген тақта тастар, жас талдар, газон төңіректі жасылдандырып, саябаққа ерекше көрік беріп тұр. Биылғы жылы 300 ден астам нысан заманауи талапқа сай қызмет көрсетіп, басқа да демалыс үйлері салынуда [2].

Кез келген аумақтық рекреациялық жүйені қалыптастырудың негізі сол аймақтың рекреациялық мүмкіншілігі болып табылады. Табиғи рекреациялық мүмкіншілікті біз белгілі бір аумақта рекреациялық іс-әрекеттің қандай да бір түрлерінің дамуына әсер ететін барлық табиғи алғышарттар ретінде түсінеміз. Рекреацияның табиғи алғышарттары, ең алдымен, әр түрлі дәрежедегі табиғи-аумақтық және аквальді кешендер, олардың компоненттері мен жеке қасиеттерінде, болып табылады.

Орналастыру орындары" Туризм-2 статистикалық есебін каталог бойынша 8 кәсіпорын тапсырады. Бөлімдерде 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында орналастыру орындарындағы қызмет көрсетілген келушілердің саны 56 739 (резиденттер), 3 342 (резиденттер емес) адам болған 2023 жылға- 65 706 адам немесе өткен жылға қарағанда өсу деңгейі 245% құрайды. Бүгінгі күні статистикалық есепті тапсыруға қосымша туристік объектіні қосуға байланысты жұмыстар жүргізілуде.

4-кесте 2022-2023 жылдың жылдығына арналған туризмнің даму көрсеткішінің динамикасы

№	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	2022жыл 1- жарты жылдық	2023 жыл 1-жарты жылдық	Өткен жылға қарағандағы өсу қарқыны	2023 жылға күтілетін көрсеткіштер
	Орналастыру орындарындағы қызмет көрсетілген келушілердің саны / өткен жылға қарағандағы өсу қарқыны: Резиденттер	Адам	56 739	65 706	8967 (116%)	144553 (110%)
	Резиденттер емес	адам	3 342	10 754	7412 (322%)	25810 (120)
2	Орналастыру орындарының саны/ өткен жылға қарағандағы өсу қарқыны	бірлік	325	333	8 (102%)	800 (120)
3	Орналастыру орындарының көрсеткен қызметінің көлемі	Млн. тенге	3 552 517,9	5 627 977,4	2075459,5 (%)	12381550,3 (110%)

Абай обылысында туризмнің барлық түрлерін дамытуға толық мүмкіндік бар. Туристер демалуына тамаша жерлер көп. Абай облысы сарқылмас табиғи емдік байлығы, химиялық құрамы әр алуан минералды бұлақ көздері, әр түрлі климаты мен әсерлі көрікті жерлері — жергілікті курорт, санаторий жүйесін дамытуға өте қолайлы болып табылады. Дегенменде рекреациялық ресурстар таралған аймақтарды қажетті басқарусыз пайдалану және алдын алу шараларының жүзеге асырылмауы, туристердің табиғи орта компоненттеріне кері әсерін тигізіп отыр (кесте-2).

Кесте 2. Туризмнің табиғи орта компонентіне кері әсері.

Компонент	Себептері	Туризм әсерінің салдары
Топырақ	Тапталу, қар жамылғысының тығыздалуы	Құнарлы қабаттардың жоғалуы, борпылдақ топырақ түрінің азаюы, дымқыл жерлер, микрофлора және температураларының өзгеруі
Өсімдік	Тапталу, өсімдіктер және оның бөліктерін түрлі мақсаттар үшін жинау, орман өрті, т.с.с.	Кеңістік құрамында өсімдіктердің жеке түрлерінің ярустар бойынша таралуы
Су жүйесі	Орманды кесу, бөгеттер мен су қоймаларын салу	Жағалық сызығының , түбінің өзгеруі, қалдықтар мен лайланушылықтың көбеюі,

		органикалық , химиялық құрамының өзгеруі
--	--	---

Туризмнің табиғатқа әсерін басқарудың тікелей және жанама әдісі бар. Тікелей басқаруға табиғи кешендерге туристердің жалпы санын шектеу, ерекше қорғауға алынған табиғи территорияларды және туристік көрікті табиғи объектілерді зоналау, арнайы технологияларды пайдалану, қоршаған ортаны ластауды минимизациялау. Басқаша айтсақ, бұл мәжбүрлеуге негізделген саясат (айыпақылар, кіру қағаздарын жазу тарифтері), болмайтын нәрселерге демонстрация болып табылады.

Жанама басқару халықтың білім деңгейін көтеру жолымен, жергілікті халыққа жануарлар, өсімдіктер әлеміне сыйластық адамгершілік тәрбиесін ояту арқылы мінез-құлықты өзгертуге негізделген. Екі басқару тәсілін бірдей қолдану керек, әйтпесе біріншісі екіншісінен нәтижелі болмайды.

Туризмнің табиғи кешендерге жанама әсері:

1. Тіршіліктің табиғи ортасының өзгерісі.
2. Географиялық қабық компоненттеріне ғаламдық антропогендік әсер (топырақ және су жамылғысының ластануы, ормандарды шабу және эрозияның дамуы, климаттың ғаламдық өзгерісі, атмосфераның ластануы жәнет.б.).
3. Адамның алдын-ала құрылымын анықтап (генетикалық өзгерістер, мутанттар) жасанды түрде жануарлар мен өсімдіктерді жасауы.

Көбінесе баяу қалпына келетін өсімдіктер мен жануарлар түрлері, сирек кездесетін аз популяциялар зардап шегеді.

Туризмнің түсінігін және құрылымын дұрыс түсіну үшін әлеуметтік-экономикалық дамуы артта қалған аймақтарға беретін мүмкіндігін қарастыру керек:

1. Жергілікті халыққа туристік индустрия немесе басқа да салаларда жұмыс орындарын ашу.
2. Жергілікті экономиканың табысты салаларын дамыту (қонақүй шаруашылығы, қоғамдық тамақтандыру, көліктік кешен, сувенирлер өндірісі, халық қолөнері және т.б.).
3. Валюта айырбастауды ынталандыру.
4. Өндірілетін өнімдерге сұранысты арттыру және қосымша инвестицияларды тарту арқылы ауыл шаруашылығын және тамақ өнеркәсібін дамыту.
5. Көлік және тұрғын-үй коммуналдық мекемелерінің жұмысын жақсарту.
6. Туристік ресурстарды ұтымды пайдалануды инвестициялау, оның ішінде туристік көрікті жерлер мен ерекше қорғауға алынған табиғи территориялар.
7. Көп жерлерді табиғи күйінде сақтап қалу қажетті, сол үшін ауыл шаруашылығын интенсивтендіруге көшу.
8. Ғаламдық коммуникацияны дамыту.
9. Жергілікті мәдени және табиғи құндылықтарды қорғауды ынталандыру.
10. Жергілікті халықтың демалысқа қол жеткізушілігін көтеру мақсатында рекреациялық кешенді дамыту.

Туристік қызметті жүзеге асыру барысында қоршаған ортада өзгерістер міндетті түрде болады. Қазіргі кезде көптеген зерттеулерде қоршаған орта мәселелері және оны жақсарту маңызды орын алады. Осыған дейін туристік қызметті талдау жөніндегі зерттеулерге көп көңіл бөлінбеген, тек туризмнің бірнеше түрлері және жер шарының анықталған аймақтары шеңберінде ғана туризмнің әсері қарастырылды.

Өкінішке орай, туризмнің теріс әсері оң әсерден басым түседі. Оның ішінде жанар-жағармайлы іштен жану двигательдерімен көлік құралдарын қолдану салдарынан теңіз, көл, өзендердегі су сапасына әсері және ауаның сапасына әсері; туристердің жергілікті және жабайы фаунаны жоюы; вандалдардың тарихи ескерткіштерді жазып-сызу арқылы бұзуы және т.б. Бұлар қоршаған ортаға зиянын тигізетін мысалдардың бірі ғана.

Жағаларға жақын жерлерде қоршаған ортаға теріс әсер еткен жаңа қонақүй кешендері мен инфрақұрылым құрылысы саясаты бұрынғы жылдары өзекті мәселе болып

қарастырылып, жағалауға құрылыс жұмыстарын жүргізуге тыйым салынған, кейбір елдерде, мысалы Үндістанда теңіз жағалауында ғимарат құрылысына шек қойылған. Ал соңғы жылдары бұл мәселе өзекті емес, яғни туризмді дамыту мақсатында рекреациялық ресурстар таралған аймақтардың жағалауына құрылыс жұмыстары жүргізіліп, қоршаған ортаға кері әсерін тигізуде.

Қоршаған ортаны қорғау саясаты туристік қызметтің ұзақтылығын қамтамасыз ету үшін ұзақ кезеңге бағытталуы тиіс. Бірақ облысымызда бұл мәселеге көңіл бөлмей келеді, яғни коммерциялық және қаржы пайдасын көбірек ойлайды. Қоршаған ортаны қорғау, оған келешекте келтірілетін зиянды түзетуден әлдеқайда арзан және жеңіл.

Рекреациялық аймақты қорғау және қайта құруға табиғи комплекстерге түсетін салмақ мөлшерін анықтау, жасыл аймақтар мен курортты ормандарды білу, рекреациялық жерлерді қорғау, жер асты сулары мен минералдық ресурстарды, бұлақ көздерін, әуе бассейнінің тазалығын сақтауды енгізеді.

Рекреациялық ресурстар таралған аймақтарға жыл сайын сан мыңдаған демалушылар келіп, дерттеріне дауа тауып жатады. Еліміздегі осындай ірі демалыс орындарын абаттандыру, көгалдандыру сонымен бірге сәулет, құрылыс жұмыстары, арнайы автокөлік жолдарының салынуы және т.б жұмыстардың атқарылуы: демалушылар санын көбейтіп, олардың денсаулықтарын жақсартуға, заманауи талаптағы жағдайда демалуға, табиғат кешенін сақтап, өсімдік жамылғысын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Абай облысының АРЖ геоэкологиялық бағалау және аумақтың қазіргі жағдайына баға беру, рекреациялық ресурстар таралған аймақтарға адамның кері әсерін азайту мәселелері, болашақта дамуына ұсыныстар жасау қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Реймерс Н.Ф. Природопользование: словарь-справочник. – М.: Мысль, 1990. – 637 с.
2. Мукаев Ж.Т. Геоэкологические условия рекреационного природопользования в прибрежной зоне озера Алаколь: <https://k.eruditor.one/file/3217223/>
3. Кропинова Е.Г. Эколого-географический анализ территориальных рекреационных систем Калининградской области и перспективы их развития: дис. ... канд. геогр. наук. – Калининград, 1997. – 143 с.
4. Веденин Ю.А., Мирошниченко Н.Н. Оценка природных условий для организации отдыха // Известия АН СССР. Серия географическая. – 1969. – №4. – С. 51-60.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ ДАМУ ФАКТОРЛАРЫ

Батыршин Б. А., М.Өтемісов атындағы БҚУ, 7М01510 «География» білім беру бағдарламасының ғылыми педагогикалық бағыт бойынша 2 курс магистранты

Аңдатпа. Машина жасау өнеркәсібінің мамандану түрі, бір салаға жататын зауыттар да өз мамандануы бойынша өнімнің шығарылуы, машина жасау зауыттары, көп жағдайда, дайын өнім емес, оның тетіктерін шығарумен айналысады, мамандануы қамтылады. Машина жасау зауыттарының әр түрлі факторлардың әсерімен орналасуы, машина жасау кешені басқа да салааралық кешендермен тығыз өндірістік байланыста болатындығы, машина жасаудың қалыптасуы мен дамуы қарастырылады.

Тірек сөздер: машина жасау (машиналар мен құрал-жабдық шығару), металл өңдеу (металл конструкцияларын даярлау, машиналар мен құрал-жабдықтарды жөндеу, «кіші металлургия») (машина жасау зауыттарында металл балқыту).

Батыс Қазақстан өңірі машина жасау кешеніндегі негізгі даму әлеуеті бар негізгі салаларға бағытталған.

Батыс Қазақстан – Республикамыздағы жетекші салалары мұнай өндіретін және өңдейтін, мұнай химиясы мен балық өнеркәсібі, ферроқорытпа (30% жуық) және минералды тыңайтқыш (27%) өндіретін жалғыз экономикалық аудан. Ауданның жалпы аймақтық өнім шығарудағы үлесі 27%.

Батыс Қазақстанның әр бір облысы өзіне тән маманданған. Мұнай және газ өндіру ауданның барлық облыстарында жүрізіледі. Бірақ олардың арасында мұнайды көп өндіретін Атырау облысы (30%), ал газды көп өндіретін Атырау (43%) және Батыс Қазақстан (35% облыстары.) Атырауда Республикамыздағы ірі мұнай өңдеу зауыты жұмыс істейді. Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнында газ өндіру мен бірге мұнай да қатар өндіріледі.

Батыс Қазақстан өңірінде машина жасау өнеркәсібі қосымша сала ретінде дамыған. Атырау, Орал, Ақтөбе қалаларындағы зауыттарда жетекші өнеркәсіп салаларына арналған машина және құрал-жабдықтар шығарады.[5].

Ақтөбеде рентген құрал-жабдықтарын шығаратын зауыт жұмыс істейді. Машина жасау саласында республика бойынша медициналық ұйымдармен жергілікті өндіруші «Ақтөберентген» АҚ-нан рентгендік диагностикалық жабдықты сатып алу туралы келісімге қол жеткізілді.

Батыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасының дамыған индустриялық-аграрлық өңірлерінің бірі болып табылады. 2020 жылы өңдеу өнеркәсібінің құрылымында азық-түлік өндірісі – 37%, машина жасау – 19,1%, металлургия – 15,7%, кокс және мұнай өңдеу өнімдері – 9,1% және металл емес минералды өнім – 7,2% құрады.

Ақтау машина жасау зауыты 2014 жылы құрылған. Зауыт мұнай өнеркәсібіне қажетті қондырғыларды құрастырады. Қажетті құрал- жабдықтар мен қосалқы бөлшектер Ресейден алдырылады.

Ақтау трансформатор зауыты 2015 жылы индустриялық- инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында іске қосылды.

Қазақстанда машина жасау өнеркәсібінің орналасуы сол ауданның өндірістік мамандану ерекшелігіне байланысты. Белгілі аумақта өмір сүріп жатқан адамдар сол жердің халқын құрайды. Табиғат жағдайлары мен қорлары – халықтың орналасуының негізгі факторы болып саналады. Халық қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуының басты субъектісі мен негізі, «табиғат-халық-шаруашылық» геожүйесінде негізгі компонент болып есептеледі. Шаруашылықтың дамуына табиғат жағдайларының маңызы зор. Ал шаруашылық өз кезегінде халықтың орналасуына, өмір сүру ұзақтығына, әл-ауқатының деңгейіне тікелей байланысты болады. Батыс Қазақстан өңірінің 2000-2021 жылдары аралығындағы әлеуметтік экономикалық серпінін анықтау барысында әлеуметтік 11 көрсеткіш және экономикалық 14 көрсеткіш бойынша жүргізілді. ҚР статистика агенттігі мәліметтері бойынша есептеулер жүргізіліп, халықтың өсу қарқыны табиғи өсім арақатынасын салыстыру арқылы анықталып, оның 21 жыл ішінде 26%-ға өскендігі анықталды. 1990 жылдардан бастап халықтың өмір сүру жасы яғни күтілетін өмір сүру ұзақтығы төмендеді, ал 1999 жылғы халық санағы бойынша барлық халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы 5 жасқа артық болса, 2000-2021 жылдар аралығында Батыс Қазақстан өңірі халқының күтілетін өмір сүру ұзақтылығы 8% артқанын байқауға болады.

Еңбек нарығының жоғары деңгейде қалыптасуы экономикалық, құқықтық, әлеуметтік және психологиялық факторларды шешуге байланысты. Тәуелсіз Қазақстанның экономикасындағы нарықтық реформа еңбек қатынастарының өзгеруіне әсер етті. Халықтың жұмысқа тартылуы нарықтың ұсынысы мен сұранысына байланысты қалыптасты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жұмыс жасайтын халықтың үлесі төмендеп, 1996 жылдан бастап еңбек нарығында тұрақтану, біртіндеп еңбеккерлердің үлесі өсті. Өңірдің экономикалық белсенді халықтың өсу қарқыны 2000 жылмен салыстырғанда 21 жыл ішінде 12% өсті, жұмыссыз халық санының өсу қарқыны 40%, жұмыспен қамтылған халық санының өсу қарқыны 15%, жұмыссыздық деңгейі 59%-ға, күнкөрістің төменгі деңгейінің шамасының қарқыны 88% жетті. Экономикалық белсенді халықтың төмендеу шегі экономикалық реформалардың еңбекпен қамтуда жұмысшылар санын қысқарту шаралары салдарынан жұмыссыздық ұлғайды. Сонымен қатар әр өңірде еңбек ресурстарын пайдалануда территориялық ерекшеліктер бар, бұған әр өңірдің экономикалық даму деңгейі мен қарқыны,

өндірістің салалық және территориялық құрылымы, геодемографиялық жағдайы, әлеуметтік реформалар т.б. әсер етеді.

Қазақстан экономикасында нарық факторы, оның ішінде жалақының көлемі еңбек нарығының салалар бойынша өзгеруіне әсер етті. Мысалы, халыққа әр түрлі әлеуметтік қызмет ету салаларында еңбеккерлердің үлесі төмендесе, өнеркәсіп, құрылыс көлік пен байланыс салаларында жоғары екенін көруге болады. Батыс Қазақстан өңірінің бір қызметкерінің орташа айлық атаулы жалықысының өсу қарқыны 92% құраса, халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстарының өсу қарқыны 93% құрайды.[1]

Қазақстан Республикасы үкіметінің макроэкономикалық тұрақтану

бағдарламасын іске асырудың арқасында жалпы ішкі өнімнің төмендеу тенденциясынан шығу 1996 жылдан бастады. Қазақстанның макроэкономикалық даму көрсеткішіндегі Батыс Қазақстан өңірінің жалпы өңірлік өнім көрсеткішін 2000-2021 жылдар аралығында аймақтық ерекшелігін кестеден көруге болады.

1-кесте. Жалпы өңірлік өнім

№	Облыс атаулары	Жалпы өңірлік өнім млн.теңге. Қарқыны,%	Ранг	Жан басына шаққанда жалпы өңірлік өнім мың теңге.Қарқыны,%	Ранг
1	Ақтөбе	96,0	2	95,60	2
2	Атырау	97,0	1	96,0	1
3	Маңғыстау	96,0	2	91,7	3
4	Батыс Қазақстан	96,0	2	96	1
	Батыс Қазақстан өңірі бойынша	97,0	1	96	1

Нарықтық экономикаға көшуге байланысты экономиканың территориялық құрылымындағы өзгерістерді өңірдің әлеуметтік- экономикалық даму қарқыны мен жалпы өңірлік өнімнің көрсеткіштері арқылы талдауға болады. Батыс Қазақстан өңірінің жалпы өңірлік өнімі қарқыны 97%, ал жан басына шаққанда жалпы өңірлік өнім қарқыны 96% өскенін көруге болады.

Батыс Қазақстан өңірінің 2000-2021 жылдары аралығындағы әлеуметтік серпінін анықтау барысында әлеуметтік 11 көрсеткіштерге талдау жасалып, оң және теріс мәнді көрсеткіш (индекс) шықты.

Батыс Қазақстан өңірінің 2000-2021 жылдары аралығындағы әлеуметтік және экономикалық серпінін анықтауда алынған көрсеткіштерге талдау жасалып, жалпы мәні төмендегі кестелерде қорытындыланды.

Кесте 1


блыстардың әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштері жиынтығы

№	Облыстар	Балл қосындысы	Көрсеткіштер саны	Интегралдық көрсеткіш	Топтары
1	Ақтөбе	9	25	0,4	3
2	Атырау	22	25	0,9	1
3	Маңғыстау	11	25	0,44	2
4	Батыс Қазақстан	0	25	0,0	4

Кесте 2

№	2000-2021 жылдардағы неізгі әлеуметтік- экономикалық даму көрсеткіштері	Балдық көрсеткіш	Облыстар саны
1	Жоғары	0,9 және одан жоғары	1
2	Орташа	0,44-0,4	2
3	Төмен	0	1

Жекелеген облыстарға жүргізілген талдау қорытындысы бойынша балдық жүйе жиынтығы бойынша Атырау облысы 22 балл, интегралдық көрсеткіші жоғары 1 орында; Маңғыстау облысы 11 балл, интегралдық көрсеткіші орташа 2 орын; Ақтөбе облысы 9 балл, интегралдық көрсеткіші орташа 3 орын, Батыс Қазақстан облысы ең төменгі көрсеткішке ие. Жалпы неізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері жоғары – Атырау облысы, орташа – Маңғыстау және Ақтөбе облыстары, төмен – Батыс Қазақстан облысына сәйкес келеді. Қорытып айтатын болсақ Батыс Қазақстан облысы экономикасы бәсекеге қабілетсіз болып саналады.



1-сурет. Батыс Қазақстанның 2000-2021 жылдардағы неізгі әлеуметтік- экономикалық даму көрсеткіштері

Қорытынды. Өңірде машина жасау, металлургия, мұнай-газ кешені (оның ішінде мұнай өңдеу), сондай-ақ өнеркәсіптің тау-кен, қорғаныс және жеңіл (тамақ, тігін) салалары барынша дамып келеді. Олар өңірдің және бүкіл ел экономикасына зор үлесін қосып отыр.

Батыс Қазақстанның 2000-2021 жылдардағы неізгі әлеуметтік- экономикалық даму көрсеткіштерін талдау барысында өңірдің табиғи- ресурстық потенциалын пайдаланып экономикасының бәсекеге қабілеттігін арттыру қажеттілігі туындайды.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. М.Қожахмет Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы Қарағанды 2006 274-277 бб.

2. Источник: <https://qazindustry.gov.kz/kk/article/2107-sotsialno-ekonomicheskie-pokazateli-zapadno-kazakhstanskoy-oblasti-i-potentsial-razvitiya>

3. Сайт: www.zkmk.kz

4. <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/reviews2025-zhylga-karay-batys-kazakstan-oblysynda-onerkasip-ondirisinin-kolemi-55-ga-artady-5111148>

5. Атырау: Энциклопедия -Алматы: Атамұра, 2000

6. Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстарының неізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің серпіні - сайт:<https://old.stat.gov.kz/>

ЧТО НАМ ИЗВЕСТНО О СОВРЕМЕННОМ КИТАЕ?

Калашников Д.Б.К.э.н., доцент, МГИМО (У) МИД России
Родионова И.А. Д.г.н. профессор, независимый исследователь, Москва, Россия

Андатпа. Қарқынды дамып келе жатқан Қытайда болып жатқан процестерді есепке алмай, жаһандық деңгейде тұрақты әлемдік даму мүмкін емес. Ел қазірдің өзінде әлемдік экономика мен халықаралық саудада көшбасшыға айналды. Ресей мен Қазақстан үшін Қытай көрші ғана емес, оның ең ірі сауда серіктесі. Қытай Халық Республикасының даму тенденцияларын жан-жақты зерттеу қажет.

Аннотация. Устойчивое мировое развитие на глобальном уровне без учета процессов, происходящих в быстроразвивающемся Китае, не представляется возможным. Страна уже вышла на позиции лидера мировой экономики и международной торговли. Для России и Казахстана Китай является не просто соседом, но и главным торговым партнером. Необходимо всестороннее изучение тенденций развития Китайской Народной Республики.

Abstract. Sustainable world development at the global level without considering the processes taking place in rapidly developing China is not possible. The country has already emerged as a leader in the world economy and international trade. For Russia and Kazakhstan, China is not just a neighbor, but also a major trading partner. A comprehensive study of the development trends of the People's Republic of China is necessary.

Российская научная литература по экономике Китая богата и многообразна. Сложились научные школы китаеведения ИКСА РАН (Институт Китая и современной Азии, ранее — Институт Дальнего Востока), ИСАА при МГУ им. М. В. Ломоносова, СПбГУ, МГИМО МИД России, ВШЭ и др. Изучение феномена китайского «экономического чуда», транснационализации китайских компаний является чрезвычайно важным не только для экономистов, но и для исследователей-географов [1;2;3;4;5;6;7;8].

Согласно утверждениям китайских реформаторов, с 2021 г. Китай вступил в принципиально новый период опережающего развития (согласно планам) до 2049 г. Планируется достижение мирового технологического и экономического лидерства страны. Для достижения поставленных задач Китай трансформирует прежнюю модель участия в международном разделении труда, когда страна играла роль “мировой фабрики”. Современная Китайская Народная Республика (КНР) ни по одной официальной классификации стран мира еще не относится к странам с развитой экономикой. Китай относят к блоку развивающихся государств, но во всех международных статистических сборниках всегда выделяют отдельно данные по Китаю. Но, как известно, по размерам экономики, по уровню промышленного развития, развития национальной инновационной системы, способности осуществлять практически неограниченную безналичную кредитную эмиссию Китай уже не просто отличается от всех развивающихся стран. Эта страна находится в числе лидеров мировой экономики, опережая практически все страны развитого Запада.

Численность населения КНР на начало 2023 г. составляла 1419,8 млн человек, или 17,9% населения планеты (в конце 1970-х гг. — 22,7%). Население материкового Китая без Тайваня, Гонконга и Макао достигло пика своей численности в 2021 г. — 1412,6 млн человек, и в 2022 г. впервые за 40 лет уменьшилось — до 1411,8 млн человек. И настоящее время мировым лидером по числу жителей является не Китай, а Индия. Площадь территории Китая составляет 9,608 млн кв. км. Это третье место в мире после России и Канады. Китай граничит по суше с 14 государствами.

Китайская экономическая модель является вариантом государственного капитализма. Экономическое строительство осуществляется с применением рыночных методов и частных форм собственности, обеспечивающих конкурентоспособность на микроуровне, но в рамках государственной макроэкономической стратегии развития. В результате системных реформ и активной индустриализации к концу 2010-х гг. Китай добился промышленного суверенитета, стал единственной страной мира, имеющей все отрасли промышленности, создал передовую национальную инновационную систему, обеспечил высокие темпы роста уровня жизни и благосостояния населения. Согласно данным ЮНИДО, с 2010 года Китай вышел на первое место в мире по объему промышленного производства (значительно опережая США, занимающих 2-ю позицию). Министерство промышленности и информатизации КНР (и

информационное агентство «Синьхуа») сообщили, что Китай остается лидером мировой обрабатывающей промышленности 14 лет подряд. По состоянию на конец ноября 2023 г. число крупных промышленных предприятий в Китае достигло 483 тысяч. Этот показатель на 32 тысячи превышает достижение 2022 года. В 2023 году совокупная добавленная стоимость продукции крупных промышленных предприятий в секторе обрабатывающей промышленности страны увеличилась на пять процентов по сравнению с 2022 годом [2].

As you know, every country in the world has its geographical location, territory, area and borders on the world political map. Of course, it has lived through a period of time before the current state of the world political map.

At the same time, the question of what kind of region is Central Asia is still on the agenda. There are also those who claim that there is no unity among the researchers on the structure, borders, or place on the world civilization map. According to S. Safoev ,although Central Asia has reappeared at the end of the 20th century, there is no completely new geopolitical structure seeking the first place in the community of nations. Its political, economic, cultural, and civilization importance in Eurasia has deep roots with close ties with these key regions, with objective factors of strategic importance [1].

The term "Central Asia" was firstly used by the famous German scientist and geographer Alexander Von Gum published in 1843 in Paris, in the book of the 3-volume "Study of the Middle Asian Mountain Range and Comparison of Climates". In it, the scientist studied the internal irrigation system and mountain systems and separated Central Asia as a separate region. The term "Central Asia" has long been used as a historical or geographical term rather than a geopolitical concept. Also, the boundaries of the region were not clear. Even its name was also different in various historical periods and in the language of nations, and geographical factors in the historical context served as the main criterion.

It is possible to understand that Central Asia consists of the five great states on the current world political map, which is mainly related to the native Turkish family of languages, whose history is related to one another in the Centre Eurasia Formation of the Central Asian political map includes the following periods:

1. The period before the occupation of Central Asia by the Russian Empire;
2. Central Asia during the period of the Russian Empire;
3. The period of National Sovereignty;
4. The period of Commonwealth of Independent States ;
5. The period of Independence.

In the first period, the territory of Central Asia was dominated by three large states with two khanates and one emirate. They include the Emirate of Bukhara (from 1756 to 1920, population of 2 million people), Khiva khanate (population of more than 0.8 million), Kokand khanate (population 3 million) originally from Uzbek, Kazakh, Kyrgyz, Turkmen, Azerbaijan, Turkish, Persian, and Tadjiks, according to their ethnic composition.

The second period included 1867-1917, when the states of the Khiva khanate, the Bukhara emirate and the Kokand khanate were completely abolished in the territory of Central Asia during this period, and the monarchy system was replaced by the Turkestan general governorship composed of only 5 provinces (regions). This region was composed of Syrdarya, Yettisuv, Fergana, Samarkand and Caspian regions during 1867-1917. They were mainly Kazakh, Uzbek, Kyrgyz, Turkmen, partly Tajik, mainly ethnic minorities.

The third period included the 1917-1920 / 24 years, and this period played an important role in determining the geographical location and boundaries of the Central Asian region. At this period, the Turkestan general governorship included cities such as Fergana Valley, Syrdarya, Tashkent, Uzun, Osh in the current Kyrgyz Republic and Khojand in the Republic of Tajikistan.

At the end of November 1924, as a result of the national territorial restrictions of Central Asia, the Turkestan general governorship was abolished and its territory was part of the newly formed republic.

The fourth period can be divided into two stages (1924- 1926/27 - 1927-1991) (1st map).

Map 1

Geographical map of Central Asia [2]



At the first stage, six state associations were established in the Central Asian republics of Turkestan Autonomous Republic, Bukhara and Khorezm republics (Uzbek USSR, Turkmen USSR, Tajikistan Soviet ASSR, Uzbek USSR, Kyrgyz autonomous Republic), the Kazakh part of the RSFSR, the Kazakh ASSR, the Karakalpak-populated areas of the Kazakh ASSR, the Karakalpak province, the Karakalpak ASSR, were parts of the Soviet Union in 1936).

The second period included the 1926 / 27-1991 years. At the same time, five alliance republics formed in the Central Asian region and took their place on the political map of the modern world (Uzbekistan, Kazakhstan, Kyrgyzstan, Turkmenistan and Tajikistan).

The fifth period, from 1991 to the present, created five independent republics on the political map of the modern world. This came into being as a significant and significant change in the formation of the world political map in the early 1990s. However, the borders of the Central Asian republics were established on the basis of five republics, mostly in the former Soviet Union, formed in 1924 as a result of national territorial restrictions [3].

The population of the Republic of Uzbekistan has grown by 36,800.0 thousand people by 2024 and in 2018 it has grown by 597.4 thousand or 1.8%. In particular, the urban population was 16805.0 thousand people (50.5% of the total population), the rural population was 16449.1 thousand (49.5%). (map 2).


In 2018, the population increased by 597.4 thousand people. The number of live births was 768.3 thousand and 154.7 thousand died. There were 311,400 marriages and 32,300 divorces in the registry offices [4] (Graph 1).

By 2024, the number of population over 3 million population is 4, which is directly linked to the ethnic and historical formation of the population (Diagram 1).

The highest rates of migration were recorded in Tashkent (minus 6.2 thousand), Samarkand (minus 5.2 thousand), Kashkadarya (minus 4.0 thousand) regions and the Republic of Karakalpakstan (minus 4.4 thousand).

Map 2

Population density map of the Republic of Uzbekistan





Basis: 36800.0 thousand people / 1 km²-82.5 people

Population density analyses show that 74.1 people per 1 sq.km, the highest population density is Andijan (713.2 people per 1 sq. Km), Fergana (544.8 people) and Namangan (370.0 people), while in contrast with Navoiy (8.8%) and the Republic of Karakalpakstan (11.2) . There are currently 168 districts, 119 towns (2 in the republican suburb, 24 in provinces and 93 in districts), 1081 towns, 1468 rural citizens' gatherings, 10998 rural a populated area and 8207mahallas.

Drawing 1

Population growth indicators in the Republic of Uzbekistan (2024)





The natural population coefficients territory of the Republic of Uzbekistan 2024 population by up to 1,000 residents

Changes in the national structure of the population of the republic have also been observed. In 1991, the share of Uzbeks in the total population was 83.8 percent, Karakalpakstan - 2.1 percent, Russians - 7.7 percent, Tajiks - 4.8 percent, Kazakhs - 4.1 percent, Tatars - 2 By 0.8 per cent, Ukrainians - by 0.7 per cent, by 2018 their share was 83.8 per cent, Karakalpakstan - 2.2 per cent, Russian - 2.3 per cent, Tajik - 4.8 per cent, Kazakhs - 2.5%, Tatars - 0.6%, Ukrainians - 0.2% (Table 1).

Table 1


Information on the national composition of the permanent population of the Republic of Uzbekistan
The basis: author developed by

Data analysis shows that, apart from the peoples of Central Asia, most Russians, Koreans, Ukrainians

Dates, population, nation and elates	1991 y.		2010 y.		2024 y.	
	population	interest rate %	population	interest rate %	population	interest rate %
Total population	20607,7	100,0	29123,4	100,0	32120,5	100,0
<u>including:</u>						
uzbek	14995,3	72,8	23983,2	82,3	31597,2	83,8
karakalpak	431,9	2,1	641,5	2,2	708,8	2,2
tajik	980,7	4,8	1411,6	4,8	1544,7	4,8
kazakh	845,3	4,1	832,7	2,9	803,4	2,5
russian	1593,8	7,7	837,5	2,9	750,0	2,3
kyrgyz	182,6	0,9	254,6	0,9	274,4	0,9
tatar	414,6	2,0	218,6	0,8	195,0	0,6
turkmen	126,6	0,6	174,7	0,6	192,0	0,6
korean	183,7	0,9	188,0	0,6	176,9	0,6
ukrain	146,8	0,7	78,2	0,3	70,7	0,2
others	706,4	3,4	502,8	1,7	486,9	1,5

(relative to many) are ethnicities and other nations (Diagram 2).

Diagram 2



Our goal is to promote sacral tourism based on the ethnic and historical background of the population in the development of tourism in Central Asia. To achieve this, it is important to pay attention to:

The word Ethnic referred to as the origin, originally was used for population. In this regard, let's go to the sacral word.

In the Russian literature, the word "sacredness and sacred" comes from a Latin term meaning a number of concepts. In a narrow sense, the "sacred" is a "monolithic, sacred thing" of any religion; it can be called "for religious interests." In broad sense, this term can also be used for to things that are not related to religion; therefore, it is sacred, "especially "valuable" and dignity of deep reverence, and in the concept of" sacred, "there is also the meaning of" ritual, ceremony [5].

Everything that is different from the divine, religious, celestial, secular, irrational, mystical, ordinary things, concepts and phenomena is sacred, sacrum in Latin, in English, French and Spanish scientific literature. sacred, dedicated to God), [6].

In the East, in the Muslim world (Arabic, Turkish, Persian), the word sacral is regarded as sacred or antiquity, in fact, a human is regarded as a religious affair or a mystic, i.e. a human's religious beliefs.

In our opinion, the above-mentioned definitions of sacral at the same time, "sacred" are always connected with the origin of the human, the religious views of their ancestors, and the territorial-social geographical environment.

Firstly, the concept sacred or sacredness, of course, is used for ancient traditions, a way of life, and religious views of ancestors - a phenomenon of just divine and, at the same time, a significant thing for many people. However, the sanctity is not only seen from the point of view of religious practices. For example, deep mysterious concepts are the death of the human being, and deaths, cremations, and deaths are traditionally sacred things, even if they are not related to any religion.

Thus, when the sacral word is used in tourism, it is desirable to call it a travellers' visit for a visit to some objects that historically formed ancient and religious values. It can be seen in ancient geography.

Indeed, ancient geography is a system of knowledge about the relationships between specific things on the earth and the sacred categories.

In our country, the preservation of cultural heritage has become one of the main issues in the state policy, which is the delivery of the rich heritage left by our ancestors to the future generations. At present, the study and protection of cultural heritage is divided into:

- Architectural constructions - 182 units,
- Archeological monuments - 64,
- Monuments - 45 units,
- Visual art - 19,
- Technical constructions - 19 units,
- Nature trails - 53,
- Traditions and customs - 15,
- Protected areas - 51 units,
- Religious objects - 76,
- Museums – 482 units, totaling 572.

Based on the above, about 5% of the population of the Republic (1.7 million) are non-Muslim, that is, Russian (Ukrainians, Koreans, etc.) We are going to develop the sacral tourism through it. The survival of their lives began from the second half of the 19th century (1867), partly in the beginning of the 20th century and until the 1950s, millions of people in Central Asia were brought and moved including Uzbekistan.

The buildings and constructions that were built at that time, the basilica, the church (synagogue) serve for the people of our country, as well as foreign tourists from the Christian (Catholic, Orthodox) religions.

Taking into consideration that the international law and the document began to call the 24-hour tourists as a tourist in their respective categories, it is important to develop sacral tourism geography by visiting the Muslim world outside of the Muslim world. From the past other clergymen were busy with trade also they crossed into Central Asia or crossed the Great Silk Road to travel through those areas, but survived and nearly died . Through conquering Central Asia by Russian Empire, Russian dynasty and other nations and peoples were settled in Central Asia.

According to statistics, there are more than 10 churches in our country. There are 10 almost cemeteries for the non-Muslim population. The cemeteries were largely preserved in the ancient capital cities or in the cities founded by the Russians. In the case of one of the capital cities;


From the second half of the 19th century till the independence years their 3 churches have two cemeteries in Tashkent and they are presently praying freely, which indicates the fact that our country has achieved interethnic accord. In order to visit the ancestral parents' ancestors, it has been planned to map out the time of the tourists to meet them from see in them. Their daily and long-term religious ceremonies schedules are presented, which, in turn, will result in an increase in the number of tourists visiting the country and the import of foreign currency by developing their economy [7] (picture 1).




The Roman Catholic Church in Tashkent. The largest catholic church in the capital, and its construction began in 1912 and was completed in 1917.



The Church of the Holy Virgin Alexander Nevsky is one of the oldest Orthodox churches in Tashkent. It was a church built in 1902-1905. Prays in Russian and German.



The Evangelical Lutheran Church is the Lutheran Church of Tashkent. Pray in this church began on October 3, 1899. Built in 1901.



The headquarters of the Prince Romanov is one of the most exclusive architectural constructions of Tashkent built in 1891. Its project was famous architect A.L. Benua and V.S. Belongs to the Geynelsman.

Nikolai Romanov built irrigation canals instead of dry land in Tashkent, constructed soap factories, billiard tables and surveillance workshops, rice production and sales of kvass.

Picture 1. Highlights

Reference list:

1. Abdurashidov Z.A. Geographical characteristics of the use of alternative energy sources in the Fergana Valley (in the case of the Republic of Uzbekistan). Monograph. Tashkent, 2023. - 179 p.
2. Abdurashidov Z.A. Geographical feature of use of alternative energy in Fergana valley (by the exemple of Republic of Uzbekistan). The doctor of philosophy (PhD) on Geographical Sciences. Dissertation abstract. Samarkand - Uzbekistan, 2022. - 171 p.
3. Abdurashidov Z.A. The effectiveness of environmental protection among and alternative energy sources in the light of modern educational technologies. MPSU-Moscow. Sciences Journal 11.00.05 (8), 298-300.
4. Abdurashidov Z.A. The role of teaching geography in the sustainable development of the education system. Białystok – Poland. // 13. International conference. P. 177-178.
5. Abdurashidov Z.A. Geography and sustainability // Problem of desert development. 1. National institute of desert, flora and fauna. –Turkmenistan. Ashgabat: 2020. P. 59-61.
6. Abdurashidov Z.A., Hodjaev A.S., Karabazov S.A. Assessment of climate changes – ecological expertise. Asta NUUZ. Tashkent 2024. 3/1. P. 190-194.
6. Safoev S. Markaziy Osiyoda geosiyosat. “Geopolitics in Central Asia”. - T., 2005.
7. State Committee on Statistics of Uzbekistan for 1991-2024.

АНАЛИЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВОДООХРАННОЙ ЗОНЫ НА ТЕРРИТОРИИ НАСЕЛЕННОГО ПУНКТА: ВОЗМОЖНОСТИ ГЕОИНФОРМАЦИОННОГО КАРТОГРАФИРОВАНИЯ (НА ПРИМЕРЕ РЕКИ АК-БУУРА В ГОРОДЕ ОШ)

Камчиев У.М., Ошский государственный университет, ФЕТАТ
 Шербаева З.Э., Ошский государственный университет, ФЕТАТ
 Ергешова Г. А., Ошский технологический университет им. Адышева

Аннотация. В статье рассматривается возможности использования данных дистанционного зондирования для геоинформационного картографирования территории города Ош с целью анализа водоохранной зоны реки Ак-Буура и сети каналов, основного источника чистой питьевой и поливной воды, для использования при разработке будущего генерального плана города.

Ключевые слова: дистанционное зондирование, цифровая модель местности, прибрежная водоохранная полоса, защита водных объектов, генеральный план города.

Город Ош расположен на юго-восточной окраине Ферганской впадины, у северного подножия Кичикалайского хребта на высоте 700-1000 м над уровнем моря, где всхолмленные предгорья, постепенно сглаживаясь, переходят в наклонную равнину, созданную конусами рек Ак-Буура и Талдык. Собственно долина реки Ак-Бууры врезается в рыхлые отложения своего конуса выноса, что образует целые серии терасс, к югу с возрастанием высоты местности, одновременно увеличивается глубина вреза долины (от 20 до 70-100 м) и сужается пойма реки [1]. Длина реки 148 км, площадь водосбора 2540 км², наибольший расход воды 27,9 м³/сек, наименьший 16,4 м³/сек, средний многолетний расход 21 м³/сек.

Природными доминантами городской среды являются гора Сулайман-Тоо и река Ак-Буура, которые придают городу природное своеобразие, особую живописность, воспринимаются как неперенные атрибуты Оша. Природно-климатические условия, то есть наличие живительной влаги, плодородные почвы, продолжительный вегетационный период, обилие солнечного света создали еще три тысячелетия назад условия для возникновения здесь земледелия, а затем и для превращения окружающего пространства в цветущий оазис [2].




Рисунок 1. Бассейн реки Ак-Буура в КР: бирюзовый - верхнее течение, до слияния рек Ак-Буура и Кичик-Алай, голубой - среднее течение, включает Папанское водохранилище, темно голубой - нижнее течение, город Ош, пригородные села до границы с Республикой Узбекистан [3]

Устойчивое развитие территории прежде всего подразумевает под собой защиту окружающей среды от негативного воздействия при ведении хозяйственной и иной деятельности человека. Территория как правило это совокупность каких-либо пространственных элементов естественного (леса, озера, реки, горы) и антропогенного (результаты деятельности человека) характера. Следовательно от состояния каждого из этих элементов зависит общее экологическое состояние территории. Защита объектов естественного характера должна сочетать в себе не только оптимальные технические методы и приёмы но и актуальная, отвечающая современным требованиям нормативно-правовая база. Издревле человеческая деятельность была неразрывно связана с водными объектами так, по берегам рек шло основание городов, а сильные течения рек используются для получения электроэнергии. В связи с этим встаёт задача охраны водных объектов и формирования водоохранных зон [4].

В рамках проводимой в Кыргызстане административно-территориальной реформы, территория города Ош увеличилась на %, а прирост общегородского населения составит не менее 80 тыс. человек, то есть рост 25%. Это ставит новые задачи перед руководством города поступательного развития Оша, и одна из них разработка нового генерального плана города. Действующий документ был разработан в 2016 году и был рассчитан до 2025 года. То есть в любом случае он должен быть обновлен. Рост города за счет новых территорий пригородных

сельских управ, возможно, поднимет вопрос пересмотра водно-хозяйственных отношений с районными и областными органами и передачи на баланс муниципалитета некоторых каналов и части гидротехнических сооружений.




Рисунок 2. Территория города Ош до 2024 года и ее расширение после административно-территориальной реформы

Водоохранная зона — территория, примыкающая к акваториям рек, озер, водохранилищ и других поверхностных водных объектов, на которой устанавливается специальный режим хозяйственной и иных видов деятельности с целью предотвращения загрязнения, засорения, заиления и истощения водных объектов, а также сохранения среды обитания объектов животного и растительного мира. В пределах водоохраных зон устанавливаются прибрежные защитные полосы, на территориях которых вводятся дополнительные ограничения природопользования. Ширина водоохранной зоны зависит от протяженности водного объекта и составляет для рек (ручьев) протяженностью до 10 км – в размере 50 м, от 10 до 50 км – 100 м, более 50 км – 200м. Согласно действующим правилам застройки и землепользования города Оша, утвержденным горкенешем и мэрией южной столицы, водоохранная полоса реки Ак-Бууры составляет 50 метров [5].

Основной фактор отрицательного воздействия на водный объект – это поверхностные стоки. Поверхностные стоки могут быть промышленными (поступать с территорий предприятий, автомобильных и железных дорог) и бытовыми (поступать с территории жилой и общественной застройки). Количество вредных веществ, которое несут поверхностные стоки, и их разрушающее влияние на берег зависят от интенсивности потоков и от того, какая хозяйственная деятельность осуществляется на территориях, с которых собирается вода (водосборных бассейнах)[6].

В настоящее время при исследованиях городской среды Оша большое внимание должно уделяться геинформационному картографированию реки Ак-Буура, дающей широкие возможности оперативного отображения информации. Сегодня неотложной мерой по решению экологических проблем реки, улучшению ее гидрологического режима и санитарно-гигиенического состояния является выделение водоохраных полос с установлением в их пределах специального режима хозяйствования. Требования для водоохраных полос не соответствуют текущей ситуации в Оше, застроено и активно используются, без надлежащих мер почти 70% их территорий.



Рисунок 3. Араван-Акбуринский канал, водоохранная полоса, ширина 50 м с обеих сторон русла

В современных условиях уточнение границ прибрежных защитных полос нужно проводить с использованием геоинформационных технологий, в частности использовать ПО QGIS, Google Earth. Это повысит точность и информативность проекта. Основой будут служить данные дистанционного зондирования Земли (спутниковые снимки высокого разрешения в открытом доступе, например Open Topography), а также топографические крупномасштабные карты и официальные статистические данные природоохранных ведомств и органов государственного управления. Одним из результатов будет получение цифровых моделей местности элементов поймы реки (например 1, 2, 3 терасс Ак-Бууры) и моделирования поверхностных стоков. Изучение экспертами полученных результатов позволит уточнить потенциальную экологическую опасность каждого участка реки Ак-Буура и водоотводных каналов и внести изменения в карту зон действия ограничений по экологическим условиям г. Ош.

Список использованных источников

1. Матикеев К. Ошская область. Энциклопедия // АН Киргизской ССР - Фрунзе - 1987 - С.133
2. Низамиев А.Г., Осмоналиева А.А., Момошева Г.А., Изучение инвестиционных возможностей города Ош: сильные и слабые стороны, состояние освоения инвестиций, приоритетные направления // Молодой ученый – 2017 – №12 (146) – С.207-209
3. Шербаева З.Э., Камчиев У.М., Исакова У.И., Аташбаев А.М., Особенности геолого-геоморфологических условий реки Ак-буура // Вестник филиала РГСУ в г. Ош. - 2023 - №2(28). - С.190-195
4. Бударова В. А., Бессильный Н. А., Применение материалов дистанционного зондирования Земли (ДЗЗ) для обеспечения устойчивого развития территорий // Молодой ученый. — 2016. — № 26 (130). — С. 733-735.
5. Свод правил по планировке и застройке городов и населенных пунктов городского типа // Приказ Государственного агентства архитектуры, строительства и жилищно-коммунального хозяйства при Правительстве Кыргызской Республики от 27 мая 2016 года № 6-нпа — <https://gpi.kg/svod-pravil-po-planirovke-i-zastrojke-gorodov-i-naselennyx-punktov-gorodskogo-tipa/>
6. Радионов Г.П., Купецкая Т.А., Рудов А.И., Проектирование водоохранных зон ПО ESRI // ГИС и водные ресурсы - 2006 - №1 (36)

КӨНЕ ЫРҒЫЗ АТАУЫНЫҢ ЛАНДШАФТТЫҚ ТОПОНИМИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Сапаров К. Т., г.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
 Сапарбекова Д. А., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 7М01524 – «География педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан


Андатпа: Мақалада Ырғыз өзен атауының бірнеше этимологиялық нұсқасы қарастырылды. Бұл атаудың мән-мағынасы жер бедерінің тұрпаттарын, гидрографиялық торды нақты географиялық сипаттармен ерекшеленетінін анықтайды, сонымен өте көне гидроним атауы ретінде қарастыруға болады. Біздің зерттеулерімізде Ырғыз ауданының топонимдер жүйесі анықталып, олардың топтары тарихи-географиялық тұрғысынан топтастырылды. Көптеген топонимдер жер бедерінің тұрпаттарын, гидронимдер жүйесін, табиғат жағдайларын, өсімдік және жануарлар дүниесі, ландшафт ерекшеліктерін сипаттайтын нақты деректермен сипаттайды.

Аннотация: В статье рассмотрено несколько этимологических вариантов названия реки Иргиз. Значение этого имени определяет типы рельефа, гидрографическую сетку, которая отличается конкретными географическими характеристиками, а также может рассматриваться как очень древнее название гидронима. В наших исследованиях была выявлена система топонимов Иргизского района, группы которых были сгруппированы с историко-географической точки зрения. Многие топонимы отражают формы рельефа, систему гидронимов, природные условия, растительный и животный мир, особенности ландшафта с конкретными данными.

Abstract: The article considers several etymological variants of the name of the Irgiz river. The meaning of this name determines the types of relief, the hydrographic grid, which differs in specific geographical characteristics, and can also be considered as a very ancient name of a hydronym. In our research, a system of toponyms of the Irgiz district was identified, groups of which were grouped from a historical and geographical point of view. Many toponyms describe relief forms, a system of hydronyms, natural conditions, flora and fauna, landscape features with specific data.

Ырғыз ауданы – Ақтөбе облысының оңтүстік - шығысында орналасқан. Аумағы - 41,5 мың км². Жалпы, облыс аумағының 13,7%-ын құрайды. Жер көлемі жөнінен Ақтөбе облысы бойынша Шалқар және Байғанин аудандарынан кейінгі үшінші орында. Аудан солтүстік-шығысында Қостанай облысымен (240 км), шығысында Ұлытау облысының Ұлытау ауданымен (170 км), оңтүстігінде Қызылорда облысының Арал ауданымен (140 км), оңтүстік-батысында Ақтөбе облысының Шалқар ауданымен (220 км), солтүстігінде Әйтеке би ауданымен (300 км) шектеседі (сурет-1).

Ырғыз ауданының сыртқы шекарасының ұзындығы - 1070 шақырым. Ауданның шеткі нүктелері бойлық бойынша 60°30' - 60°20' аралығында, ал ендік бойынша 47°05' - 49°05' аралығында орналасқан. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 250 км-ге, солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 160 км-ге созылып жатыр.



Сурет-1. Ырғыз ауданының физикалық картасы

Ауданның жер бедері солтүстіктен оңтүстікке қарай еңістеу. Жер бедерінің ерекшелігіне қарай 2 геоморфологиялық ауданға бөлінеді. Біріншісі, теңіз деңгейінен 200-250 м биіктікте орналасқан Мұғалжар тауының сілемдері. Бір-бірімен тізбектелген Сарыбастөбе (биіктігі 205 м), Мәні әулие (211,8 м), Темірастау (241 м), Сарысай (275 м), Бөкенбай шоқысы (240,3 м), Суықбет (240,5 м), Қабанқұлақ (213 м) таулары Айырқызыл құмына дейін жалғасып, аудан территориясында 150 шақырымға созылып жатыр. Сол жағалауын Төлебай (246 м),

Бесмола (225 м), Бесоба (232 м), Қызылқабак (214,8 м) биіктіктері алып жатыр. Екіншісі, Торғай-Арал маңының құрылымдық - денудациялық төрткүл жазықтығы (Торғай үстірті) Ырғыз ауданының шығыс бөлігінде орналасқан. Солтүстіктегі Нұра тауынан (200 м) басталып, Торғай-Ырғыз өзендері мен Шалқар теңізі ойпаңына (50-70 м) дейін созылып жатыр. Үстірттің бедерінде тік жарлар мен төрткүл биіктіктер, Торғай - Ырғыз өзендері мен Арал маңының терістігінде бос сулы ойпаттар, сортаңдар, тақырлар көптеп кездеседі. Тізбектеліп жалғасқан Қараатозған (151,5 м), Нұра (166,4 м), Құланак (160,2 м), Ақназар (160,1 м), Айырбидайық (140,7 м), Шалқар (184 м), Ақжар (183,4 м), Жанайшоқы (190,6 м), Сұңқарқия (191,5 м), Қосбүйрек (158,8 м), Жаманай (209,5 м), Мыңсай (180,2 м), Атанбас (193,3 м) шоқылары 250 шақырымға созылып жатыр. Оңтүстігіндегі Арал маңы ойпатының биіктіктері 80-150 м аралығында өзгереді [1, 9-б.].

Ауданның жер бедері тұрпатын сипаттайтын орографиялық терминдер арасында *тау, төбе, сай, жар, асу, қия, шоқы, қыр, шың, нұра, бұйрат, қорған, қуыс, шат, жайылма, ернек, оба, ой, шұңқыр, жер, жал, ойық, жарық, өзек, жыра, үңгір, табан* және т.б. сөздерімен жасалған географиялық нысан атаулары жиі кездеседі.

Ырғыз өзені бастауын Мұғалжар тауының шығыс сілемі - Өтеш үстіртінен алып, Шалқар (Құрдым) теңізіне құяды. Ұзындығы - 593 км (оның 200 км-і аудан территориясы арқылы ағып өтеді), су жиналатын алабының ауданы - 31600 км². Көктемде, сәуір айында қар суымен толығып, таситын Ырғыз өзеніне Шідер, Бақсай, Үймола, Қарабұтақ, Қияқты, Қайрақты, Талдық, Шетырғыз, Сарысай, Талдысай деп аталатын салалары суын құяды.

Ырғыз - Ақтөбе облысындағы өзен, құм, аудан және аудан орталығының атауы. Ырғыз атауының этимологиясының қалыптасуы жөнінде халық арасында екі түрлі нұсқа таралған. Оның бірі, ауыз әдебиетіндегі халық қаһармандары туралы аңыздың нұсқасына сүйеніп, Ырғыз өзенінің шығу тарихы туралы батыр қыздың келбетімен байланысты айтылатын екі үндес түсінік: «*Ұр-қыз*» немесе «*Ер-қыз*» деген ұғымдар. Екіншісі, қолжазбаларда кездесетін Марғыз атты ежелгі елді-мекеннің атауымен байланыстырады [2].

Атаудың шығу тегі жөнінде бірнеше ұқсас ұғымдар көп болғандықтан, этимологиялық тұрғыда түсіндіру өте күрделі. Мысалы, қазақ тілінде түбірлес сөздер көп. Яғни, бір сөз екі түрлі мағына береді, «*ырғыз*» - жылдам секір, ал «*ырғын*» сөзі молшылық дегенді білдіреді [3]. Сондықтан да, кейбір еңбектерде өзеннің атауы салаларының көп болуымен (136 саласы бар) байланысты деп жазылған.

Ырғыз ежелгі, көне атаулардың бірі. Біздің заманымызға дейін V ғасырдың 30 - 40 жылдарында жазылған Геродоттың 9-томдық «Тарих» атты еңбегінде Дарийдің Ырғыз өзенінде болғандығы туралы деректер келтірілген және өзен атауы екі жерде кездеседі. Бұл еңбектің 4-томында, Дарийге қарсы соғыс ашқан скифтерге Ырғыздың маңын мекендеген будин, гелон және соврамат тайпалары көмектескені баяндалған. Будиндер елінің солтүстігін құмды шөлдерден жоғарырақ, солтүстікке қарай тиссагет тайпалары өмір сүреді. Олардың жерінде төрт үлкен өзен (*Лик, Оар, Танаис, Сиргис*) ағады, барлығы Меотид көліне барып құяды [4]. Тарихта болған осы оқиғаға сүйеніп, аталған өзендер Елек (Лир), Ор (Оар), Дон (Танаис), Ырғыз (Сиргис) екендігін, аргиппей, будин, тиссагет тайпалары мекендеген жерлерімен іргелес ағып жатқандығымен және Ырғыз бен Елек өзендерінің бір-біріне жақын орналасуымен байланыстырамыз. Геродоттың еңбегін орыс тіліне аударған Ф. Мищенко Сиргис өзені еңбектің басқа томдарында Гиргис деп жазылғандығын анықтаған. Онда Гиргис өзені Танаидқа құятындығы туралы ақпарат берілген.

Тарихшы Р. Исмагиловтың еңбектерінде Сиргис пен Гиргис бір өзен атаулары деген деректер келтірілген. Ресей аумағындағы Жайықтың саласы Үлкен Ырғыз өзенінің атауы башқұрт тіліндегі Оло Ырғыз деген сөзден туындаған. Гидроним қыпшақ етістігінен пайда болған. Башқұрт тілінен аударғанда *ырғыу* – «секіру, жұлқыну» мағынасын білдіріп, өзеннің ағысын сипаттайды. X ғасырда өмір сүрген араб саяхатшысы Ибн Фадланның еңбегінде өзен *Ырхыз* атауымен белгілі болған [5].

Ғалым А. Әбдірахмановтың пікірінше, Ырғыз атауы ерги (ертедегі) және зуг (су) сөздерінен құралып, «ескі өзен» деген мағынаны білдіреді. Яғни, «ерги» сөзі ескі, ертедегі

сөзімен түбірлес болса, ал «зуг/суғ» сөздері су сөзінің көне нұсқасы. Қазіргі кезде Ырғыз сөзінің құрамында зуг (су) сөзінен тек «з» дыбысы сақталынған. Бұл гидронимнің этимологиясын келесі сызба арқылы түсіндіруге болады: Ергизуг→Ергизу→Ергиз→Ырғыз. Бастапқы түрлері көне түркі тайпаларының тілінде жасалып, соңғысы (Ырғыз) қазақ тілінде қалыптасқан сияқты [6].

Тарихшы Б.Аспандияров Ырғыз гидронимі «Орқұз» сөзінің бұрмалануынан туындаған деп есептейді. «Өр» (тау, бұйрат, қырат, биіктік) және «ғұз» (ойпат, қазаншұңқыр, аңғар) сөздерінің бірігуінен тұрады. Бұл күрделі атау «жоғары не биіктіктегі шұңқыр», яғни «*таулы аймақтағы ойдым*», «*тау аңғары*», «*тау өзені*» дегенді білдіреді [7]. Дегенмен, Ырғыз өзенінің бойында ерекше назар аудартатын күшті тілімденген жер бедері жоқ және бастауы да аласа жазықты таулы өлкеден басталатындығы белгілі.

Біздің зерттеулерімізде Көне Ырғыз өзен атауының бірнеше этимологиялық нұсқасы қарастырылды. Бұл атаудың мән-мағынасы жер бедері ерекшеліктерін, гидрографиялық торды нақты географиялық сипаттармен ерекшеленетінін анықтайды, сонымен өте көне гидроним атауы ретінде қарастыруға болады.

Қорытындылай келе, ғалым А. Әбдірахмановтың пікірін құптап, Ырғыз атауы «көне өзен» деген мағынаға саятынын айтуға болады. Ырғыз сөзінің қазіргі құрамында зуг (су) сөзінен бір ғана з дыбысы сақталып қалған. Бұл гидронимнің этимологиясын келесі сызбамен түсіндіруге болады: Ергизуг→Ергизу→Ергиз→Ырғыз. Бастапқы түрлері көне түркі тайпаларының тілінде жасалып, соңғысы (Ырғыз) қазақ тілінде қалыптасқан сынайлы. Дегенмен әліде нақты географиялық, тарихи, лингвистикалық тұрғыдан зерттеулерді қажет етеді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Ырғыз энциклопедиясы. – Алматы: «Дала» ЖШС, 2010 – 440 б.
2. К.Б.Оразаева, Г.С.Султанғалиева, Ж.Т.Өтеалиева. Ақтөбе облысының топонимі: тарихи – этимологиялық сипаттама, атауларды өзгертудің стратегиясы мен оларды топтастыру. Ғылыми монография. 2 том – Ақтөбе, 2009. – 200 б.
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы. 9-том / бас ред. Б.Аяған, Алматы: Бас редакция «Қазақ энциклопедиясы» – 2004. – 560 б.
4. Геродот. История в девяти книгах / пер. с греч. яз. – Л., 1972. – 600 с.
5. Исмагилов Р. Танаис Геродота: Дон или Волга / Ватандаш. – 2008. – №9. – с. 67-71.
6. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Павлодар: С.Торайғыров ат.ПМУ, 2010. – 240 б.
7. Аспандияров Б. Этимология некоторых топонимических названий (к вопросам исторической топоними) // География в школах и вузах Казахстана. – 2007. – №1. – с. 38-43.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АБАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ ЛАСТАНУЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫ ИНВЕНТАРИЗАЦИЯЛАУ АРҚЫЛЫ ҒАЖ НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ

Амангелды Н., география мамандығының 2-курс магистранты, С. Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан Университеті, Өскемен қ., Қазақстан

Андатпа: Мақалада Шығыс Қазақстан және Абай облыстарындағы атмосфералық ауаның ластану дәрежесін талдау жұмыстары жүргізілген. Мақала Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндамаларын» негізге ала отырып, атмосфералық шығарындылар картасы дайындалған.

Түйін сөздер : Атмосфералық ауа, шығарындылар, ластанудың стационарлық көзі, инвентаризациялау

Аннотация: В статье проведен анализ загрязненности атмосферного воздуха в Восточно-Казахстанской и Абайской областях. Статья подготовлена на основе «национальных докладов о состоянии окружающей среды и использовании природных ресурсов Республики Казахстан» Министерства экологии, геологии и природных ресурсов.

Abstract: The article analyzes the air pollution in the East Kazakhstan and Abad regions. The article was prepared on the basis of the "national reports on the state of the environment and the use of natural resources of the Republic of Kazakhstan" of the Ministry of Ecology, Geology and Natural Resources.

Урбандалған аумақтардың табиғи кешенінің жай-күйін бағалаудың әдістемелік тәсілдері әртүрлі табиғи компоненттердің жай-күйінің параметрлері бойынша техногендік ландшафттардың өзгеруінің нақты дәрежесін бағалауға және урбандалған аумақтарды экологиялық аудандастыруды жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл мәселе жеке табиғи компоненттердің (атмосфера, топырақ және өсімдік жамылғысы, су көздері) ластану жағдайын бағалау деңгейінде егжей-тегжейлі әзірленген. [1]

Елді-мекен бойынша әртүрлі заттар концентрациясының елеулі өзгерістерін ескеру үшін үнемі 300-ден астам түрлі ингредиенттер түсетін атмосфераның ластану дәрежесін интегралдық бағалау үшін гидрометеорологиялық қызметпен есептелген атмосфераның ластануының кешенді интегралды көрсеткіші пайдаланылады. Мұндай күрделі көрсеткіштің құрамына ластаушы заттардың бес түрі кіреді: азот диоксиді, фенол, формальдегид, бензол, аммиак. [2]

Материалдар мен зерттеу әдісі

Атмосфералық ауаның жағдайын бағалау үшін негізгі ластану көрсеткіштері Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндамасы», сонымен қатар, «Қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттық бюллетендер» бойынша және ғылыми зерттеу жұмыстары қарастырылды. Мақала урбоэкология мәселелерін зерттеу саласындағы жетекші мамандардың еңбектеріне негізделген, соңғы жылдардағы зерттеулердің нәтижелері жинақталған. Сапалық көрсеткіштерді түрлендіру мақсатында ArcGis 10.2 бағдарлама кешенімен геоақпараттық картографиялау, аудандастыру әдісі, векторлық және растрлық талдау (кеңістіктік талдау) негізінде жүзеге асырылды.


Шығарындыларға инвентаризациялауды жүргізу кезінде барлық стационарлық көздер анықталады және есепке алынады, олардың сипаттамалары белгіленеді, сондай-ақ шығарындылардың барлық стационарлық көздерінен шығарындылардың сандық және сапалық көрсеткіштері айқындалады, алынған нәтижелер жүйеленеді және құжатталады. [3]

Зерттеу нәтижелері

Шығыс Қазақстан облысы қоршаған ортаның компоненттері бойынша ластанудың түрлі факторларымен, экологиялық жағдайдың түрлі мәселелерімен сипатталатын – Қазақстан Республикасының түсті металлургиясының орталығы болып табылады.

Шығыс Қазақстан облысының атмосфералық ауасының ластануына негізгі әсер етуші салалар - тау - кен өндіру өнеркәсібі, жылу энергетикасы, түсті металлургия кәсіпорындарының және олармен байланысты салалардың-энергетика, машина жасау, құрылыс индустриясы екені белгілі. Жалпы статистика комитетінің деректеріне сәйкес тұрақты ластағыш стационарлық көздердің саны азайып, 20 790 бірлікті құрады, бұл өткен жылға қарағанда (22 353 бірлік) 1 563 дереккөзге аз. Ұлттық баяндамадағы деректерге сәйкес олардың ішінде негізгі ластаушылар: "Казцинк" ЖШС, "УК "ТМК" АҚ, "ҮМЗ" АҚ, "Шығыстүстімет" ЖШС, "Секисовское ГРП" ЕЖШС, "Алтай Кен Байыту" ЖШС, "Сайкан" ЖШС, энергетика саласы бойынша - "АЭС Өскемен ЖЭО" ЖШС, "Согра ЖЭО" ЖШС "Риддер ЖЭО "АҚ," Теплокоммунэнерго "МКК, машина жасау саласы бойынша –" Востокмашзавод "ЖШС, құрылыс индустриясы –" Бұқтырма цемент компаниясы "ЖШС, "Семей" цемент зауыты "ЖШС, коммуналдық кәсіпорындардан –" Өскемен-Водоканал" және "Семей-Водоканал" МКК болып табылады [4].

Шығыс Қазақстан облысындағы тұрақты көздерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары




Сурет 1 Шығыс Қазақстан облысындағы тұрақты көздерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары

Ескертпе. [6,7,8,9,10] дерек көзі негізінде автор құрастырған

Сурет 1 бойынша 2022 жылдың көрсеткіштері 2019-2021 жылдар аралығындағы көрсеткіштен әлдеқайда төмендеген. Мұндай нәтижеге ластаушы көздердің қысқаруы және ластануды болдырмау үшін қолданылатын қондырғылардың жұмысы әсер етеді. Алайда 2023 жылы қайтадан ластаушы зат шығарындыларының көрсеткіші жоғарылаған.

«ШҚО экология департаменті» РММ мәліметтері бойынша, облыс бойынша қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын 788 кәсіпорын тіркелген. Ластаушы тұрақты көздер бойынша қосылыстардың нақты жиынтық шығарындылары 130 мың тоннаны құрайды, оның ішінде 1 санаттағы нысандар бойынша – 76,95 мың тонна, қалған санаттар бойынша-53,94 мың тоннаны құрайды [5].



Сурет 2 Шығыс Қазақстан және Абай облысы бойынша атмосфералық ауаны ластайтын зат шығарындылары

Ескертпе. [11] дерек көзі негізінде автор құрастырған

Алынған мәліметтерді саралай келе карта дайындалды. Картаға Шығыс Қазақстан және Абай облысы бойынша тіркелген ластағыш зат шығарындылары белгіленді. Картада көрнекі түрде ең ластанған аумақтарды көруге болады. Ең көп ластағыш заттар Өскемен қаласында тіркелген.

Өскемен қаласын ластаушылардың қатарына өнеркәсіптік кәсіпорындарды, көліктерді, жанар-жағармай құю бекеттерін, тұрғын үй секторын қосамыз. Өскемен қаласының атмосфералық ауасына "Қазмырыш" МК ААҚ және "AES Өскемен ЖЭО" ААҚ, Өскемен ТМК ААҚ, ҮМЗ АҚ кәсіпорындарының шығарындылары әсер етеді, ал жер асты суларын

"Қазмырыш" МК АҚ, ҮМЗ АҚ және Өскемен ТМК ААҚ өнеркәсіптік алаңдарынан, сонымен қатар " ҮМЗ " ААҚ ескі қалдық қоймасынан түсетін төгінділер ластайды. Қала атмосферасына кәсіпорындар химиялық қосылыстардың (күкірт диоксиді, азот диоксиді, қорғасын, мырыш, хлор, кадмий, сутегі фторы, фенол, формальдегид, мышьяк, бериллий, бенз(а) пирен және т.б.)көптеген түрін шығарады. Сол себепті де Өскемен қаласында химиялық талдаулар 20 түрлі компонент бойынша мемлекеттік мониторингпен жүргізіледі. Тәулік бойынша бақылау нәтижесінде орташа тәуліктік нормативтер бойынша жоғарғы көрсеткіштер байқалды. Мысалы: күкірт диоксиді-1,5 ШРК_{о.т.} бойынша байқалды, озон-1,9 ШРК_{о.т.} ,ал басқа көрсеткіштер бойынша ШРК дан асу, экстремалды жоғары және жоғары ластану тіркелмеді.

	Барлық тұрақты ластаушы көздерден шыққан ластағыш заттардың көлемі	тазартылмай шығарылды		тазалау имараттарына түскені
		барлығы	оның ішінде ластаудың ұйымдастырылған көздерінен	
Барлығы	2 034 143,287	93 918,338	79 866,580	1 940 224,949
Қатты	1 497 675,563	14 045,478	7 009,643	1 483 630,085
Газ тәріздес және сұйық	536 467,724	79 872,859	72 856,937	456 594,864
күкіртті ангидрид (SO ₂)	465 220,231	23 807,634	23 494,439	441 412,597
күкіртсутек (H ₂ S)	19,982	19,869	11,427	0,113
көміртек тотығы (CO)	33 767,965	31 634,966	30 268,400	2 132,999
азот тотықтары	18 303,434	17 716,381	17 062,628	587,053
аммиак	263,184	115,063	63,806	148,120
көмірсутектер	3 483,935	3 483,935	277,746	-
(ҰОҚ)	3 318,437	3 216,665	1 854,842	101,771

Ескертпе. [11] дерек көзі негізінде автор құрастырған

Кесте 1 Шығыс Қазақстан облысы бойынша ластаушы заттардың атмосфераға шығарындыларының құрылымы

Атмосфералық ауаның сапасын анықтайтын факторларды бағалау үшін атмосферадағы ластаушы заттардың маусымдық динамикасын талдау маңызды. Мысалы, ластағыш заттардың көлемі бойынша 1 орында тұрған Өскемен қаласында азот диоксидінің ең жоғары концентрациясы күзгі-қысқы кезеңде байқалды, бұл жылыту маусымымен, сондай-ақ ауа райының тынық, желсіз кезеңдерінің қайталануымен байланысты. Күкірт диоксидінің ең жоғары концентрациясы жылдың күзгі-көктемгі кезеңінде байқалады, бұл ҚМЖ ең көп қайталануымен байланысты. Фенолмен ауаның ластануының маусымдық динамикасы фенолдың ең жоғары концентрациясы қазан-қараша айларында байқалғанын көрсетеді.

Қорытынды

Мақалада Атмосфералық ауаның жағдайын бағалау үшін негізгі ластану көрсеткіштері бойынша алынған мәлімет нәтижесінде жасалған сараптама жұмыстары осындай нәтижені көрсетті.

Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында 2022 жылы атмосфералық ауаға тұрақты көздерден ластайтын заттардың шығарындылары 128,1 мың тоннаны құрады және олардың деңгейі өткен жылмен салыстырғанда 0,7%-ға өсті. Негізгі атмосфераны ластағыш заттардың көлемі Өскемен қаласында (53,7 мың тонна), Семей қаласында (24,0 мың тонна), Алтай

ауданында (12,7 мың тонна), Риддер қаласында (6,5 мың тонна) және Аягөз ауданында (5,4 мың тонна) қалыптасқан.

Атмосфераға шығарылған ластайтын заттардың жалпы көлемінің 76,4%-ын газ тәрізді және сұйық, 23,6%-ын қатты заттар құрады. 2021 жылы облыстың кәсіпорындары барлық тұрақты ластаушы көздерден шыққан ластайтын заттардың жалпы көлемінен 93,7% зиянды заттар ұстап, залалсыздандырылды.

2021 жылы облыстың ауа бассейніне қорғасын және оның қосындылары – 15,0 тонна, марганец және оның қосылыстары – 3,9 тонна, мыс оксиді – 3,4 тонна, күкірт қышқылы – 183,5 тонна, күшән – 2,8 тонна, хлор – 38,0 тонна, сынап – 181 килограмм сияқты ерекше ластағыш заттар түсті. Осы заттардың нақты шығарылуы белгіленген шекті жол берілген шығарындылардың көлемін (ЖШШ) асқан жоқ.

Мақалада осы мәліметтерді негізге ала отырып, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарындағы атмосфералық ауаға шығарылған ластаушы заттардың картасы дайындалды.

Атмосфераның ластану индексіне ең көп үлес азот диоксидіне түседі. Облыс аумағында автокөлік пен жылу энергетикасының шығарындыларымен байланысты атмосфера құрамындағы бенз(а)пиренге тұрақты бақылау жүргізілетінін атап өткен жөн. Бенз(а)пирен Қазгидромет қызметтері жүргізетін атмосфералық ауа сапасы мониторингінің ұлттық деңгейінің бақыланатын компоненттерінің тізбесіне енгізілмеген. Алайда, бұл бірінші қауіптілік сыныбындағы зат және қалалардың атмосфералық ауасына химиялық зерттеу көрсеткендей, бенз(а)пирен қала атмосферасында айтарлықтай мөлшерде болады және оның құрамына үнемі бақылау қажет екендігін көрсетеді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Лаппо Г.М., Перцик Е.Н. и др. Проблемы урбанизации на рубеже веков. Отв. редактор А.Г. Махрова/Смоленск: Ойкумена, 2002 - 328 с. - С. 189-198. В.Р. Битюкова.

2. Герасимов И.П. Экологические проблемы в прошлой, настоящей и будущей географии мира. М.: Наука, 1985, 248 с.

3. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023640>

4. Национальный доклад о состоянии окружающей среды и об использовании природных ресурсов РК за 2017 год

5. ШҚО қоршаған орта жағдайы бойынша ақпараттық бюллетень, 2021 жыл

6. 2017 жылғы Шығыс Қазақстан облысындағы атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары туралы/www.stat.gov.kz/ Өңірлер/ Шығыс Қазақстан облысы /Ресми статистика/ [Қоршаған ортаны қорғау](#)

7. 2018 жылғы Шығыс Қазақстан облысындағы атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары туралы /www.stat.gov.kz/ Өңірлер/ Шығыс Қазақстан облысы/Ресми статистика/[Қоршаған ортаны қорғау](#)

8. 2019 жылғы Шығыс Қазақстан облысындағы атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары туралы / www.stat.gov.kz/ Өңірлер/Шығыс Қазақстан облысы/Ресми статистика/[Қоршаған ортаны қорғау](#)

9. 2020 жылғы Шығыс Қазақстан облысындағы атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары туралы / www.stat.gov.kz/ Өңірлер/Шығыс Қазақстан облысы/Ресми статистика/[Қоршаған ортаны қорғау](#)

10. 2021 жылғы Шығыс Қазақстан облысындағы атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары туралы / www.stat.gov.kz/ Өңірлер/Шығыс Қазақстан облысы/Ресми статистика/[Қоршаған ортаны қорғау](#)

11. Шығыс Қазақстан облысындағы атмосфералық ауаны қорғаудың жай-күйі туралы, ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі, Ұлттық статистика бюросы 2021 жылғы шығарылым – 4серия

«МЕКТЕПТЕ ТУРИСТТІК-ӨЛКЕТАНУШЫЛЫҚ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ЖОБАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ»

Який Хайрат, география бакалавры, педагогика ғылымдарының магистрі, №69 мектеп-гимназия, Астана қ., Қазақстан

Андатпа. Білім сапасын арттыруда мұғалімнің рөлі ерекше екені даусыз. Жалпы география сабақтарында білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыруда, білім сапасын арттыруда мектепте туристтік-өлкетанушылық, экологиялық және ғылыми-жобалық іс-әрекеттерді ұйымдастыру аса маңызды. Менің бұл баяндамада осы мәселелер жөнінде сөз қозғалады.

Түйінді сөздер: өлкетану, туризм, далалық зерттеулер, ғылыми жоба, экология.

Аннотация. Несомненно, роль учителя в повышении качества образования уникальна. На уроках общей географии особенно важна организация туристско-краеведческой, экологической и научно-проектной деятельности в школе для повышения интереса обучающихся к предмету, повышения качества образования. В этом моем докладе речь пойдет об этих вопросах.

Ключевые слова: краеведение, туризм, полевые исследования, научный проект, экология

Abstract. The role of the teacher in improving the quality of education is undeniable. In general geography lessons, the organization of tourist, environmental and scientific-project activities at the school is of great importance in increasing students' interest in the subject, improving the quality of Education. My report addresses these issues.

Key words: local history, tourism, field research, research project, ecology.

Қазіргі уақытта жас ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына ізгіліктік, ғылымилық, жүйелілік ұстанымдарына негізделген үздіксіз экологиялық, өлкетанулық білім беру жүйесін құру, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін саралау өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан да соңғы жылдары жалпы орта білім беру ұйымдарында туристтік-өлкетанушылық, экологиялық және ғылыми-жобалық іс-әрекеттерді ұйымдастыру география мұғалімдері үшін зор жауапкершілік жүктейтіні іс-шара болып отырғаны белгілі.

Туған өлкенің табиғатымен таныстыру-балалардың танымын дамытудағы басты құралдардың бірі. Оқушыларға экологиялық тәрбие ұғымдарын беру теориялық-практикалық әдістері төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге өрлеуден тұратын үрдіс.

«Өлкетану» курсы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға, олардың танымдық қызығушылығын арттыруға, отансүйгіштікке тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Мектепте өлкетану жұмысын жетілдіру маңызды педагогикалық үдеріс болып табылады.

Өлкенің тарихын білу-өзінің отбасының, әулетінің, туып өскен өлкесінің тарихын білуден басталады. «Өзгені тану үшін, алдымен өзіңді тани біл!» деген жалпыадамзаттық қағиданы басшылыққа алатын болсақ, өзінің тегін оның тарихын білмеген адам басқа халықтарды, оның тарихын, тілін, әдет-ғұрыпын құрметтей де сыйлай да алмайды. Осы жағдайлардың бәрі туған өлкенің тарихын зерттеудің, оған оқушыларды белсене қатыстырудың қажеттілігін дәлелдейді.

Мектепте өлкетану жұмыстарын жүргізу және соның барысында жинаған материалдарды сабақта пайдалану өте маңызды. Сабақ барысында өлкетану материалдарына көп уақыт бөле алмайсың, сондықтан өлкетану бойынша жеке курстарда оқыту керек.

Өлкетану пәні арқылы мектепте мұражайлар ұйымдастыруға да болады. Мәселен, мен өз мектебімді алатын болсам, Астана қаласы №69 мектеп-гимназиясы қала шетіндегі Үркер тұрғын алабында орналасқан. Мектептен солтүстік-шығысқа қарай 4-5 шақырым қашықтықта елорданың еуразиялық кеңістігіндегі ежелгі ізі деп айтуға болатын – Бозоқ қалашығы орналасқан. Осы қалашық орнына мектеп оқушылар үнемі саяхаттар жасап, елордалық ғалым-зерттеушілерге волонтерлік көмектерін көрсетіп отырады.

Ал осы Бозоқ қалашығын 1999 жылы академик Кемел Ақышев бастаған археологиялық экспедиция ашқан болатын. Сондықтан да Кемел Ақышев ағамыздың құрметіне мектебімізде Кемел Ақышев атындағы шағын мұражай ашылған болса, осы жуырда ғана мектебімізге академик Кемел Ақышев аты берілді.

Экологические условия водных угодий сухостепной зоны ЗКО благоприятны для обитания многих видов птиц. В степных экосистемах обитают сайгаки и многие другие типичные животные степей.

Вся территория Республики Казахстан представляет собой государственный земельный фонд. Именно земельный фонд является объектом управления и суверенитета государства, а также объектом хозяйствования.

По состоянию на 2023 год земельный фонд сухостепной зоны Западно-Казахстанской области составляет 15133,9 тыс.га.

Земельный фонд как объект хозяйствования характеризуется следующими показателями:

- распределение земель по целевому назначению (категории);
- распределение земель по видам и формам собственности;
- распределение по землевладениям, землепользованиям и земельным участкам;
- классификация земель по угодьям [2]

Природно-сельскохозяйственное районирование – это научно обоснованная система деления земельного фонда страны на отдельные территории, характеризующиеся сходными природно-климатическими и почвенными условиями [3].

На территории области выделено 3 природно-сельскохозяйственные и 3 природно-сельскохозяйственные провинции. Для полной характеристики сухостепной зоны области по зонам и провинциям необходимо весь земельный фонд исследуемой территории распределить между землепользователями (таблица 1).

Таблица 1 Сухостепная зона, провинция Заволжская индекс 7-3

№ п/п	Административный район	Землепользование
1	Таскалинский	с.о.Амангельды, с.о.Актау, с.о.Достык, с.о.Таскала, с.о.Ульянов
2	Байтерекский	Все хозяйства за исключением с.о. Янайкинское
3	Теректинский	Все хозяйства
4	Сырымский	с.о.Шолак, с.о.им.Анкаты
5	Бурлинский	Все хозяйства
6	Чингирлауский	Все хозяйства
7	г.Уральск	Все хозяйства

Данные ландшафты рекомендуется использовать в качестве кормовых угодий и частично под пашню в кормовом севообороте под скороспелые культуры. Большинство природных угодий нуждаются в тех или иных мерах мелиорации. Для улучшения следует использовать как сеяные, так и дикорастущие травы, более приспособленные к местным условиям.

Рассоление почвы с помощью галофитов является единственным способом удаления вредных для культурных растений солей из почвы. При дренаже, промывках и промывном режиме орошения соли только перераспределяются в почвенном профиле, но не выводятся из биологического круговорота. Период рассоления почв с помощью галофитов составляет от 4 до 7 лет в зависимости от степени засоления [4].




Рис. 1 Функциональное зонирование территории сухостепной зоны ЗКО

Основные цели планирования экологоприемлемой структуры территории – разработка и осуществление системы использования, улучшения и охраны ландшафтов, ориентированной на получение землепользователем максимума прибыли, сохранение и улучшение агроландшафтов, расширенное воспроизводство плодородия почв.

При разработке схемы экологоприемлемой структуры территории на основе эколого-ландшафтного подхода особое место отводится изучению и картографированию пространственно-временной структуры использования ландшафтов. При этом обязательно учитываются экологические приоритеты и ограничения хозяйственного использования территории, осуществляется отбор показателей, количественно характеризующих структуру территории и в дальнейшем проводится сопоставимый анализ фактического и экологоприемлемого использования изучаемой территории с учетом ее ландшафтной структуры [5].

Основой для экологоприемлемого планирования использования ландшафтов служит схема землепользований района (рис. 2), в соответствии с которой разрабатываются внутрихозяйственные планы использования ландшафтов.




Рис. 2 Схема границ землепользований сухостепной зоны ЗКО

С помощью программных средств ARC/INFO проводился расчет следующих показателей:

1. Общая площадь землепользования на схеме землепользования.

Данный показатель отражает суммарную общую площадь территории сельхозпредприятия в границах на схеме землепользования. Помимо площади закрепленных земель сельхозпредприятия и закрепленных за ним участков временного пользования учитываются площади земель посторонних землепользователей (земли населенных пунктов, дорог, огородничеств, садоводств, крестьянское хозяйств и др.), а также земли лесного фонда, водного фонда, площади под болотами и т.д. Такой подход к учету площадей позволяет охватить всю территорию сельхозпредприятия района.

2. Фактическая площадь преобразованных земель охватывает территории, в той или иной степени затронутые хозяйственной деятельностью. Это земли сельскохозяйственного назначения, земли под населенными пунктами, дорогами, прогонами, техническими сооружениями, свалками и т.д.

3. Экологоприемлемая площадь преобразованных земель рассчитывается как сумма площадей относительно устойчивых ландшафтов хорошего и среднего агропроизводственного качества и малоустойчивых ландшафтов среднего и ниже среднего агропроизводственного качества (в границах общей площади землепользований). Площади неустойчивых ландшафтов низкого и очень низкого агропроизводственного качества исключаются из расчетов.

4. Фактическая площадь земель, используемых в сельскохозяйственном производстве, рассчитывается как сумма площадей сельскохозяйственных угодий сельхозпредприятий и крестьянских хозяйств районах.

5. Площадь пахотных угодий, фактическая – отражает всю площадь земель, используемых под пашню, на территории землепользования с учетом площади крестьянских хозяйств.

6. Площадь зоны экономически целесообразного использования ландшафтов рассчитывается с учетом 60%-го экологоприемлемого лимита распаханности территории от суммы площадей устойчивых ландшафтов хорошего и среднего агропроизводственного качества. Поскольку общепринятый норматив распаханности признан оптимальным в 40 % площади территории, а 60%-й лимит является близким к критическому, то превышение 60%-

го лимита приведет к весьма неблагоприятным экологическим последствиям (деградация почвенного покрова, снижение плодородия, опустынивание и т.п.).

7. Площадь зоны экологически адаптивного использования ландшафтов рассчитана как сумма площадей малоустойчивых ландшафтов среднего и ниже среднего агропроизводственного качества. Здесь должны соблюдаться все экологические нормы и требования к сельскохозяйственному природопользованию районам.

8. Площадь зоны ландшафтов с режимом сохранения, используемых с экологическими ограничениями, рассчитывается как сумма площадей неустойчивых ландшафтов низкого и очень низкого агропроизводственного качества. Предлагается исключить их из хозяйственного оборота. Допустимо выборочно использовать под естественные кормовые угодья с обязательным соблюдением экологических норм выпаса скота [6].

Задачи устойчивого территориального развития в целом и сбалансированного сельскохозяйственного природопользования в частности требуют в первую очередь, совершенствования системы территориального планирования.

В последние несколько лет в нашей республике были разработаны проекты схем территориального планирования (СТП): на обласного уровне – СТП РК, на региональном – СТП районного РК, на сельского округа – СТП образования (района), генеральный план городского округа или поселения соответственно.

Проблемы внедрения СТП в практику до настоящего времени вызывают горячие споры, как в органах власти, так и в широких общественных и научных кругах. И это неудивительно, поскольку такие схемы являются очень сложным комплексным межотраслевым документом, предназначенным для выполнения важной интеграционной роли в пакете документов по управлению устойчивым развитием РК [7].

Следует учитывать, что в связи с огромным разнообразием природных и социально-экономических условий на территории нашей области потребуются адаптация и использование различных методов и инструментов ландшафтного планирования. Но структура и состав процедуры ландшафтного планирования должны базироваться на общих для всех требованиях к ее содержанию. Должен быть решен и вопрос о единых требованиях к содержанию всей необходимой документации (текстовой, картографической и др.).

Кроме того, необходима корректировка вновь принятого градостроительного и существующего земельного законодательства РК.

Одним из наиболее действенных рычагов повышения эффективности использования природных ресурсов, их сбережения и предотвращения опасного загрязнения окружающей среды является широкое внедрение системы экономического регулирования природопользованием и окружающей среды.

Как подтверждается развитием всего сельскохозяйственного природопользования ЗКО и Казахстан целом, ограниченность материально-денежных средств в сельское хозяйство создает трудности даже для простого экономического воспроизводства, не говоря уже о поддержании экологического равновесия в природных системах. В свою очередь, ухудшение экологической обстановки отрицательно сказывается на эффективном функционировании сельскохозяйственного природопользования. На практике образуется замкнутый круг, когда нехватка материальнотехнических средств не позволяет делать вложения в поддержание экологического равновесия в природных системах, а все более ухудшающееся состояние окружающей среды во многом замедляет развитие сельского хозяйства.

Из этого сложного положения есть выход: необходимо, прежде всего, соединить экологические требования к ведению сельскохозяйственного производства с экономическими интересами сельскохозяйственных производителей. Между ними нет противоречий, что подтверждается как мировой практикой ведения сельского хозяйства (США, Канада, Австралия, Германия и др.), так и работой лучших сельскохозяйственных предприятий (в том числе, фермерских хозяйств) Казахстан и ЗКО. Именно материальные стимулы наряду с юридическими, административными и организационными мерами оказывают решающее воздействие на природопользователей в развитых странах, предохраняя природную среду от

деградации и загрязнения. Экономические рычаги заставляют природопользователей заботиться о повышении продуктивности земли, производстве безопасной для здоровья людей продукции, предотвращать ухудшение эксплуатируемых природных объектов.

Список использованных источников

1. Кабдулова Г.А., Ахмеденов К.М. Географические основы землеустройства Западно-Казахстанской области: учеб. пос. – Уралск: Зап. Казахст. аграр.техн.ун-т им. Жангир хана, 2008. – 206 с.
2. Кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2003 года № 442
3. Панченко Е.М., Дюкарев А.Г. Зонирование территории Обь-Томского междуречья по эколого-функциональному принципу // Вестник Томского государственного университета. – 2015. – №394. – С. 250-260.
4. Arshad M., Martin S. Identifying critical limits for soil quality indicators in agro-ecosystems // Agriculture, Ecosystems and Environment. – 2002. – №88. – P. 153-160.
5. Wood R., Lenzen M., Dey C. et al. A comparative study of some environmental impacts of conventional and organic farming in Australia // Agriculture, Ecosystems and Environment. – 2006. – №89. – P. 324-348.
6. Калеп Л.Л. К показателям качества среды сельскохозяйственных земель в оптимизационных моделях ресурсопользования // Природно-ресурсный потенциал и природопользование: сб. ст. – Иркутск: Ин-т географии СО АН СССР, 1989. С. 111-117.
7. О состоянии и использовании земель Республики Казахстан за 2019 год: свод. аналит. отчет – 254 с.

ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ КАРТАСЫНДА – ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕР (экономикалық-әлеуметтік және тарихи-географиялық шолу)

Увалиев Т.О., п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-дің «География және экология» кафедрасының доценті

Тарихта түркі халықтары солтүстікте – Солтүстік Мұзды мұхит, оңтүстікте – Тибет таулары, шығыста – Тынық мұхит, батыста – Балқан тауларына дейінгі үлкен аймақта өмір сүргені белгілі. Түркия ғалымдарының есептеуінше, қазіргі таңда түркітілдес халықтардың жалпы саны 250 млн адамнан асады. Түркітілдес халықтар дүние жүзінің барлық бөлігінде еңбек етіп, өмір сүруде. Біріккен Ұлттар Ұйымының есептеуі бойынша, әлем бойынша түркі тілдері – бесінші орында болуымен қатар және дүние жүзінде көп таралған тілдердің қатарына жатады. Түркітілдес елдерде табиғи өсім басқа көршілес мемлекеттерге қарағанда біршама жоғары.

Түркілердің тарихына зер салар болсақ, оның бізге белгілі соңғы үш мыңжылдығының әр кезінде Қытайды, Үндістанды, Таяу Шығыста Египетке дейін және Еуропаны басып алған елдерде жүргізген саясаты жана айтып кеткен Махмуд Қашқари анықтамасының дәлелі. Себебі, түркілер жаулап алған жерлерінде қоғамдық қатынастарды өзгертіп, жана прогрессивтік формация қалыптастыруға септігін тигізді. Б.з.д. I мыңжылдығында түркілер Орталық Азиядағы (орта азиялық түріктер) иран-тілдес халықтармен бірге араласа отырып, Орталық Азияға қоныстанды. Түріктердің алғашқы әйгілі мемлекеттік бірлестігі (V ғасырдан бастап Еуропада ғұн атауымен белгілі) Хунну ордасы болды. Олар хуни, угра, сармат және германдықтармен біріге отырып, қазіргі Францияның аумағына дейін жеткен, бірақ оларды франктер жойып жіберді. Мемлекеттің көшпелі түрі көптеген ғасырлар бойы азиялық жазықтарда билікті ұйымдастырудың басым нысаны болып табылды. Көшпелі мемлекет бір-бірін алмастыра отырып, Еуразияда б.з.д. I мыңжылдықтың ортасынан XVII ғасырға дейін өмір сүрді [1].

«Түркі» сөзі қытайша «тюрк», «тюкю», яғни «күшті», «мықты» деген мағынаны білдіреді [2]. Түркі тектес халықтардың рухани мәдениеті өзге халықтарға қарағанда біртектес әрі бай, әрі мазмұнды болып келеді.

Түркі халықтарының бірлігін бұзып, ынтымағын ыдырату бағытында патшалық Ресей жоспарлы түрде жұмыс істеген. Ресей империясы көптеген түркітілдес елдерді жаулап алып, оларды зорлықпен бағындырған. Түркітілдес елдердің жазу алфавитін араб әліпбиінен латыншаға, латыннан кириллицаға өзгертілуінің салдарынан бұрынғы арабша және латынша

жазылған тарихи, әдеби, өнер және т.б. туындылар қазіргі ұрпаққа арнайы білімі болмаса түсініксіз болып қалуда. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында патшалық Ресейде жаңаша дүниетаным көзқарасын қалыптастырған «түрік-мұсылман ұстазы» аталған қырым татары – И.Гаспринский еді. Ол әйгілі «Түркістан ғұламасы» атты кітап жазып, онда түркі халықтарынан шыққан ғалымдар, дәрігер-емшілер, тарихшылар, астрономдар мен басқа да аса білгір адамдар мен танымал тұлғалар туралы мәліметтер берген [3].

Өткен ғасырдың 1980-90 жылдар тоғысында, Шығыс Еуропаның елдеріндегі түбегейлі саяси-қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты социалистік жүйе типологиясы өзінің көп бөлігін жоғалтты. Ал 1991 жылдың соңында Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО), өзінің ыдырауы нәтижесінде бірыңғай геосаяси кеңістік және халықаралық құқық субъектісі мәніндегі өмір сүруін тоқтатты. Осылайша оның құрамындағы одақтас республикалардың тәуелсіз мемлекеттерге айналуы, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қалыптасқан *әлемдік геосаяси жүйені* құрылымдық жағынан қайта жаңғыртты.

Нәтижесінде, Еуразияның саяси картасы үлкен өзгеріске ұшырап, оның ішінде түркітілдес мемлекеттер бұл материктің жаңа геосаяси құрылымында өзіндік маңызды сипатқа ие болды. Ал КСРО ыдырағанға дейін, яғни XX ғасырдың 90-жылына дейінгі түркі халықтарының ішінде өз алдына дербес ел болған тек Түркия Республикасы болатын. Осы жерде тәуелсіздігі танылмаған ел – Солтүстік Кипр Түрік Республикасы (СКТР)* жайына тоқталсақ, ол 1974 жылы Грекияның арандатуымен Кипрде ұйымдастырылған әскери төңкерістің салдарынан қос қауымдастық – түріктер мен гректердің арасындағы дау-дамайдан соң аралдың және ел астанасының екіге бөлінуінің нәтижесінде дүниеге келді.

Енді бұрынғы Кеңестер Одағының ыдырауы, әлемнің саяси картасына жаңадан тәуелсіз 5 жас егемен мемлекетті әкелді. Олар – Еуразия материгінің орталық бөлігінде орналасқан: Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан Республикалары. Осы аталынған түркітілдес елдер өз тәуелсіздігіне қол жеткізген соң, олар – 1992 жылдың 2-ші наурызында Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылданды.

Төмендегі № 1-ші кестеде берілген осы түркітілдес мемлекеттер жайлы мәліметтер берілген.

1-кесте. Дүниежүзінің түркітілдес мемлекеттері

№	Елдің атауы	Жер аумағы, шаршы км	Халқы, адам	Астанасы	Тәуелсіздік алған жылы
1	Әзірбайжан	86 600 км ²	10 711 121	Баку	30 тамыз 1991ж.
2	Қазақстан	2724 900км ²	20 033 546	Астана	16 желтоқсан 1991
3	Қырғызстан	198 500 км ²	6 947 937	Бішкек	31 тамыз 1991 ж.
4	Өзбекстан	447 400 км ²	35 420 095	Ташкент	31 тамыз 1991 ж.
5	Түркия	783 562 км ²	90 144 039	Анкара	29 қазан 1923 ж.
6	Түрікменстан	491 200 км ²	6 322 154	Ашхабат	27 қазан 1991 ж.
7	<i>Солтүстік Кипр*</i>	<i>3 355 км²</i>	<i>294 906</i>	<i>Лефкоша</i>	<i>20 шілде 1974 ж.</i>

Енді түркітілдес елдердің географиялық орналауына келсек, Түркия мен Солтүстік Кипр Түрік Республикасы* (тәуелсіздігі танылмаған ел) және Гагаузия, сол сияқты Қырым Республикасы* (халықаралық деңгейде танылмаған құрылым, ал оны Ресей Федерациясы өз құрамына 2014 жылдың 18-науырызында қосып алған, Украина мен оның арасындағы даулы аумақ болып табылады) – Қара, Жерорта және Азов теңізі алабында орналасқан. Ал өз егемендігін кейіннен алған түркітілдес республикалар негізгі мұхиттардан алыста, материктің түкпірінде, қоңыржай климат белдеуінің оңтүстік бөлігінде, Батыс Сібір жазығынан оңтүстікте Каспий теңізі мен шығысында Алтай, Жетісу (Жоңғар) Алатауы, Тянь-Шань мен Памир-Алай тау жүйелері аралығында жатыр [4]. Ал Әзірбайжан мен оның **Нахчыван** автономиясы – Үлкен, Кіші Кавказ таулары мен Армян таулы қыраты аумағында орналасқан. Ресей Федерациясы (РФ) құрамындағы автономия құқындағы түркітілдес елдердің көбісі Еділ

(Волга) бойы мен Кавказ аймағында орналасқан, ал кейбірі тіптен Азия құрылығының солтүстік (бұрынғы Долган-Таймыр автономиялық округы) және солтүстік-шығыс (Якутия) бөлігінде жатыр. Олар туралы қысқаша мәліметтер келесі № 2-ші кестеде көрсетілген.

2-кесте. ТМД елдеріндегі автономия құқындағы түркітілдес елдер

№	Елдің атауы	Жер аумағы	Халқы	Астанасы	Автономия құқында құрамына кіретін елдер
1	Татарстан	67 847 км ²	4 003 063	Қазан	Ресей Федерациясы
2	Хакасия	61 569 км ²	528 313	Абакан	Ресей Федерациясы
3	Тува (Тыва)	168 604 км ²	337 271	Қызыл	Ресей Федерациясы
4	Башқұртстан	142 947 км ²	4 065 659	Уфа	Ресей Федерациясы
5	Қарашай-Черкес	14 277 км ²	468 444	Черкесск	Ресей Федерациясы
6	Саха (Якутия)	3 083 523 км ²	997 565	Якутск	Ресей Федерациясы
7	Таулы Алтай	92 903 км ²	221 559	Горно-Алтайск	Ресей Федерациясы
8	Кабарда-Балқар	12 470 км ²	903 266	Нальчик	Ресей Федерациясы
9	Чувашия	18 343 км ²	1 167 400	Чебоксары	Ресей Федерациясы
10	Қырым*	26 081 км ²	1 910 183	Симферополь	РФ * / Украина *
11	Нахчыван	5 503 км ²	945 000	Нахчыван	Әзірбайжан Республикасы
12	Қарақалпақстан	166 600 км ²	2 002 700	Нүкіс	Өзбекстан Республикасы
13	Гагаузия	1 848 км ²	121 700	Комрат	Молдова Республикасы
14	Таймыр (Долган-Ненец) ауданы, айрықша статусы бар құрылым.	879 929 км ²	30 124	Дудинка	Ресей Федерациясы

Жоғарыда келтірілген «ТМД елдеріндегі автономия құқындағы түркітілдес елдер» кестесінен бөлек, Қытай Халық Республикасының құрамында Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы (орталығы – Үрімші қаласы, жер аумағы – 879 929 км², халқы – 24 870 мың адам, 2019 жылғы есеп бойынша) бар.

Түркітілдес халықтардың басым көпшілігі ислам дінін ұстанады, чуваштар мен гагауздар – христиан дінінде, қарайымдар мен қырымшақтар – иудаизм дінінде, сары ұйғырлар – буддизм дінінде. Олардың тілдік негізі бір бола тұрып әр түрлі дінге сенуі, яғни діни наным әр түрлі болуы бұл тарихи тамыры бір халықтарды өзара жауластырып, яғни бір-бірімен алауыз болғанда басқарудың оңай екендігі тарихта талай рет дәлелдеген дүние.

Түркі тілінің әр түрлі болып қалыптасуына, әрі ірі тарихи кезеңдер де үлкен әсер еткен. Мысалы, алғашқы «Түрік қағанаты» құрылғанда – қарлұқ тобындағы тілдер, «Алтын Орда» заманында – қыпшақ тілдері, ал «Осман империясы» шарықтаған уақытта – селжұқ тілдері гүлденіп өркендеген. Жалпы түркі тілдерін топтастыру мәселесінде ғалымдардың арасында әр түрлі көзқарас бар. Мысалға, Н.А.Баскаков қазіргі түркі тілдерін батыс ғұн бұтағы және шығыс ғұн бұтағы деп бөледі де, әрбір бұтақты бірнеше топқа жіктеген. Өзін Қожа Ахмет Йасауидің шәкірті деп есептейтін Намық Кемал Зейбек «Түрік болу» атты кітабында түрік диалектісін үш топқа біріктіруге болатынын айтады. Олар – оғыз, қарлұқ және қыпшақ топтары. Ал, қазақ ғалымы Мақаш Тәтімұның есептеуінше, барлық түркі тілдері – 5 топқа, 40 тіл мен 100 диалектіге бөлінеді [5].

Алтай тіл семьясына кіретін түркі тілдері тобына Еуразия материгін қоныстанған келесі: түрік, гагауз, қазақ, татар, ұйғыр, ноғай, құмық, шор, долган, т.б ұлттар мен ұлыстар жатады.

Осы түркітілдес халықтар – Кіші Азия мен Шығыс Еуропадан, Қырым мен Кавказдан, Еділ бойы мен Оралдан, Сібір мен Батыс Қытайға дейінгі кең аумақта тұратын 250 млн. астам адамның ана тілі және бірнеше млн. адамның екінші тілі боп табылатын, көбі бір-біріне өте жақын туыстас 40-тан аса жеке тілден тұратын дербес тіл тобы.

Түркі халықтарының ішінде саны жағынан миллионнан асатын халықтар мыналар: түріктер, әзірбайжандар, өзбектер, қазақтар, қырғыздар, татарлар, башқұрттар, ұйғырлар, түрікмендер, чуваштар. Сол сияқты Иран және онымен көршілес елдерде тұратын қашқайлар мен басқа да түркітілдес ұлттар сандық өлшемде ірі халықтар болып есептеледі. Саны жағынан ең азы – чұлым татарлары, қырымшақ пен қарайымдар және тобалар (тофалар) болып табылады.

Түркітілдес мемлекеттерден Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Әзірбайжан, Солтүстік Кипр Түрік Республикалары* – Азияда, ал Қазақстан мен Түркия Республикалары дүниенің екі бөлігінде – Азия мен Еуропада орналасқан. Бұл мемлекеттер солтүстігінде – Ресеймен, шығысында – Қытаймен, оңтүстігінде – Тәжікстанмен, Ауғанстанмен, Иранмен және Сириямен шектеседі. Ал мемлекеттік шекаралар өз кезегінде шығысында – Алтай, аса биік Тянь-Шань, Копетдаг тауларының жоталарын басып өтеді [6]. Ал Орталық Азияда орналасқан түркітілдес мемлекеттер Каспий теңізі арқылы – Әзірбайжанмен, Еділ өзені мен Орал таулары арқылы Ресеймен байланысады.

Орта Азиядағы (Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан) түркітілдес елдердің табиғаты мен шаруашылығында ортақ жағдайлар көп. Кеңестер Одағы құрамында болған кезде бұл республикалар мен Тәжікстан бірігіп «Орта Азия экономикалық ауданын» құрайтын, ал біздің республикамыз болса дербес «Қазақстан экономикалық ауданы» болып саналатын.

Осы жерде Қазақстан мен бұрынғы Орта Азия республикалары төңірегінде қалыптасқан жаңа геосаяси жағдайға қатысты, олардың біртұтас географиялық – «Орталық Азия» геоаймағы деп біріктірілу мазмұнын айқындау аса маңызды. Бұл республикалардың барлығының жалпы тұрғын халқының ортақ шығу тегі мен тарихында, діні мен тілінде, салт-санасы мен әдет-ғұрпында, мәдениеті мен шаруашылығында жақындықтар мен ұқсастықтар өте көп. Бұлардың жалпы жер көлемі 4 млн км² болса, халқы 70 млн адамға жуық. Бір ескеретін жайт, БҰҰ болжауы бойынша, 2030 жылдардың ортасына қарай осы аймақ халқының саны 100 млн адамға дейін жетуі мүмкін. Олардың барлығының дерлік өте тез өсіп келе жатқан түркітілдес халықтарға жатуы (тек тәжіктер ғана иран тіл тобына жатады) осының себебі болса керек.

Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Қазақстан және Әзірбайжан республикаларында – мұнай, газ және қара, түсті металл рудаларын өндіруге, сондай-ақ отын-энергетика, металлургия мен химия өнеркәсібіне маманданған. Азияда орналасқан түркітілдес елдердің табиғат жағдайлары ерекше, себебі жазы ұзақ әрі ыстық, тау баурайындағы құнарлы топырақтары және таулардан бастау алатын өзендер – суармалы егін шаруашылығымен айналысуға өте қолайлы фактор болып табылады. Бұл республикаларда электр энергиясын өндіру және жер суғару ісі, су тораптарын салу арқылы жүзеге асырылады. Су тораптары – бөгет, бөген, су электр станциясы мен арнайы жасалынған суару каналдарының жүйесінен тұрады.

Түркітілдес елдердің ауыл шаруашылығы алуан түрлі салада жақсы дамыған. Орта Азия елдерінде егін шаруашылығынан – мақта, жібек, жүзім, бау-бақша, ал Түркия, Солтүстік Кипр Түрік Республикасы* мен Әзірбайжанда цитрус өсімдіктерін өсіреді. Мал шаруашылығынан – мүйізді ірі қара, қой-ешкі, Қырғызстан тауларында қодас, Түркияда биязы жүнді ангор ешкісін өсіреді. Егіншілік – суармалы және тәлімі егістік жерлерінде жүргізіледі. Суармалы жерлерде – шитті мақта, күріш, темекі, бақша дақылдарын егеді. Тәлімі жерлерде, көбінесе Қазақстанның солтүстігінде астық (жаздық бидай, арпа, тары) дақылдарын өсіреді. Егіс айналымына малазықтық жоңышқа егеді. Ол топырақты азотқа байытады әрі құнарлы мал азығы болып есептеледі. Шөлді аймақта – қаракөл қойы мен түйе, ал Қазақстан мен Қырғызстанның таулы өңірлерінде үйрлі жылқы мен биязы жүнді және етті қой

шаруашылығы жақсы дамыған. Жазираларда – тұт ағашы өсіріледі және жібек шаруашылығымен айналысады [7].

Түркия мен Қазақстанда ауыр өнеркәсіп біршама дамыған. Жалпы түркітілдес елдердің өнеркәсібінде – мұнай-газ, отын-энергетика, химия, түсті және қара металлургия, ал Түркияда – кеме жасау және жөндеу, машина жасау және құрастыру салалары жақсы дамыған [8]. Сонымен қатар Түркия, Солтүстік Кипр Түрік Республикасы* және Өзбекстанда халықаралық туризм саласы жақсы дамыған, ал қалған республикалар да (Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан) туризмді жеделдете дамыту мәселесін қолға алуда.

Қысқаша шолу сипатындағы мақаламызды қорытындылау барысында біз, «[Түркі мәдениетін](#) және [өнерін](#) дамыту» – ТҮРКСОЙ (TÜRKSOY) атты халықаралық ұйымына қысқаша тоқтала кетпекпіз. Ол 1993 жылдың 12-ші шілдесінде [Алматы қаласында](#), келісімге құрылтайшы елдердің өкілдері қол қоюы нәтижесінде құрылған. [Түркия Республикасы](#) осы ұйымның арқаушы елі болып тағайындалды. Бұл ұйымның ресми қызмет тілі – [түрік](#) және ағылшын мен орыс [тілдері болып саналады](#), оның Бас кеңсесі – [Анкара \(Түркия\)](#) қаласында орналасқан. Аталмыш ұйымның құрамында басында 14 ел болған, оның ішінде – егеменді елдер, федеральды субъектілер мен автономды аймақтар да бар. Бұл халықаралық ұйымға мүшелер болып сол кезде, оған құрылтайшы мемлекеттер: Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Түрікменстан және кейіннен қосылған елдер – Ресей Федерациясының құрамындағы: Алтай Республикасы, Башқұртстан, Саха (Якутия), Татарстан, Тыва (Тува), Хакасия Республикалары және Гагаузия Автономиялық Республикасы (Молдова) мен тәуелсіздігі танылмаған – Солтүстік Кипр Түрік Республикасы* кірген болатын. 2015 жылдың соңында Ресей мәдениет министрі Владимир Мединский (қазір РФ Президентінің кеңесшісі), оған қарасты республикалардың басшыларына «Халықаралық түркі мәдениеті» туралы ескерту телеграммасын жолдауына байланысты, РФ құрамындағы келесі түркітілдес – Тыва, Алтай және Якутия республикалары сол уақыттан бастап аталмыш ұйым тарапынан атқарылып жатқан іс-шаралар мен оның басқадай да жұмыстарына қатыспауда.

Жалпы түбі бір түркілер жайлы әңгіме қозғағанда – 2009 жылдың 3 қазанында Нахчыван қаласында құрылған Түркі Кеңесі, ал ол 2021 жылдың 12 қарашасында Стамбулда өткен Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің саммитінде Түркі кеңесінің атауы Түркі мемлекеттерінің ұйымы болып өзгертілді. Және ол мазмұндық жағынан да үлкен өзгерістерге ұшырауда. Осы түркі тілдес мемлекеттерді біріктіретін халықаралық ұйымның аясында құрылған көптеген мекеме-ұйымдар (Анкара қаласындағы), Парламенттік Ассамблея (Баку), Түркі академиясы (Астана) және т.б. құрылымдар туралы да айта кеткеніміз жөн еді, бірақ бір мақала шегінде оларды сипаттап жатуға мүмкіндігіміз шектеулі. Мақаламызды қорытындылау барысында біздің айтарымыз, егер де түркілер әлемі болашақта түрлі салаларды қамту бойынша жан-жақты байланыстар орнату және оларды нығайту арқылы күш біріктіре ынтымақтасып жұмыс жасаса көптеген ірі жетістіктерге жетеді деген нық сенімдеміз.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Farabi alemi / - Almaty, Kazakhstan, 2019.
2. Азия кеңесі: идеядан – игілікті шараға // Егемен Қазақстан. – 2001. – 24 қазан.
3. Карин Е. Орталық Азияның геосаяси тағдыры // Түркістан. – 2011. №1. –11 қаңтар.
4. Есназарова Ұ.Ә., Темірбеков А.Т. Түркітілдес елдер географиясы: Оқу құралы. – Алматы, 2011. – 223 б.
5. Успанова М.К. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан және Орта Азия мемлекеттерінің қатынастары. 1991-2001 жж. – Алматы, 2004. – 188 б.
6. Алшанов Р. Экономика Центральной Азии: перспективы и взаимодействия // Казахстанская правда. – 2009. – 17 июль.
7. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – Алматы, «[Қазақ энциклопедиясы](#)» Бас редакциясы, I-X томдар, 1998-2007 жж.
7. <http://www.wiki-zero.net/index.php>.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ КЕҢІСТІК АСПЕКТІЛЕРІ

Қабдығалиев Д.Қ., М.Өтемісов атындағы БҚУ, 7М01510 «География» білім беру бағдарламасының ғылыми педагогикалық бағыты бойынша 2 курс магистранты

Андатпа: Ауыл шаруашылығы-халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге және өнеркәсіптің бірқатар салалары үшін шикізат алуға бағытталған экономика саласы. Бұл салада экономикалық тұрақтылық немесе экономикалық бағдар маңызды рөл атқарады.

Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысының 2015 және 2021 жылдардағы ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарудағы статистикалық көрсеткіштерді салыстыра отырып, облыстың ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тарту мүмкіндіктерін қарастырыды.

Аннотация: Сельское хозяйство-отрасль экономики, направленная на обеспечение населения продуктами питания и получение сырья для ряда отраслей промышленности. Экономическая стабильность или экономическая ориентация играют важную роль в этой области.

В данной статье рассмотрены возможности привлечения инвестиций в сельскохозяйственную отрасль области с сопоставлением статистических показателей выпуска сельхозпродукции Западно-Казахстанской области за 2015 и 2021 годы.

Abstract: Agriculture is a branch of the economy aimed at providing the population with food and obtaining raw materials for a number of industries. Economic stability or economic orientation plays an important role in this area.

This article examines the possibilities of attracting investments in the agricultural sector of the region with a comparison of statistical indicators of agricultural output in the West Kazakhstan region for 2015 and 2021.


Ауыл шаруашылығы өндірісін тиімді дамыту жаңа инновациялық технологияларды қолдану негізінде ғана мүмкін болады. Ол үшін аграрлық секторға сыртқы инвестицияларды тарту тетігін пайдалану қажет. Ауыл шаруашылығына инвестициялар тарту ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының экономикалық әлеуетін және олардың қаржылық тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешуге ықпал етеді. Ауылшаруашылық кәсіпорындарында жеке ауылшаруашылық жерлерінің болуы қажет болған жағдайда оларды банктік несие алу үшін кепіл ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Жерді ауылшаруашылық кәсіпорындарына жалға беру мақсатында сатып алатын пассивті инвесторлар аграрлық секторға жаңа технологиялардың келуіне аз ықпал етеді. Мемлекет экономиканың аграрлық секторына өз бетінше өңдеу үшін жер ресурстарын сатып алатын белсенді инвесторларды тартуға ұмтылуға тиіс.[1]

Жалпы Батыс Қазақстан облысының аумағы 15 миллион 133 мың га құрайды. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің үлесі -7907,7 мың га, оның ішінде:

- егістік жерлер-614,6 мың га,
- көпжылдық екпелер-1,9 мың га,
- тыңайған жерлер – 549,2 мың га,
- шабындықтар – 497,8 мың га,
- жайылымдар – 6187,5 мың га,
- басқада жерлер – 56,7 мың га. [2]

2015 жылы тұтастай облыс бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 106,5 млрд. теңгені құраған, бұл өткен жылға қарағанда 3,1%-ға төмен. Өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі 2014 жылмен салыстырғанда 11%-ға аз өндірілді, бұл дәнді және бұршақты дақылдары – 57%-ға, азық дақылдар – 8,8%-ға төмендеуімен байланысты. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында өсімдік шаруашылығы өнімі өндірісінің төмендеуі 25,8%-ды, шаруа немесе фермер қожалықтарында –26,7%-ды құрады, жұртшылық шаруашылықтарында – 2,6%-ға жоғарлауы байқалды. Мал шаруашылығының жалпы өнімі 2014 жылмен салыстырғанда 2,9%-ға өсуі сүтті тұқымды ірі қара малды өсіру көлемінің –0,5%-ға, қой мен ешкінің - 3,2%-ға, малдың және енекенің басқа да тұқымдарын – 5,5%-ға, жануарлардың басқа түрлері – 5,5%-ға, жылқының – 14,3%-ға өсуімен түсіндіріледі. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында мал шаруашылығы өнімі

өндірісінің төмендеуі 7,2%-ды құрады, шаруа немесе фермер қожалықтарында–9,1%-ға, жұртшылық шаруашылықтарында 1,1%-ға өсуі байқалды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығырылымының жалпы көлемінде ең үлкен үлесті Зеленов (20,0%), Ақжайық (11,2%), Казталов (9,3%), Теректі (9,1%) аудандары алады. [3]



2015 және 2021 жылғы БҚО-ның қызмет түрлері бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млн теңге

2021 жылы жалпы облыс бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 242138,8 млн. теңгені құраған, бұл алдыңғы жылға қарағанда 4,3%-ға жоғары.

2021 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 242007,1 млн. теңгені құрады, бұл алдыңғы жылға қарағанда 4,3%-ға жоғары. Өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі 2020 жылмен салыстырғанда 8,5%-ға артық өндірілді, бұл майлы дақылдары - 7,8%-ға, көкөністер және бақша дақылдары - 7,4%-ға, жем-шөп дақылдары - 48,6%-ға көлемінің өсуіне байланысты. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында өсімдік шаруашылығы өнімі өндірісінің кемуі 17,5%-ды, ал өсуі дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтарында 15,9%-ды, жұртшылық шаруашылығында - 8,7%-ды құрады. Мал шаруашылығының жалпы өнімі 2020 жылмен салыстырғанда 1,9%-ға өсуі басқа да ірі қара малдың өнім көлемінің - 2,3%-ға өсуімен, шошқаның - 9,9%-ға, жылқының - 4,5%-ға өсуімен түсіндіріледі. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында мал шаруашылығы жалпы өнімі өндірісінің өсуі 15,5%-ға, жұртшылық шаруашылығында - 1%-ға, ал дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтарында - 1,8%-ға кемуі байқалады. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығырылымының жалпы көлемінде ең үлкен үлесті Бәйтерек (21,7%), Ақжайық (11,9%), Теректі (10%), Казталов (8,9%) аудандары алады. [4]

1-кесте.

Батыс Қазақстан облысының аудандары бойынша ауыл шаруашылық өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы және ауыл шаруашылығы жерлердің 100 гектарына шаққандағы ауыл шаруашылық өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы

Аудандар	2015	2021
----------	------	------

	Аудандар бойынша ауыл шаруашылық өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млн тг	Ауыл шаруашылығы жерлердің 100 гектарына шаққандағы ауыл шаруашылық өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы, мың тг	Аудандар бойынша ауыл шаруашылық өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млн тг	Ауыл шаруашылығы жерлердің 100 гектарына шаққандағы ауыл шаруашылық өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы, мың тг
Ақжайық ауданы	11959.7	1180.2	28 821.20	2 236.60
Бөкей ордасы ауданы	6002.5	1472.6	12 335.80	2 117.00
Бөрлі ауданы	6235.5	4145.9	10 801.70	3 982.90
Жаңақала ауданы	6949	1047	13 073.90	1 257.00
Жәнібек ауданы	4829.5	1739.7	9 499.20	2 064.10
Зеленов/Бәйтерек ауданы	21344.2	6680.5	52 541.00	10 145.00
Казталов ауданы	9863.6	1933.1	21 650.70	2 160.30
Қаратөбе ауданы	4200.2	1654.4	9 686.40	2 364.30
Сырым ауданы	6962.4	1493.3	15 881.70	2 418.40
Тасқала ауданы	5646.5	1737.1	11 889.40	2 201.30
Теректі ауданы	9674.9	2298.7	24 110.80	4 509.20
Шыңғырлау ауданы	5571.2	3111.4	18 581.60	5 300.00
Орал қ.	7305.2	17200.4	13 133.60	29 121.10

Өңірдегі өсімдік шаруашылығының негізгі саласы – астық шаруашылығы. Сондай-ақ ішкі сұранысты қанағаттандыру үшін дәнді дақылдар, жарма, картоп және көкөніс және бақша дақылдары өсіріледі.

Облыстың көп бөлігінде мал шаруашылығы ауылшаруашылық өндірісінің екінші маңызды саласы болып табылады, сонымен қатар экономиканың дамуының, облыс тұрғындарының табыс көздерінің және жұмыспен қамтылуының негізін құрайды.

Облыстың ауыл шаруашылығына трансплантация қажет. Өсімдік шаруашылығында сорттық қоспаларды, поликультураларды және аралық дақылдарды пайдалану, мал шаруашылығында жайылымдардың деградациясының алдын алу үшін түйелер мен жылқылардың үлесін арттыру маңызды. Сонымен қатар аймақ әлемдік нарықта сұранысқа ие болып отырған сиыр етінің әлеуетіне ие. [5]

Инвестициялардың негізгі көздері кәсіпорынның меншікті қаражаты, мемлекеттік субсидиялар, қарыз қаражаттары болып табылады. Өңірдің өсімдік шаруашылығын дамытуға егіс алқабының гектарына субсидиялар, элиталық тұқым сатып алу, картоп пен көкөністердің тұқым шаруашылығы, кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлеменің бір бөлігін өтеу бөлінеді. Соңғы жылдары салаға инвестициялардың өсу тенденциясы байқалды, сондықтан оларды пайдалану тиімділігі мәселелері үлкен маңызға ие. [5], [6]

2-кесте

Батыс Қазақстан облысының және оның аудандарының ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар.

	2015		2021	
	Негізгі капиталға салынған инвестиция мың тг	Алдыңғы жылғы көрсеткішпен салыстырғандағы өсімі % -бен	Негізгі капиталға салынған инвестиция мың тг	Алдыңғы жылғы көрсеткішпен салыстырғандағы өсімі % -бен
Батыс Қазақстан облысы	545 346	76.5	35 512 679	141.4
Ақжайық	10 000	5.4	1 506 731	100.2
Бөкей ордасы	-	-	678 211	113.1
Бөрлі	-	-	1 469 430	280
Жаңақала	-	-	625 480	65.4
Жәнібек	-	-	218 958	41.5
Бәйтерек	97 302	135.8	22 248 336	173
Казталов	-	-	1 185 776	47.9
Қаратөбе	-	-	837 007	162.5
Сырым	39400	192	1 291 126	154.9
Тасқала	60 000	144	1 661 193	141.5
Теректі	28 739	15.1	1 348 469	99
Шыңғырлау	22 460	-	1 232 784	134.7
Орал қ.ә.	287 445	147.9	1 209 178	142.5

3-кесте

Қазақстан Республикасы облыстарының және Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар.

2015			2021		
Облыстар	Негізгі капиталға салынған инвестиция мың тг	Пайызыдқ үлесі %	Облыстар	Негізгі капиталға салынған инвестиция мың тг	Пайызыдқ үлесі %
Қазақстан Республикасы	163 907 979	100	Қазақстан Республикасы	772 474 664	100
Ақмола	24 762 188	15.1	Ақмола	102 334 821	13.2
Ақтөбе	6 085 471	3.7	Ақтөбе	19 562 065	2.5
Алматы	16 951 771	10.3	Алматы	58 220 025	7.5
Атырау	4 620 745	2.9	Атырау	2 529 170	0.3
<u>Батыс Қазақстан</u>	<u>545 346</u>	<u>0.3</u>	<u>Батыс Қазақстан</u>	<u>35 512 679</u>	<u>4.6</u>
Жамбыл	5 800 397	3.5	Жамбыл	29 984 814	3.9
Қарағанды	7 004 818	4.3	Қарағанды	32 274 495	4.2
Қостанай	27 262 166	16.6	Қостанай	79 073 955	10.2
Қызылорда	1 619 892	1	Қызылорда	8 776 559	1.1
Маңғыстау	77 475	0.1	Маңғыстау	300 809	0
Оңтүстік Қазақстан	6 616 949	4	Павлодар	103 207 701	13.4
Павлодар	7 152 429	4.4	Солтүстік Қазақстан	159 223 065	20.6

Солтүстік Қазақстан	44 040 616	26.9	Түркістан	60 892 795	7.9
Шығыс Қазақстан	11 367 716	6.9	Шығыс Қазақстан	70 300 208	9.1
			Алматы қаласы	104 205	0
			Шымкент қаласы	10 177 298	1.3

2,3-кестелерде Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы саласында 2015-ші жылдан 2021 жылдар аралығында оң өзгерістер болғанын байқаймыз. Өңірдегі ауыл шаруашылығына салынған инвестиция 15 есе өскенін және салынған капиталдар арасында еліміздің бірқатар өңірлерінен жоғары тұрғанын байқай аламыз. Бұл соңғы жылдардағы өңірдің ауыл шаруашылығы саласындағы айтарлықтай ілгерілеудің бар екенін айқындайды.

Қорытынды: Ауыл шаруашылығына салынған инвестиция одан алынған өніммен ақталып отырады. Батыс Қазақстан облысы еліміздегі ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы облыстардың бірі болып табылды. Облыста жер және де басқада табиғи ресурстардың мол мүмкіндігі аймақта ауыл шаруашылығын дамытуға және одан көп мөлшерде өнім алуға негіз бола алады. Ол үшін облыстың ауыл шаруашылығы саласында оңтайлы экономикалық реформалар қабылдануы тиіс болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Исследовательская статья | 03 ОКТЯБРЯ 2022 Г. Роль инвестиций в повышении экономического потенциала сельского хозяйства
2. Управление земельных отношений Западно-Казахстанской области (2024г)
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Батыс Қазақстан облысындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2016ж.
4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Батыс Қазақстан облысындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2021ж.
5. Современное состояние и перспективы развития сельского хозяйства западно-казахстанской области . С. А. Кажиахметов., Р. М. Хазиахметов,
6. Система и механизмы инновационноинвестиционного развития растениеводства. А.А. Ефимова. И.П. Войку.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ӨМІР СҰРУ САПАСЫН КЕҢІСТІКТЕ САРАЛАУ

Қайралы Ә. Ж., география мамандығының ІІ курс магистранты, М.Өтемісұлы атындағы
Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

Андатпа. Мақалада негізгі факторлар мен жағдайларды бағалау негізінде халқтың өмір сүру сапасын кеңістіктік саралаудың ерекшеліктері мен үрдістерін анықтау және халқтың аумақтық ұйымдастырылуының басым бағыттары айқындалады. Халқтың өмір сүру сапасы елдің аумақтық қоғамдық дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Әлеуметтік-демографиялық және экономикалық процестерге байланысты ел өңірлері халқының өмір сүру сапасын кеңістіктік саралаудың белгілі бір тенденциялары мен ерекшеліктері қалыптасады. Үздіксіз ғылыми-техникалық прогресс және экономикалық даму, әлеуметтік салада (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет) қызмет көрсету сапасының өсуі кезеңінде және қалыптасып отырған экологиялық-экономикалық және әлеуметтік-экономикалық жүйелер ел өңірлері халқының өмір сүру сапасын кеңістіктік саралау шарттарын өзгертеді.

Аннотация. На основе оценки основных факторов и условий в статье определяются особенности и тенденции пространственной дифференциации качества жизни населения и определяются приоритетные направления территориальной организации населения. Качество жизни народа является важной составляющей территориального социального развития страны. Благодаря социально-демографическим и экономическим процессам формируются определенные тенденции и особенности пространственной дифференциации качества

жизни населения регионов страны. Непрерывный научно-технический прогресс и экономическое развитие, рост качества услуг в регионе. Социальная сфера (образование, здравоохранение, культура), эколого-экономические и социально-экономические системы изменяют условия пространственной дифференциации качества жизни населения регионов страны.

Abstract. In the article, on the basis of the assessment of the main factors and conditions, the features and trends of the spatial differentiation of the quality of life of the population and the priority directions of the territorial organization of the population are determined. The quality of life of the people is an important component of the territorial social development of the country. Due to socio-demographic and economic processes, certain trends and features of the spatial differentiation of the quality of life of the population of the country's regions are formed. Continuous scientific and technical progress and economic development, the growth of the quality of services in the social sphere (education, health care, culture) ecological-economic and socio-economic systems change the conditions of spatial differentiation of the quality of life of the population of the country's regions.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында атқарушы билікке бірқатар нақты тапсырма берген-ді. Солардың арасында ел азаматтарының өмір сапасын жақсарту мәселесі бар. Президент халықтың әл-ауқатын жақсартуды өзінің ең басты мақсаты ретінде қарастыратынын айтқан.

Сонымен қатар елімізде халықтың өмір сапасын жақсарту үшін нақты әрекеттер жасалып жатқанын атап өткен-ді. Алайда, әлі де талай мәселенің бар екені анық. Мемлекет басшысы Үкіметке сол мәселелерді шешу міндетін жүктеді. Өйткені өмір сапасына қатысты халықаралық рейтингтерде Қазақстан алғашқы елу елдің қатарына да кірмейді.

Өңірлік қоғамдық дамудың маңызды аспектісі халықтың өмір сүру сапасы болып табылады. Әлеуметтік-демографиялық, экономикалық және экологиялық дамудың қазіргі тенденциялары Қазақстан ел өңірлері халқының өмір сүру сапасын кеңістіктік саралауды зерделеу қажеттілігін айқындайды.

2023 жылдың қаңтарының соңында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі негізінде халықты жұмыспен қамту мекемелеріне жұмыс іздеп жүрген азамат ретінде 122,5 мың адам өтініш білдірген. Батыс Қазақстан облысы халқының жұмыссыздық деңгейі жастар бойынша және гендерлік аспектіде, соның ішінде ерлер мен әйелдер арасындағы, жастардың жұмыссыздық деңгейі ересек жастағы халықтың жұмыссыздық деңгейіне арақатынасы (коэффициент) бойынша статистикалық мәліметтерде Қазақстанның облыстары арасында әртүрлі деңгейлік орындарды көрсетіп отыр.[1]

Есеп көрсеткендей, өмір сапасы экономикалық факторлардан 40% - ға және рухани, ең алдымен елдегі адамгершілік ахуалдан 60% - ға тәуелді. Бұл дегеніміз, өнеркәсіптік даму мен өмір сүру деңгейі прогресстің өлшемдерінен алып тасталмайды, бірақ мақсат емес, құрал болып табылады.[4]

Өмір сүру сапасын жақсарту негізгі үш бағыт бойынша мүмкін:

- 1) халықтың әлеуметтік маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- 2) адамның құндылық-мақсатты бағдарын түзету, ақылға қонымды адам қажеттіліктерін қалыптастыру;
- 3) халық қажеттілігінің өсуі, жоғарылауы.

Өмір сүру сапасын анықтайтын көрсеткіштер:

Тұрмыс деңгейі түсінігі адам қажеттіліктерінің құрылымына сәйкес оларды қанағаттандыру мүмкіншіліктерін сипаттайды. Мұнда материалды қажеттіліктермен қатар рухани және әлеуметтік қажеттіліктер ескеріледі, яғни тауарлар мен қызметтерді тұтыну деңгейін ғана көрсетіп қоймай, орташа өмір сүру ұзақтығын, сырқаттану деңгейін, еңбек ету жағдайын, ақпараттық қамтамасыздық, адам хұқығын қорғауды да қамтиды. Сонымен қатар, халықтың әлеуметтік қорғалу деңгейі, адамның таңдау еркіндігі, мәдени, ұлттық, діни қатынастар да маңызды роль атқарады.[2]

Өмір сапасы көрсеткіштерін төмендегідей жүйеге келтіруге болады:

1) Өмір сапасының интегралды индикаторлары:

1.1) Макроэкономикалық көрсеткіштер:

- адам дамуының индексі;
- халықтың кедейшілік индексі;

- өмір сүру ұзақтығының индексі;
- нақты кіріс индексі (жан басына шаққандағы және барлық халықты ескергендегі өсу қарқыны);

- нақты жалақы индексі;
- үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынулары;
- әлеуметтік-мәдени шараларға бюджеттік шығындар.

1.2) Демографиялық көрсеткіштер:

- туу деңгейі;
- сәбилердің, балалардың, ананың өлім коэффициенті;
- жалпы өлім коэффициенті.

1.3) Денсаулық және білім көрсеткіштері:

- халықтың білімділік индексі;
- сырқаттану деңгейі;
- жұқпалы аурулардың жеке түрлерімен сырқаттану деңгейі;
- 10 мың тұрғынға шаққандағы дәрігер саны немесе 1 дәрігерге келетін халық саны.

1.4) Халықтың экономикалық іскерлік көрсеткіші:

- барлық халық пен жұмыспен қамтылғандардың ара қатынасы, жұмыссыздар үлесі;

- тұрақты кірісі жоқ, басқа тұлғаның асырауындағы экономикалық іскерлі тұлғалардың үлесі;

- асыраушылық коэффициенті (мемлекет және жеке тұлғалардың асырауындағы тұлғалардың жұмысбасты халыққа қатынасы);

- жұмыс аптасының, еңбек демалысының ұзақтығы;
- еңбекке қабілетті жас шекарасы.

2) Халықтың экономикалық іскерлік көрсеткіші:

2.1) Материалдық қамтамасыздықтың минималды әлеуметтік нормасының деңгейі:

- күнелту минимумы және минималды тұтыну жиынының (корзина) құны;
- белгіленген минималды жалақы, зейнетақы, стипендия жәрдемақы мөлшері.

2.2) Үй шаруашылықтарының кірісі:

- жиынтық және ақшалай номиналды, нақты кіріс;
- кіріс құрамы (жалақы, басқа да еңбекақы төлемдері, кәсіпкерлік қызметтен түскен кіріс, жеке үй шаруашылықтарының кірісі, меншіктен алынған кіріс, әлеуметтік трансферттер, әлеуметтік зейнетақылары, жәрдемақылар т.б.);

- тұтыну бағаларының индексі;
- халықтың ақшалай кірісінің сатып алу құны.

2.3) Халықтың жеке топтарының кірісін бөлудегі теңсіздік:

- децильдік коэффициент. Ол аз қамтылған тұлғалардың 10%-нің арасындағы максималды кірістің жоғарғы кірісті тұлғалардың 10%-нің арасындағы минималды кірісіне қатынасы арқылы анықталады;

- халық кірісін бөлудегі теңсіздік коэффициенті;
- кедейшілік көрсеткіштері (кедейшіліктің деңгейінен төмен кірісі бар халық саны, кедейшілік коэффициенті).

3) Жеке тұтынулар (деңгейі және құрылымы):

- 3.1) Ағымдағы және келтірілген бағаға сәйкес нақты тұтыну шығындарының құрылымы мен динамикасы.

- 3.2) Тұтыну шығындарының ішіндегі тамақтануға жұмсалатын шығындардың үлесі.

- 3.3) Тұтыну шығындары ішіндегі білім алуға, емделуге және демалуға жұмсалатын шығындар үлесі.

- 3.4) Жан басына шаққандағы негізгі тамақ өнімдерін орташа тұтыну мөлшері.

- 3.5) Тұтынылған тамақ өнімдерінің химиялық құрамы мен калориялылығы.

- 3.6) Химиялық құрамы жағынан құнды тағамдарды минималды дәрежеде тұтынушы тұлғалардың үлесі.

3.7) Халықтың мәдени-тұрмыстық, ұзақ мерзімді қолданыстағы заттармен қамтамасыздығы.

4) Халықтың тұрғын үй жағдайы:

4.1) Халықтың тұрғын үймен қамтамасыздығы (1 тұрғынға шаққандағы жалпы және тұрғылықты аудан).

4.2) Бір тұрғын бөлмесіне шаққандағы адам саны.

4.3) Тұрғын үйге меншік формасы.

4.4) Тұрғын үйдің сапалық сипаттамасы және тұрмыстық жағдай деңгейі

4.5) Халықтың тұтыну шығындарының ішіндегі тұрғын үйге төлем жасау шығындары.

5) Үй шаруашылығының мүлкілік меншік жағдайы:

- пәтерлер, үйлер (олардың сапалық сипаттамасы);

- бау-бақшалық жер учаскелері;

- мал және ауыл шаруашылық техникалары;


- автомобиль және басқа да қозғалмайтын мүлік;

- басқа құндылықтар.

6) Қылмыстылық деңгейі.

Халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын бағалау үшін қазір жағдайды нақты сипаттайтын қандай да бір кешенді түсінік жоқ.

Тұрмыс деңгейі түсінігінің анықтамасындағы қажеттіліктердің сипаты даулы болып табылады. [2]



1-сурет. 2022 жылғы I тоқсандағы халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстарының ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасымен ара қатынасы. [3]

2022 жылғы I тоқсанда халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстарының ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасымен арақатынасы республика бойынша 3,7 есені құрады (2021 жылғы I тоқсанда – 3,6 есе). [3]

Қорытынды: Адамдардың өмір сүру сапасы олардың өмір сүру деңгейіне ғана емес, өмір сүру деңгейінің көрсеткіштері әлеуметтік жайлылық сезіміне айтарлықтай әсер етеді. Атап өткеніміздей, өмір сүру сапасы - бұл әр қазақстандықтың әлеуметтік-экономикалық тікелей өміріне әсер ететін фактор болып табылады. Еңбек нарығы ол кез келген елдің не болмаса аймақтың экономикалық күш қуатының белгісі болып саналады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. А.Жусупова. Безработица в Казахстане: проблема становится острее. Нур-Султан, 2019.

2. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана», 27 января 2012 г

3. https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=13&slug=9&cat_id=7&lang=kk

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Кусаинова М. К., арнайы пәндер оқытушысы, №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі, Алматы қ., Қазақстан

Аннотация: Білім беруді басқару – күрделі динамикалық жүйе ретінде қажетті, тиімді шешімдер қабылдау үшін оның дамыту перспективаларын айқындап, оны жүзеге асыруды қажет етеді. Қазіргі білім беру жағдайындағы негізгі технологиялар: бейімді оқыту, виртуалды шындық, геймификация, қашықтан оқу, микро оқыту, чат боттары, киберпрокторинг, ауыспалы оқыту, әлеуметтік оқыту.

Түйін сөздер: ақпараттық технология, білім беру, ғылым, цифрлық технология, стратегия, оқыту.

Аннотация: управление образованием как сложная динамическая система требует определения перспектив ее развития и ее реализации для принятия необходимых, эффективных решений. Основные технологии в современных образовательных условиях: адаптивное обучение, виртуальная реальность, геймификация, дистанционное обучение, микрообучение, чат-боты, киберпрокторинг, вариативное обучение, социальное обучение.

Ключевые слова: информационные технологии, образование, наука, цифровые технологии, стратегия, обучение.

«Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея.» Т.Линчевская.

Еліміздің мемлекеттік саясатының маңызды негіздерінің бірі – білім берудің ойын формасы. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі, интеллекту-алды даму дәрежесі, психофизиологиялық және тұлғалық басқа қасиеттер сияқты белгілерді ескеру, елдің барлық азаматтарына білімнің қол жетімділігі.

Білім беруді басқару – күрделі динамикалық жүйе ретінде қажетті, тиімді шешімдер қабылдау үшін оның дамыту перспективаларын айқындауды қажет етеді. Болжамды сапалы бағалау, сондай-ақ оны білім беру жүйесін басқаруда ұтымды пайдалану адами капиталдың сапасы мен тұтастай экономиканың тиімді қызметіне оң әсерін тигізеді. Яғни, білім – ол экономика мен ғылыми-техникалық әлеуеттің, нарықтағы бәсекеге қабілеттіліктің артуына тікелей әсер етуші тетік болып табылады. Бүгінгі таңда территорияның ауқымдығы, пайдалы қазбалар мен қаржылық капиталдың ауқымдылығымен бәсекеге түсу мүмкін емес, себебі қоғамның жинақтаған білім қоры мен білім деңгейі елдің экономикалық-әлеуметтік ілгерлеуіне түрткі болатын негіз.

Білім беру саласындағы басты стратегия – ол білім алушылардың үлгерімдерін және білім беру сапасы мен тиімділігін арттыру, ауыл мен қала білім алушыларының білімдерін теңестіру, талантты мектеп басшылары мен педагогтерді жұмысқа тарту болып табылады. Яғни осы міндеттерді біріділікпен жүзеге асыру негізінде білім беру сапасының артуына ықпал етуге болады. Білім саласында мықты стратегияны қалыптастыру озық елдердің тәжірибесін енгізу, талантты мамандарды, білікті басшыларды білім саласына тарту аздық етеді.

Білім беру ұйымдарын тиімді басқару үшін жалпы адамзаттық құндылықтар мен стратегиялық көрегендіктің, әлеуметтік көшбасшылықтың, әмбебап және арнайы менеджмент технологияларының үйлесімді болуы керек. Сондай-ақ теориялық әзірлемелерді отандық кәсіпорындар мен ұйымдарды басқару практикасына сәтті енгізу тәсілдері қажет. Осыған байланысты, білім беруді дамытуда жаңа технологияларды қолдану стратегиясын әзірлеу қажеттігі туындайды. Стратегияны таңдау – ол маңызды бағыттарды анықтай отырып, ұйымның басымдықтарын, даму перспективаларын таңдау және оларға қол жеткізу үшін қажетті іс-шаралар кешенін әзірлеуге бағытталған іс-шаралар кешені. Ол мемлекеттің білім беру саясатымен, әлеуметтік тапсырысымен, аймақтық және жергілікті ерекшеліктерімен анықталады. Стратегия білім беру жүйесі мен қоғамның жағдайына байланысты түрленуі мүмкін.

"Білім беру және оқыту туралы ғылымнан" қазіргі педагогика "білім беру және білім беру туралы ғылымға" айналды. XX ғасырдағы "білім" категориясы қайта құрылды және

кеңейтілді. Ян Амос Коменскийдің заманынан бері дидактика оқыту теориясы ретінде түсінілді. Кеңестік дидактикада білім беру "оқыту нәтижесі", "ғылыми білім мен когнитивтік дағдылар жүйесін меңгеру процесі мен нәтижесі" деп түсінілген.

Білім беру теориялары тек студент пен оқытушының өзара әрекеттесуін ғана емес, мемлекет пен білім беру жүйесінің, студенттер мен оқытушылардың әлеуметтік топтарының өзара әрекеттесуін қарастырады. Қазіргі уақытта ақпараттық–білім беру ортасы шеңберіндегі оқытушылардың қызметінде, компьютерді қолданудың алты кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші сатысы – оқытушы компьютерді «жазу машинасы» ретінде игереді және қолданады.

Екінші кезеңі – оқытушы кеңсе бағдарламаларының пакетімен, олардың мүмкіндіктерімен танысады, өз қызметінде CD–дискілерді қолданудың қарапайым дағдыларын игерді.

Үшінші кезең –ғаламатрға қосылу және шығу мүмкіндігімен тығыз байланысты, яғни желіде жұмыс істейді.

Төртінші кезең – жаңа ақпараттық технологиялар дәстүрлі сабақтың құрылымына біртіндеп енгізіліп, оның ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Бесінші сатысы – жинақталған дидактикалық тәжірибені жүйелеуі және жаңғыртуы.

Алтыншы сатысы – оқытушылардың өз іс тәжірибесін жинақтап, сандық білім беру ресурстарын жасауы.

Қазіргі білім беру жағдайындағы негізгі технологиялар: бейімді оқыту, виртуалды шындық, геймификация, қашықтан оқу, микро оқыту, чат боттары, киберпрокторинг, ауыспалы оқыту, әлеуметтік оқыту. Ақпараттық қоғам «цифрлық ұрпақты» тудырады, ол ұрпақтар теориясы бойынша «Z ұрпағы» деп аталады. Ғалымдардың еңбектерінде мынадай белгілер ерекшеленеді: зейіннің ауытқуы, «клиптік» ойлауы, сөздік қорының шектеулілігі, нақты және виртуалды кеңістіктердің араласуы, көлемді мәтіндерді оқу және түсіну қабілетінің болмауы, шығармашылық қиялдың нашар дамығандығы, орындалған жұмыс үшін тез марапаттау қажеттілігі, тынымсыз еңбек ету қабілетінің дамымауы, өзінің бірегейлігіне сенімділік, өзінің ішкі әлеміне көңіл бөлу, индивидуализм.

SAMR моделі арқылы цифрлық технологиялардың оқыту мен оқуға әсерін сипаттай аламыз: ауыстыру (Ауыстыру), жинақтау (Augmentation), модификация (Модификация) және трансформация (Қайта анықтау), оның барысында дәстүрлі технологиялар бастапқыда цифрлық технологиялармен ауыстырылады, цифрлық технологияларды саналы түрде таңдау құралдары оқу үдерісін оңтайландыру, одан әрі – аралас оқыту технологияларын пайдалану негізінде білім беру үдерісін қайта құрылымдау, ауыспалы кабинет, сондай–ақ «бұрын шешілмейтін жаңа педагогикалық мәселелерді қою және шешу». Американдық және еуропалық ғалымдар цифрлық педагогиканы тиімді енгізудің келесі жолдарын ұсынады:

– қажетті дағдыларды немесе softskills дамытуға мүмкіндік беретін білім беру процесінің барлық субъектілерінің ынтымақтастығына назар аудару (әлеуметтік, интеллектуалды және ерікті құзыреттілік, көшбасшылық, коммуникабельділік, командада жұмыс істей білу, шығармашылық, ұқыптылық және т. б.);

– қашықтықтан оқытудың педагогикалық дизайны (енгізілген технология сыныптың барлық білім алушыларын қашықтықтан оқытуға қатысуды қамтамасыз етуі керек;

– цифрлық алшақтықты есте ұстаған жөн және барлық білім алушылар техникалық тұрғыдан жабдықталмаған немесе цифрлық технологияны жақсы меңгермеген;

– қашықтықтан оқытудың оңтайлы нысандарын, құралдары мен әдістерін таңдау бағытында жұмыс істеу (оқытушы мен білім алушыларға ыңғайлы және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін технологияны табу қажет).

Цифрлық білім беру процесін құру үшін қажетті негізгі педагогикалық технологиялар: қашықтықтан оқыту технологиясы (оның ішінде кейс–технология), желілік коммуникация технологиясы, аралас оқыту технологиясы (blended learning), төңкерілген оқыту (flipped learning), мобильді оқыту; жобалық оқыту. Цифрлық дидактика құралдары мен цифрлық

технологиялар цифрлық білім беру процесінде маңызды рөл атқарады, бірақ сонымен бірге оқытудың дәстүрлі түрлерін алмастырмауы керек. Осылайша, цифрлық экономика жағдайында ең алдымен оқытушының өзі қайта құрылуы керек екенін түсіну маңызды. Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру үшін жаңа педагогикалық құзыреттер, жаңа педагогикалық мәдениет қажет, ол жүзеге асыруға көмектеседі дәстүрлі оқыту әдістерін, тәсілдері мен құралдарын қашықтықтан оқыту жағдайларына сауатты көшіру; білім беру процесі субъектілерінің ынтымақтастығы мен өзара іс-қимыл процесін сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта сабақтың әр түрлі бөлімінде қолдануға болатын цифрлық технологиялар:

1. Викторинолық сұрақтар, тест сұрақтары, уақыт берілетін ойындар – Kahoot, Quizizz, AhaSlides, Brainscape және т.б

2. Видеосабақ және презентация жасау – Canva, Prezi, Powtoon, Apple Keynote, Google Slides, Adobe Spark, Visme.

3. Сызба жұмыстары және топпен жұмыс жасау – Miro, Monday.com, Stromboard, WebBoard, Conceptboard.

4. Дидактикалық ойын – Worldwall, Teachmint, Vivi, Quizalize, Learning apps, ClassSent, Aven Information, Edmodo.

5. Сергіту сәті – Tomatoro–pomodoro timer, Youtube.com, Baamboozle, Class Dojo.

6. Үй тапсырмасы – Padlet, Ideaflip, Book Creator.

Білім беруде онлайн - ресурстардың маңызы зор, бұл білім алушыларға өз еңбегінің нәтижелерін көруге, білімдерін тәжірибеде сынап көруге, оқу міндеттерін шешуде компьютерді қолдануда жеке тәжірибе алуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде білім алушылардың пәнді оқуға деген қызығушылығын арттырады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Жиенбаева Н.Б., Әбдіғапбарова У.М., Разухан Н. Студенттерге бағытталған цифрлық орта жағдайында болашақ мұғалімді даярлаудың жеке жүйесі. «Challenges IN SCIENCE of NOWADAYS» VII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағы. – Вашингтон, АҚШ. (26-28 қараша 2020).

2. Игнатова Н.Ю. Сандық дәуірдегі білім: монография / Н. Ю. Игнатова. Төменгі Тагил: НТИ (филиал) УрФУ, 2017. – 128

3. Қиқымова А.К., Серікбаева А.Б. Білім беру үрдісіндегі жаңа ақпараттық технологиялар. Қарағанды университетінің хабаршысы, 2010

4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

5. Международная научно–практическая конференция «Профессиональное образование и занятость молодежи: XXI век. Цифровое образование: от прогнозов к реальности» [Электрондық ресурс]. URL: http://krirpo.ru/institute/news/detail.php?ID=12484&spphrase_id=31252

6. Найля Альмухамедова. Как внедряется цифровизация в казахстанское образование. [Электрондық ресурс]. strategy2050.kz: <https://strategy2050.kz/ru/news/52316/>

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ

Агажанова И. К., Алматы қаласы білім басқармасының «№178 мамандандырылған физика – математика лицей» КММ география пәні мұғалімі

Жанартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі: спиральді қағидатпен берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Спиралды құрылым білім мен дағдылардың сыныптан сыныпқа ілгерлемелі дамуын қамтамасыз етеді. Яғни білімнің қарапайым деңгейден күрделі деңгейге көшуі болып табылады.

Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды, мұнда тақырыптар әртүрлі деңгейде қайталанады, кейде бір тоқсан аясында, кейде әр тоқсан сайын;

- әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі, мұнда тақырыптар әрбір келесі деңгейде алдыңғыға қарағанда анағұрлым күрделі әрі тереңдетіліп оқылуы тиіс;

- жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады, мұнда деңгей жоғарылаған сайын, тақырыптың күрделілігі артып отыруы.

Екінші ерекшелігі Блум таксономиясының оқу мақсаттарының иерархиясы. Оқу үдерісінде білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау сатыларында оқушылар іс-әрекет етеді. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған.

«География» және «Жаратылыстану» пәндерін оқытуда мұғалімдер төмендегідей педагогикалық тәсілдерді қолданады:

Құндылықтарға бағдарланған тәсіл. Оқытудағы құндылықтарға бағдарланған тәсіл – оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу жәнepайдалану тәсілі. Құндылыққа бағдарланған тәсіл оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Құндылықтар – қоғам қолдайтын және адамдардың көпшілігі мойындайтын белгілі нысандардың және құбылыстардың, адамдық қасиеттер мен өзін-өзі ұстау ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы. Құндылықтар тұлғаны ынталандырудың өте маңызды факторы ретінде мінез-құлық пен іс-әрекеттерді бағдарлайды.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары орта білім беру құндылықтарының негізі болып табылады. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, өмір бойы оқып-үйрену орта білім берудің құндылықтары ретінде белгіленді.

Тұлғаға бағдарланған тәсіл. Тұлғаға бағдарланған тәсілдің мақсаты оқу үдерісін дараландыру, оқу үдерісінде тұлғаны, оның жеке психикалық және физиологиялық ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен жүріс-тұрыс уәждерін, әлеуетті қабілеттіліктерін ескере отырып үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу.

Саралап оқыту тәсілі. Саралап оқыту тәсілі оқу үдерісінің оқушылардың әртүрлі топтарына арнайы бағдарлауды, оқушылардың жеке қабілеттерін ескеру мақсатында әртүрлі топтар үшін әртүрлі нысанда ұйымдастыруды көздейді. Саралап оқыту тәсілі әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін қамтиды. Саралап оқытуды ұйымдастырудың негізгі шарты күрделілігі, танымдық тұрғыдан қызығушылық туғызуы, мұғалім тарапынан берілетін көмектің сипаты жағынан ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану болып табылады.

Коммуникативтік тәсіл. Білім берудегі қатысымдық тәсіл екі немесе одан көп адамдардың сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасау үдерісінде ақпарат беру және хабарлау, білім, білік және дағдылармен алмасуы болып табылады. Қатысымдық тәсілдің нәтижесі тіл арқылы қарым-қатынас жасауға қабілеттілік, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдаланып, қарым-қатынас жағдайына сай тиімді қатынас тәртібін таңдай отырып, түрлі жағдайларда қарым-қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және пікір алмасуға қабілеттілік болып табылады. Қатысымдық тәсілге сәйкес ұйымдастырылған оқу үдерісі қарым-қатынас дағдыларын және шынайы қарым-қатынас жағдайларына сәйкес жұмыс режимдерін қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмаларды қамтуы тиіс (жұптық және топтық жұмыстар).

Іс-әрекеттік тәсіл. Іс-әрекеттік тәсілдің негізгі мазмұны – оқушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі меңгереді, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, жетілдіруге белсенді қатысады. Ол өз кезегінде білімнің, біліктердің, оқып-үйрену және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың оқу әрекеттері келесі басты санаттар бойынша топтастырылған: «біледі», «түсінеді», «талдайды», «бағалайды», «жинақтайды».

Жоба орындау тәсілі. Оқу жобасы – оқушының немесе оқушылар тобының ғылыми-зерттеу, шығармашылық немесе тәжірибелік сипаттағы проблемаларды шешуде белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге бағытталған оқу-танымдық әрекеті. Оқу жобасының мақсаты, белгіленген әдіс-тәсілдері мен орындалатын жұмыстардың реті, қорытынды тұжырымы және белгіленген тәртіпке сай рәсімделген нәтижелері болады.

Зерттеу тәсілі оқушылардың зерттеу элементтері бар жұмыстарды өз бетінше орындау біліктерін қалыптастыруды, ізденіс түрінде эксперимент жүргізуді, ғылыми болжамдар ұсынып, олардың дұрыстығын тексеру әдістерін негіздеу дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану (бұдан әрі – АКТ). АКТ қолдану оқу бағдарламасын жүзеге асырудың, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру мен дамытудың, оқу үдерісін дараландырудың қажетті шарты болып табылады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың оқу үдерісінде, бос уақытында және қарым-қатынас барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сауатты және шығармашылықпен қолдана білуін қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Оқыту мен оқу үдерістері біртұтас, оларды бір-бірінен ажыратып қарастыруға болмайтынын түсіну маңызды. Мұғалімдердің оқу үдерісін және өз тәжірибесін жетілдіру жолдарын жетік түсінуі оларға тиімді оқуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

География мен жаратылыстануды оқыту тәжірибесінде сабақ, дәріс, практикум, экскурсия, конференция, қосымша факультативтік сабақтар арқылы оқыту түрлері және келесі тәсілдер кеңінен қолданылады: әңгімелеу, сұхбат, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, эксперимент, экрандық оқу құралдарын пайдалану, тәжірибелік жұмыс, жоба жұмысы. Сонымен қатар, қазіргі кезде сабақтарда модельдеу әдістері, ойша модель құрастыру, математикалық модельдеу әдістері де кеңінен қолданылады. Сабақ – сыныпта оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі үлгісі болып табылады. География және жаратылыстану сабақтарында сабақтың келесі түрлері қолданылады: жаңа білімді игеру сабағы, білімді тәжірибеде қолдану сабағы, өткен тақырыпты пысықтау және қайталау сабағы, білімді бақылау және жинақтау сабағы, аралас сабақ.

Сабақтың түрі сабақтың дидактикалық мақсаттарына байланысты таңдалады. Жеке, жұптық, топтық және ұжымдық оқу жұмысы арқылы оқыту түрлері сабақтың барлық түрлеріне ортақ болып табылады:

- жеке – оқушының тапсырманы өздігінен орындауы;
- жұптық – «оқушы-оқушы», «мұғалім-оқушы» режиміндегі жұмыс;
- топтық – топ мүшелерінің санына қарай шағын топтағы (3-5 адам) жұмыс және жалпы сыныптық жұмыс (бүкіл сынып) түрінде өтуі мүмкін, мұнда барлық оқушы бір тапсырманы (тақырыпты) немесе оның бір бөлігін орындайды;
- ұжымдық, яғни құрамы ауысып отыратын жұптардағы жұмыс, мұнда әр оқушы жеке тақырыпты немесе тапсырманы орындайды және әр серіктесіне оны түсіндіреді.

Географияны оқытуда әңгімелеу сабақ уақытының аз бөлігін алып, әдістемелік талаптарға сай келуі тиіс:

- 1) әңгіме қысқа болуы керек (5-15 минут);
- 2) әңгімелеу барысында жаңа терминдерге арнайы тоқталып, тақтаға жазу және қажет жағдайда оқушылардың дәптеріне жазып алуларына мүмкіндік беру керек;

3) сабақта қолданылатын көрнекіліктер мен карталарды алдын ала дайындап, көрінетін жерге іліп қойған дұрыс;

4) мұғалімнің сөздері түсінікті және сөздерді орынсыз қайталау, бұрмалау болмауы керек;

5) мұғалімнің әңгімелеуі эмоционалды тұрғыда әсерлі болуы тиіс;

6) мұғалім оқулықта берілген мәтінді сол күйінде қайталап айтуына болмайды.

Семинар. Оқушылар сұрақтарға алдына ала дайындалған жоспар бойынша, әртүрлі әдебиеттермен және дереккөздермен жұмыс істеу арқылы дайындалады. «География» немесе «Жаратылыстану» пәні бойынша семинар сабағында оқушылар берілген сұрақтарды жан-жақты талдап, өздерінің көзқарастарын білдіреді. Бұл оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамытып, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқу үдерісінде мұғалім семинарға оқушылармен бірге қатысады, ол әртүрлі жолдармен және тәсілдермен олардың оқу- танымдық қызметін ұйымдастырады.

«География» және «Жаратылыстану» пәндерін оқытуда төмендегідей әдістер қолданылады:

1. Білім берудің ауызша және жазбаша түрі. Оған; ауызша баяндау, сұхбат, оқулық және материалдармен жұмыс істеу жатады.

2. Көрнекілік әдісіне оқушының өз бетінше бақылау, тәжірибе жүргізуі мен көрнекі құралдар жасауы жатады. Сонымен қатар, карталарды және басқа да картографиялық құралдармен жұмыс істеуді жатқызуға болады.

3. Тәжірибелік оқытуға оқушылардың өздері орындайтын оқу әрекеттерін жатқызуға болады. Географияны оқытуда жиі қолданылатын тәжірибелік жұмыстарға жергілікті жерді түсіруде жүргізілетін тәжірибелік жұмыстар, жергілікті жердің жоспарын сызу, белгілі бір нысанды суретке түсіру, абсолюттік биіктікті анықтау, өзеннің ені мен тереңдігін анықтау т. б.

Географияны оқытуда әрбір әдістің өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан мұғалім сабақ өтуде бұл әдістерді қажеттілігіне қарай қолданып отырады. Мысалы, сабақ өткенде ауызша баяндау, сұхбат және картамен жұмыс істеу әдістерін бірге қолданған орынды.

Қытайдың дана ойшылы Конфуций: «Ескіден қол үзіп, жаңаға қолжеткізгендер ғана мұғалім бола алады», - деген, сондықтан, қазіргі заман мұғалімі – рухани жағынан дамыған, педагогикалық әдістәсілдердің барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман болуы керек. Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін, сонымен қатар, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақты барынша тиімді жоспарлауы қажет. Сабақта жеке, жұптық, топтық немесе бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану тиімді болады. География пәні көбіне ауызша жауаптары талап ететін болғандықтан жұптық, топтық, жеке жұмыстар арқылы табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын сабақ барысында зерделеуге, зерттеуге жұмысын жүргізуге, болжамдар жасауға, өз пікірін дәлелдеуге, тіпті өзіндік кішігірім жаңалық ашуына мүмкіндіктер берді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Адам және қоғам мәдениеті. Алматы. 2000 ж. География.
2. «Қазақстан мектебі» журналдар. 2000-2003 ж.ж.
3. Өсімдік – табиғат қазынасы. «Дидар» газет басылымдары. 2007-2008 ж.ж.
4. Экология және ана мен бала денсаулығы. 1991 ж.
5. География және табиғат. 2003-2008 ж.ж. ...
6. В.И.Сиротин. Самостоятельные и практические работы по географии. М.Просвещение, 1991.
7. Б.С Добржицкий, Б.А Кондратьев. Практические работы по физической географии в средней школе. М. Просвещение, 1994.
8. А.А.Лобжанидзе, Г.М.Түсіпбекова. Физикалық география. Просвещение, 2008.

**3-СЕКЦИЯ. ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ
ЗЕРТТЕУЛЕР**
**СЕКЦИЯ 3 – НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБЛАСТИ ТУРИЗМА
И ГОСТЕПРИМСТВА**
SECTION 3. SCIENTIFIC RESEARCH IN THE FIELD OF TOURISM AND HOSPITALITY

**THE TURKIC WORLD AND SILK ROAD TOURISM: INTEGRATING HISTORICAL
HERITAGE INTO TOURISM**

Prof. Dr. Yaşar SARI., Efnan EZENEL., Cemile ECE., Yasin Emre OĞUZ., Elif ŞENEL
Tourism Faculty of Eskişehir Osmangazi University.

Abstract. This research focuses on the integration of historical heritage into the tourism sector, with a specific emphasis on the Turkic World and the Silk Road. The Silk Road, an ancient network of trade routes that connected the East and West, not only facilitated the exchange of goods but also acted as a bridge for cultural, religious, and technological exchanges. Today, it holds significant potential for heritage tourism, particularly within the Turkic World, which played a pivotal role in the history of these routes.

The research aims to conduct a current situation analysis of how the historical heritage of the Silk Road and the Turkic World is being utilized in the tourism industry. This involves examining the existing tourism infrastructure, heritage site management, promotional strategies, and the economic, social, and environmental impacts of tourism in the region. The research will highlight the challenges and opportunities in preserving historical integrity while promoting tourism. The integration of the Turkic World's historical heritage into the tourism sector offers a unique opportunity to promote cultural exchange, economic development, and international cooperation. This study underscores the importance of a balanced approach to heritage tourism, one that respects historical legacies while fostering an inclusive and sustainable tourism industry.

Keywords: Turkic World, Silk Road, Tourism, Cultural Tourism

**ХРОМТАУ АУДАНЫНЫҢ ТАБИҒИ-ҚОРЫҚТЫҚ ҚОР НЫСАНДАРЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАР**

А.Е. Егинбаева, PhD, доцент, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»
ҚеАҚ, Астана қ., Қазақстан

E. Atasoy, PhD, профессор, Uludag University, Bursa, Turkey

Д.Қ. Қонысжан, іс жүргізуші, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»
ҚеАҚ, Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Хромтау ауданының географиялық атауларының осы аймақтағы туризмді дамыту үшін маңызы қарастырылған. Бұл аймақтың топонимдерін зерттеу кезінде табиғи қорықтық қор нысан атауларының көрінісі, қалыптасуы мен ерекшеліктері туралы нақты мәліметтер талданды. Хромтау ауданы бойынша табиғи-қорық қор атауларының ерекшеліктерін номинациялау геологиялық, табиғи-географиялық, тарихи және лингвистикалық деректер негізінде жүргізілді. Бұл аймақтың топонимдерінің шығу тегі мен этимологиясы нақты мәліметтермен зерттелді. Табиғи қорықтық қор мен табиғат ескерткіштері жер атауларының табиғи ерекшеліктерін көрсететіні анықталды.

Түйінді сөздер: Хромтау ауданы, географиялық терминдер, табиғи-қорықтық қор нысандары, Азбартас, Айдарлыаша, Ойсылқара.


Аннотация. В статье рассматривается роль географических терминов Хромтауского района для развития туризма в данном регионе. При изучении топонимов региона были проанализированы данные о формировании и особенностях названий объектов природно-заповедного фонда. Номинация особенностей названий природно-заповедного фонда для Хромтауского района проводилась на основе геологических, природно-географических, исторических и лингвистических данных. Происхождение и этимология топонимов региона изучались с использованием конкретных данных. Установлено, что природно-заповедный фонд и памятники природы отражают природные особенности топонимов.

Ключевые слова: Хромтауский район, географические термины, объекты природно-заповедного фонда, Азбартас, Айдарлыша, Ойсылкара.

Annotation. The article examines the role of geographical terms of the Khromtau district for the development of tourism in this region. When studying the toponyms of the region, data on the formation and features of the names of objects of the nature reserve fund were analyzed. The nomination of the features of the names of the nature reserve fund for the Khromtau district was carried out on the basis of geological, natural-geographical, historical and linguistic data. The origin and etymology of the region's toponyms were studied using specific data. It has been established that the nature reserve fund and natural monuments reflect the natural features of toponyms.

Keywords: Khromtau district, geographical terms, objects of the nature reserve fund, Azbartas, Aidarlysha, Oysylkara.

Қазақ даласының қай өңірі болсын өзіндік тарихы, өзіне ғана тән шежіресі бар. Алтай тауларынан Дунай өзеніне дейінгі Ұлы Дала атанған алып аймақтың кішкентай ғана бір бөлігі Хромтау өңірінің тарихы есте жоқ ескі замандардан бастау алады. Географиялық жағынан орналасуы бойынша Батыс пен Шығысты, Еуропа мен Азияны байланыстырған әйгілі Керуен жолы осы өңірдің үстімен өткен. Бүгінгі еліміздегі ірі өндірістік жобалардың бірі Батыс Қытай-Батыс Еуропа автокөлік дәлізі сол керуен жолының торабы, ата-бабалар жүріп өткен көне жолдың қайта жаңғыруы десек болады. Оның арғы жағында тарихы - тас дәуірі, қола дәуіріндегі адамдар осы аймақты мекен етіп, тіршілік кешкендігі туралы тұжырым жасауға да негіз бар. Хромтау ауданы Ақтөбе облысының солтүстігінде орналасқан. Аудан солтүстігінде Ресей Федерациясының Орынбор облысымен және Ақтөбе облысының Қарғалы ауданымен, батысында Алға ауданымен, шығысында Әйтеке би ауданымен, оңтүстігінде Мұғалжар ауданымен шектеседі. Хромтау ауданының аумағы 12 мың км² және ол көлемі жағынан



Ақтөбе облысының аудандары арасында 8-ші орынға ие. Ауданның әкімшілік орталығының негізі 1940 жылы қаланған Хромтау қаласы (сурет 1) [1, 345 б.].

Сурет 1 Хромтау ауданының физикалық картасы

Бұл өлкенің бірқатар жерлеріндегі әлі археологиялық зерттеудің түрені тимеген обалар, тас бейнелер, қала берді ел аузындағы аңыз-афсаналар бұл пікіріміздің айғағы. Жалпы, қазақ

ұлтына, қазақ даласына қатысты жаугершілік жорықтардың да, мамыражай заманалардың да баршасына Ор бойында үнсіз мүлгіген қырат-жоталар, бетегелі сайын дала үнсіз куәгер.

Тау жыныстарының үгілу әрекетінен қалыптасып, ерекшеленетін *Тесіктас* (*гранит пен құмтастарда*), *Қақнатас*, *Қотыртас* (*мүжілген жартас*), *Сандықтас* (*қарама қарсы жатқан гранит бөліктері*), *Керегетас* керегеге ұқсас тор тәрізді гранит және әктастан тұратын, тік беткейлі кетік жартастар жергілікті жердің геологиялық құрылысы, тау жыныстарының құрамын, пайдалы қазбаларлды бейнелейді.

Хромтау ауданында осыған сәйкес Мұғалжар тауы мен оған жапсарлас жатқан аумақтарда шоғырланған тас терминімен жасалған топонимдер қатарына *Азбартас* табиғи ескерткіші атауын жатқызуымызға болады.

Азбартас - Қопа өңіріндегі қуыс, үңгірдің атауы. Айналасы таспен қоршалған қуыс. Кейбір деректерге сүйенсек, Моңғол шапқыншылығы кезінде жергілікті тұрғындар жаушылардан аман алып қалу үшін, малдарды осы үңгірге қамаған. Тіпті осы жерден моңғолдар өткен деседі, оған дәлел ретінде Моңғолсай деген жер атауын айтуға болады. Ал бертініректе мал дәрігерлері малдарды егу үшін осы үңгірді пайдаланған. «Азбартас» - ол қора ішіне яғни албар ішінен салынатын кішкене қора. Қазақ оны қараңғылап ішіне сойыс малын бордақылайды. Көбіне қараңғы азбар жасайды. Азбар+тас «тастан жасалған азбар», деп жазады жазушы Балғабек Қыдырбекұлы «Түгел сөздің түбі бір» деген кітабында. Азбартастың қуысында жатқан бұлақ көздерін *Қайыңды бұлақ*, *Қырғыз қуысы*, *Қыдырма*, *Талды бұлақ*, *Күмісті бұлақ*, *Ақкиіз бұлақ*, *Шыныбек бұлақ* деп атаған. Бұлардың барлығы дерлік зерттеуді қажет етеді.

Азбартасқа барар жолда жер бедері шоқылы болып келеді. Жолында бірнеше бұлақ көздері кездеседі, әрқайсысының өзіне лайық етіп қойған атаулары бар. Бірінші *Айқынбұлақ*, содан кейін *Цементбұлақ*, судың салқын әрі мөлдір болуына байланысты атаған. Кейін *Қызылбұлақ* (судың түсіне байланысты аталған), *Талдыбұлақ*, *Ақкиізбұлақ*, *Қыдырмабұлақ*, *Мұхамбетәлібұлақ*. Бұл аталған бұлақ көздерінің атын көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан Жағалбайлы руының өмірімен байланыстыруға болады. Азбартастың әрбір тасы қолмен қаланғандай үңгірі бар. Жұмбағы көп Азбартастың биіктігі шамамен 11 метр, ені 4 метр. Табиғи ескерткіштің алып жатқан жалпы аумағы - 100 метр. Мұндай табиғи ескерткіш басқа жерлерде қайталанбайды, маңайында аққайың мен жасыл теректер зерленген. Қойынқойынында әртүрлі өсімдіктер өседі. Егер Ақтөбелік белгілі геологоразведчик Р.Сегединнің еңбегіне сүйенсек Азбартас ашық аспан астындағы табиғи ескерткіш, мұндай ескерткіш басқа еш жерде қайталанбайды деген. Жергілікті тұрғындар бұл киелі жер болған, маңайында артық өскен шөп болған жоқ, айналасы тықыр, жерінде гранит тастар жаз айында күнге шағылысып жатқан, кейіннен үңгіріне мал қамап, тастарын қозғағаннан кейін айналасын қалың шөп басып кетті дейді (сурет 2).



Сурет 2 Азбартас

Айдарлыаша қимасы - Хромтау ауданы географиялық орналасу жағынан, облыстағы ең бір қызықты да күрделі өлке. Бұл жерде таулы және далалық зоналардың болуы жануарлар мен өсімдіктер әлемінің сан алуандығына әсерін тигізеді. Жалпы жер бетінің даму тарихының

бірнеше миллиондаған жылдарынан толық мәлімет беретін геологиялық қимасының орны бар. Хромтау ауданының территориясында 350 млн. жыл бұрын өткен карбон кезеңінің соңы мен пермь кезеңінің басындағы ежелгі жануарлар мен өсімдіктердің таңбалары сақталған.

Ақтөбе облысында 150 жылдыққа байланысты әр елден келген ғалымдар жұмыс жасап, Айдарлыаша қимасы - жердегі өмірдің дамуы туралы, карбон және пермь дәуірлерінен толық мағлұмат беретінін атап айтқан. 1996 жылы дүние жүзі халықтарының Қытайда өткен халықаралық геологиялық конгресінде Айдарлыаша қимасы карбон мен пермь кезеңдерінен сақталған теңдесі жоқ орын деп танылған. Айдарлыаша қимасына халықаралық геологиялық ескерткіш дәрежесі берілген, 350 млн жылдық дәуірдің қоймасы нағыз ұлттық қорық болатын сый. Айдарлыаша қимасы республика ғалымдары мен шетел ғалымдарының зерттеу жұмыстарының нәтижесі (сурет 3).



Сурет 3 - Айдарлыаша геологиялық ескерткіші

Ойсылқара - алып та, асыл кеннің орталығы Хромтау қаласының оңтүстік-батысына қарай 40 км жерде Ойсылқара аймағы бар. Бұл аймақ Хромтау ауданының Ойсылқара селолық шаруашылығы орналасқан елді-мекен. Бұл өлкедегі тарихи ескерткіштер халықтың рухани өмірі мен санасындағы орнының ерекшелігі өте жоғары.

Жергілікті жердің қарияларының айтқан аңыздары бойынша Ойсылқара әулие Мұхаммед пайғамбардың сопылықтаза хадисін уағыздаушы ретінде жеті жұртты аралаған тақуа кісі екен. Пайғамбардың тірісінде жүздесу үшін екі рет барып, бірақ диалогқа алмапты. Пайғамбарымыз дүниеден өтерде сахабаларының біріне «Сахарадағы Ойсылқараға тапсыр» деп жидесін аманатқа беріп кеткен дейді. Ойсылқара осы өзен жағасында дүние саларда жеті жұрт сүйегін өз жеріне әкетіп жерлеуге таласатынын біліп, оларға әулие жеті маяға сандық орнатып, төбе басына түнепті. Сонда «Кім бұрын тұрса, соның жеріне жатамын» десе керек. Әулиенің мүрдесіне келгендер біртіндеп оянып сандықты ашып, әулиенің жатқанын көріп, маяларын жетелеп кете беріпті. Ойсылқара деген Ор өзенінің саласы да бар. Осы жердегі тағы бір аңызға сүйенсек Ойсылқара әулие «Түйемді бос жіберіңіздер, қай жерге барып шөксе, сол жерге сүйегім қойылсын» - деген талап қойылған деседі. Ойсылқара әулие қорымы Ойсылқара ауылының жанындағы төбеде тұр (сурет 4) [4].



Сурет 4 Ойсылқара - тарихи этнографиялық ескерткіші

Әулиемола зираты - Қарабаз кентінен 6 км қашықтықта орналасқан. 800 м бастап ол Ақтөбе-Қостанай т/ж өтеді. Зират жоғарғы жағында орналасқан даланың биік жерлері тек ескі жерлеуді қамтиды, негізінен қараңғыдан жасалған тас қоршаулармен ұсынылған, дерлік граниттің қара тастары, олардың кейбіреулері жасыл реңк береді. Солардың кейбірінің батыс жағына әктас құлпытасы орнатылды-қабық немесе жай тас тақталар. Зираттың солтүстік шығыс бұрышында кірпіштен қалау сақталған. Зираттан 10 метр қашықтықта қалдықтары сақталған геод.белгісі. Зират жағалбайлы руынан шыққан (кесте 1).

Кесте 1 - Хромтау ауданының некронимдер топтамасы

Некронимдер	Топонимикалық белсенділігі
мола	Моласай (тоған), Қоспанмола (бейіт ³), Қошмола (бейіт), Көшемола (бейіт), Әулиемола (тау)
там	Қызылтам (өзен), Тамды (өзен ² , ауыл, қоныс)
мешіт	Мешіт (көл ²)
оба	Сарыоба (тау, қыстау, қоныс)

- мола
- там
- мешіт
- оба

Ескертпе: [5] әдебиет көзіне негізделіп, автор құрастырған

Табиғат пен қоғам арасындағы үздіксіз қарым-қатынастарды зерттеудің негізіне – табиғи ортаның қазіргі жай-күйін бағалау, келешектегі жағдайына болжам жасау, олардың алдын алу шараларын ұйымдастыру, қоршаған ортаны қорғау, соның ішінде табиғи ландшафттардың өзгеруін зерттеу мәселелері жатады. Жоғарыда айтылған географиялық нысандар тек туристік және геологиялық мақсатта ғана емес, сонымен қатар топонимикалық жағынан да маңызды болып барлығы жергілікті жердің ландшафттық ерекшеліктеріне байланысты аталғандығы анықталып отыр.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. История Актыобинской области / авт. кол. Г. С. Султангалиева и др.; отв. ред. А.А. Бисембаев. - Актобе: Обл. центр истории, этнографии и археологии, 2006. - 698 с.
2. Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. - Алматы, 1995. - 248 с.
3. Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата, 1986, Т.1.
4. Сергеева А.М., Әбденев А.Ж., Мамедов А.М., Сулейменова Г.Ж., Досмуратов Ф.С. Ақтөбе облысының табиғи, тарихи-мәдени мұралары: қорғау және тиімді пайдалану. – Астана: Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы, 2016. – 208 б.
5. Қазақстан Республиканың географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. 13 том. Ақтөбе облысы. - Алматы, 2016.
6. Сергеева А.М., Кусаинов Х.Х. Агротуризм мен экотуризмді жергілікті аумақта ұйымдастыру мәселелері (Ақтөбе облысы мысалында). Монография. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019. - 240 б.
7. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников - феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). - Алматы, 2002.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА ТРАНСГРАНИЧНЫХ ТЕРРИТОРИЙ ВКО

Абеуханова Е.Б., Амангелді Ә.А., докторанты, Евразийский национальный университет им.
Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Юзбашиоглу Н., Профессор, Университет Акдениз, Анталья, Турция

Андатпа: Мақалада Шығыс Қазақстан облысының (ШҚО) трансшекаралық аумақтарындағы тұрақты туризм проблемалары талданады, инфрақұрылымды, экологияны, кадрлардың біліктілігін және халықаралық ынтымақтастықты бағалайды. Себептері мен ықтимал шешімдері, соның ішінде инвестиция тарту және маркетинг стратегиялары қарастырылады. Қорытындыларды тиімді туристік саясатты қалыптастыру және аймақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін пайдалануға болады.

Аннотация: Статья анализирует проблемы устойчивого туризма в трансграничных территориях Восточно-Казахстанской области (ВКО), оценивая инфраструктуру, экологию, квалификацию персонала и международное сотрудничество. Рассмотрены причины и возможные решения, включая стратегии привлечения инвестиций и маркетинг. Полученные выводы могут быть использованы для формирования эффективной туристической политики и повышения конкурентоспособности региона.

Abstract: The article analyzes the problems of sustainable tourism in cross-border territories of the East Kazakhstan region (EKR), assessing infrastructure, ecology, personnel qualifications and international cooperation. The reasons and possible solutions are considered, including strategies for attracting investment and marketing. The findings can be used to formulate an effective tourism policy and increase the competitiveness of the region.

Казахстан, в том числе Восточно-Казахстанская область граничит со следующими государствами: Российская Федерация (Алтайский край, Республика Алтай) и Китайской Народной Республикой (Синцзянь-Уйгурский автономный район). Горная система Алтай, простирающаяся на территории Казахстана, Китая, Монголии и России, является основным трансграничным регионом данных государств. Несмотря на близость и сходство национальных традиций, Казахстан и Монголия не имеют прямых границ.

Восточно-Казахстанская область обладает высокими потенциалами в туристической сфере благодаря уникальной природе и разнообразным ландшафтам. Рост туристической отрасли отмечается ежегодно, что подтверждается официальной статистикой. Область занимает пятое место в стране по количеству мест размещения туристов.

Основные туристические направления включают посещение Катон-Карагайского национального парка, Бухтарминского водохранилища и горнолыжных курортов. В парке особенно популярны экскурсии на гору Белуху, Коккольский рудник, санаторий «Рахмановские ключи» и другие достопримечательности.

Для развития туризма активно исследуется возможность строительства новых гостиниц и привлечения иностранных инвесторов. Благоприятные условия для горнолыжного отдыха предоставляются в городах Риддер и на курорте "Алтайские Альпы". Кроме того, область обладает потенциалом для развития автотуризма и лечебного туризма благодаря санаториям и оздоровительным комплексам.

Развитие трансграничного туризма в округе Алтай, Китайская Народная Республика (СУАР), началось в конце 1990-х – начале 2010-х годов в связи с реализацией двух крупных государственных проектов: Природного парка «Канас» (в настоящее время Национального природного заповедника Канас) и геопарка «Коктогай». Основной поток туристов в округе Алтай представлен гражданами центральных и юго-западных провинций Китая. В городе Алтай действуют несколько гостиниц, туристское бюро и музей. Туристы посещают заповедник «Канас» и парк «Коктогай», где имеются современные отели и рестораны.

Природная красота округа Алтай также привлекает любителей автотуров, хотя самостоятельный автотуризм на собственных автомобилях не приветствуется, и запрещены поездки на транспортных средствах без регистрации в Китае. Информация о туристических поездках с лечебно-оздоровительной целью остается ограниченной [1].

Алтайский край также принимает транзитный поток туристов, превышающий два миллиона человек ежегодно, благодаря которому туристическая инфраструктура региона развивается и краю приносит дополнительный доход. Город Барнаул является крупным транспортным центром и удобной отправной точкой для трансграничных путешествий по Алтаю. Доля туризма в валовом продукте региона составляет 4-6%, и правительство России поддерживает крупные проекты в крае, включая развитие курортного комплекса "Белокуриха Горная", особой экономической зоны "Бирюзовая Катунь" и игровой зоны "Сибирская монета".

В Республике Алтай ежегодно посещают около 2,2 миллиона туристов, что делает туризм одной из важнейших отраслей экономики региона наряду с сельским хозяйством. Главный поток туристов приезжает по автотранспорту по Чуйскому тракту из соседних сибирских регионов, и значительная часть из них отдыхает самостоятельно, не используя услуги туристических компаний и гостиниц [2].

Туризм выходного дня имеет большую популярность, благодаря доступности популярных мест для отдыха на реке Нижней Катунь, особенно для жителей Новосибирска, Кемеровской области и Алтайского края. Также значительное количество туристов прибывает по авиарейсам в Горно-Алтайск, где расположен современный аэропорт, обслуживающий пассажиропоток до 300 тысяч человек. Этот аэропорт удобен для туристов, посещающих курорт Белокуриха и другие районы Алтайского края, а также для начала и конца трансграничных маршрутов по Алтаю.

Таблица 1

Площадь территории и численность населения трансграничных регионов (2022)

№	Название административного субъекта	Площадь (км ²)	Численность населения (человек)
1	Восточно-Казахстанская область (Казахстан)	276,9 тыс.	1 396 600
2	Синьцзян-Уйгурский автономный район (Китай) / в т.ч. округ Алтай	1,6 млн. / 117,8 тыс.	24 870 000/ 640 000
3	Алтайский край (Россия)	168 тыс.	2 296 353
4	Республика Алтай (Россия)	92,6 тыс.	220 954

В Восточно-Казахстанской области население составляет 1 396 600 человек, из которых 57,4% живут в городах, а 42,6% - в сельской местности. Средняя плотность населения составляет около 5 человек на 1 км², но без учета населения 10 городов, эта цифра снижается до примерно 2 человек на 1 км².

В округе Алтай СУАР Китая проживает 640 тысяч человек, преимущественно в небольших городах и селах вдоль реки Черный Иртыш и её притоков. Плотность населения здесь также около 5 человек на 1 км².

Округ Алтай СУАР имеет площадь 117,8 тыс. км², а Алтайский край – самую большую численность населения в регионе, составляющую 2 296 353 человека в 2021 году, с плотностью около 14 человек на 1 км². В Республике Алтай проживает 220 954 человека, из которых

примерно треть – в городе Горно-Алтайске. Плотность населения здесь составляет 2,38 человека на 1 км², а без учета городского населения, она снижается до около 1,6 человека на 1 км² [3].

В регионе Алтая доступны различные виды транспорта, включая сухопутные (автомобильные и железнодорожные), воздушные (авиационные) и водные (речные) пути передвижения.

Авиационные линии соединяют центральные города региона, такие как Усть-Каменогорск, Урумчи, Барнаул и Горно-Алтайск, с крупными столицами своих государств, такими как Астана, Пекин и Москва.

Автомобильный транспорт является основным средством передвижения для грузов и пассажиров в регионе, а также между трансграничными регионами Китая и России. Сеть автомобильных дорог хорошо развита и связывает центральные города с населенными пунктами и туристическими центрами. Качество дорог и придорожного сервиса постоянно улучшается, что способствует развитию туризма.

Центральные города региона связаны между собой асфальтированными дорогами, образуя кольцевой маршрут, пересекающий границы четырех государств. На этом маршруте находятся все четыре международных пограничных переезда, обеспечивающих пересечение государственных границ туристами.

Железнодорожные дороги присутствуют в Восточно-Казахстанской области и Алтайском крае. Из Пекина в Урумчи ходят современные высокоскоростные поезда, что облегчает быструю доставку туристов в центральные города СУАР.

Речной пассажирский транспорт на реках Обь и Иртыш развит слабо. Однако, существуют некоторые популярные переправы и катера на водохранилище Бухтарма и в природном парке "Канас".

Также в регионе присутствует трубопроводный транспорт - газопровод, проложенный из Восточно-Казахстанской области в Алтайский край.

Рудный Алтай играет ключевую роль в экономике Восточного Казахстана благодаря наличию полезных ископаемых и гидроэнергетических ресурсов. Регион является важным центром цветной металлургии, производя 76% свинцово-цинковых руд страны. Основные предприятия расположены в Алтае, Риддере и Усть-Каменогорске. Благодаря доступной электроэнергии от гидроэлектростанций и ТЭЦ, цветная металлургия развита на базе машиностроения и химической промышленности.

Восточный Казахстан занимает второе место по производству лесоматериалов и развитию деревообрабатывающей промышленности. Животноводство составляет значительную часть сельского хозяйства, особенно в области овцеводства, скотоводства, коневодства, мараловодства и пчеловодства, благоприятствуемое обширными пастбищами. Горный мед Алтая и мараловодство имеют высокую ценность на мировом рынке.

Уйгурском автономном районе Китая (СУАР) основу экономики составляют обрабатывающий, нефтяной и нефтеперерабатывающий сектора, причем 60% от общего объема. Нефтегазовый район Аксу и Джунгарский район с центром в городе Карамай являются ключевыми в этой отрасли. СУАР славится производством сельхозпродукции, такой как виноград, дыни, груши, хлопок, грецкий орех и овощи, а также производством хлопка, составляющего 85% китайского и 20% мирового сбора.

Экономика Алтайского края представляет собой сложный многоотраслевой комплекс, где промышленность, сельское хозяйство и торговля играют важную роль, составляя около 50% от общего объема валового регионального продукта. Промышленный комплекс характеризуется высокой долей обрабатывающих производств, с основным акцентом на производстве пищевых продуктов, машиностроении, химической и фармацевтической промышленности. Сельское хозяйство, в свою очередь, занимается производством зерновых, крупяных и технических культур, а также животноводством, причем край является крупнейшим производителем экологически чистого продовольствия в России. Расположенный на пересечении трансконтинентальных транзитных маршрутов, край имеет

высокую транспортную доступность и раскрывает широкие возможности для экономических и торговых связей. Туризм также выделен как одна из приоритетных отраслей развития [4].

Уникальный природный потенциал и наличие исторических памятников делают Восточный Казахстан привлекательным для различных видов туризма: экологического, пляжного, спортивного (горнолыжного, лыжного, велотуризма), лечебно-оздоровительного и культурно-познавательного. Развитие туризма в регионе ведется согласно стратегическим планам и Постановлению Правительства о развитии туризма, а также основам новой экономической политики, озвученным Президентом Казахстана [5].

Развитие туризма в Восточно-Казахстанской области сталкивается с несколькими проблемами, затрудняющими полное раскрытие потенциала региона в этой области.

1. Инфраструктурные ограничения: Недостаточное развитие туристической инфраструктуры, такой как отсутствие комфортного размещения, плохое состояние дорог и путей сообщения, отсутствие разнообразных туристических объектов, маршрутов и достопримечательностей, затрудняет привлечение туристов.

2. Отсутствие маркетинга и рекламы: Недостаточная реклама и маркетинг туристических возможностей региона как на внутреннем, так и на международном уровне приводит к низкой узнаваемости Восточного Казахстана как туристического направления.

3. Экологические проблемы: Нарушение экологического баланса из-за неконтролируемого развития туризма может привести к негативным последствиям для природы и окружающей среды, что может негативно сказаться на устойчивости туристического бизнеса в будущем.

4. Отсутствие квалифицированных кадров: Недостаток профессионалов в сфере туризма, отсутствие обученного персонала и гидов, способных обеспечить качественное обслуживание и безопасность туристов, является серьезным ограничением для развития отрасли.

5. Недостаточное финансирование: Ограниченные бюджетные ресурсы, выделяемые на развитие туризма в регионе, могут затруднять создание необходимой инфраструктуры, проведение мероприятий по продвижению и рекламе, а также обучение персонала.

6. Социальные и культурные факторы: Некоторые социальные и культурные особенности местного населения могут создавать барьеры для развития туризма, например, недоверие к новым формам занятости, страх перед потерей традиционного образа жизни или нежелание принимать иностранцев.

Решение этих проблем требует комплексного подхода, включающего в себя улучшение инфраструктуры, проведение маркетинговых кампаний, сохранение экологической устойчивости, обучение кадров и сотрудничество с местным населением для создания благоприятной среды для развития туризма в регионе.

Акватория Каспийского моря представляет собой весьма привлекательное туристическое пространство по нескольким ключевым аспектам. Во-первых, регион благоприятно расположен для привлечения туристических потоков, обладая уникальным географическим положением. Во-вторых, страны, омываемые Каспийским морем, обладают богатым историческим наследием, что приводит к наличию множества уникальных исторических и культурных достопримечательностей, а также развитию народных промыслов. Этот симбиоз культуры и природы привлекает высокий интерес туристов. В-третьих, страны каспийского бассейна активно участвуют в проектах международных организаций, таких как ЮНВТО, ЮНЕСКО и ООН, по возрождению Великого Шелкового пути.

В декабре 2023 года подписан меморандум между АО «НК «КазМунайГаз» и AD Ports Group о взаимопонимании по созданию судоремонтного и судостроительного предприятия в Казахстане, на побережье Каспийского моря [7].

Круизный туризм в Каспийском бассейне представляет собой перспективный сектор, который способен решать ряд важных задач. Во-первых, он обеспечивает рекреационные потребности населения благодаря своей высокой привлекательности для туристов. Во-вторых, он способствует развитию экономики прибрежных районов, создавая новые рабочие места и обеспечивая дополнительные средства для поддержания и сохранения природных и культурных достопримечательностей.

Хотя круизный туризм в регионе только начинает формироваться, для его успешного развития необходимы согласованные действия между прикаспийскими странами. Это требует эффективной межгосударственной и трансграничной координации.

Казахстан, обладая привлекательной акваторией и самой протяженной береговой линией на Каспии, имеет потенциал стать ключевым игроком в круизном туризме. Важно рационально использовать рекреационные ресурсы региона для стимулирования морских круизов и развития туристической индустрии. Постепенное развитие инфраструктуры и активное продвижение региона как туристического направления будут способствовать увеличению интереса казахстанского берега Каспийского моря среди как внутренних, так и иностранных туристов.

Список использованных источников

1. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 262. Об утверждении Концепции развития туристской отрасли Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000262>. (Дата обращения 30.03.2024).
2. Бейсенова А.С. Исторические основы географических исследований Казахстана. – Алматы: Казахстан, 2001. - 280 с.
3. Коновалов В.Н. Путь к шельфу Каспия. – Астрахань: Каспий, 1998. - 118с.
4. Круизный туризм по Каспию будут развивать Казахстан и Россия. URL: https://www.lada.kz/another_news/64958-kruiznyy-turizm-po-kaspiyubudut-razvivat-kazahstan-i-rossiya.html. (Дата обращения 26.03.2024).
5. Свиточ А.А. Большой Каспий: строение и история развития. – М.: Издательство Московского университета, 2014. – 272 с.
6. Скалей Е. Круиз по Каспию: Казахстан и Россия планируют развивать туризм вместе. URL: <https://365info.kz/2019/01/kruiz-po-kaspiyu-kazahstan-i-rossiya-pliniruyutrazvivat-turizm-vmeste>. (Дата обращения 26.03.2024).
7. Круизный лайнер «Пётр Великий» готовят к ходовым испытаниям в водах Волги и Каспийского моря. URL: https://www.lada.kz/aktau_news/society/114109-kruiznyy-layner-petr-velikiy-gotovyat-k-hodovym-ispytaniyam-v-vodah-volgi-i-kaspiyskogo-morya.html. (Дата обращения 27.03.2024).
8. В Казахстане хотят построить судоремонтное и судостроительное предприятие. URL: <https://kapital.kz/economic/121292/v-kazakhstane-khotyat-postroit-sudoremontnoye-i-sudostroitel-noye-predpriyatiye.html>. (Дата обращения 20.03.2024).

9. Лайнер "Петр Великий" подготовили к ходовым испытаниям. URL: <https://rg.ru/2023/08/22/reg-ufo/lajner-petr-velikij-podgotovili-k-hodovym-ispytaniyam.html>. (Дата обращения 27.03.2024).

ДЕТСКО-ЮНОШЕСКИЙ ТУРИЗМ КАК ПРЕДМЕТ КЛАССИФИКАЦИИ: ПРОБЛЕМЫ И ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ

Галиакбаров Е.Э., Докторант 2 курса, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Андатпа. Балалар мен жасөспірімдер туризмі туристік индустрияның дәстүрлі құрамдас бөліктерімен ғана емес, сонымен қатар туристік өнім мен қызметтерді әзірлеу, қалыптастыру, сату, сатып алу және тұтыну кезінде көптеген басқа қатысушыларды тартатын сала болып табылады. Қазіргі өмірдің динамикасы, әртүрлі экономикалық және әлеуметтік процестер балалар мен жасөспірімдер туризмінің әртүрлілігінің кеңеюіне әкеледі.

Аннотация. Детско-юношеский туризм является сферой, которая интегрирует не только с традиционными составляющими туристской индустрии, но и вовлекает многих других участников при разработке, формировании, реализации, приобретения и потребления туристского продукта и услуг. Динамика современной жизни, разнообразные экономические и социальные процессы, приводят к все большему расширению разнообразия детско-юношеского туризма.

Abstract. Youth tourism is an area that integrates not only with the traditional components of the tourism industry, but also involves many other participants in the development, formation, implementation, acquisition and consumption of tourist products and services. The dynamics of modern life, a variety of economic and social processes, lead to an increasing expansion of the diversity of youth tourism.

Основной текст доклада.

Детско-юношеский туризм являясь объектом научных исследований и сферой практической деятельности профессионалов сферы туризма. Однако в виду его сложности, многосторонности и межотраслевого характера проблематика классификации до сих пор остается слабо проработанной и не устоявшейся. Усложняется тем, что зачастую авторы классификаций данный вопрос решают «между делом», занимаясь другим предметом исследования, воспринимая классификацию как элементарное и не несущее в себе серьезные контексты. Тем самым упуская её ключевую систематизирующую суть для теории, методологии и практики.

Анализ работ отечественных и зарубежных ученых показало, что напрямую классификации детско-юношеского туризма внимание практически не уделяется или по умолчанию он классифицируется по типичным для туризма подходам. По нашему мнению, в ряде случаев это корректно, однако если рассматривать сущность явления, его роль в обществе, тонкости организации, то возникает множество нюансов, требующих отдельного внимания. Признаков классификации детско-юношеского туризма может выделено огромное множество, остановимся на основных из них, имеющих важное значение для его теории, методологии и практики (рис. 1).



Рисунок 1. Основные признаки классификации детско-юношеского туризма.

В управлении и регулировании развития детско-юношеского туризма, прежде всего, необходимо четко различать его институциональный фундамент (социальные институты) выступающий субъектом социальных отношений и действий, норм, правил и принципов, культурных образцов, привычек, типов мышления и моделей поведения, определяющих сущность и устойчивость социальных явлений, обуславливающих и регулирующих социальные отношения, деятельность человека в различных областях ее приложения [1]. Данный признак классификации важен в виду его высокой практической значимости, так как обеспечивает системность и комплексность подхода к пониманию, управлению и регулированию сферы детско-юношеского туризма. В виду сложности предмета, имеется множество взглядов на его структуризацию [2; 3; 4; 5; 6; 7; 8; 9]. Детско-юношеский туризм может пониматься с позиций основных социальных институтов, таких как экономики, политики, семьи, культуры и других.

Данный подход к классификации важен ввиду того, что в современном обществе, в том числе, и в государственном управлении и регулировании, детско-юношеский туризм воспринимается как экономическая категория, что негативно сказывается на его состоянии и содержательном наполнении. Упускается, что детско-юношеский туризм представляет собой

действенное, универсальное и комплексное средство, обеспечивающее полноценную жизнедеятельность детей и юношей, осуществляемую за пределами места постоянного проживания. Естественно, в ходе его осуществления, могут одновременно реализовываться цели и задачи всех перечисленных социальных институтов [10; 11]. Однако приоритет в детско-юношеском туризме экономических выгод напрямую нарушает политическую устойчивость государства, воспроизводство населения и его защищенность, разрушает культурное наследие, социальные отношения и развитие общества, лишает новые поколения Республики Казахстан действенного инструмента обучения, воспитания, социализации и оздоровления, полноценной реализации закрепленных в Конституции их прав и свобод на достойную жизнь и развитие, счастливое детство и многое другое. В социальном государстве (как закреплено в Конституции РК) детско-юношеский туризм не может и не должен первоначально ориентироваться на экономические выгоды, он должен быть эффективным, рациональным, прежде всего, по отношению к ребенку, к подростку, к юношеству, при стремлении обеспечения этого в гармонии с интересами общества и государства.

Данный перечень можно продолжать и дальше, оснований (признаков) для классификации детско-юношеского туризма может быть множество, поэтому, в первую очередь, встает вопрос для каких целей оно осуществляется. Например, в случае государственного управления и регулирования, критически важным признаком является его институциональное осмысление, в проработке механизмов социальной поддержки - источники обеспечения приобретения турпродукта, себестоимость и цена продукта, услуг и т.д. В связи с этим, подходя к решению тех или иных теоретических, методологических и практических задач в сфере детско-юношеского туризма, к классификации стоит относиться серьезно, поскольку она обеспечивает систематизацию и корректную работу с предметом деятельности.

Список использованных источников

1. Степин В.С., Гусейнов А.А., Семигин Г.Ю., Огурцов А.П. и др. Новая философская энциклопедия: в 4 тт., Т.2. М.: Мысль, 2010. 634 с.
2. Аберкромби Н., Хилл С., Тернер Б.С. Социологический словарь. Казань: Изд-во Казанского ун-та, 1997. 405 с.
3. Ахинов Г.А., Жильцов Е.Н. Экономика общественного сектора. М.: ИНФРА-М, 2018. 345 с.
4. Елсуков А.Н., Бабосов Е.М., Данилов А.Н. и др. Социология. Минск: ТетраСистемс, 1998. 559 с.
5. Кравченко С.А., Мнацаканян М.О., Покровский Н.Е. Социология: Парадигмы и темы. М.: Анкил, 1997. 404 с.
6. Лейман И.И. Наука как социальный институт. Л.: Наука, 1971. 177 с.
7. Новикова С.С. Социология: история, основы, институционализация в России. М.-Воронеж: Изд-во НПО «МОДЭК», 2000. 464 с.
8. Радугин А.А., Радугин К.А. Социология. М.: Владос, 1995. 189 с.
9. Самыгин С.И., Воденко К.В. Социология: социальные институты, структура и процессы. М.: ИЦ РИОР, НИЦ ИНФРА-М, 2016. 252 с.
10. Sarancha M.A., Batalova L.V., Okonnikova T.I. Tourist route network of the Russian Federation: the research methodology and the current situation // International multidisciplinary scientific conferences on social sciences and arts (SGEM2015). Bulgaria, 2015. Pp. 955-961.
11. Sarancha M.A., Mosalev A.I. Tourist route network in Russia: systematization // Actual problems of economy. 2015. №7 (169). Pp. 444-453.

ТУРИСТІК ӨЛКЕТАНУ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Несіпқұлова Б.Н. – Талғар қаласы Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектептің география пәні мұғалімі. «Алматы облысының балалар-жасөспірімдер спорттық туризм және экскурсиялар орталығы» КМҚК директорының орынбасары.

Алиева Л.Н. – Астана қаласы «Республикалық физика-математикалық мектептің» география пәні мұғалімі. Астана қаласы әкімдігінің «Балалар мен жасөспірімдердің туризм және өлкетану орталығына» қарасты «Туристер-өлкетанушылар» үйірмесінің жетекшісі.

Андатпа. Мақалада туристік өлкетану іс әректінің педагогикалық маңыздылығы айтылады. Сонымен қатар балалар туризміне еңбек сіңірген ұстаздар туралы мәліметтер беріледі.

Аннотация. В статье подчеркивается педагогическая значимость туристского краеведческого дела. Также будут представлены сведения об заслуженных учителях детского туризма.

Туризм – аймақтың табиғаты мен мәдени-тарихы туралы кешенді білім, түсінік береді. Жас буынды, жаңа тұлғаны қалыптастыруға туризм және өлкетану жұмыстарының маңызы зор. Туризм сонымен бірге аймағын білудің, сондай-ақ физикалық және рухани дамудың, еңбек және қолданбалы дағдыларды қалыптастырудың құралы.

Балалар мен жасөспірімдердің туристік-өлкетану жұмысының негізгі мақсаты туған елдің, жердің табиғаты мен тарихы туралы білімдерін терең меңгеруге, елін сүйуге, тілін құрметтеуге тәрбиелейді. Аймақтық зерттеулерде мектеп оқушылары өз туған жерлері туралы білімдерін кеңейту және байыту арқылы олардың туған жерінің тарихына деген сүйіспеншілігін және құрметі артады.

Негізінен туристік, өлкетану үйірмелері мазмұны мен құрылымы жағынан география, тарих, биология пәндерімен байланысты. Әсіресе география пәнінен алған теориялық білімдерін практика жүзінде зерттей жүре (ауа райын бақылау, өзен, көлдерін, топырағын, өсімдік, жануарлар дүниесін) экологиялық тәрбие алып, табиғатқа қамқорлық жасауға, еңбексүйгіштікке дағдыланады. Археология және өнер тарихы, этнография, экономика, және басқа да ғылымдарға да жақын.

Қазақстан жерінде алғашқы туристік ұйымдар ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында ұйымдастырыла бастады. 1929 жылы Г.И. Белоглазов пен Ф.Л. Савин Алматы қаласынан Есік көліне дейінгі тұңғыш туристік жорықты басқарып, 17 мектеп мұғалімдерін қатыстырды. Ал 1950-60 жылдары Алматы жоғары оқу орындарында тау туризмі, альпинизм, спорттық туризм біртіндеп дами бастап, туристік нұсқаушылар тобы қалыптасты.

Республикамыздағы туристік-өлкетану бағытындағы балалар мекемелерінің мемлекеттік желісі ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында құрыла бастады. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1960 жылғы 17 желтоқсандағы № 1060 қаулысына сәйкес Алматы қаласында Республикалық балалар экскурсиялық-туристік станциясы ашылды.

60-шы жылдары республиканың облыс орталықтарында да жас туристердің 13 облыстық станциялары ашылды. Республикалық станция басшылары басында Мәскеуден нұсқаулық-әдістемелік материалдар, әр түрлі кеңестер алып, жоспар жасап, облыс станцияларына таратып, жұмыс жасауды бастап кетті. Еліміздің көптеген мектептерінде туристік үйірмелер ашыла бастады, олардың қатысушылары Кеңес Одағының бүкіл аумағында туристік жорықтарға шыға бастады.

70-жылдардың ортасында Қазақстанда туризмнің материалдық базасын нығайтып, саяхаттық-туристік ұйымдар көбейді. Әсіресе туған өлке, аймақтар бойынша жорықтар мен экспедициялардағы жүздеген туристік топтар өз ауылдарының, аудандары мен қалаларының тарихы, экономикасы мен мәдениеті туралы бай материалдар жинады. Бұл жұмыстардың нәтижесі мектеп өлкетану мұражайларының құрылуына материалдық база болды.

80-жылдардың аяғында туризм құрылымында біршама өзгерістер болып, жаңадан туристік экскурсия қауымдастықтары құрыла бастады. Осы жылдары Қазақстан балалар мен жасөспірімдер туризмінің дамуына С.С.Абдамбаев Т.Қ.Жездібаев, О.Б.Мазбаев, т.б. үлкен үлес қосты.

1992 жылы Ә.С.Бейсенова ҚазҰПУ-де туризм мамандығын ашса, С.Р.Ердәулетов ҚазҰУ-де туризм кафедрасын ашып, туризм мамандығы бойынша жаңа кадрлар дайындап, республикадағы туристік саланы дамыта бастады.

Еліміздегі балалар туризмінің негізін қалаушылар: Абдамбаев Сейітжапар Сейітқасымұлы мен Жездібаев Төкеш Қабалұлы жүздеген-мыңдаған ізбасарларына алғаш рет балалар туризмінің таңғажайып әлемін ашты. 50 жылдан астам өмірлерін Қазақстанда туризм мен альпинизмді дамыту ісіне арнаған, балалар туризмінің негізін қалаған тамаша адамдар туралы көпшілігі біле бермейді.

Абдамбаев Сейітжапар Сейітқасымұлы – 1973-1994 жылдары Республикалық жас туристер станцияның директоры болып 21 жылдан астам уақыт қызмет атқарды. «КСРО және ҚазССР Халық ағарту ісінің үздігі», «ҚР-ның Еңбек сіңірген білім қызметкері», альпинист - спорт шебері, альпинизм нұсқаушысы, туризм әдіскері, туризм және спорттық бағдарлау жарыстары бойынша республикалық дәрежедегі төреші болды. «Күн мен желге қарсы» жолнұсқаушы кітапшасының авторы.

Жездібаев Төкеш Қабалұлы – Республикалық балалар экскурсиялық-туристік станциясы ашылған 1961-ші жылдан бастап, станция жабылған 1997-ші жылға дейін 36 жыл бойы білімі мен күшін сарқып балалар туризмінің «ыстығы мен суығына» төзіп, адал еңбек етті. Төкеш Қабалұлы 70-тен астам әдістемелік ұсынымдар мен құралдарды әзірледі. КСРО және ҚазССР Халық ағарту ісінің үздігі, еңбек ардагері. Ол спорт шеберіне кандидат, тау туризмі бойынша аға нұсқаушы, спорт туризмі бойынша республикалық санаттағы төреші болды. Мәскеу Халықаралық балалар мен жасөспірімдер туризм және өлкетану академиясының академигі атағын алды. Балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетануды дамытуда халықаралық және аймақаралық байланыстарды нығайтудағы сіңірген зор еңбегі үшін «Алтын компас» иегері атанды.

Республикалық жас туристер станциясы тізгінін 1994 жылы Мазбаев Орденбек Білісбекұлы ұстады. Кейіннен станция «Оқушылардың халықаралық туризм орталығы» болып қайта құрылған болатын. «Менің Отаным – Қазақстан» жобасын іске асырып, сондай-ақ туризмнің белсенді түрлерін ұйымдастыру кезінде гидтер мен экскурсоводтар ретінде жастарды кеңінен тартуды қамтамасыз етті. Орденбек Білісбекұлы – географ-ғалым, география ғылымдарының докторы, профессор, саяхатшы. Мәскеу халықаралық балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану академиясының «Алтын компас» иегері, Қазақстан Республикасының құрметті туризм қызметкері. Ол Қазақ Ұлттық Университетінің және Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің туризм кафедрасында студенттеріне халықаралық және ішкі туризм, туризм менеджменті мен маркетингі туралы теориялық білім беріп, туризм техникасынан практикада білімдерін бекітіріп, түрлі категориядағы жорықтарға алып шықты. Қазіргі уақытта Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің туризм кафедрасында туризм мамандарын дайындауда өз тәжірибесімен бөлісіп студенттерге дәріс беруде. Студенттер мен оқушыларға арналған «Туризм және өлкетану негіздері» т.б. оқулықтарының авторы.

Еліміздегі балалар мен жасөспірімдер туризмінің дамуына зор үлес қосқан Шаяхметов Асхат Галиевич сонау 1975 жылдан Целиноград қалалық жас туристер станциясында іс-шара ұйымдастырушысы бөлімнің меңгерушісі болып 1989 жылдарға дейін жұмыс істеді. Кейіннен Алматы облысында Боралдай мектебінде туризм бойынша жаттықтырушы болып жұмысын жалғастырды. 1996-2005 жылдары мектепте басшылық жұмыс атқарса да өзінің сүйікті ісін жалғастырып, балалар туризмімен айналысып жүрді. Астана қалалық жас туристер орталығында 2005-ші жылдан директоры болып қызмет жасаған Шаяхметов Асхат Галиевич өмірінің 41 жылдан астам уақытын балалар туризміне арнаған. Туризмнен ҚР-ның еңбек сіңірген нұсқаушысы, КСРО аға нұсқаушысы, спорт шеберіне кандидат, Халықаралық балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану Академиясының академигі, төрт жыл қатарынан Бүкілодақтық кадрларды даярлау семинарының қатысушысы болды. Ол №19 мектептің туристік өлкетану моделін әзірлеп, іске асырды. Балалар туризміне сіңірген еңбегі үшін «Алтын компас» жоғары наградасымен марапатталған. Ол туристер мен нұсқаушылардың бірнеше буынын дайындады. Алтай, Кавказ, Байкал маңы, Түрікменстан, Қырғызстан, Тянь-Шань және туған өлке жолдары бойынша балалар мен мұғалімдерге арналған туристік жорықтардың ұйымдастырушысы болды.

Асхат Галиевич Астанадан 200 шақырым жерде орналасқан Ерейментау ауданында «Бұйратау» Мемлекеттік Ұлттық саябағында балаларға арналған «Батыр» туристік шатырлы лагерін ұйымдастырған. Жаз айларында үйірмеге қатысатын балалар 10-12 күн бойы лагерьдегі шатырларда (палаткаларда) тұрып, қайың орманының ішінде құстар әнімен оянып, таңертеңгілік жаттығулар жасап, таза ауамен тыныстап, бұлақтың мөлдір суын ішіп, суға

түсіп, күнге күйіп демалатын. Әр баланың өз міндеттері болатын: отын жинау, от жағу, тамақ жасау, ыдыс жуу, су тасу т.б. жұмыстарды өздері жасап үйренуге зор мүмкіндік болды. Арасында әртүрлі маршрутта үш күндік жорыққа шығып 7-8 шақырым жол жүріп, 3-4 күндік тағамдарын, палаткаларын, жатын орындары мен киімдерін, ыдыстарын өздері көтеріп, қиын жолда шыдап шынығып қайтатын. Жол-жөнекей жануарлар мен жәндіктер және өсімдіктер түрлерімен танысатын. Лагерьде әр баланың спорттық, туристік жарыстар мен өнердегі таланты ашылатын, жүлделі орындар алған оқушылар марапатталып, мақтау қағаздарын иеленді. Балалар күнделікті пайдаланатын гаджеттерді қойып, табиғат аясында табиғатпен етене жақын болып, экологиялық тәрбие алып, бір командада болып өмір сүруге дағдыланады. Мұндай демалыс «Батыр» лагерінде болған балалардың өмір бойы естерінде қалады. Міне, балаларға осындай мүмкіндікті сыйлаған Асхат Галиевичтің еңбегі зор болды.

«ҚР туризмін дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісімен, ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған медальмен, «Туризмнің құрметті қызметкері» белгісімен, А. А. Остапец-Свешниковтың «Туризмге адалдығы үшін» медалімен марапатталды.

Алматы облысының балалар туризмінің дамуына еңбегі сіңген Абдулхаиров Абжемиль Закерьянович – қазіргі уақытта педагогика ғылымдарының кандидаты, Қырым инженерлік-педагогикалық университетінің әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, философия докторы, Мәскеу Халықаралық балалар мен жасөспірімдер туризм және өлкетану академиясының академигі. А.А.Остапец-Свешников атындағы балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану академиясының Қырым аймақтық филиалының төрағасы. Абжемиль Закерьянович – Абай атындағы педагогикалық институттың тарих факультетін аяқтаған соң мектепте мұғалім болып жүріп, өзінің ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында шәкірттерін Бүкілресейлік және Халықаралық туристік экспедицияларға қатыстыра бастады. Оның жетекшілігімен балалар Қазақстандық жерлестерінің жауынгерлік жолы туралы және Жетісу өңірінің тарихы мен этнографиясы туралы материалдар жинады. Сондай-ақ оқушыларын республикалық және бүкілодақтық конкурстар мен жарыстарға шығарып, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, жүлделі орындар иеленді. Мектеп алдымен ауданда, содан кейін облыста туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастырудың жетекші орталығына айналды. Оқушылар мен мұғалімдерге КСРО республикаларының батыр-қалаларына, Орта Азия қалаларына, Тянь-Шань, Памир, Алтай, Орал, Кавказ тауларына, Қырым, Қиыр Шығыс, Сібір, Камчатка бойынша экспедициялық сапарлар ұйымдастырып, оқушылардың бос уақыты мен демалысын ұйымдастырып, денсаулығын нығайту ретінде бұқаралық туризмді насихаттап жұмыс жүргізді.

Абжемиль Закерьянович 1989-2001 жылдары Алматы облысының балалар-жасөспірімдер туризм және экскурсиялар орталығының директоры болып қызмет атқарды. Сол жылдары облыста 5 туристік базалар, 10 туристік сауықтыру лагерлері, 1 қалалық жас туристер станциясын ашылды. Балалар-жасөспірімдер туризм және экскурсиялар орталығы балаларға экологиялық білім мен тәрбие беруді жүзеге асыру міндеттерін басшылыққа алатын облыстық, республикалық және бүкілодақтық слеттер, жарыстар мен ғылыми конференциялар өткізілетін орынға айналады.

Қазіргі уақытта «Алматы облысының балалар-жасөспірімдер спорттық туризм және экскурсиялар орталығы» баланың құндылықты бағдарын қалыптастыру, қабілетін, тұлғалық қасиетін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін дамыту, кәсіби бағдар іздеуде көмек беру мақсатын және ғылыми іздену жұмыстарын жандандыру, оқушылармен ғылыми жобалар дайындау, өлкетану жұмысын жандандыру, туған өлкеміздің тарихын, экономикасын, мәдениетін зерттеу, мұражай ұйымдастыру, оқушылардың демалысын ұйымдастыру және денсаулығын нығайту, балаларға экологиялық білім мен тәрбие беруді жүзеге асыру міндеттерін басшылыққа алып жұмыс жүргізуде.

Орталықтың қосымша білім беретін педагогтары шығармашыл оқушыларға көмек пен қолдау көрсетеді, білім беру мен шығармашылық қызметтің түрлі саласындағы дарынды балалардың үлесінің артуына себептеседі. «Гүлдене бер, Қазақстан!» атты республикалық

туристік-өлкетану-экологиялық зерттеу жұмыстарының байқауына жыл сайын қатысатын оқушылар да аз емес.

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік оталығы ұйымдастыратын барлық байқауларға қатысқан оқушыларымыз жүлдесіз қалған емес. Сонымен қатар, үйірмеге қамтылған оқушылар республика, облыс көлемінде өтетін жарыстар мен байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр.

«Менің Отаным – Қазақстан» атты туристік-экспедициялық жасақтардың облыстық слетіне жыл сайын қатысып, жүлделі орындарды иеленуде.

Үйірме жүргізушілер оқушылар, студенттер арасында бұқаралық туризмді насихаттап, жорықтар мен экскурсияларды тұрақты өткізіп тұрады. «Тарихы терең, табиғаты көркем – туған өлкем!» атты туристік-экологиялық танымдық жорық жобасы бойынша аудан мектептерінің жетім, жартылай жетім, әлеуметтік жағдайлары төмен және белсенді, дарынды балалар қамтылып, Жетісу өңіріндегі сакралды орындарға экскурсия ұйымдастырылды.

Орталықтағы үйірмеге қатысатын оқушының барлығы дерлік әр-түрлі экскурсияларға, жорықтарға қамтылды. Маршрут бағыттары – Есік көлі, Түрген шатқалы, «Медвежий» сарқырамасы, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы, облыстық өлкетану-археологиялық музейі, Ақши ауылындағы Дәркембай Шоқпарұлы атындағы қолөнер музейі, Алматы қаласындағы Орталық мұражайы, «Тәуелсіздік монументі», Рахат ауылдық округіндегі Сақ тайпаларына тиесілі Өрікті қалашығы, Алматы қаласындағы 28 панфиловшы-гвардияшылар атындағы парк, Талғар ауданындағы «Ақ бұлақ» кешені, Казачка сарқырамасы, т.б.

Адам мен табиғаттың адамгершілік аспектісін ашуда, ақыл-ой мен сезімді тәрбиелеуде, сананы қалыптастыруда рухани, экологиялық тәрбие жетекші орын алады. Бүгін қоғамымызда туризмнің салауатты өмір салтын қалыптастырудағы маңызы арта түсуде. Туризм тәрбие, білім жүйесімен қатар сауықтыру міндеттерін бірге шешіп, балаларды өз жерін, қоршаған ортасын сүйуге, ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелейді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Шаяхметов А.Г. Вестник академии детско юношеского туризма и краеведения №3. 2015
2. Мазбаев О.Б., Сардаров О.А. Современные тенденции и перспективы развития детско-юношеского туризма в Казахстане // II Международная научно-практическая конференция «Актуальные проблемы развития туризма». - Москва, 2018. - С. 111-120.
3. Константинов Ю.С. Педагогика школьного туризма, учебно-методическое пособие, 2-е изд., дополненное. М.: ФЦДЮТиК, 2006.208с.
4. «Соқпақ – Тропинка» №4 (99) 2022 жыл

ТАБИҒИ ЖӘНЕ РУХАНИ МӘДЕНИЕТТІҢ МҰРАСЫ - «МЕРКЕ КИЕЛІ ОРНЫ» ТУРИСТІК НЫСАНЫ

Жандосова Г.О., экономика магистрі, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы, Қазақстан

Сақтаған А.М., Абай атындағы ҚазҰПУ, «6B05203-География» мамандығы, 2-курс студенті,
Алматы, Қазақстан

Саламатова Н.Г., Абай атындағы ҚазҰПУ, «6B05203-География» мамандығы, 2-курс
студенті, Алматы, Қазақстан

Андатпа. Бұл мақала ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра мәртебесін иеленуге үміткер, туристік нысан - табиғи және рухани мәдениеттің таңғажайып мұрасы «Мерке ғибадатханасы» туралы баяндалады. Бұл туристік нысанның дамуының тарихи аспектілері, оның діни және мәдени дәстүрлер контекстіндегі маңызы мен өзіндік табиғи ерекшеліктері талданады. Мерке ғибадатханасының рухани мұра көзі ретіндегі бірегейлігі мен маңыздылығын және оның мәдени мұраны сақтаудағы ролін ашуға бағытталған.

Аннотация. В этой статье рассказывается о претенденте на статус всемирного наследия ЮНЕСКО, туристическом объекте-«храме Мерке», удивительном наследии природной и духовной культуры. Анализируются исторические аспекты развития данного туристского объекта, его значение в контексте

религиозных и культурных традиций и собственные природные особенности. Направлено на раскрытие уникальности и значимости храма Мерке как источника духовного наследия и его роли в сохранении культурного наследия.

Abstract. This article tells about the applicant for the UNESCO World Heritage status, the tourist site "Merke Temple", an amazing heritage of natural and spiritual culture. The historical aspects of the development of this tourist site, its significance in the context of religious and cultural traditions and its own natural features are analyzed. It is aimed at revealing the uniqueness and significance of the Merke Temple as a source of spiritual heritage and its role in preserving cultural heritage.

Туризм (француз тілінен *tourisme*, *tour-серуендеу*, жол жүру)— өзге мекенге немесе аймаққа рухани күш жинау, қоршаған орта энергиясын иррационалды сезіну, сол мекеннің тарихы мен мәдениетін тану және тұлғалық даму мақсатында жүргізілетін көпфункционалды саяхат түрі. Туризм әлемдік экономиканың дамуының басты көзі болып табылады. Себебі туризм саласы қаншалықты дамыған болса, соншалықты мемлекетке нарықтағы үлес пен кіріс келеді. Ал дамуы үшін қандай шаралар қолданылуы керек? Қазақстандағы туризм тарихының тамыры тереңде және осы елдің бай мәдени және табиғи мұрасымен тығыз байланысты. Қазіргі Қазақстан аумағы көне заманнан бері сауда жолдары мен мәдени алмасулардың тоғысқан жері қызметін атқарған. Қазіргі уақытта Қазақстандағы туризм дамуын жалғастыруда. Жоғарыда айтып кеткендей, Қазақстан Ұлы Жібек жолы керуені өткен бірнеше мәдениеттердің ізі қалған туристік-тарихи мекендерден тұрады. Бұл аймақтар тамыры тереңге жайылған түркі тарихының айнасы. Бұл мекендер толығымен зерттеуді, мемлекеттік-құқықтық реттеуді керек етеді және туризм саласындағы өзекті мәселе болып табылады. Осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаның басты мақсаты экономиканың бір тармағы-туризм саласын дамытып әлемдік нарыққа шығару. Тарихи аймақтардың қорғалуын қадағалап, жүзеге асыратын - ЮНЕСКО әлемдік мұрасы. ЮНЕСКО әлемдік мұра бүкіл адамзат үшін маңызды деп таныған және оларды сақтауды қолдайтын орындардың тізімі. Бұл орындардың тарихы, мәдениеті, табиғаты немесе солардың жиынтығы бойынша көрнекті әмбебап құндылығы бар. ЮНЕСКО әлемдік мұра тізімінде Қазақстанның 6 нысаны енгізілген және үміткерлер қатарында 13 нысан бар. Үміткерлер қатарына әлі де толық зерттелмеген және қорғалмаған мекендерді жатқызады. Әлемдік мұра тізіміне үміткер нысандардың бірі— Мерке түркі ордасы.

Мерке түрік ордасы - Қазақстанның оңтүстігіндегі Жамбыл облысы, Шу өзенінің аңғарында Мерке елді мекенінен 37 км қашықтықта орналасқан VII-VIII ғасырларда Батыс Түрік қағанатының орталықтары болған, түркі дәуірінен бізге жеткен, бай мәдени-тарихи мұра. 170-тен астам ескерткіштер 250 км² аймағында Қырғыз Алатауының таулы жерінде 3000 м биіктікте орналасқан. Мерке түрік ордасы Қазақстан территориясында орналасқан әйгілі ескерткіштер ретінде «ЮНЕСКО Әлемдік мұра нысандар» тізіміне 1998 жылы ұсынылған. Меркі атауына, оның шығу тәркісіне, этимологиясына қатысты әртүрлі жорамал, пікір айтылып келеді. Ғалым Т.Кожакеев пен Е.Сауранбаев «Мерейлі Мерке» кітабында ол жөнінде «бұл жерді үйсін бабамыздың ұрпақтары билегені, үйсін бабамыздың 35-ші ұрпағы Мерке батыр - жерін, елін қорғап, халқын ұлан-асыр байлыққа бөлеп, бақытты өмір сүргізген. Меркі жерінің табиғатын өте ұқыпты пайдалана білген». Енді бір дерек көздерінде: «Меркінің атауы парсы тілінде “орталық” деген сөзді білдіретін «Мирки» сөзінен шыққан. Меркі атауы сонау ерте заманнан бері атын өзгертпей келеді [1,4]. Мұраның аз зерттелуі оның ЮНЕСКО әлемдік мұралар тізімі қатарына кіруіне үлкен барьер болып тұр. Өйткені әлемдік мұраның өлшемшарттары мүлдем зерттелмеген және белгіленбеген. Осы мәселе бойынша мұраға зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында өлшемшарттары белгілі болды. Мерке мұрасы 5 аралас өлшемшарт бойынша өлшенеді. Өлшемшарттар Мерке мекенінің ЮНЕСКО әлемдік мұралар тізіміне кіруіне себеп болатын бірден-бір дәлел (кесте 1).

Кесте 1.

ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізу өлшемшарттарының «Мерке мұрасына» лайықты 5 аралас өлшемшарттары

Өлшемшарттар Анықтамасы

- I Нысан адамзаттық данышпанның біртума шығармашылығы болып табылады.
- III Нысан әлі өмір сүретін немесе жойылып кеткен мәдени дәстүр немесе өркениет үшін ерекше маңызға ие.
- V Нысан адамзаттың дәстүрлі құрылысының, жерді немесе теңізді дәстүрлі пайдалану үрдісінің айрықша керемет үлгісі, оның үстіне мәдениеттік үлгі немесе адамзаттың қоршаған ортамен қатынасының үлгісі болып табылады.
- VI Нысан тікелей немесе жанама түрде оқиғамен немесе бар дәстүрлермен, идеялармен, сенімдермен, көркем немесе әдеби шығармалар байланысты, әрі айрықша әлемдік маңызға ие. (ЮНЕСКО комитеті ойынша бұл шарттың тағы бір немесе бірнеше шарттармен бірге орындалғаны жөн).
- X Нысан биологиялық әр-алуандылық, соның ішінде ғылым мен табиғатты қорғау жағынан алғанда әлемдік маңызы зор, жоғалып бара жатқан түрлердің ең маңызды немесе ең негізгі табиғи өмір сүру ортасын қамтиды.



Сурет 1.а. Меркедегі балбалдар

I өлшемшарт бойынша Балбал — ежелгі түрік дәуірінде жиі кездесетін тастан қашап жасалған адам бейнесіндегі ескерткіш өлшенеді (сурет 1.а). Археологтар Мерке киелі орнын біздің заманымыздың 6 ғасырына жатқызады. Ол кезде бұл жерде біріккен Түрік қағанатының орталығы болған. Ол заманда пұттарға құрбандық шалынды – оған дәлел қазба жұмыстары кезінде балбалдардың жанынан қалдықтары бар күл табылды.

Петроглифтер – темір дәуірінен бізге жеткен мұра. Алатаудың баурайынан бастау алған бұл жәдігерлер жазықта шашырап жатыр. Олардың сансыз саны бар. Олар көптеген құпияларды қамтитын



Сурет 1.б. Мерке петроглифтері

жазбалармен жабылған, деп санайды ғалымдар (сурет 1.б) [3].

Келесі III өлшемшарт бойынша Жетісу түріктері сол жерді тайпалық ұжымның түрлі әлеуметтік маңызы бар оқиғаларына байланысты құлшылық пен ғұрып, салтанатты іс-әрекеттер мен әдет-ғұрыптардың орнына айналдырылғаны кіреді. Византия шежіресінде: «Истеми қаған әдетте ежелгі Тараз қаласында шетелдік елшілермен кездескен. Алайда, кейін қаған қонақтарды тауға апарып, шатырларда қабылдаулар өткізіп, байлығын арбаларда көрсетеді». Яғни, Меркен таулары ерте заманда жаздың қытымыр ыстығынан салқын тауларға қашып, бір мезгілде шипалы бұлақтарда емделген хандардың саяжайы болған. [4].

V өлшемшарт Жамбыл облысындағы ең қызықты туристік бағыттардың бірі Мерке тауында орналасқан Будда ғибадатханасы мен Будда мүсінінің басы болуы мүмкін (сурет 3), деп есептейді жамбылдық тарихшылар мен туристік фирмалардың өкілдері. “Мәдени мұра” тізіміне ұсынылған келесі бір тамаша ескерткіш – Мерке ғибадатханасының солтүстік жағындағы Жайсан ғибадатханасы. Бұл ортағасырлық түріктерден қалған мәдени – ғұрыптық кешен. ибадатханадағы ескерткіштерді зерттеу және сақтау жұмыстары 2001 жылдан бастап қолға алынды.



Сурет 3. Мерке

VI өлшемшарт Меркі VII-XII ғасырларда Орта Азия, Персия, Еділ Бұлғарлары, орыс және басқа елдерді байланыстыратын Ұлы Жібек

жолы үстіндегі ірі сауда орталығы болған. Меркі - тарихы терең, табиғаты таңғажайып өлке. Меркіден 15-20 шақырым жерде Аспарадай да берік әскери қамал тұрғызылған. Меркі Ұлы Жібек жолының негізгі қақпаларының біріне айналуының басты себептерінің бірі осы болса керек [5].

X Өлшемшарт Жамбыл облысы жабайы қызғалдақтардың отаны болып саналады. Мысалы, Жамбыл облысы Жуалы ауданы Берікқара шатқалында қызғалдақтың бес түрі өседі, олардың бірнешеуі Қызыл кітапқа енгізілген [6]. Олардың арасында Грейг пен Кауфман қызғалдақтары бар, олар қызғалдақтың көптеген сорттарын, соның ішінде Грейг қызғалдағына кара қызыл реңктердің алуан түрін және Кауфман қызғалдағына ақ, сары және қызғылт сары түстердің әртүрлі реңктерін өсіруге айтарлықтай үлес қосты. Одан бөлек Мерке аумағында Регель, Колпаковский, Островский, Альберт қызғалдақтарының да түрлері кездеседі (сурет 4). Бұл Мерке жерінің табиғатқа бай екенін де көрсетеді. Сондықтан Мерке жері Әлемдік мұралар қатарына тарихи жағымен қатар табиғи жағынан да енуі керек. Археолог, тарих ғылымдарының докторы Досымбаева А.М. ғылыми мақаласында “Мерке биік таулы ғибадатханасында 76 тас мүсін, құрбандық үстелдерінің сериясы, руна жазуының төрт ескерткіші, ондаған рулық таңба, жартастағы суреттердің бірнеше шоғыры ашылды, құжатталды, зерттелді және сақталды. Түркілердің дүниетанымының негізін құрайтын туған жердің қасиеттілігі идеясын түсіну Жер-Су және Тәңір құдайлары қатысқан Отанға ант берудің ерекше рәсімін қалыптастыруға ықпал етті.” дейді. Бұл Мерке жерінің түркілер үшін қасиетті жер болғанының дәлелі [7].



Сурет 4. Қызғалдақтар отаны – Мерке

Бүгінгі күні Мерке жерін сақтау мен қорғау шаралары іске асып жатыр. 1983 жылы “Мерке” музейі қоғамдық бастау алып, 1984 жылы мемлекеттік музей дәрежесіне ие болды. Содан бері музей өз жұмысын жасап келеді. Музей экспонаттар мен тарихи деректер Мерке жерінің қасиетін паш етеді, тарихын сақтайды. “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы аясында бұл қалашықта қазба жұмыстары жүргізіліп, осы жерден табылған заттар мұражай экспонаттарына айналды. Түркі дәуірінен бері бұл жер “киелі” саналады. Бұл жерде адамдар ауруынан айығып, “Түркі мәдениеті мен мұралары” фонды және “Сакральды Қазақстан” бағдарламасы аясында Мерке жерін сақтау және қорғау шаралары өткізіліп жатыр. Бірақ та бұл шаралар ЮНЕСКО көлемінде қорғалса, Мерке жері өз құндылықтарын жоғалтпайды.

Қазіргі таңда Түркі елдері одақтасып, достық қарым-қатынасын нығайту үшін түрлі шаралар мен қадамдар жасап жатыр. Бұл бір түркі әлемінің тамырынан таралған елдер екенімізді айқындайды. Сол арқылы біз тарихымызды сақтап және оны қорғаймыз. Сондықтан түркі әлемімен байланысты әрбір мәдениет пен оқиға, құнды жәдігерлер мен тарихи орындар сақталуы тиіс [8]. Меркенің туристік бағыт ретіндегі әлеуетін талдау туризмді дамыту мүмкіндіктерін анықтауға, сондай-ақ оның аймақтың экономикалық дамуына оң әсерін барынша арттыру стратегияларын анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, «Мерке» жобасында біз осы тарихи орын мұрасының бірегей аспектілерін егжей-тегжейлі зерттедік. Бұл аймақтың мәдени әртүрлілікті сақтауда, қазіргі және болашақ ұрпаққа құндылық беруде шешуші рөл атқаратыны атап өтілді. Талдау мен зерттеулерге сүйене отырып, өткенмен байланысты сақтап, мәдени тәжірибемізді байыту үшін Меркі мұрасын сақтау және құрметтеу маңызды деген қорытындыға келдік. “Мерке” жерін ЮНЕСКО-ның әлемдік мұрасының тізіміне енгізу үлкен жұмыс және үлкен мәртебе. Ешкімге ұқсамайтын тарихымыздың тағлымы, табиғатымыздың тамыры болған бұл киелі орын міндетті түрде Әлемдік мұра тізіміне енуі керек. Бұл сонау ғасырлардан бері келе жатқан тарихымыздың сақталуына, ұрпақтан ұрпаққа жалғасуына көмегі тиеді. Болашақ бұл мұраны ұмытпай, ұлықтауы керек деп ойлаймыз. Тарихымыз бен табиғатымыз араласқан Мерке жері

қазақтың нағыз байлығы, баға жетпес құнды мұрасы. Қазақ "Меркі - жердің көркі" деп бекер айтпаса керек!

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Досымбаева А.М. Археологическое изучение памятников тюркского святилища Мерке и вопросы сохранения историко-культурного наследия. Научно-практический семинар // Отан Тарихы. Алматы, 1999, № 3. С. 140.
2. Досымбаева А.М. Меркенский кочевой феномен. Газ. "Казахстанская правда", 2000, 4 марта.
3. Байбосынов К. Каменные изваяния Жамбылской области. Алматы, Онер, 1996.
4. Байпаков К. М. Семиречье. Среднее течение Сырдарьи // Средняя Азия и Дальний Восток в эпоху средневековья. М.: Наука, 1999. С. 352-356.
5. Досымбаева А.М. Мерке - сакральная земля тюрков Жетысу. Изд. «Сеним» Тараз, 2002.
6. Журтбай Т. Тюркские святилища Мерке и Жайсан. Газ. "Казахстанская правда", 2004, 10 марта.
7. Красная книга Республики Казахстан / ред. Мелдебеков А.М. - 4-е. - Алматы, 2010. -Т. 2, ч. 1 :Растения.
8. Досымбаева А.: Сакральные памятники тюрков (Почему балбалы держат в руках чашу) . Газ. "Казахстанская правда". 2011, № 330-331.
9. Жамбабаев Б. Меркі – тарих төрінде. – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2013. – 352 б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

Сиеубаева М.С., магистр, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана, Қазақстан

Андатпа: Мақалада Қазақстандағы туризм саласының даму тарихы және аталған саланың елдегі даму перспективалары көрсетілген. ҚР туристік ағымының динамикасы мен саланың дамуына талдау жасалған. Сонымен қатар, туризм саласының дамуындағы негізгі мәселелер жазылған.

Аннотация: В статье предоставлена история развития туризма в Казахстане и перспективы развития данной отрасли в стране. Проводится анализ деятельности отрасли, динамика объемов туристического потока в РК. Подробно рассматриваются основные проблемы отрасли.

Abstract: The article provides the history of the development of tourism in Kazakhstan and the prospects for the development of this industry in the country. An analysis of the industry's activities and the dynamics of the volume of tourist flows in the Republic of Kazakhstan is carried out. The main problems of the industry are discussed in detail.

Қоғам өмірі мен іс-әрекетінің барлық әлеуметтік-экономикалық құбылыстары сияқты, туризм де, оның қазіргі күйі мен болашағына талдау жасағанда, тарихи әдістемелікті қажет ететіндігі сөзсіз. Туризмнің көптеген ғасырларды қамтитын тарихы бар, ал қазіргі заманауи жүйеретінде ол ХІХ ғасырда қалыптасып, бүкіл ХХ ғасыр бойы өркендеп, жетілдіріліп келе жатыр. Бұл үдеріс қазір де, ХХІ ғасыр аясында жалғасуда.

Қазақстандағы туризмінің даму алғышарттары ХІХ ғасырда пайда болды деп айтуға болады. Оған еліміздің географиясын зерттеген көптеген ғалымдар: П.П.Семенов-Тянь-Шанский, Н.М.Пржевальский, И.В.Мушкетов және т.б. өз үлесін қосқан. Алғашқы ғылыми зерттеушілердің қатарынан ұлы қазақ саяхатшысы әрі ғалымы Шоқан Уәлихановты атау қажет.

1955 жылы Алматыда «Интурист» Бүкілодақтық акционерлік қоғамының Қазақ бөлімшесі ашылған. 1956 жылдың 12 мамыр күні Алматыға турист ретінде 25 шетелдіктер келді, келесі жылы олардың саны 157 жетті, ал 1971 жылы Қазақстан 8 мың шетел туристерін қабылдады. 1995 жылы шетелдіктуристердің саны 28 мыңға жетсе, 2001 жылы – 2507 адам ғана елімізге келген. 1991 жылы аталған қоғам «Интурист Казахстана» ұлттық компаниясы болып өзгертілді.

Алматы қалалық туристер клубының мәліметі бойынша, 1979 жылы қалада 100 жуық туристік секция, 7 туристер клубы істеген. Туризммен 213мың адам айналысқан (Алматы халқының саны ол кезде 900 мың болған). Алматының 2100 тұрғыны «КСРО турисі» белгісінің нормаларын орындады, туризм бойынша 134 дәрежелі спортшы, үш спорт шебері, 100 астам төреші даярланған. 1978 жылдың өзінде өзіндік жорықтар мен саяхаттарға 500 топ (7 мың

адамнан кем емес) қатысқан. Қалалық клуб үлкен жұмыс атқарған. Жүйелі түрде тау-туристік техникасы бойынша жарыстар, жыл сайын туристердің қалалық слеттері, турис кештері және Горький атындағы Орталық паркте «Туристер күні» мерекелері өткізілген [1].

Бүгінгі таңда, Қазақстанда туризмді дамыту үшін барлық қажетті мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар бар. Елде ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра нысандары тізіміне енгізілген үш мәдени мұра және екі табиғи нысан бар. Дегенмен, туризмнің табысты дамуы тек тартымды табиғи және тарихи орындарға ғана емес, сонымен қатар дамыған инфрақұрылымның болуына, қызмет көрсетудің жоғары деңгейіне, көліктің қолжетімділігіне және қауіпсіздікке байланысты.

Отандық және шетелдік туристер үшін маңызды аймақтар ұлттық парктар мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар болып табылады. Алматы мен Астана қалалары, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы қазақстандықтар арасында ерекше танымал. Алматы кластері шетелдік туристер үшін ең тартымды бағыт болып табылады.

Статистикалық мәліметтерге қарайтын болсақ, Қазақстан Республикасында соңғы жылдары ішкі және кіру туризм түрлеріне байланысты қызмет көрсетілген келушілер саны негізінен санаториялық курорттық ұйымдар және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда көрсетілген [2].

2022 жылғы Қазақстан Республикасындағы туризм түрлері бойынша қызмет көрсетілген келушілер саны мың адам

	Шығу	Кіру	Ішкі	
Барлығы	7 670,0 ¹⁾	4 728,8 ¹⁾	8 607,6*	
Орналастыру орындарымен ²⁾	-	927,8	6 407,3	
Санаториялық-курорттық ұйымдармен ³⁾	-	0,9	378,7	
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтармен ⁴⁾	-	263,8	1 821,6	

Соңғы жылдың деректеріне қарайтын болсақ, 2023 жылы Қазақстандағы орналастыру орындары 4009 бірлік, орналасу орындарында қызмет көрсетілген келушілер саны 6245,7 мың адамды құраса, орналастыру орындарының бір уақыттағы толтырымдылығы 208,4 мың төсек орынды құрап отыр [2]. Бұл көрсеткіштер пандемия уақытындағы көрсеткіштерден жоғары екендігін айтқан жөн.

Бүгінгі таңдағы туризм саласындағы жаңа тенденциялар төмендегі көрсеткіштерге негізделеді:

- туристік қызметтерді көрсету мен қонақ үй бизнесін жүргізу саласында цифрландыру мен автоматтандыруды кеңейту;
- туризм саласындағы бизнесті жүргізу үшін экологиялық талаптарды қатаң сақтау;
- тұтынушылық қалаулардың өзгеруі және елдегі этно, агро, экотуризмнің танымалдылығының артуы [3].

Еліміздегі туризм саласының дамуына осы айтылған жағдайларды ескере отырып, үлес қоса алатынымыз сөзсіз, сонымен қатар, қызмет көрсету саласының сапасын жақсарту мен шетелдік тәжірибелерді пайдалануда өз кезегінде ҚР туризм саласын өркендетуге үлес қоспақ.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1.С.Р. Ердәулетов, А.Р. Жұмаділов. Туризм тарихы. Алматы 2010.

<https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/>

АБАЙ ОБЛЫСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУ МҮМКІНДІГІ

Иманқұлова Нұрай Төлеубекқызы «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»
КеАҚ, География-Тарих мамандығы 2 курс студенті
Балтабаева Айзада Дәлелқызы «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
оқытушысы, Жаратылыстану ғылыми пәндер кафедрасы

Аңдатпа. Мақала Абай облысы өңірлеріндегі экологиялық туризмнің ерекшеліктеріне тоқталып, оның негізгі даму тенденциялары қарастырылған. Экологиялық туризмнің осы аймақта дамуының алғышарттары тұжырымдалып, туристік рекреациялық экологиялық әлеуетінің ағымдағы жағдайы талданады. Абай облысында экологиялық және табиғи туризмді дамытудың ел экономикасына тигізетін ықпалы көрсетілген. "Экологиялық туризм" терминіне анықтама беріліп, оның отандық туризм индустриясындағы рөлі айқындалған.

Аннотация. Статья посвящена особенностям экологического туризма в регионах Абайской области, рассмотрены основные тенденции его развития. Сформулированы предпосылки развития экологического туризма в данном регионе, проанализировано текущее состояние туристско-рекреационного экологического потенциала. Показано влияние развития экологического и природного туризма в Абайской области на экономику страны. Дается определение термина "Экологический туризм", определена его роль в отечественной индустрии туризма.

Annotation. The article is devoted to the peculiarities of ecological tourism in the regions of the Abai region, the main trends of its development are considered. The prerequisites for the development of ecological tourism in this region are formulated, the current state of tourist and recreational ecological potential is analyzed. The influence of the development of ecological and natural tourism in the Abai region on the country's economy is shown. The definition of the term "Ecological tourism" is given, its role in the domestic tourism industry is determined.

Жаһандану дәуірінде, Қазақстан әлемдік экономикалық кеңістікке белсенді түрде еніп жатқан кезде, туризмді перспективалы кластерлердің бірі ретінде дамыту ерекше маңызға ие болады. Қазақстанда туризмді дамытудың перспективалы бағыттарының бірі экотуризм болып табылады және экологиялық және табиғи туризмді дамыту маңызды міндеттердің бірі. Ұлттық саябақтармен және мемлекеттік органдармен бірге еліміздің биоәртүрлілігін қорғау. Қазіргі уақытта Қазақстанда экологиялық туризм саласын жетілдіру, ұлттық парктердегі инфрақұрылымды жетілдіру, табиғи туризм арқылы өңірлердің экономикалық әлеуетін арттыру және табиғи әртүрлілікті барынша сақтау мүмкіндіктері ұсынылған.

Экологиялық туризм- бұл жақсы сақталған табиғи аумақтары бар жерлерге саяхат және экожүйелердің тұтастығын бұзбай олардың ерекшеліктерімен танысу. Экотуризм туралы ең көп таралған түсінік-таза табиғи аумақтарға бару. Бұл ұғымды 1980 жылдары мексикалық эколог Эктор Себаллос-Ласкурайн енгізді. Содан бері ол кеңейіп, қазір туристер қоршаған ортаның сақталуына және экожүйелердің тұтастығына жауапкершілікпен қарау принципін басшылыққа алатын саяхатты білдіреді.

Экологиялық туризм- әлемдік туризмнің 25% - ін құрайтын туристік индустрияның ең қарқынды дамып келе жатқан секторы. Дүниежүзілік туристік ұйымның мәліметінше, экотуристер саны жыл сайын 20% - ға артып келеді [1].

Таза және таза табиғи нысандардың көптігімен Қазақстан экотуризмді дамыту үшін зор әлеуетке ие. Керемет табиғи ландшафттар, этномәдени туризммен үйлескен бірегей экологиялық оқиқалар тіпті ең талғампаз туристті де бей-жай қалдырмайды.

Туризмнің дамуы біздің еліміздің аймақтары үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Экотуризмнің ең басты қағидасы қоршаған ортаны аялау, табиғатты сыйлау. Туризм, оның ішінде экотуризм - бұлар, табысы бірқатар факторлардың жиынтығына тәуелді болып табылатын қызмет салалары. Қазіргі таңда экологиялық туризм басқа туризм салаларына қарағанда басымырақ. Экологиялық туризмнің негізгі мақсаты қоршаған ортаның және мәдени, табиғи ресурстардың сақталуын қамтамасыз ету.

Экотуризмнің бірнеше түрі бар, оларға мыналар жатады:

1. *Табиғи туризм* - табиғатты игеруге бағытталған (таулар, ормандар, үңгірлер);

2. *Биотуризм* - экологиялық туризмнің осы түрінің объектісі табиғат;

3. *Экотуризм* - мәдениет қоршаған ортамен толығымен байланысты Нысандар, мәдени орындар, табиғи, антропогендік ландшафттар [2].

Абай облысы — 2022 жылы құрылған Қазақстанның шығысындағы облыс болып саналады. Шығыс Қазақстан облысынан бөлініп шығып, аумағының шағындануына қарамастан Абай облысында туризмді дамытудың өзіндік әлеуеті бар.

Абай облысында экологиялық туризмді дамыту өңірдің барлық табиғат-шаруашылық кешенін табысты дамытуға, сондай – ақ өңірдің басты әлеуметтік-экономикалық мақсатына-халықты салауатты өмір салты мен қоғамның орнықты дамуының айқындаушы факторы ретінде қоршаған ортаның қолайлы жағдайларымен қамтамасыз етуге ықпал ететін болады. Экологиялық туризм табиғи ортаны табиғи жағдайда ұстау мақсаттарын көздейді және сонымен бірге жергілікті тұрғындардың мүдделерін қанағаттандыра отырып, белгілі бір пайда әкеледі [3].

Облыстағы экологиялық туризмнің негізгі даму орталықтары:

- Қоңыр әулие үңгірі (2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның киелі орындар картасына» енгізіліп, мемлекет қамқорлығына алынған);

- Алакөл -Қазақстандағы Абай облысы және Жетісу облысының аумағында орналасқан тұйық көл;

- Семей орманы – мемлекеттік табиғи орман резерваты;

- Шошқалы көлі-Абай облысындағы қарағайлы орманмен қоршалған тұзды көл Бесқарағай ауданының інжу-маржаны болып саналады;

2023 жылғы көрсеткіш бойынша, орналастыру нысандарында 163450 келушілерге қызмет көрсетілді, көрсетілген қызметтер көлемі 3367502,4 мың теңгені құрады. Орналастыру нысандарының болжамды негізгі көрсеткіштері 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Павлодар облысы орналастыру нысандарының негізгі көрсеткіштері

Аудан	Бір жолғы төсек-орын сыйымдылығы	Толтырылуы %		Тапсырылған нөмірлер саны	Ұсынылған тәуліктік-төсек	Тәуліктік-төсек орташа құны, теңге
		Төсек-орны	Нөмірлер			
Павлодар обл.	8374	26,5 %	30,3 %	193092	348735	7101
Павлодар	-	30,2 %	33,4 %	-	167537	8511
Ақсу	-	6,6 %	10,7 %	4142	-	6794
Екібастұз	198	27,6 %	31,5 %	19947	19874	7.371
Ақтоғай	28	-	-	-	345	1750
Баянауыл	4643	23,4 %	19,6 %	-	-	5826
Железинка	-	15,3 %	42,1 %	-	833	1850
Ертіс	70	5,2 %	6,9 %	857	-	3000
Тереңкөл	112	7,6 %	16,3 %	-	1823	4520
Аққулы	-	-	-	1548	3763	1436
Май	-	10,0 %	100,0 %	452	452	-
Павлодар	-	-	-	-	-	2500
Шарбақты	721	8,7 %	16,6 %	918	5505	4177

Ескертпе - Статистика туризма. О деятельности мест размещения в Павлодарской области. Январь – декабрь. 2023, негізінде құрастырылған [2].

Сондай-ақ, маусымдық өсу нүктелерін атап өткен жөн. Мысалы, Баянауылда, атап айтқанда Жасыбай көлінде орналастыру нысандарының 99 %-ы тек жазғы маусымда ғана жұмыс істейді.

2-кестеде сапар мақсаттары бойынша Павлодар облысының орналастыру нысандарына келушілерге қызмет көрсету туралы деректер берілген.

2-кесте – Орналастыру нысандарына келушілерге сапар мақсаттары бойынша қызмет көрсету.

Аудан	Резиденттер		Резидент еместер		Барлығы
	Жеке	Іскерлік	Жеке	Іскерлік	
Павлодар обл.	86269	64969	3170	9042	163450
Павлодар	28033	49575	1916	8046	87570
Ақсу	1159	-	40	-	3140
Екібастұз	-	-	-	-	13006
Ақтоғай	-	-	-	-	-
Баянауыл	-	-	-	-	-
Железинка	-	170	366	-	1085
Ертіс	223	1086	-	-	1309
Тереңкөл	-	450	2	2	454
Аққулы	-	-	-	-	2569
Май	-	-	-	-	-
Павлодар	4169	-	-	-	4169
Шарбақты	1601	-	-	-	1601
Ескертпе - [2] ақпарат көзі негізінде құрастырылған.					

Бұдан әрі 3-кестеде экономикалық қызмет түрлері бойынша Павлодар облысының орналастыру нысандарының көрсеткіштерін қарастыратын болсақ.

3-кесте – Экономикалық қызмет түрлері бойынша орналастыру нысандарының көрсеткіштері.

	Орналастыру орындарының саны, бірлік	Келушілерге қызмет көрсетілді, адам	Нөмір саны, бірлік	Бір жолғы сыйымдылық, төсек - орын	Тапсырылған нөмірлер, бірлік,	Тәуліктік-төсек саны	Тәуліктік-төсек көрсетілген қызметтер көлемі, мың теңге
Барлығы	112	163450	3058	8374	193092	348735	3367502,4
Мейрамханасы бар қонақ үйлердің қызмет көрсетуі	-	-	800	1440	-	138378	-
Мейрамханасыз қонақ үйлердің қызмет көрсетуі	35	32617	461	812	33555	57761	314734,0
Ресми іс-шаралар үшін мейрамханалары бар қонақ	-	-	-	-	-	-	-

үй қызметтерін ұсыну							
Демалыс және қысқа мерзімді тұрудың өзге де кезеңдеріне тұрғын үй ұсыну	-	-	1774	6075	-	-	-
Кемпингте, рекреациялық автопаркте және трейлер паркінде тұруға арналған қызметтер	-	-	-	-	-	-	-
Ескертпе - [2] ақпарат көзі негізінде құрастырылған.							

Экономикалық қызмет түрлері бойынша орналастыру орындарының қызметіне талдау жасайтын болсақ. Қонақ үйлер негізінен мейрамхана қызметі ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған деп екі типке бөлінетіні белгілі. Мейрамхана қызметі бар қонақ үйлердегі нөмір саны 800, бір жолғы сыйымдылық 1440 төсек – орын болған. Мейрамханасыз қонақ үйлердің саны талдау жасалып отырған өңірде 35; оларда 32617 адамға қызмет көрсетілген.

4-кестеде қонақ үйлердің санаттары бойынша Павлодар облысының қонақ үй шаруашылығының материалдық-техникалық базасының көрсеткіштері келтірілген.

4-кесте – Қонақ үйлер санаты бойынша қонақ үй шаруашылығының материалдық-техникалық базасы

	3*	2*	1*	Санаты жоқ қонақ үйлер	Өзге де орналастыру объектілері	Барлығы
Орналастыру орындарының саны, бірлік	6	-	-	52	51	112
Нөмірлер саны, бірлік	90	-	-	-	1800	3058
Апартаменттер	-	1	-	4	-	5
"Люкс" классы	-	-	-	98	239	378
Стандарт	70	68	-	772	-	1907
Без қолайлы жағдай	-	-	-	49	-	-
Бір жолғы сыйымдылық	149	-	-	1668	6.131	8374
Төсек-орындардың толымдылығы %	13,5	20,8	28,7	27,7	19,4	26,5
Нөмірлердің толтырылуы %	19,0	20,6	26,6	33,2	25,9	30,3
Тапсырылған нөмірлер саны, бірлік	-	6102	-	100764	-	193092

Төсек-тәуліктің орташа құны, теңге	9654	11000	10000	7229	4.627	7101
Ескертпе - [2] ақпарат көзі негізінде құрастырылған.						

Павлодар облысында орналасқан қонақ үй кәсіпорындары 2023 жылы – 3.367.502 теңгенің қызметін көрсетсе, карантиндік шектеулерге байланысты 2020 жылы – 637.750 теңгенің қызметін көрсеткен [4,5]. Кәсіпорындардың материалдық-техникалық қуаттылығы толығымен қолданыста болмады. Бұл ресми жұмыс істейтін субъектілердің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесі, бірақ облыста туристерге «бюджеттік» қызмет көрсететін қонақ үйлер желісі бар екенін айта кету керек. Баянауылда орналасқан «Елқоныс» отбасылық демалыс клубы осындай мысал бола алады.

Орналастыру нысандарының басым бөлігі Павлодар облысының негізгі туристік орталығында, Павлодар қаласында орналасқан. Көптеген шетелдік туристер сол жерде тоқтап, облыстың негізгі туристік – рекреациялық объектілеріне орта есеппен 2-4 күн баруды жөн көреді және сәйкесінше тек осы жағдайда ғана аймақта бар орналастыру құралдарын пайдаланады.

Талдауларға сүйене отырып, облыстағы орналастыру нысандарының жүктемесін негізгі үлесін көлдерге және Ертіс өзенінің бойындағы жағажайлық демалысқа, шипажайлық-курорттық емделуге (Мойылды шипажайы) және т. б. баратын ішкі туристер толтырады деген қорытынды жасауға болады, сондай-ақ зерттеулер шеңберінде анықталған, облыстық статистика департаменті келтірген Павлодар облысында ұсынылған төсек-тәулік саны бойынша сандар шынайы жағдайды көрсетпейтінін атап өткен жөн. Мысалы, Баянауыл, атап айтқанда Жасыбай көлі сияқты танымал бағыттар әсіресе мереке және демалыс күндері 100 % жүктемеге ие болып отыр [6,7].

Алайда, туристердің өздері - белгілі бір демалыс орнының клиенттері алған ақпаратқа сәйкес, көп жағдайда тұру ақысын туристік фирмалар арқылы немесе тікелей төлеген кезде олар фискалдық чектер немесе басқа қаржылық құжаттар алмайды. Бұл орналастыру субъектілерінің салық есептілігі тұрғысынан жосықсыз жұмыс істеу фактісі бар екенін көрсетеді, сәйкесінше статистика көрсеткіштері нақты жағдайдан айтарлықтай ерекшеленеді [8,9].

Зерттеулер шеңберінде Павлодар облысындағы орналастыру нысандарының көпшілігі физикалық тозу дәрежесі жоғары екендігі анықталды. Жаңа орналастыру құралдарының құрылысын салу және жабдықтау кезінде сапасы төмен және арзан материалдар пайдаланылады, бұл қонақ үй шаруашылығының әлемдік тәжірибесіне сәйкес келмейді. Жалпы, бұл көптеген нысандардың халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуіне және шетелдік туристер арасында тартымдылығы аз екендігін білдіреді. Осыған орай, мынадай ұсынымдар жасауға болады: Павлодар облысында туризмді одан әрі дамыту үшін қонақ үй шаруашылығының халықаралық стандарттарына сәйкес келетін сапалы орналастыру нысандарын салу қажет. Сондай-ақ орналастыру нысандарын жақсарту бойынша жұмыстар және қолданыстағы орналастыру объектілерінің қызметтерін қонақ үй санаттары стандарттарының талаптарына сәйкестендіру жұмыстарын жүргізу керек.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Швец И.Ю. Региональное управление конкурентоспособностью туристских услуг: методология и практика. – Симферополь: ЧП Предприятие Феникс, 2018. – 364 с.
2. Статистика туризма. О деятельности мест размещения в Павлодарской области. Январь – декабрь. 2023., 17 с.
3. Основные фонды Павлодарской области 2015-2019. Статистический сборник. Павлодар. 2020. 65 с.
4. Мастер-план создания и развития туристского кластера Павлодарской области на 2014 -2020 годы. – Алматы, 2014
5. Туризм Казахстана 2015 – 2019. Статистический сборник. Нұр-Сұлтан. 2020. 72 с.
6. Основы организации туристского кластера / Г.Д. Айтбаева, Г.М. Тусупбекова, Н.А. Калганбаев, А.Б. Заманбекова.- Алматы, 2017. – 280 с.
7. Ермавлетов, С.Р. Туризм Казахстана. – Алматы: Бастау, 2015. – 520 с.

8. Государственной программы развития туристской отрасли Республики Казахстан на 2019-2025 годы
9. Saraniemi, S., Kylänen, M. Problematizing the Concept of Tourism Destination: An Analysis of Different Theoretical Approaches / S. Saraniemi, M. Kylänen // Journal of Travel Research. – 2011. – № 50 (2). – P. 133–143.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ МАХАМБЕТ АУДАНЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Ж.Г. Дуисенғалиева., Астана қаласы әкімдігінің «№9 «Зерде» мамандандырылған
лицейі»КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Астана қ., Қазақстан Республикасы

Андатпа. Қазіргі таңда топонимика саласы географиялық атауларды этимология, лингвистика, тарих және география тұрғысынан зерттеп, белгілі бір халықтың өткен тарихынан мол ақпарат беретін интегралды ғылымға айналып отыр. Бұл мақалада Атырау облысы Махамбет ауданындағы топонимдердің тарихын танып-білуде ескі, тарихи атауларға талдау жасалып, мән-мағынасын анықталады. Қазақ елінің ұлан-ғайыр аумағындағы жер – су атауларының сырын білдіргеді, тамыры терең тарихқа үңілте отырып, сөздің мағынасын терең түсіндіреді. Мақаланы зерттеудегі басты мақсат – Атырау облысы Махамбет ауданындағы топонимдерін тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерттеп, олардың шығу тарихын жүйелеу.

Түйінді сөздер: топонимика, этимология, лингвистика, антропонимдер.

Аннотация. В настоящее время область топонимики является интегральной наукой, изучающей географические названия с точки зрения этимологии, лингвистики, истории и географии, предоставляющей обширную информацию из прошлого определенного народа. В данной статье анализируются старые, исторические названия и определяется их значение с целью изучения истории топонимов Махамбетского района Атырауской области. Оно выражает тайну названия огромной территории казахской земли, глубоко объясняет значение слова, заглядывая в глубокую историю. Основная цель статьи - изучить топонимы Махамбетского района Атырауской области с историко-лингвистической точки зрения и систематизировать историю их происхождения.

Ключевые слова: топонимика, этимология, лингвистика, антропонимдер.

Abstract. Currently, the field of toponymy is an integral science that studies geographical names from the point of view of etymology, linguistics, history and geography, providing extensive information about the past of a particular people. This article analyzes old, historical names and determines their meaning in order to study the history of toponyms of the Makhambet district of the Atyrau region. It expresses the mystery of the name of the vast territory of the Kazakh land, deeply explains the meaning of the word, looking into deep history. The main purpose of the article is to study the toponyms of the Makhambet district of the Atyrau region from a historical and linguistic point of view and systematize the history of their origin.

Keywords: toponymy, etymology, linguistics, anthroponymics

Топонимика – тіл, тарих, өлкетану, география, архив көздері мен көркем әдебиет. Жер бетіндегі әрбір географиялық атау – тіл арқылы қоғамдық паспорт алған ұлттық сана-сезімнің көрінісі. Елімізде ежелден аталған жер, су, өзен, көл атаулары – баға жетпес байлықтарымыздың бірі.

Топонимика сол жердің тарихи сырын ашуға көмектесумен бірге, олардың саяси және этнографиялық шекараларын анықтаға да көмектеседі. Киелі Атырау облысының Махамбет ауданы ішкі және сыртқы туризмге сұранып тұр десе де болады. Махамбет ауданындағы топонимдерді зерттеудегі талпынысымыз – жер-судың ерекшелігін таныту және халық арасындағы жер-су атауларының мағынасы турасындағы жорамалдарды, аңыздарды жинақтау.

Өлке топонимдерін жаппай жинап, ғылыми тұрғыдан зерттеудің маңыздылығы мектеп оқушылары мен қалың көпшіліктің туған жер туралы білім дәрежесін арттыруға да қажет. Жер-су атауларын жинау, олардың шығу, пайда болу себебін анықтау, әрбір атаудың мән-мағынасын ашу, әсіресе, жастардың туған өлкеге деген ыстық ынта, патриоттық сезімін күшейтпек.

Махамбет ауданы - Атырау облысының орталық бөлігінде орналасқан аудан. Бұрын Жаманқала, Бақсай деп аталған, 1928 жылы құрылған. 1938 жылы Бақсай ауданы құрылып, орталығы Жаманқала болып бекітілді. 1963 жылы Есбол, Балықшы аудандары Бақсайға қосылып, Махамбет ауданы қалыптасты. Аудан жері Атырау қаласының іргесінен басталып,

солтүстікке қарай Жайықтың екі жақ бетіне орналасқан. Орталығы-Махамбет ауылы. Махамбет - ауыл және аудан атауы. Жайық өзенінің оң жағында орналасқан. Бұл атау 1963 жылдан қазақтың дауылпаз ақыны, халық көтерілісі басшыларының бірі Махамбет Өтемісұлының есіміне байланысты қойылған.

Ғалымдардың пікірінше, жалпы Қазақстанның топонимиясы тарихи қалыптасуы жағынан түрлі тілдік қабаттардан тұрады: 1)көне қабат; 2)ерте дәуірдегі жалпытүркілік қабат; 3)араб-иран қабаты; 4)монғол қабаты; 5)орыс қабаты; 7)жаңа қабат [3;77]. Ал хронологиялық сипаты жағынан топонимдер төмендегідей қабаттарға бөлінеді:

I.Көне түркі қабаты – бастапқы мағынасын ашуда қиындық келтіретін және шығу тегі жағынан әртүрлі тайпалық диалектілерге жататын атаулар.

II.Оғыз-қыпшақ қабаты – жалпытүркілік және қазақтың төл сөздерінен тұратын атаулар.

III.Кірме қабат. Қазақ тіліндегі кірме сөздерді Ә.Болғанбаев төрт тілден енген деп көрсетеді: 1)араб тілінен; 2)парсы тілінен; 3)монғол тілінен; 4)орыс тілінен[2;66]. Осы пікірді негізге ала отырып, біз аймақ топонимиясындағы кірме жер-су атауларын үш топқа бөлдік: 1)монғол тілінен енген топонимдер; 2)қалмақ тілінен енген топонимдер 3)орыс тілінен енген топонимдер.

IV.Жаңа қабат – қазіргі ономастикалық жүйені құрайтын жаңа атаулар.

Махамбет ауданы топонимиясының қалыптасу және даму кезеңдеріне оғыз-қыпшақ қабаты кірмейді, қазақтың төл сөздерінен тұратын атаулар деп қарастырдық.

2.1.Көне түркі қабаты.

Жайық - Батыс Қазақстан облысын басып өтіп, Атыраудан асып барып, Каспий теңізіне құятын үлкен де ірі өзен. Ұзындығы 2428 км, алқабы 231 км². Басын Орал тауынан алады. Бұл атаудың шығу, пайда болу тарихы мен мән-мағынасы жайлы әртүрлі пайымдаулар мен жорамалдар бар. Бұл гидроним – көнеден жеткен баға жетпес тілдік мұра. Жайық гидронимі Орта ғасырда төменгі Волга арқылы өткен арабтың саяхатшысы әрі жазушысы Ахмед ибн Фадланың жазбаларында да кездеседі екен. «...Потом мы прибыли к печенегам. Они стояли у воды, напоминающей натоющее море. У печенегов мы стояли один день. Потом отправились в путь и сделали остановку у реки Джайх. Это самая большая река которую мы видели, и она с самым быстрым течением [4;21].

Атаудың мағынасы жайлы Н.К.Дмитриевтің: «Бұл атау Византия авторы Менандр Протектордың еңбегінде <aix түрінде кездесетінін, а-ны daix деп оқу керек екенін, бұл сөз йай <йаз <аз деген етістік түбірінен жасалған» - деген пікірі бар. Бұл пікірді ғалым-топонимист А. Әбдірахманов, Ә.Н. Нұрмағанбетұлы да қолдайды. Қалай десек те, бұл сөз өте ежелден қалыптасқан. «Жайық» - түркі-қазақ тілінен жасалған атау. Мағынасы: «кең жайылып жатқан су, өзен». Өзеннің «Жайық» аты оның тасыған кездегі көрінісіне байланысты берілген деп қорытынды шығаруға болады. Бұны В.В.Радлов сөздігіндегі «йайықта» сөзінің «тасқындау, толығу» мағыналарында көрінуі де қостай түседі. Оның үстіне өзеннің қалай жайылып ағып жатқанын, көктемде су көтерілгенде қалай толып жайылатынына жергілікті тұрғындар куә.

Ақтоғай, Сарытоғай атауларын да көне түркі қабатына жатады.

2.2.Оғыз-қыпшақ қабаты –қазақтың төл сөздерінен тұратын атаулар.

Түбек – Махамбет ауылының солтүстік шығыс жағында Жайық өзенінің жанында орналасқан жер атауы. Аумағы 1х1,5 шақырымды алып жатыр. Ауыл үлкендерінің айтуынша, көктемгі уақытта, Жайық өзені тасығанда сай жерге су шығады. Тасқын су төбені айналып қоршап алып, тек бір шеті ғана ашық қалып, аталған төбе түбекке ұқсас болып қалатындықтан «Түбек» аталып кеткен.

Бекқали талы, Құрсай, Алмағаш, Алмалы, Ақжайық, Алға ауылдары атаулары да оғыз-қыпшақ қабатына жатады.

2.3.Кірме қабат.

2.3.1. Монғол тілінен енген топонимдер.

Сарайшық – Жайық өзені бойына салынған ортағасырлық ескі қала. Ғалымдар Сарайшықты Х-ХІ ғасырларда салынған деп санайды. Сарайшық қаласы Моңғол тегімен байланыстырылады. Ол Сарайджук деп аталған, Моңғол тілінен аударғанда "Кіші Сарай "

деген мағына білдіреді. Сарайджук қаласы XII-ші ғасырдың ортасында болған Батуханның шайқаста жеңіске жету құрметіне салынған қала.

Жайық бойындағы Сарайшық қаласын Кіші Сарайшық деп атаған, ал Үлкен Сарайшық қаласы Шыңғысхан елінде болыпты.

XIII ғасырда Сарайшық Ноғай ордасының орталығы болған, XIV ғасырдың II жартысында Сығынақ пен Сарайшықта күміс, мыс тиындар соғылған.

1518 жылы Сарайшықта Бұрындық хан қыстап шыққан деседі. Ал 1523 жылы 70 жасында өлген Қасым хан осында жерленеді. Қазақ хандары Жәнібек пен Қасым ханның табыты қойылған сағаналар осы Сарайшықта.

Қала атының шығуына байланысты халық аңыздарының үш түрлі нұсқасын келтірген. Оның біріншісі Шыңғыстың негізгі ордасы - Үлкен Сарайшық елінде қалады да, Жайық бойында тұрғызған қаласын Кіші Сарай деп атаған тәрізді. Түбі бір халықтың тілі де ұқсас: монғолша «жүк», қазақша «шық, шік» бір мағынаны береді. Екінші аңыз «Сар» аты Шыңғыс немересі, Жошыұлы Батудың және одан кейінгі Берке ханның Еділ бойында салдырған «Сарай Бату», «Сарай Берке» шаһарынан кейін бой көтерген қалашыққа берілгенін айтады. Үшінші аңыз бойынша осы қалада салынған мешіт төбесіндегі алтындалған сары айшыққа байланысты айтылады. Тіпті, Алтын Орданың XIV ғасырдағы ханы болған Әз Жәнібектің жалғыз қызының аты Сара болған екен., «жақын қалада тұратын ханзадалар мен батырлар аса көрікті хан қызына қырындап, үй сыртынан: «Сара, шық», - деп дауыстайды екен, қаланың аты содан шығыпты.»

Кіші Сарайшықтан хан ордасы Алтын Орда хандығының басты қаласы болғаны белгілі. Ол тарихи ескерткіш ретінде археологтар тарабынан зерттеуді керек етеді.

Бүгінде Сарайшық – ауыл атауы. Жайық өзенінің батыс бетіне, аудан орталығының 30 шақырым, облыс орталығынан 50 шақырым қашықтықта орналасқан.

2.3. 2. Орыс тілінен енген топонимдер.

Орыс тілінен топонимдердің ену кезеңі XVII ғасырдың басынан басталады. Қазақстанның Ресейге қосылуы қазақ елінің тарихи, саяси, экономикалық жағдайларына ғана өзгерістер әкеліп қоған жоқ, сонымен қатар ономастикалық жүйесіне де әсерін тигізді. 1748 жылдан бастап орыс патшасы казактарға қазақ даласында хутор салуға рұқсат берді. Жаңадан пайда болған орыс селоларына орысша атаулар беріліп, қазақ топонимиясының құрамы енді орыс тілді жер-су атауларымен толықтырыла бастады. Лесхоз, Редут, Карманов, Сороченко, Память Ильича, Топайлы, Канал атаулары осы қатарға жатады.

2.4. Жаңа қабат.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін жер-су атауларын тарихи тұрғыдан қайта қалпына келтіруге кірісті. Біздік ауданымыздағы көптеген жер-су атауларына қазақы, жаңа топонимдер беріле бастады.

Бейбарыс селолық округі- Махамбет ауданындағы әкімшілік бірлік. Құрамына Бейбарыс, Қызылжар, Талдыкөл, Аққайың ауылдары кіреді. Орталығы – Бейбарыс ауылы. Ауыл атауы атақты Бейбарыс сұлтанның құрметіне қойылған. Бейбарыс сұлтан ерекше ерлігі, асқан ақылымен құлдықтан хандыққа дейін көтерілген. Египеттей алып елді 17 жыл бойы билеп, моңғол жаулаушыларынан крест жорығын бастаушылардан жалпы араб әлемін сақтап қалған біздің ұлы бабамыз. Байбарыстың бала кезінде тұтқынға осы Атырау бойынан әкетілгені, өзінің сүйегі осындағы Беріш тайпасынан екенін көптеген тарихшылар кезінде жазып қалдырған. Соңғы зерттеулер бұл дүдәмалдықтың түйінін шешіп, Бейбарыстың қыпшақ тайпасының Беріш руынан шыққан атақты әулеттің тұқымы екені анықтауға мүмкіндік берді. 2006 жылға дейін ауыл Чкалов деп аталды.

Топонимикалық атаулардың шығу тарихына үңіліп қарасақ, олардан халқымыздың болмысын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын көріп қана қоймай, белгілі бір кезеңнің тарихын білуге болатынын түсінгендейміз.

II. Жер-су атауларының лексика-семантикалық классификациясы

Қазақ ономастикасының белгілі зерттеушісі Т.Жанұзақов. өзі де өзіне дейінгі ғалымдар ұстанған классификациялық принципті қолдай отырып, топонимдерді екі үлкен топқа бөледі:

1.Объектінің физика-географиялық сипатын көрсететін топонимдер.

2.Адамдардың шаруашылық, тұрмыстық іс-әрекеттері мен қоғамдық қатынастарын көрсететін атаулар.

Қазақ тіліндегі жалпы топонимдер мағынасы жағынан сан алуан болып келеді. Осындай семантикалық ерекшелік Махамбет ауданы топонимдеріне де тән. Оларды мағыналық түрлері жағынан мынадай топтарға бөлуге болады:

1.Антропотопонимдерге байланысты антропооиконимдер: Махамбет, Бала Ораз, Ө.Атамбаев, Бейбарыс, Бекқали талы, Есбол, Таңдай, Есмахан.

2.Өсімдік дүниесіне (фитнонимдер) байланысты атаулар: Аққайың, Талдыкөл, Алмалы, Алмағашы.

3.Түске байланысты атаулар: Ақжайық, Ақтоғай, Сарытоғай.

4.Жер бетінің бедер сипатына қарай қойылған атаулар: Жалғансай, Құрсай, Бақсай.

5.Елдің қоғамдық өмірі мен тұрмысы жайында мағлұмат беретін атаулар: Еңбекшіл, Алға, Ортақшыл, Лесхоз, Береке.

6.Мигрооиконимдер. Кейбір атаулар еліміздің басқа облыс, аудан немесе ауылдарында қайталанып отырады. Бұндай топонимдер мигрооиконимдер деп аталады. Мысалы: Ақтоғай (Қарағанды облысындағы аудан), Ақжайық (Батыс Қазақстан облысында аудан, ауыл атауы), Есбол (көршілес Индер ауданындағы ауыл), Алмалы (Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданындағы ауыл)

Қорыта келгенде, Махамбет ауданы топонимиясы ата-бабамыздың данышпандығы мен көрегендігін, тапқырлығы мен танымпаздығын байқатады. Әрбір атау – көнеден хабар бере алатын баға жетпес тарихи мұра.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Никонов В. Введение в топонимику. М.: Наука, 1965. – 180б.
2. Болғанбаев Ө. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы: Мектеп, 1979
3. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. Алматы: Ғылым, 1989
4. Ержанова Ұ. Ақжайық өңірінің топонимиясы. Алматы: Арыс, 2001
5. Жүнісов Д. Өзен –көл атаулары. Алматы: Қазақстан, 1991
6. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. Алматы: Сөздік-словарь, 2010
7. Қожанұлы М. Атырау облысының жер-су аттары. Астана, 2005
8. Атырау облысының топонимикалық атауларының анықтамалығы. Атырау, 2006
9. Әбдрахманов Ә. Топонимика және этимология

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АУДАНЫНДА ОРНАЛАСҚАН КӨЛДЕРДІ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН БАҒАЛАУ

Хакимова М.С., Педагогика ғылымдарының магистрі, география пәні мұғалімі
Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп лицейі, Астана, Қазақстан

Аннотация: Бұл мақалада кез келген экономикалық аудандағы көлдерді рекреациялық тұрғыдан бағалаудың әдіс-тәсілдері көрсетілген. Осы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, Қазақстанның Шығыс экономикалық ауданының ірі көлдерін рекреациялық тұрғыдан бағалаудың нәтижесі туралы жазылған. Бұл әдісті жағажай немесе емдік-сауықтыру туризмін дамыту мақсатында пайдалануға болады.

Аннотация: В данной статье описаны методы рекреационной оценки озер любого экономического района. С использованием этих методов изложены результаты рекреационной оценки крупных озер Восточного экономического района Казахстана. Этот метод можно использовать для развития пляжного или оздоровительного туризма.

Abstract: This article describes the methodology for recreational assessment of lakes in any economic region. Using these methods, the results of a recreational assessment of large lakes in the Eastern economic region of Kazakhstan are presented. This method can be used to develop beach or health tourism.

Демалысты ұйымдастыруда су объектілері маңызды рөл атқарады. Демалу мен спорттың әртүрлі түрлерімен шұғылдану мүмкіндігі (жүзу, қайықтармен серуендеу, желкенді қайық, су

шаңғысы, балық аулау және т.б.), жағалау ландшафттарының эстетикалық әсері су объектілерінің табиғи емдік орындары ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Рекреациялық объектілер мен қысқа мерзімді демалыс орындарының көп бөлігі су объектілерінің жағасында немесе маңында орналасқан [1].

Қазіргі география ғылымында адамның күш-қуатын қалпына келтіру мәселелерінің рекреациялық география қарастырады. Рекреациялық география экономикалық, физикалық, медициналық және т.б. география ғылымдарымен байланысты. Рекреациялық ресурстарға табиғат компоненттері: климат жағдайы, жер бедері, минералды және термальды бұлақтар және өсімдік жамылғысы жатады [2].

Шығыс Қазақстанның су ресурсы өзен, көл, бөген, мұздық, батпақ, жер асты суларынан тұрады. Облыста жалпы ауданы 896 км² болатын 1967 көл бар. Олардағы судың көлемі 7 км³. Жалпы көлдердің ішінде 91 көлдің әрбіреуінің аумағы 1 км²-ден асады. Ең ірі Зайсан көлі қазіргі кезде Бұқтырма бөгенімен ұласып кеткен. Аумағы жағынан екінші – Марқакөл көлі. Су айдынының аумағы 449 км², суының көлемі 6,6 км³. Көлдердің пайда болуы әртүрлі табиғат үрдістеріне негізделген. Зайсан, Марқакөл, Алакөл сияқты ірі көлдер тектоникалық үрдістер нәтижесінде пайда болса, таулы аймақтардағы көлдер мұздықтардың, кейбір көлдер эрозия, дефляция т.б. әсерінен пайда болады [3].

Зерттеуге алынып отырған объектілерді (Алакөл, Марқакөл, Зайсан, Сібе, Окуньки) рекреациялық іс-әрекет үшін функционалды бағалау С.В. Ахматовтың ұсынған әдісі бойынша жүргізілді(кесте 1)[4].

Кесте 1 - Су объектілеріндегі рекреация түрлері

Рекреациялық демалыс топтары	Рекреациялық демалыс түрлері
I. S-жағажай – шомылу демалысы	Шомылу, әуе ваннасын қабылдау т.б
II. B –кемелерді пайдалана отырып демалу (boat – қайық).	Bs – желкенді қайықпен демалу (sail – желкен). Bo – еспе қайықпен демалу (oar – еспе). Bm – моторлы қайықпен демалу (motor – қозғалтқыш).
III. F –балық аулау (to fish, fishing – балық аулау)	Fb – қайықтан балық аулау (boat – қайық) Fs – жағадан балық аулау (shore – жаға) Fi – мұз үстінде балық аулау (ice – мұз)
IV. H – аңшылық (to hunt – аңшылық, аң аулау)	Hw – суда жүзетін құстарды аулау (waterfowl –суда жүзетін құс)
V. E – экстрималды спорт түрлері	Ew – виндсерфинг (windsurfing) Ed – дайвинг (diving) Ek – кайтинг (kiting) Es – скейтрейсинг (skateracing)

Көлдердің рекреациялық жарамдылық коэффициенті келесі формула бойынша анықталды:

$$\sum_{ржк} = \sum_{түрі} + \sum_{ск} / 3 \quad (1)$$

$\sum_{ржк}$ – рекреациялық жарамдылықтың жалпы коэффициенті

$\sum_{түрі}$ – алынып отырған су объектісіндегі рекреациялық іс-әрекеттің саны

$\sum_{ск}$ – рекреациялық іс-әрекет түрлерінің сапасындағы коэффициент соммасы;

3 – рекреациялық шарттың сапасының ең жоғарғы баллы.

Көлдердің рекреациялық жарамдылық коэффициенті $\sum_{ржк}$ 7 – ден төмен болса рекреациялық әлеуеті төмен, $\sum_{ржк}$ 7 мен 14 аралығында болса рекреациялық әлеуеті орташа, ал егер $\sum_{ржк}$ 14-тен жоғары болса су объектілерінің жағдайы жоғары деп есептеледі. Барлық

рекреациялық іс-әрекеттің 12 түріде өте жақсы коэффициентпен бағаланса, максималды рекреациялық коэффициент $\Sigma_{ржк-23}$ болады.

Рекреациялық демалыс түрлеріне беріліп отырған индекстер 3 баллдық шкала бойынша бағаланды.

Алакөл көлінің жиынтық рекреациялық жарамдылық коэффициенті (1) формула бойынша есептелді

$$\Sigma_{ржк}(S3+Bs1+Bo2+Bm3+Fb3+Fs1+Fi3+Hw3+Ew2+Ed1+Ek2+Es1)=12+25/3=20.3$$

Жоғарыда келтірілген (1) формуласымен есептеудің нәтижелеріне сәйкес өте жақсы жағдай Алакөл көлінің су айдынында шомылуға (S3), моторлы қайықпен серуендеуге (Bm3), қайықтан балық аулауға (Fb3), мұз үстінде балық аулауға (Fi3), суда жүзетін құстарды аулауға (Hw3), ал жақсы жағдай еспе қайықпен серуендеуге (Bo2), виндсерфинг (Ew2) пен кайтингке (Ek2), сонымен қатар қанағаттанарлық жағдай желкенді қайықпен серуендеуге (Bs1), жағадан балық аулауға (Fs1), дайвинг (Ed1) пен скейтрейсингке (Es1) жасалғанын білуге болады.

Зайсан көлінің жиынтық рекреациялық жарамдылық коэффициенті (1) формула бойынша есептелді

$$\Sigma_{ржк}(S2+Bo1+Bm2+Fb3+Fs3+Fi3+Hw2)=7+16/3=12,3$$

Өте жақсы жағдай Зайсан көлінде балық аулаудың барлық түрлеріне (Fb3), (Fi3), (Fs3), ал жақсы жағдай су айдынында шомылуға (S2), моторлы қайықпен серуендеуге (Bm2), суда жүзетін құстарды аулауға (Hw2), сонымен қатар қанағаттанарлық жағдай еспе қайықпен серуендеуге (Bo2) жасалғанын білуге болады. Ал экстрималды спорт түрлерінің мүлдем дамымағанын байқауға болады.

Марқакөл көлінің жиынтық рекреациялық жарамдылық коэффициенті (1) формула бойынша есептелді

$$\Sigma_{ржк}(S1+Bo1+Bm2+Fb3+Fs3+Fi3+Hw0)=7+13/3=11,3$$

Есептеу нәтижесінде өте жақсы жағдай Марқакөл көлінде балық аулаудың барлық түрлеріне (Fb3), (Fi3), (Fs3), ал жақсы жағдай моторлы қайықпен серуендеуге (Bm2), сонымен қатар қанағаттанарлық жағдай су айдынында шомылуға (S1), еспе қайықпен серуендеуге (Bo1) жасалғанын білуге болады. Суда жүзетін құстарды Марқакөл қорық болғандықтан атуға болмайды, сондықтан (Hw0) деп есептедік. Сонымен қатар экстрималды спорт түрлерінің мүлдем дамымағанын байқауға болады.

Окуньки көлінің жиынтық рекреациялық жарамдылық коэффициенті (1) формула бойынша есептелді

$$\Sigma_{ржк}(S3+ Bm2+Fb1+Fs3+Fi2+Hw2)=6+13/3=10.3$$

Окуньки көлінде өте жақсы жағдай су айдынында шомылуға (S3), жағадан балық аулауға (Fs3), ал жақсы жағдай моторлы қайықпен серуендеуге (Bm2), мұз үстінде балық аулауға (Fi2), суда жүзетін құстарды аулауға (Hw3), сонымен қатар қанағаттанарлық жағдай қайықтан балық аулауға (Fb1) жасалғанын білуге болады. Сонымен қатар экстрималды спорт түрлерінің мүлдем дамымағанын байқауға болады.

Сібе көлінің жиынтық рекреациялық жарамдылық коэффициенті (1) формула бойынша есептелді

$$\Sigma_{ржк}(S3+Bo1+Bm2+Fb1+Fs2+Fi2+Hw2+Ed3)=8+16/3=13.3$$

Есептеу нәтижелеріне сәйкес өте жақсы жағдай Сібе көлінде су айдынында шомылуға (S3), суы мөлдір болғандықтан дайвингқа (Ed3), ал жақсы жағдай моторлы қайықпен серуендеуге (Bm2), жағадан балық аулауға (Fs2), мұз үстінде балық аулауға (Fi2), суда жүзетін құстарды аулауға (Hw2), сонымен қатар қанағаттанарлық жағдай еспе қайықпен серуендеуге (Bo1), қайықтан балық аулауға (Fb1) жасалғанын білуге болады.

Барлық көлдерде демалуға жақсы жағдай жасалған, дегенменде ең жоғары коэффициентпен Алакөл көлі бағаланды. Алакөл көлінде шомылу, қайықтың барлық түрімен серуендеу, балық аулаудың барлық түрімен шұғылдану, аңшылықпен айналысу, спорттың экстрималды түрлерімен шұғылдану, яғни осы рекреациялық демалыстың барлық түрлері

жақсы дамыған. Алакөл көлі Шығыс Қазақстан облысындағы туризм мен демалысты ұйымдастыруға ең қолайлы су объектісі болып табылады.

Рекреациялық жарамдылық коэффициенті бойынша келесі Сібе көлі. Сібе көлінде маңызды рекреациялық демалыс түрлерін дамытуға болады. Олар шомылу мен экстрималды спорт түрі (дайвинг). Көлдiң суы мөлдір болғандықтан дайвинг өте жақсы дамыған. Жылда Сібе көлінде дайвингтан халықаралық жарыстартар өткізіледі. Орташа деңгейде моторлы қайықпен серуендеу, жағадан балық аулау, мұз үстінде балық аулау, суда жүзетін құстарды аулау рекреациялық демалыс түрлерін дамытуға болады. Ал басқа рекреациялық демалыс түрлерінің бұл көлде дамымағанын байқауға болады.

Рекреациялық жарамдылығы жағынан келесі Зайсан көлі болып табылады. Зайсан көлінде негізінен балық аулау демалыс түрі өте жақсы дамыған. Сол себептен де жергілікті тұрғындар балық аулау шаруашылығымен айналысады. Басқа рекреациялық демалыс түрлері жақсы дамымаған. Сондай-ақ экстрималды спорт түрлерінің дамымағанын байқауға болады.

Марқакөл көлінің рекреациялық жарамдылығы төмен болып табылады. Себебі: Марқакөл көлінде де балық аулау ғана өте жақсы жағдай жасалған. Марқакөл көлі тау етегінде орналасқандықтан жағажайлық демалысты ұйымдастыруға қолайсыз. Сондай-ақ басқа да рекреациялық демалыс түрлерін дамытуға қолайсыз болып табылады.

Көлдерді рекреациялық тұрғыдан бағалау кезінде ең төменгі коэффициент Окуньки көлінде шықты. Себебі, рекреациялық демалыс түрлері басқа көлдерге қарағанда, өте аз дамыған. Тек шомылу, жағажайлық демалыс пен жағадан балық аулау түрлері ғана жақсы дамыған.

Шығыс Қазақстан аумағы бай табиғи жер бедерлерімен ерекшеленеді шөлімен, қырларымен, тайгасымен, биік тауларымен, көп өзендері және көлдерімен.

Облыстың өңірлеріне тән 5 басты туризм түрлерін ерекше атап өтуге болады:

- 1) экологиялық туризм (Катонқарағай, Күршім аудандарында және Риддер қаласында);
- 2) мәдени – танымдық (Семей қ., Абай және Ұлан аудандары);
- 3) емдеу - сауықтыру (Катонқарағай, Үржар аудандары);
- 4) жағажай (Зырян, Ұлан, Күршім аудандарында);
- 5) тау шаңғысы (Глубокое, Зырян аудандары және Риддер қ.) [5].

Соның ішінде емдеу-сауықтыру, жағажай туризм түрлерін көлдерде дамытуға болады.

Шығыс Қазақстан экономикалық ауданы туризм саласында өзінің әсем табиғи ерекшеліктерімен бәсекеге қабілетті болып табылады. Сондықтан да туризмнің негізгі жағажайлық, емдік-сауықтыру, экстрималды спорт түрлерін облыс аумағындағы ірі көлдерде дамытуға болады. Осы себептен біз облыс аумағындағы ірі көлдерді рекреациялық тұрғыдан бағалау арқылы, қай су айдынында туризмді дамытуға болатындығын анықтадық. Болашақта осы көрсеткіштер бойынша көлдер жағасында демалыс орындарын ұйымдастыруға болады. Дегенменде рекреациялық демалыс орындарын ластап, табиғи бейнесін жоғалтуға болмайды. Осы жағдай жағажай туризмін дамытудағы аса маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Джаналеева К.М., Мукаев Ж.Т. Эколого-геохимическая оценка почв территориально рекреационных систем бассейна озера Алаколь // Вестник КазНТУ им. К.И.Сатпаева. – 2014.-№4. С. 33-40
2. Ахматов С.В. Краткий анализ руководства по описанию озер «Lake Survey form field Guide» // Возможности развития туризма Сибирского региона и сопредельных территорий: Материалы 5-й Международ. конф. Томск, 2004.
3. «Шығыс Қазақстан облысы» энциклопедия- «Алматы» 2014.-С.21-22.
4. Ахматов С.В. Основные положения рекреационной лимнологии // Вестник Томского гос. универ. – 2010. – №3. – С. 169-171.
5. Шығыс Қазақстан облысының аумақтарын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасы, Өскемен қ., 2013 жыл

PROBLEMS AND OPPORTUNITIES FOR SPACE TOURISM DEVELOPMENT IN BAIKONUR COSMODROME

Kozhanazar A.Sh., PhD student, 2-year Specialty "Tourism" L.N. Gumilyov Eurasian National University

Rsaldin Y.S., PhD student, 1-year Specialty "Tourism" L.N. Gumilyov Eurasian National University

Scientific consultant - Tleubayeva A.T., PhD., associate professor Tourism departments, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abstract: The Baikonur Spaceport in Kazakhstan has been a key player in the global space industry for decades. As the landscape of space exploration evolves, the spaceport faces a myriad of challenges and opportunities, particularly in the realm of space tourism. This abstract explores the interconnection between the evolution of the Baikonur Spaceport and the burgeoning field of space tourism.

The challenges faced by Baikonur include the need for modernizing infrastructure to accommodate space tourists, developing a robust regulatory framework for safe and ethical space tourism operations, and addressing public perceptions and awareness regarding the safety and benefits of space tourism. These challenges are coupled with opportunities such as fostering international collaboration to enhance space tourism offerings, diversifying the local economy through tourism-related industries, and leveraging technological advancements to make space travel more accessible and appealing to tourists.

Key words: Space Tourism, Kazakhstan, Baikonur Cosmodrome, Economic Potential

Introduction

The Baikonur Spaceport in Kazakhstan stands as a historic landmark in the realm of space exploration, serving as a launchpad for numerous space missions and scientific endeavors since its establishment. Over the years, Baikonur has witnessed significant advancements in space technology and has played a pivotal role in shaping our understanding of the universe.

As the landscape of space activities continues to evolve, with a growing interest in space tourism, the Baikonur Spaceport faces both challenges and opportunities in adapting to this new era. This introduction sets the stage for exploring the dynamic relationship between the evolution of Baikonur Spaceport and the emerging field of space tourism.

Baikonur's rich history, strategic location, and technical capabilities position it as a key player in the global space industry. However, the transition towards accommodating space tourists brings forth a set of unique challenges that need to be addressed, ranging from infrastructure upgrades to regulatory frameworks and public perception.

At the same time, Baikonur also presents exciting opportunities in the realm of space tourism. Leveraging its existing infrastructure, international collaborations, and technological innovations, Baikonur can unlock new avenues for economic growth, scientific exploration, and international cooperation in space endeavors.

This introduction lays the groundwork for delving deeper into the challenges and opportunities that lie ahead for Baikonur Spaceport in the context of space tourism, highlighting its potential to thrive as a leading hub for space exploration and tourism activities on a global scale.

Space travel

Space tourism is an area that has emerged as a result of the integration of large-scale production services into the global tourism sector, such as the space industry [1]. Space tourism was an idea proposed in 1961 by Barron Hilton, the owner of Hilton Hotels. He suggested the idea of creating space hotels for the American Astronautical Society (AAS). "If space experts provide the possibility of building hotels in space, it will lead to significant changes in the hospitality industry," he said. Hilton also mentioned: "If profits exceed the cost of production, space hotels will become a reality. In the future, we can offer Hilton hotels as a franchise in space." A daily tour to Hilton's space hotel, which consists of 5,000 rooms, is estimated to cost around \$15,000 [2].

In 1981, Robert Truax developed the VolksRocket X-3 (also known as Arriba One or Skycycle X-3), which could be reused for space tourism [3].

In 1984, David M. Ashford presented a special project of reusable rockets for space tourism. Ashford has published numerous articles and books on this topic. His project "Creating an orbit for space tourism" gained recognition □4□.

In 1985, Gary Hudson, the president of Pacific American Launch Systems, presented the conceptual design of a single-stage air-spacecraft called "Phoenix" to the public. That year, the company partnered with the tourism company "Society Expeditions" to launch the "Project Space Voyage." For a payment of \$50,000, anyone could have the opportunity to reach low Earth orbit in a short period. However, the project was put on hold due to insufficient participants, and the development of the "Phoenix" engine was halted due to lack of investment □5□.

On April 28, 2001, the first space tourist Dennis Tito embarked on space tourism aboard the "Soyuz TM-32" spacecraft. Following his space journey, extensive research was conducted to assess the level of interest and public perception towards space tourism.

During his six-day stay aboard the International Space Station (ISS), Dennis Tito marveled at the Earth's curvature and enjoyed opera performances. To achieve this opportunity, Tito spent an extended period at Russia's "Star City" training center. He obtained permission from all partners of the ISS program and purchased a \$20 million space ticket for himself. Initially, NASA was against the excursion, but Tito and his Russian guides managed to calm opposition. Tito's successful stay aboard the ISS demonstrated the feasibility of space tourism as a long-term business venture □6□.

The most significant point representing humanity's journey into space is located in Kazakhstan. This is the Baikonur Cosmodrome, where the first manned spacecraft was launched in the history of mankind. Baikonur, serving as a focal point for the space industry, holds great potential for Kazakhstan as both a center of space exploration and a tourist destination.

Exploring the Challenges and Opportunities in the Evolution of Kazakhstan's Baikonur Spaceport

Currently, there are more than 35 spaceports around the world. Among them, only the "Baikonur" spaceport in Kazakhstan and Space X are capable of conducting manned flights. This spaceport takes the lead in space research, astronaut missions, spacecraft launches, and payload transportation. However, the operation of the spaceport is managed by Russia □7□.

After the end of the Soviet Union era, all the newly independent countries faced social and economic crises. The status of the spaceport, initially managed by Russia, was uncertain. Kazakhstan lacked the financial and operational capacity to run the spaceport independently. This crisis led to a halt in all space-related activities, forcing Kazakhstan to collaborate with other newly independent countries, including Russia, to operate the spaceport. In 1994, the "Baikonur" spaceport (including the city of Baikonur) was leased to Russia for 20 years for \$115 million. The lease payment to Kazakhstan included various military supplies, technical assistance, and partial cash payments.

In 1999, after the crash of the "Raduga" Russian military satellite, the Republic of Kazakhstan banned rocket launches from the spaceport. This led to significant tensions between the two parties. However, rocket launches were permitted again after two weeks □8□.

On January 9-10, 2004, an agreement was reached between the two countries in Astana regarding the beneficial use of the "Baikonur" spaceport. According to this agreement, the usage period of the "Baikonur" spaceport was extended until 2050 □9□.

In late 2004, plans were announced for the construction of the "Bayterek" space rocket launch complex at the "Baikonur" spaceport. The "Bayterek" complex was supposed to launch payloads into space using Russia's "Angara" rocket carrier. However, this program did not yield positive results.

Kazakhstan's space industry comprises the "Baikonur" spaceport, "KazKosmos," and the "Kazakhstan Garish Sapary" research institute. According to data from 2012, the "Baikonur" spaceport continues to lead globally, launching 21 carrier rockets into space annually. Over a span of 50 years, a total of 1,500 spacecraft and 100 intercontinental ballistic missiles have been launched from the "Baikonur" spaceport, testing 38 rocket types and 80 spacecraft.

Due to threats that the "Baikonur" spaceport may only handle 10% of general launches by the 2030s, as Russia initiated the construction of its "Vostochny" spaceport in the Amur region, in 2010,

the President of KazKosmos stated that Kazakhstan would independently manage the "Baikonur" spaceport's operations starting from 2014 □10, 11□.

Kazakhstan indeed hosts the largest and most active spaceport in the world today. The country has established itself internationally and has shown rapid economic growth. It has the capacity to independently operate the "Baikonur" spaceport and its entire space industry.

The space industry is interconnected with various economic sectors. Advancements in the space industry can breathe life into all sectors of the economy. There is also potential to develop space tourism through advancements in the space industry. However, evaluating this potential is necessary before implementing space tourism in Kazakhstan's space industry. Considering that space tourism is still in its infancy globally, with the first space tourist launched from this spaceport, it is beneficial for Kazakhstan to include space tourism in its space industry activities in the near future. This could even lead to making the country's space industry a leading sector and open up avenues for development. Below is an analysis of developing space tourism through Kazakhstan's space industry using the SWOT analysis (Table 1).

Table 1 - Baikonur Cosmodrome SWOT Analysis

Advantages:

- Ownership of the largest, most active, and highest number of total and commercial launches, the "Baikonur" spaceport is ranked first globally.
- Existence of domestic demand for space services in the country's economy.
- State support for the development of space activities.
- Availability of investment opportunities and external connections.
- Continuation of Kazakhstan's work in remote sensing systems and spacecraft manufacturing.
- Being the sole point of realization for orbital space tourism.
- Favorable geographical location, located at the intersection of all air, rail, and road networks in the middle of Europe and Asia.
- High demand for monitoring and participating in Kazakhstan's space launches, making it an attractive tourist destination.
- Opportunity for Kazakhstan to participate in international space activities through space tourism

Opportunities:

- Increasing demand for space exploration.
- Potential for utilizing the spaceport infrastructure for space tourism.

Weaknesses:

- The long-term lease of the "Baikonur" spaceport to Russia for 50 years.
- The spaceport being used by tenants as a temporary facility without infrastructure renewal.
- The rent from the "Baikonur" Launch Pad being used in Kazakhstan's economy for consumption rather than renewing the spaceport's assets.
- Continued use of rocket designs from half a century ago.
- Lack of production of modern technological vehicles.
- Environmental harm caused by the current carrier rocket vehicles.
- Non-compliance with agreements.
- Financial difficulties.
- Shortage of experienced experts in space technology.
- Lack of knowledge and interest among Kazakhstan citizens in space tourism.
- Inability to guarantee 100% safe journeys for space tourists due to the possibility of accidents during flights.
- Limited capacity of vehicles to carry multiple tourists.
- Failure to embrace the potential of space tourism by the country.
- Lack of comfortable transportation routes and air transfers from regional areas to the spaceport compared to major cities

Threats:

- Russia initiating the construction of the new "Vostochny" (Eastern) spaceport.
- Potential exhaustion of resources over the 50-year period leading to aging and depreciation issues.

- Possibility of collaborating with sister countries in the production of carrier vehicles for orbital space tourism.
- Utilization of the Baikonur space launch areas as tourist destinations.
- Opportunity to use space opportunities in Kazakhstan's tourism promotion.
- Access to the future major tourist market in China and benefiting from the high-income group.
- Creation of employment opportunities.

Sours: compiled by the authors

Space tourism consists of two important types: orbital and suborbital space tourism. Each of these represents a major category of space tourism with its own medical, technological, legal, and cost-related characteristics. It is crucial to choose one of these two types for implementing space tourism in Kazakhstan. The spaceport located in Kazakhstan is capable of conducting only orbital space launches. Therefore, orbital space tourism stands out as the primary focus for Kazakhstan.

Conclusion

In conclusion, Kazakhstan's "Baikonur" spaceport presents both significant strengths and notable weaknesses in its role within the global space industry. Its status as the largest and most active spaceport globally, with a high number of launches and commercial activities, underscores its importance and potential for further development. However, challenges such as long-term leasing to Russia, outdated infrastructure, financial constraints, and safety concerns for space tourists pose substantial hurdles that must be addressed.

Despite these challenges, there are promising opportunities for Kazakhstan's space industry, including the growing demand for space exploration, potential collaborations with sister countries, utilization of spaceport infrastructure for tourism, and access to lucrative markets like China. These opportunities not only benefit the space industry but also have the potential to create employment opportunities and contribute to Kazakhstan's overall economic growth.

To mitigate threats such as increasing competition and technological advancements in the space sector, Kazakhstan must focus on modernizing its space infrastructure, fostering international partnerships, promoting space tourism, and investing in research and development. By doing so, Kazakhstan can position itself as a key player in the global space industry and leverage its unique strengths to navigate through challenges and capitalize on emerging opportunities in the ever-evolving space sector.

References:

1. Derek Webber, Space tourism: Its history, future and importance, Acta Astronautica, No 92 □electronic resource□: https://www.spaceportassociates.com/pdf/tourism_history.pdf
2. Barron Hilton, Hotels in Space, Preprint AAS 67-126, In: American Astronautical Society conference proceedings, 1967 □electronic resource□: https://www.spacefuture.com/archive/hotels_insl
3. Chang Y.W., The first decade of commercial space tourism, Acta Astronautica, 2015, 108, 79-91 □electronic resource□: <http://dx.doi.org/10.1016/j.actaastro.2014.12.004>
4. Launius R., The long path to space tourism, 2014 □electronic resource□: <https://launiusr.wordpress.com/2014/01/27/the-long-path-to-space-tourism/> 30.03.2024
5. Hudson G., History of the Phoenix VTOL SSTO and recent developments single-stage launch systems, 1992 □electronic resource□: <https://www.researchgate.net/publication/253467497>
6. Adolph J., The recent boom in private space development and the necessity of an international framework embracing private property rights to encourage investment, The international lawyer, p.961 □electronic resource□: <https://core.ac.uk/download/pdf/216908125.pdf>
7. Eurasian Reserch Institute, Baykonur uzay üssünün jeostratejik ve jeopolitik önemi, □электронды ресурс□: <https://www.eurasian-research.org/publication/baykonur-uzay-ussunun-jeostratejik-ve-jeopolitik-onemi/?lang=tr>

8. Договор аренды комплекса "Байконур" между Правительством Российской Федерации и Правительством Республики Казахстан (с изменениями на 9 ноября 2018 года), [электронды ресурс]: <http://docs.cntd.ru/document/901756678>

9. Koshim A., Sergeeva A., Saparov K., Wendt J., Development of scientific tourism at Bailonur Cosmodrome Kazakhstan, *Geojournal of Tourism and Geosites*, 2019, No1, vol 24, p. 268

10. Suimenbaev B.T., Aknazarova R.B., "Aktual'nye Problemy Ekologii" (Current Problems of the Environment), KarMU conference, 2002, p.1.

11. Eurasian Reserch Institute, Baykonur uzay üssünüñ jeostrategik ve jeopolitik önemi, [электронды ресурс]: <https://www.eurasian-research.org/publication/baykonur-uzay-ussunun-jeostrategik-ve-jeopolitik-onemi/?lang=t>

THE EQONAG SYSTEM IN TOURISM: SPACE TOURISM AND DIGITAL TRANSFORMATION

